

372.3/4

A25

ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ ДЕТЕЙ В УСЛОВИЯХ ПОЛИКУЛЬТУРНОСТИ КАЗАХСТАНА

*Агранович Е.Н. - магистр ПНО,
ст. преподаватель
(г. Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: Начальное языковое образование должно способствовать становлению личности, социально активной, разносторонне развитой, самостоятельно мыслящей, владеющей всеми видами речевой деятельности - говорением, слушанием, письмом, чтением.

Ключевые слова: культура, речь, язык, общение, родной язык, формирование поликультурной компетенции личности, формирование творческой языковой личности.

Глава государства Н.Назарбаев в своей книге «Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации» обращает внимание то, что «...Казахстан уникален и силен своей многонациональностью. На его земле сформировалось уникальное поликультурное пространство, в котором ведущими являются два потока. Один отражает возрождение казахской культуры и ее составных элементов, языка. Идет объективный процесс восстановления утраченного. Другой поток - русскоязычная культура, основой которой являются исконные традиции русского народа и все то, что они впитали в ходе многовекового развития.

Признание самостоятельно существующих культурных потоков не отрицает их взаимодополняемости и взаимообогащаемости, что не означает ассимиляции. Поликультурность Казахстана - это прогрессивный фактор развития общества. Евразийские корни народов Казахстана позволяют соединить восточные, азиатские, западные, европейские потоки и создать уникальный казахстанский вариант развития поликультурности» [1].

Поэтому, в процессе обучения детей необходимо формировать поликультурную компетенцию личности, которая предполагает развитие способности при контактах с другой культурой понять образ жизни и ценности её представителей, по-иному подойти к своим ценностям и отказаться от существующих стереотипов и предубеждений.

Одним из важнейших показателей уровня культуры человека, его мышления, интеллекта является его речь. Человек всю свою жизнь совершенствует речь, овладевает богатствами языка. В раннем детстве у него возникает потребность в общении, которую он удовлетворяет посредством простейших элементов речи. Потребность выражать свои мысли с возрастом расширяется, разнообразится.

Речь является одним из видов деятельности человека, реализует мышление на основе использования средств языка. Речь выполняет функции общения и сообщения, эмоционального самовыражения и воздействия на других людей.

В связи с этим, перед начальной школой выдвинута задача совершенствования процесса обучения в направлении его большего влияния на развитие речи учащихся. В работе над развитием речи младших школьников большие возможности предоставляет обучение родному языку.

Родной язык, родная речь передают особые реалии национальной жизни, имеют многовековую историю, составляют предмет гордости носителей национальной культуры. Это культурное наследие, запечатленное в фольклоре и произведениях мастеров слова, имеющее

устные и письменные языковые традиции, разные формы существования (национальный литературный язык, диалекты, разговорный язык).

В Госстандарте начального общего образования также отмечена нерасторжимая связь языка и общества. Известно, что по мере обогащения сознания развиваются и усложняются формы и виды общения, а, следовательно, развивается и усложняется язык. Специфика языка заключается в том, что, с одной стороны, он выступает как предмет научного изучения на уроках родного языка, с другой – как средство познания мира, с третьей – как средство общения людей. Это говорит об огромном значении родного языка как учебной дисциплины в начальной школе [2].

Поэтому в условиях суверенного Казахстана уроки родного языка должны способствовать формированию творческой языковой личности, способной к активной трудовой и умственной деятельности в условиях билингвизма в различных областях общественной жизни. Начальное языковое образование должно способствовать становлению личности, социально активной, разносторонне развитой, самостоятельно мыслящей, владеющей всеми видами речевой деятельности - говорением, слушанием, письмом, чтением.

Проблема развития речи всегда будет стоять на первом месте в воспитании личности ребенка. Различные аспекты развития речи рассматривались в трудах многих выдающихся отечественных и зарубежных ученых. Среди них особое место занимает К. Д. Ушинский - основоположник методики первоначального обучения детей родному языку. Идеи Ушинского нашли свое отражение в работах Е. Н. Водовозовой, А. С. Симонович, Е.И.Тихеевой. Большой вклад в изучение вопросов развития речи внесли Н. К. Крупская, Е.А.Флерица и многие другие. Представления о закономерностях речевого развития младших школьников, сформулированных в трудах Л.С.Выготского, Д.Б.Эльконина, Н.И.Жинкина, А.А.Леонтьева, М.Р.Львова, Н.И.Политовой, М.С.Соловейчик, В.И.Капинос, Т.А.Ладыженской и др. Вопросы, касающиеся обучения родному языку, в том числе и развитию речи, а также значимость изучения иностранных языков широко раскрыты в трудах видных ученых Казахстана: Абая Кунанбаева, Ибрая Алтынсарина, Ахмета Байтурсынова. Современные отечественные педагоги и психологи: Г.Бегалиева, С.Рахметова, Н.Телепнева, Т.М.Абдыкаримова и многие другие также не оставляют данную проблему без внимания [3].

Лаврентьева Э.В. в статье «Формирование коммуникативной компетенции учащихся начальных классов через развитие культуры речи детей на уроках русского языка и литературного чтения», опираясь на многолетний опыт работы в школе, выделяет следующие пути формирования культуры речи школьников:

1. Первое, что нужно каждому ученику - желание и потребность владеть культурой речи, речевым этикетом. Уроки развития речи и риторики под чутким руководством умелого педагога вполне способствуют хорошей, свободной речи. Тем же целям служат школьные и детские библиотеки. Учитель должен прививать детям любовь и интерес к чтению, умело направлять читательские интересы детей в нужное русло, учить любить книгу и сам процесс чтения. Это особенно важно именно сейчас, когда дети большое количество свободного времени проводят у экранов телевизора или при работе с компьютером.

2. Хорошее знание школьных учебников, выполнение многочисленных заданий, чтение книг, живое общение с высококультурными носителями языкового мастерства и традиций.

3. Накопление справочной литературы и работа с ней. (Учебники и пособия по культуре речи, по риторике, по теории и истории литературной нормы, особенно словари: толковые, орфографические, фразеологические, орфоэпические, словари трудностей русского языка, синонимические, энциклопедические, историко-этимологические и др. Очень важно, чтобы словари были в семейных библиотеках учеников и учителя).

4. Возможна организация в школах методических объединений узкой направленности, секций учителей-словесников, включая учителей начальных классов, которые будут планировать, осуществлять контроль, направлять работу по формированию культуры речи учащихся, исходя из целей и задач методической работы данного образовательного учреждения.

5. Можно возобновить (как было в старые добрые времена) или начать выпуск школьных газет и журналов с материалами по культуре речи, создать тематический общешкольный уголок, организовать кружки культуры речи и литературного творчества, журналистики; в планы воспитательной работы обязательно включить проведение утренников, вечеров, конференций, конкурсов, олимпиад (по культуре речи).

Такие меры значительно помогли бы развитию речи детей, снятию страха перед самостоятельным высказыванием, способствовали бы привитию навыка анализировать свои поступки и происходящие события. Дети узнавали бы себя как партнёра по общению, открывали бы в себе самые разнообразные стороны личности (те, что помогают установить контакт с окружающими и те, которые мешают это сделать).

6. Очень полезно было бы ввести в структуру каждого урока пятиминутку грамотности и культуры речи. Культуру речи, любовь к родному языку не воспитаешь лозунгами «Надо любить и беречь!». Положительное отношение к русскому языку, к литературе – это положительное отношение к нему, начиная уже с первых дней обучения, с начальной школы. Это значит, что детям должны нравиться и быть интересными уроки родного языка, которые, в свою очередь, обязательно должны подкрепляться определёнными достижениями в этой области. Русский язык красив и понятен, – вот какой вывод должны сделать дети в процессе изучения родного языка.

7. Также необходима связь с родительскими организациями. Если каждый родитель расскажет своему сыну или дочери об интересной книге, перечислит любимых писателей, подарит книгу в праздник, сходит с ребёнком в библиотеку, в театр, в музей, то учителю будет на что опереться в его нелёгком труде. Он будет не одинок. И тогда дети «откроют свои уста», смогут приблизиться к осознанию важных идей мировоззренческого характера – о связи языка и действительности, языка и мышления, задумаются о значении культуры речевого поведения в жизни.

Итак, обучение родному языку, а вместе с ним и формирование культуры речи, в связи с демократизацией общества позволило преподавателю получить большую свободу в выборе методов, приемов и средств обучения, что дает ему возможность освободиться от некоторых условностей и стимулирует творческий поиск. Вместе с тем, это не освобождает учителя от систематического пополнения своих знаний и использования их на уроках. Развитие учащихся на уроках родного языка, в свою очередь, – это вся работа, проводимая учителем специально и попутно для того, чтобы ученики овладели языковыми нормами, а также умением выражать свои мысли в устной и письменной форме, пользуясь нужными языковыми средствами в соответствии с целью, содержанием речи и условиями общения. Такая работа на уроках родного языка вносит существенный вклад в формирование общей культуры, всесторонней развитой, социально активной личности будущего выпускника школы [4].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Назарбаев Н.А. Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации. - М., 2000.-С.16-18.
2. Государственный общеобязательный стандарт Республики Казахстан: начальное, основное среднее, общее среднее образование. ГОСО РК 2.3.4.01-2010.– Астана, 2010.
3. <http://festival.1september.ru/>

4. Агеева Л.Е., Агранович Е.Н. Развитие устной речи ребенка в поликультурной среде. Учебное пособие. Алматы 2013.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бастапқы тілдік білім әлеуметтік белсенді, жан-жақты дамыған, өздігінен ойлап, сөздік қызметтің барлық түрлерін тыңдау, жазу, оқуды меңгерген жеке тұлғаны қалыптастырады.

SUMMARY

Primary language education must assist becoming of personality, socially active, scalene developed, independently intellectual, owning all types of speech activity - talking, listening, letter, reading.

УДК 373.31
А 25

РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА В ПРОЦЕССЕ РАБОТЫ НАД СВЯЗНОЙ РЕЧЬЮ

*Агранович Е.Н. - магистр ПНО,
ст.преподаватель (г.Алматы,
Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: Занятия по развитию речи – это многогранная работа, направленная на то, чтобы ученики овладели не только грамматической теорией и орфографическими навыками, но в процессе речевой практики овладели и умением правильно произносить слова и правильно употреблять их в речи, строить словосочетания, предложения, связную речь.

Ключевые слова: речь, связная речь, развитие речи, литературный язык.

В возрасте 7-11 лет ребенок начинает понимать, что он представляет собой некую индивидуальность, которая, безусловно, подвергается социальным воздействиям.

Он знает, что он обязан учиться и в процессе учения изменять себя, присваивая коллективные знаки (речь, цифры, ноты и др.), коллективные понятия, знания и идеи, которые существуют в обществе, систему социальных ожиданий в отношении поведения и ценностных ориентации [1].

Особое внимание в этот период уделяется развитию связной речи ребенка.

В статье Фомкиной Т.А. «Развитие связной речи младших школьников» глубоко затрагивается вопрос влияния речевой работы на развитие личности ребенка: «Развитие речи – процесс сложный, творческий. Он невозможен без эмоций, без увлечённости. Недостаточно обогатить память школьника каким-то количеством слов, их сочетаний, предложений. Главное – в развитии гибкости, точности, выразительности, разнообразия».

Развитие речи – это последовательная, постоянная учебная работа. Развитие речи имеет свой арсенал методов, собственные виды упражнений, свою программу умений, которые обеспечиваются соответствующей методикой.

Основы речевого навыка закладываются в начальной школе: именно здесь дети впервые сталкиваются с литературным языком, с письменным вариантом речи, с необходимостью совершенствовать речь.

Современная школа ставит своей целью повышение уровня нравственного воспитания учащихся, подготовки их к активному участию в общественной и трудовой деятельности.

Формирование духовно богатой активной личности помогает и предусматривает в качестве одной из задач владение языком, как средством общения в различных сферах жизнедеятельности. Указанную задачу нельзя решить без своевременного и адекватного возрастным особенностям школьников формирования различных речевых умений, позволяющих детям осуществить доступную своему возрасту учебную, общественно-полезную, трудовую и иную деятельность. Неисчерпаемыми возможностями в формировании личности обладают уроки развития речи.

Основные умения, которые относятся к связной речи учащихся:

- умение понять, осмыслить тему, подчинить теме и замыслу её раскрытия сбор материала, его отбор и расположение, языковые средства; умение писать на тему, не выходя за её рамки, достаточно полно раскрывать тему, выражая при этом и собственное отношение к изображаемому.

- умение собирать материал, отбирать то, что наиболее важно, что относится к теме и наилучшим образом реализует замысел, и отбрасывать второстепенное.

Умение спланировать работу – сначала в общих чертах, затем составить план, записать его, расположить накопленный и отобранный материал в соответствии с планом, построить свой рассказ, своё изложение или сочинение.

Подготовить языковые средства – лексику, словосочетания, отдельные предложения и фрагменты текста, выверить правописание трудных слов.

Составить весь текст – правильно распределить время для сочинения, сосредоточиться и не пропустить чего-то существенного, постепенно и последовательно развёртывать свою мысль, строить предложения и связывать их между собой, следить за орфографией и пунктуацией, записывать текст с соблюдением полей и красной строки, требований каллиграфии.

Умение совершенствовать написанное, исправлять допущенные ошибки, дополнять текст, заменять слова более точными, устранять повторения, убирать лишнее [2].

Связной речью называется такая речь, которая направлена на удовлетворение потребностей высказываний, передает тему, организована по законам логики и грамматики, обладает самостоятельностью, законченностью и расчленяется на более или менее значительные части, связанные между собой.

Единицами связной речи можно считать рассказ, статью, роман, доклад, отчет и т.п., а в условиях школы — развернутый устный ответ, сочинение, изложение и т.п.

В методике начальной школы приняты следующие виды упражнений в связной речи:

- развернутый ответ на вопрос;
- анализ прочитанных произведений;
- записи наблюдений, ведение дневников природы и погоды;
- устный пересказ прочитанного;
- устный рассказ по заданным теме, картинке, плану;
- чтение наизусть художественных текстов;
- сочинение стихов, небольших рассказов (элементы литературно-художественного творчества);
- письменные изложения;
- перестройка заданных текстов;
- письменные сочинения;
- отзывы о прочитанном, увиденном;
- различные виды драматизации.

Развивать связную речь школьников — это значит прививать ряд конкретных умений.

1. Умение понять тему, вдуматься в нее, осмыслить ее границы, раскрыть ее с относительной полнотой. Подготовка к пониманию темы проводится при обучении пересказу, изложению, при анализе образцов, а самостоятельное раскрытие темы осуществляется в сочинении.

2. Умение подчинить свое сочинение основной мысли. Детские работы всегда несут в себе определенную мысль: это радостное восприятие прекрасных картин природы, уважение к труду и т.п.

3. Умение собирать материал для рассказа, сочинения или другого связного текста. Необходимо отбирать то, что существенно для раскрытия темы. Сбор материала иногда продолжается длительное время.

4. Умение систематизировать материал, располагать его в нужной последовательности. Школьники сами решают, о чем надо сказать сначала, о чем после.

5. Умение составлять план предстоящего связного текста и писать, придерживаясь этого плана.

6. Умение пользоваться средствами языка в соответствии с литературными нормами и задачами высказывания, что невозможно без достаточного словарного запаса, синтаксических умений. Этому служат системы упражнений со словом, словосочетанием и предложением, а также усвоение образцовых текстов.

7. Умение составлять устный или письменный текст. Важно научить детей работать над текстом быстро, укладываться в сроки, отведенные на рассказ, изложение, сочинение.

Дети овладевают умениями, последовательно продвигаясь от простейших к более сложным, устанавливая связи между ними. Планировать развитие связной речи учащихся следует на длительный срок, например на год. При этом предусматриваются различные виды упражнений, разнообразных по тематике, помогающих формированию различных умений. Очень важно определить примерное соотношение видов упражнений.

В процессе речи нам приходится говорить то о последовательно сменяющихся друг друга действиях, то о признаках предметов, места, о состоянии человека или об окружающей среде, то о причинах или следствиях свойств, явлений, то о своей оценке чего-либо. В связи с этим в наших высказываниях обнаруживаются группы предложений с определенным значением.

Фрагменты текста определенного вида принято называть *типами речи*. Среди типов речи выделяют: описание, повествование, рассуждение, субъективную оценку.

Названные типы речи можно разделить на две группы. Одну составляют такие, в которых отражается сама наша действительность: предметы, признаки, действия и т.д., а другую - те, в которых отражаются мысли человека об этой действительности: о причинах и следствиях явлений, свойств, действий, дается их объяснение, оценка.

В повествовании говорится о каких-либо событиях, связанных временными и причинными связями. В повествовательных текстах есть сюжет, и в этом смысле они близки к рассказу. В повествовании, как правило, действуют персонажи, может быть передан диалог между ними; главное внимание уделяется фактам, событиям. Здесь могут быть элементы описания (зарисовки картин природы или внешности людей (и элементы рассуждения) причинные обоснования, выводы и т.п.).

Повествование - самый подвижный, динамичный, живой и поэтому наиболее доступный младшим школьникам тип сочинения, изложения.

В описании нет сюжета и, как правило, нет действующих лиц (нередко действующим лицом является сам автор описания); в нем изображаются картины природы, отдельные предметы и явления. Суть описания состоит в более или менее развернутом указании на признаки предметов и явлений.

Учащиеся начальных классов менее восприимчивы к описаниям, и, как правило, создание данного типа для них затруднительно. Однако постепенно описательные фрагменты все больше попадают в поле зрения школьников и чаще начинают встречаться в их высказываниях.

Одна из важнейших задач обучения в начальных классах - это обогащение речи школьников, в том числе повышение ее образности. Поэтому учителю необходимо иметь в

виду, что при составлении описаний дети должны использовать большое число прилагательных и наречий, сравнения и переносные значения слов.

Описание может быть художественным, «деловым», научным. Описывать можно не только предметы, но и процессы, действия, явления природы.

Рассуждением называется такой текст, в котором для доказательства какого-либо утверждения используются суждения, примеры, сопоставления, приводящие к новым суждениям, выводам. Короткие высказывания типа рассуждения создаются школьниками с первых дней обучения. «Почему этот звук гласный?», «Кто прав?» и т.п. - ответы на подобные вопросы предполагают построение рассуждений, высказываний, в которых устанавливаются причинно-следственные отношения между фактами, дается объяснение явлений и т.п. Схема простейшего рассуждения такова: тезис - развитие тезиса и доказательство - вывод.

В зависимости от задач высказывания и речевой ситуации используются неодинаковые средства языка. Усвоению простейших стилистических разграничений (художественный, научный, деловой, разговорный стили) способствуют речевая среда, специально подобранные тексты разных стилей. Стилистическая дифференциация проводится в школе постепенно, осторожно, без теории; важно, чтобы стилистические особенности текста не были навязаны детям, чтобы эти особенности естественно вытекали из задач и ситуации высказывания. Работа над стилем уместна при совершенствовании (редактировании) текста.

Планируя развитие связной речи, учитель предусматривает упражнения различных типов и организует обучение повествованию, описанию, элементам рассуждения [3]. Речевые упражнения окажутся эффективными лишь тогда, когда их система как бы накладывается на ряд других условий, составляющих фон для речевого развития. Такой фон составляет атмосфера постоянного внимания к языку и речи, интереса к нему, здоровая речевая среда.

Речевые упражнения, как правило, не дают заметного эффекта в короткий срок. Систематическая работа по развитию речи обязательно приведёт к успеху. Речевые умения и навыки развиваются, так сказать, по законам геометрической прогрессии: малый успех приводит к большему, речь совершенствуется и обогащается.

Таким образом, занятия по развитию речи – это многогранная работа, направленная на то, чтобы ученики овладели не только грамматической теорией и орфографическими навыками, но в процессе речевой практики овладели и умением правильно произносить слова и правильно употреблять их в речи, строить словосочетания, предложения, связную речь. В целом развитие речи – это есть работа над речевой культурой учащихся, а значит и работа над развитием личности ребёнка [1].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Мухина В.С. Возрастная психология. - 4-е изд., - М., 1999. - 456 с.
2. <http://festival.1september.ru/>
3. Рамзаева Т.Г., Львов М.Р. Методика обучения русскому языку в начальных классах., - М.: Просвещение, 1979.- 431 с., ил.

ТҮЙІНДЕМЕ

Тілді дамытуға бағытталған сабақтар бұл оқушылар тек грамматикалық қағида және орфографиялық дағдыларды меңгерумен бірге, сөздерді дұрыс айту және қолдануды қажет ететін көп қырлы жұмыс болып табылады.

SUMMARY

Employments on development of speech are the many-sided work, sent to that students captured a grammatical theory and orthographic skills not only, but in the process of speech practice

seized and it is correct to pronounce words ability and correct to use them in speech, to build word-combinations, suggestions, coherent speech.

372.3/4
A25

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗІРГІ ОҚУ ҮРДІСІНЕ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЕНГІЗУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

*Альдибекова Ш.Н. – п.ғ.к., аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада бастауыш мектепте оқытудың жаңа педагогикалық технологияны енгізудің маңыздылығы айтылады.

Түйін сөздер: инновация, жаңа педагогикалық технология, ақпараттық технология, оқу үдерісі, бастауыш сынып, интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары.

Бүгінгі күні педагогикалық алаңда білім берудің жаңа моделін құраудың, сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр. Оның жүйесінің негізгі ұстанымдары «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасында» көрсетілген.

Қазіргі кездегі қоғамдағы қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарламалар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінің білім беру жүйесі білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды – машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Қазіргі заманғы сабаққа қойылатын негізгі талап – оқытылатын материалдың мазмұны өмірмен байланысты болуы, ғылыми шындықты көрсетуі және сол ғылымның қазіргі заманғы даму дәрежесіне, ал оқыту әдістері – дидактиканың ең жаңа жетістіктері дәрежесіне сәйкес болуы.

Қазақстан Республикасы 2010 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында «Орта білім берудің мақсаты – қарқынды өзгертіп отырған дүние жағдайында игерілген терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлама алуға, өзінің іс-әрекеттерін жұмылдыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» екендігі атап көрсетілген. Бұдан оқытудың мазмұны мен құралдарына, әдіс-тәсілдеріне ұйымдастыру формасына өзгерістер енгізу қажеттілігі туындайды. Ол үшін тиянақты, әрекетті және берік білім алуға мүмкіндік беретін тиімді оқыту құралдарының мазмұны қайта ой елегінен өткізілуі тиіс. Себебі, олар қоғамдағы ақпараттар ағымының жедел қарқынмен артуы жағдайында оқушының аз уақыт ішінде берік, әрі әрекетті сапалы біліммен қарулануына мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі, адамдардың техникалық ресурстардың білімді игеру жолында өзара тиімді әрекет етуінің негізі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көбейе түсуде. Сондықтан жаңа педагогикалық технологиялардың ішінен өз қажеттісін таңдап алу-әр мұғалім үшін жауапты да іскерлікті қажет ететін іс. Бес бағытқа бағдарланған елуге жуық технологиялар ғылыми

түрде негізделген. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақ беру үрдісінде қолдану өте тиімді жолдардың бірі. Бұрынғы әдетке айналған оқу үрдісінде мұғалімге басымдылық роль берілсе, ал қазіргі технологияларда оқушы белсенділік көрсетуі тиіс, оқушыны оқытпайды, ол өздігінен оқып білім алуы керек, сол арқылы оқушы өз қажеттігін біліп, өз жолын таңдап, жетістікке жетуге мүмкіндігі бар. Ал, мұғалім әрбір оқушының жеке қызығуын және қабілеттерін ашуға көмектеседі. Оқушының іс-әрекеті көптеген мінез-құлық параметрлерімен (іс-әрекет сипаты, жеке интеллектуалды дамуы, сөйлеу мәдениеті, өз бетінше жұмыс істеуі, жауапкершілігі, еркімен ұсыныс жасауы, т.б) бағаланады. Әрбір оқушы басқа оқушымен салыстырылмайды, керісінше дамуына қарай өзімен-өзі салыстырылады. Оқушылардың өз нәтижелерін бағалай білуге үйренуі аса маңызды. Сонда баға оның жіберген қатесіне берілген жазалау емес, қайта жеткен жетістігіне берілген мадақтау, қызығуы мен қажетін көтермелеу құралына айналады.

Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері қазақ тілі және қазақ әдебиеті сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады, сол себепті қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан жаңа ақпараттық технологиялардың тілін білетін мұғалім қажет.

«Ақпараттық технология» терминін академик В.М.Глушков енгізген. Білім беру процесін ақпараттандыру оқушыға білім берумен байланысты болғандықтан, В.Глушковтың анықтауынша, «Ақпараттық технологиялар» ақпаратты өңдеумен байланысты процестер болып табылады. Ал білім беруде компьютерді және оның құралдарын пайдалана бастаған кезде оқытудың ақпараттық технологиялары ұғымы пайда болды. А.Горячевтің тұжырымдауынша, «Ақпараттық технология»- мәтіндік редактор, электрондық кесте, мәліметтер базасы, графиктік редактор, мультимедия және коммуникациялық технологиямен сипатталады. Р. Әбдірәсілова болса, «Ақпараттық технологияны» оқыту құралдары жүйесінің элементі деп қарастырады

Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Өзім қызмет жасайтын мектепте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Мектеп кебинеттерінде интерактивті тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймын.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет

Бастауыш сыныптарда ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері өте мол. Мәселен, 1-4 сыныпта дүниетану пәнінде адам, қоғам және табиғат нысандарын танудан басталады. Оқушылардың әр тақырыпты түсініп, есте сақтауын қамтамасыз ету мақсатында интерактивті тақтаның көмегі зор. Мұғалім тақтаның сурет салу редакторы арқылы тақтада мақалдарды ребус түрінде береді, оқушылар сол ребусты шешеді. Келесі сабаққа өздері де ребус ойлап тауып, тақтаға салып, басқа оқушылардың шешуін сұрайды. Әрбір тақырып меңгеруге тоқталатын болсақ, бұнда да ақпараттық технологиялардың да алар орны зор. Оқушыларға әуелі слайд көрсету арқылы түсінік қалыптастырып, электронды оқулықта берілген әр түрлі интерактивті тапсырмаларды орындатуға болады. Жоғары сыныптарда кітаппен шектеу үлкен қиыншылықтарға әкеп соғады, себебі балалар кітап оқып отырғаннан

компьютерде көбірек отырғанын қалайды. Осы мәселенің шешуін де ақпараттық технологиялар көмегімен табуға болады. Мәселен, тақырыпты меңгеруде бір немесе екі сағат берілсе, білімді бекіту сабағында электронды оқулық бойынша тест және т.б. бақылау түрлерін өткізу, оқушылармен пікірталас жүргізуге болады. Үй тапсырмасы ретінде шығармашылық топ құрып, соларға осы роман немесе әңгімеден үзіндіні кино қылып түсіріп, келесі сабақта интерактивті тақта арқылы сол киноны сыныпқа көрсетуге болады. Міне, осындай ақпарат құралдарының көмегімен сабаққа қатысу белсенділігі төмен оқушылардың да қызығушылығын арттыруға болады.

Дүниетану сабақтарында ақпараттық технология келесі жұмыс түрінде де қолданысын табады. Бұл оқушылардың аса шығармашылығын талап ететін жоба жұмысы. Бұл жұмыс түрін жүргізгенде оқушылар техникалық құралдарды қолдану арқылы жобасын дайындайды. Мәселен, сабақта тақырыпқа байланысты материалдарды суретке түсіріп, жалпы толық бейнематериал жинақтайды. Жиналған мағлұматтарды компьютер арқылы өңдеп, қысқаша деректі фильм етіп шығарады. Содан соң бұл фильмді сабақ үстінде сынып назарына ұсынады. Осындай өзгеше жұмыс түрлерін өткізу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың пәнге деген қызығушылығын оятуға, дарынды тұлғаны қалыптастыруға әбден болады.

Дүниетану сабағында логикалық жүйеге құрылған бағдарламаларды пайдалану арқылы өтілген тақырыптардан қайталау, пысықтау, мәтінді оқыту барысында талдау сияқты тапсырмаларды орындатуға болады. Сонымен, жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы.

Сабақта компьютерді пайдаланудың тиімділігін былай саралап көрсетуге болады:

1. Оқушы мен мұғалімнің позитивтік оң қатынаста болуына ықпал етеді. Олай дейтініміз, оқушылар компьютермен тікелей қатысты болғандықтан өзін еркін сезінеді.

2. Компьютермен жұмыс барысында оқушылардың белсенділік, жауапкершілік және өзіндік шығармашылық қабілеттері қалыптасады. Оқушы өз бетінше еңбектенеді. Өз еңбегінің нәтижесін көреді. Өзін-өзі қадағалауға мүмкіншілік туады. Тапсырмаларды мұғалімнің көмегінен орындайды. Сол арқылы ойлау және есте сақтау қабілеттері дамиды.

3. Берілетін материал бірсарынды болып, тек мұғалім ғана сөйлейтін болса, балалар тез шаршап қалады да, сабақ сәтсіз аяқталады. Осындай көңілсіз жағдайларды болдырмау үшін қазақ тілі мен әдебиет сабағында компьютер арқылы оқушылардың белсенділігін арттыратын элементтер қолданылады. Мысалы, дидактикалық үлестірмелер, түрлі ребустар, суреттермен жұмыс кросвордтарды жатқызуға болады.

Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар.

Бірақ, барлық мұғалімде ортақ оқыту технологиясы болмағандықтан оқытуда біркелкілік сақталмай отырғаны жасырын емес ұл оқушылардың білім алу сапасына ықпал етпей қоймайтыны сөзсіз.

Сондықтан қазіргі сыныптық оқытуға үйлесетін, оқушыларды зерттеп үйренуге ұйымдастыруға икемді. Нысаналы оқыту технологиясын пайдалану қажет деп санаймын әрі мұғалімдердің пайдаланып көруін ұсынуға болады. Нысаналы оқыту технологиясы бүгінгі күнде дүние жүзі бойынша тәлім-тәрбие саласында орасан зор ықпал көрсетіп отырған технологиялардың бірі.

Қазірде бұны АҚШ, Жапония, Қытай сынды көптеген дамыған елдер өздерінің білім беру саласында кеңінен қолданады. Нысаналы оқыту технологиясы АҚШ педагогы және психологы Блумның «Тәлім-тәрбие нысанасын түрге бөлу» теориясы мен «игеріп оқу» теориясы; негізінде қортындыланып жасалған.

Анығырақ айтқанда нысаналы оқыту дегеніміз оқыту мазмұнының нысаналандыру, жүйелендіру, ғылымыландыру және оны игерудің әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру, сол арқылы оқыту сапасын жан-жақты көтеру мақсатына жету деген сөз.

Нысаналы оқытуды теориялық жақтан түсіну үшін Блумның «Тәлім-тәрбие нысанасын түрге бөлу» теориясы мен «Игеріп оқу» теориясына қысқаша тоқтала кетсек:

«Тәлім-тәрбие нысанасын түрге бөлу» теориясы Адам өмірінде істелуге тиісті әрқандай бір жұмыс ол үлкен болмасын, кіші болмасын қандай да бір нысанаға жетуді көздейтіні ақиқат. Дәл сол секілді оқыту жұмысы да белгілі оқыту нысанасына жетуді мақсат ететіні шындық, екінші сөзбен айтқанда, оқыту жұмысы өзі тәрбиелеп отырған оқушының болашақта қандай жетістікке жетуін, қандай адам болу керектігін алдын-ала анықтап алуы қажет. Осы тұрғыдан келіп оқыту нысанасын Блум: таным саласындағы нысана, сана-сезім саласындағы нысана және әрекет шеберлігі (қабілет) саласындағы нысана деп үш салаға бөледі.

Таным саласындағы нысана дегеніміз оқушының үйренген білімін есте сақтау және қайталай тану барысындағы ақыл-парасат пен қабілеттің қалыптасу нысанасын, яғни, білім алу мен қабілетті дамыту жағындағы нысананы көрсетеді.

Сана-сезім саласындағы нысана қызығушылық, мінез, құндылық көзқарасы, сондай-ақ бейімділік қабілеті жағындағы нысананы, яғни ақыл-парасатқа жатпайтын факторлар жағындағы нысананы көрсетеді іс-әрекет шеберлігі саласындағы нысана дегеніміз - меңгеру және әрекет шеберлігі жағындағы нысананы көрсетеді.

Блумның еңбегі оның оқыту нысанасын белгілі өлшем бойынша тәртіпті түрде жүйелеп айқындық пен жүйелілік қалыптастыруынан көрінеді, Ол бұны АҚШ-тың тәлім-тәрбие ісіне мұқият зерттеу жүргізу арқылы қол жеткізді әрі бұл еңбегі Блумның әлемдегі атағын да асқақтата түсті.

Бұрын жұрт бір адамның үйрену жағдайын тексергенде оның тек алған біліміне ғана назар аударатын, ал Блумның таным саласындағы нысанасы бес жақты үсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) қамтиды, яғни, оқушылардың әр түрлі қабілеттерін жетілдіру нысанасын алға қояды. Бұл, бұрынғы көзқарасқа өте ылғары көзқарас екені айқын.

Сондықтан қазіргі кезде бүкіл дүние жүзінің білім беру саласы осы көзқарасты ұстанып, оқушылардың қабілетін жан-жақты тәрбиелеп дәріптеп келеді. Білім теориясы оқушыны бағалаудың ортақ мойындалған өлшемін де ортаға қояды.

Бұл өлшем мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасу қызметі мен бағалау қызметін де алға бастырады.

Сөйтіп, бағалаудың айқын нысанасы орнатылды. Блумның таным саласындағы оқыту нысанасы бүгінгі күні көптеген елде оқытуды бағалаумен оқулық жасаудың негізгі іргетасына айналды.

«Игеріп оқу» теориясы дегеніміз сыныптық оқыту кезінде үздіксіз кері байланысқа шығу және дер кезінде түзету жасау, оқушыларға қажетті үйрену уақытын беру және көмектер көрсетіп отыру, сол арқылы көп санды оқушылардың оқулық нысанасы белгілеген өлшемге жету турасындағы теория.

Бұл өз ішіне екі мазмұнды қамтиды: 1) оқыту мен оқуда үміткерлік сезімін туғызу, 2) оқытуды өнімді түрде дербестендіріп, көп санды оқушылардың жақсы үйренуіне көмектесу. «Игеріп оқу» теориясы өте өнімді оқыту тәсілі саналады, оның ең өзекті мәселесі - көп санды оқушылардың айтарлықтай үйрету нәтижесіне жете алмауы олардың ақыл-парасат жағындағы кеңістігінен емес, қайта, өз ерекшеліктеріне сай келетін үйрену уақыты мен оқыту көмегінің жетіспеуінен болады, егер мектеп оларды лайықты үйрету шарт жағдайымен қамтамасыз етсе болғаны, басым көп санды оқушылар оқытқан нәрселерді игере алады, оқытудың міндеті - тек қана оқушыларға оқыған пәнін игеруге қажетті материалдармен қамтамасыз ету деп қарайды.

Қорыта келе айтатынымыз, қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан,

XXI ғасырдың информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді.

Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Білім заңы. Алматы, 2007 ж.
2. С.Т.Мұхаметжанова, Ж.Ә.Жартынова Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008ж.
3. А. Иманбаева Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2000 ж.
4. Педагогика журналы №2-2009ж.
5. Г.Кертаев.Оқытудың кейбір әдістері. Алматы,1991 ж.
6. Б.Р.Айтмамбетова. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. Алматы,1991ж.
7. Беспалько В.П. Педагогика технологиясы.1998ж.
8. Селенко К.К.Современные образовательные технологии.1998ж.
9. Мирсейітова С.Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.1998 ж.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о внедрении новых педагогических технологий в современный учебный процесс начальной школы.

SUMMARY

In the article talked about introduction of pedagogical NT in the modern educational process of initial school.

УДК 391.9

ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Асилбаева Ф.Б. - п.ғ.к., аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада байырғы ұлттық өнерлердің ішіндегі ең ежелгі, әрі кең таралған түрі - қазақ халқының ою-өрнектерін қолданудың ерекшеліктері қарастырылады.

Түйін сөздер: ою-өрнек, өнер, ұлттық өнер, зооморфты өрнек, өсімдік пішіндес ою-өрнек, геометриялық өрнек, космогониялық өрнек.

Қазақ халқының ою-өрнек өнері – байырғы ұлттық өнерлердің ішіндегі ең ежелгісі, әрі кең таралған түрі. Қазақтың сан ғасырлық тарихымен біте қайнасқан бұл өнер түрі халықтың шынайы рухани-эстетикалық танымымен астасып, этнографиялық мәнге ие көрінісімен ерекшелене түскен. Демек, ою-өрнек – ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, халықтың өткен тарихы – рухани, мәдени-материалдық өмірінің айнасы. Жаныңа ләззат сыйлайтын эстетикалық мәні зор бұл өнердің адам баласына берері мол. Сұлулыққа, әсемдікке, сабырлық пен төзімдікке баулитын ою-өрнек сыры тереңде жатыр. Оның мөлдір де, таза

түбіне жеткен жанның қоршаған орта мен жан-дүниеден алары көп болары сөзсіз. Ою-өрнектің көне атаулары – халықтың тарихы мен мәдениетінен, ұлттық ерекшелігінен, ертедегі дүниетанымынан мол мағлұмат беретін құндылық. Өрнектегі барлық элементтер ырғаққа бағынады дегенмен, оюлардың өзіндік көркемдік мәні және сюжеті болады. Ою-өрнек элементтерінде формальды түрде бейнеленетін элемент жоқ, олардың барлығының өзіндік мазмұны бар. Бұған нақты мысал ретінде ел ауызында сақталған аңыз-ертегі «Ою хан мен Жою ханды» айта кетуге болады. Оюды сөйлеткен Ою хан Жою ханның баласының өлімін сырмақтағы оюмен жеткізген. Осыдан-ақ әр оюдың терең мағына мен мазмұнға бай екенін, әрқайсысының өзінше сөйлей алатынын аңғаруға әбден болады.

Оюдың әрқайсысы белгілі бір ұғымға немесе қандай да бір жағдайға байланысты өрнектелетіні түсінікті. Соны ескерсек, ою-өрнектердің айтар ойы мен берер тәрбиесі де мол. Осы орайда айта кетерлігі, қазақ халқы әр оюға ерекше мән беріп, оның қайда, қандай бұйымда немесе қандай киім үлгісінде қалай қолданылуы керектігіне көп көңіл бөліп, ешқандай қателіктің кетпеуін жіті қадағалаған. Өйткені оюлар атауларына, көлеміне, пішініне, түр-түсіне қарай өзіндік мағына ие. Соған қарай, бас киімдерге қолданылатын ою-өрнек түрлерін киімнің етегіне немесе шалбардың балағына қолдануға, сондай-ақ керісінше етікке, балаққа ойылатын ою түрлерін жағаға жапсыруға мүлде болмайды. Мысалы, «ит құйрық» аталатын өрнек ешқашан бас киімдерге қолданылмаған. Мұның астарында «дұшпаның кеуденен жоғары өрлемесін» деген ырым жатыр. Бұл өрнек «дұшпаның төмен болсын» деген ниетпен көбінесе ер адамдар шалбарының жырық балағына өрнектелген. Ал мұндай қателікті жіберу – оюшы мен қолөнер шеберіне үлкен сын болары сөзсіз. Сонымен қатар ою оятын адам оюлардың тарихына, мән-мағынасына терең үңіле отырып, ер адамдар мен әйел адамдардың киімдеріне ойылатын оюларды өзара ажырата білгені абзал. Қазақ халқы ұлттық киімді эшекейлеуге барынша ықылас аударған. Қыз балалардың бешпетіне, көйлегіне гүл тәрізді немесе қанатты қарлығаш секілді өрнектер бейнеленген. Ал ер баланың киміне найзаның ұшы, бүркіт, қошқар мүйіз секілді өрнектер батыр, алғыр болсын деген ырыммен жиі қолданылатын болған. Осылайша әр ою-өрнектің астарына терең мағынаны қапсыра білген. Мысалы, «аққу қанаты» – өрнегі бақыттың, сұлулықтың, тазалықтың, адалдықтың мағыналық белгісінде өрнектелсе, «қошқар мүйіз» ою-өрнегі – байлық пен молшылықтың нышаны, «ағаш» оюы ынтымақ-бірлікті білдірсе, «ирек» оюы – адамның өмір жолы, судың белгісі, «шенбер» оюы – жарық өмір жолы дегеннен сыр шертеді. Сондай-ақ ою-өрнектің әр заттың өзіне лайықталып, жарасымын, үйлесімін, сәнін тауып, қабысып, шынайы көркемдік беруі қолданылған түстерге де байланысты. Ою-өрнек жасаушы шебер оюды олпы-солпы болудан сақтауы, әсемдігіне жеткізе білуі керек. Сондықтан да өрнектердің композициялық құрылымына, бояу түрлерінің бір-бірімен үйлесіп, жарасымын дұрыс таба білуіне көп көңіл бөлген жөн. Мысалы: көк түс – аспан, жасару, өмір, өсу деген мағынаны білдіреді, қызыл түс – оттың, күннің белгісі, қара түс – жердің түсі, берекенің белгісі, сары түс – ақыл, парасат, байлықтың белгісі, ақ түс – қуаныштың, бақыттың, тазалықтың белгісі, жасыл түс – жастықтың, көктемнің белгісі. Осыларға мән бере отырып, композициялық құрылымның дұрыс болуын да қадағалай білу керек. Қазірде ою-өрнектерді композициялық құрылымына қарай бір жүйеге келтіру үшін ғалымдар ою-өрнекті төрт топқа бөледі: 1. Зооморфты (жан-жануарлардың табиғи және мифтік бейнелері); 2. Өсімдік пішіндес (жапырақ, үш жапырақ, шиыршық, ағаш); 3. Геометриялық (бұрыш, балдақ, шынжара); 4. Космогониялық өрнек (дөңгелек, ирек, шимай, торкөз). Осындай түрлеріне бөле отырып, ою-өрнектің тұрмыста пайдалану ауқымы өте кең. Оюдың жекелеген тармақтарынан бастап үш түр, төрт түр, бес түр, алты түр, т.б. тармақтарынан әрі қарай өрбіп, кеңейе беретін күрделі оюлар да біздің ұлттық дәстүрімізде, тұрмыста үнемі қолданыс тауып келген. Халқымызда жазу болмағанда ою-өрнек болды. Сол ою-өрнек арқылы халқымыз өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттіліктерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, дамытып отырды. Келешек ұрпақ мақсаты – киелі өнерді әрі қарай дамыта отырып көздің қарашығындай сақтау.

Халық мұрасындағы ұлттық өрнектердің үйлесімді рендері ата-бабаларымыздың тұрмыс, салт-дәстүрін бейнелегендей. Анықтап айтқанда, халқымыздың тарихын, шежіресін, жағрапиясын, мінезін, ерлігін дәл бейнелейтін ою-өрнектей құдіретті өнер жоқтың қасы. Бұл өнер әрбір халықтың болмысымен бірге туып, біте қайнасып келеді. Қазақ ою-өрнегінің табиғаты халық өнерінің тарихи дәстүріндегі сұлулық пен әсемдікті көре білетін, байқай алатын зерделі азамат тәрбиелеуге айрықша ықпал ететіні анық.

Жалпы қазақ ою-өрнек мәселелерін зерделеу нәтижелері ұрпақ тәрбиесінде, әсіресе, олардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру, ұлттық өнерге сүйіспеншілігін арттыру процестеріндегі өзіндік маңызы мен орнының ерекше екенін көрсетіп отыр. Ұлттық ою-өрнек, терең тарих және философиялық, көркемдік эстетика тұрғысында ұрпақтың санасын ашып, оның айналаға деген көзқарасын анықтап, ой-өрісінің дамуына шынайы да ұтымды әсері бар өзіндік сыры мол әлемге еліктіретіні анық.

Оюшы - әртүрлі өрнек үлгілерін жасаушы, қазақ ою-өрнегінің шебері. Ою-өрнек түрлері: Қазақтың ою-өрнектері төрт түрге бөлінеді: өсімдік тектес, жануарлар, геометриялық формада, космогендік (астрологиялық). Бұлардың әрқайсысының өзінің белгілі бір мағынасы бар. Мүйіз – қазақ оюының негізі және ең көне мәнері. Ою-өрнектің бұл элементі мүйізді мегзеуден шыққан. «Мүйіз» ою-өрнегі кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік қолөнер саласында пайдаланылады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданады. «Гүл» ою-өрнегі барлық гүл түрін тұспалдайды. Бұл өрнектің түрі қолөнер бұйымдарында үш жапырақтан басталып, он екі жапырақты ою-өрнекке дейін кездеседі. Кесте тіккенде және киім-кешектердің жағасына, қалтасына, жиектеріне салады.

Арпабас, көбелек, су өрнегі.

Қазақ қолөнерінде ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан дәстүрлі бояу түрлері бар. Олар: қызыл, көк, жасыл, сары, ақ, қара. Бұл бояулардың сол сияқты символдық мәні де бар. Көк түс – аспанның, ақ түс – ақиқаттың, қуаныштың, сары түс – ақыл парасаттың, қайғы мұңның, жасыл түс – жастықтың, көктемнің символы. «Су өрнегі» деп әрбір өрнекті бөліп тұрған жолақты айтады. Су өрнегі екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек, төртбұрыш бейнелер жасайды.

«Қошқармүйіз» - ою-өрнегі қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келіп, оның қолтық тұсынан қойдың құлағын долбарлайтын тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады. Одан байқаған адамға қошқардың тұмсық пішіні аңғарылады. Текеметте, сырмақта, басқұрда, алашада, кілемде, былғары, сүйек, ағаш, зергерлік бұйымдардың барлық түрінде кездеседі. «Ашатұяқ» өрнегі кейде «айыр» өрнегі деп те аталады. Пішен ашалайтын айырға ұқсас келеді.

«Түйетабан» - түйенің басқан ізін долбарлайтын күрделі ою-өрнек. Ол кейде «қарта», «қарға», «қызылайыр» ою-өрнегіне ұқсайды. Қатар тұрған S тәрізді екі сызық қатарласып қосылмайды, түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгеленіп келетін ою

«Құсқанаты» ою-өрнегі мүйіз оюымен не шахмат шақпақтарының ізімен бейнеленген құстың қанаты тәріздес ою-өрнек. Бұйымдарда көп қолданылатын бұл ою қанатын жайып ұшып келе жатқан құсты тұспалдайды.

«Кемпіркосақ» ою-өрнегі бірнеше түстерден жолақтар жасап алма-кезек орналасады. Қазақтарда кейбір түстердің символдық мәні бар. Көк түс – аспанның, ақ түс – ақиқаттың, қуаныштың, сары түс – ақыл парасаттың, қайғы мұңның, жасыл түс – жастықтың, көктемнің символы. Қолөнер бұйымдарын жасауда әрбір түсті белгілі тәртіппен кемпіркосақ көркіне лайықтап орналастырылады. Бұл өрнектер алаша, қоржын, басқұр тоқуда жиі пайдаланылады.

«Өркеш» ою-өрнегі түйенің қос өркешін бейнелейді. Сырмақ, текемет, тұскиіздерге салынатын ою-өрнек композициясында көбірек кездесетін элемент. Қазақ оюында мал мен аңның қос мүйізін, түйенің қос өркешін, биенің қос емшегін бейнелеу береке-бірліктің, көбеюдің символын білдіреді.

«Құстұмсық» - бұл өрнек құстың тұмсығын тұспалдаудан туған. «Құстұмсық» тармақты мүйіздер мен сызықтардан құралады. Ою-өрнекті қиғанда ою ортасындағы сызық ұшы құстың тұмсығына ұқсас етіп қиылады. «Құстұмсық» жүзік немесе «топсалы» жүзік сәлемдеме ретінде туыстар арасында дәнекер қызметін атқарған. Құс бейнесі халық түсінігінде азаттықтың белгісі.

«Тұмарша» ою-өрнегі үшбұрыш үлгілес болып келеді. Үш гүл, үш бұрыш тәрізді тұмарлар тіл-көзден сақтау үшін адамдарға ғана емес, үй жануарларына да бойтұмар ретінде тағылады. Кілем бұйымдарының жиегінде киіз, кілем, текеметтің орта тұсын көмкеруде кездеседі.

«Қайнар» ою-өрнегі малды өлкеде өмірге келген, оюдың түстері салқын түстер гаммасынан құралады. Бұл ою-өрнек жайылымдар мен суаттардан тапшылық көрген елде пайда болған өрнек мал танбасына ұқсайды немесе судың бір тамшысын тұспалдайды.

Қорыта айтқанда, өскелең ұрпақты бала кезінен бастап ұлттық салт-дәстүрімізді санасына сіңіре отырып, өз елін, жерін қорғауға баулуымыз қажет. «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан шығады?...», - демекші қаймағы бұзылмаған ұлттық тәрбиеміздің тамыры терең, тұғыры биік болуы өз қолымызда.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әбдуәлиева Ш. Халық қолөнері. –Алматы.:Жазушы, 2004.
2. Төленбаев С., Өмірбекова М. Қазақтың ою-өрнектерінің жасалу жолдары. Алматы.: Қанағат ЛТД, 1993.
3. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2003. -720 б.29.Ильяев Ғ.
4. Шебердің өзі – көненің көзі. Шымкент, 2006. -185 б.
5. Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы., 1976. -160 б.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится об особенностях применения национальных орнаментов.

SUMMARY

In the article talked about the features of application of national decorative patterns.

УДК 372.3/4
Ж 25

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМҒА МАМАН ДАЙЫНДАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

*Жиенбаева С.Н.- п.ғ.д., профессор
(Алматы қ. Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарға құзыретті тәрбиеші-педагогтарды даярлаудың жаңаша бағыттары мен жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: инновация, құзыретті тәрбиеші-педагог, болашақ маман, кәсіби маман, ақпараттық технология.

Әлемдік бәсекелестік заманда әрбір адамның білім санасын, қабілеттік деңгейін іскерлік мүмкінділігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі, құзыреттілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бұл көрсеткіштің алғашқы іргесі мектепке дейінгі кезеңнен қалыптасатынын белгілі. Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытында «Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек. Туу көрсеткішінің жоғарылығын, жалғасып жатқан демографиялық өсімді ескере келе, «Балапан»

бағдарламасын 2020 жылға дейін ұзартуға шешім қабылдадым. Үкімет пен әкімдердің алдына балаларды мектепке дейінгі білім беру және тәрбиені 100% қамтуға қол жеткізу міндетін қоямын» деген. Елімізде мектепке дейінгі білім беруде табандылықпен жүзеге асырылып жатқан ілгерілеу саясаты мектеп түлектерінің мектепке дейінгі ұйым педагогін таңдауына жаңа серпін берді. Мұның өзі осы кезге дейін қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, оның негізінде мектепке дейінгі педагогика теориясы мен практикасына нақты өзгерістер енгізуді, білім мазмұнын жаңаша құруды, балалардың әлеуетін дамытатын білім беруді инновациялық технологиялар тұрғысында ұйымдастыруды талап етеді.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда маман кәсіби білімі, іскерліктері мен дағдылары арасындағы үзіліп қалған байланыс қайта жалғасын табуы керек. Болашақ маманның жеке тұлғалық позициясын, оның кәсіби білімі мен іскерліктерін біріктіру жүзеге асуы жөн. Бұл біріктіру жалпы қосынды емес, сапалық жағынан жаңа құрылым болып, тұтастығы мен ішкі құрылымы жаңа типті тәрбиеші даярлау мен қалыптастыру мақсатын қоюға болады.

Сонда елдің экономикалық қуаттылығын дамытуда бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлау міндеттерін жүзеге асыратын бірден-бір күш – жоғары оқу орындары болып саналады. Осы тұрғыдан Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде мектепке дейінгі ұйымдарға маман дайындаудың инновациялық бағыттары жолға қойылуда.

Атап айтсақ, жаңа білім беру және ақпараттық технологиялар негізінде мамандарды даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету, жоғары білікті және әлеуметтік бейімделген мамандарға деген қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыру. Мектепке дейінгі ұйымдарға құзыретті тәрбиеші-педагогтарды даярлаудың, яғни педагогикалық білім берудің мазмұнын анықтаудың соншалықты жауапты екені бәрімізге түсінікті болар. Дегенмен, біздің дайындаған 5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша мемлекеттік стандартта білім берудің барлық деңгейіндегі жаңа мазмұнды үйлестірген кезде мектепке дейінгі ұйымдағы білімдік-тәрбиелік кеңістігіндегі инновацияларды, заманауи технологияларды, тұлғаға бағдарланған, нәтижеге бағдарланған білім беру әдіснамасын, білімнің тәрбиелік әлеуетін ғылыми-теориялық және практикалық жоғары деңгейде жүзеге асыру көзделді.

2. Педагогикалық мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларына да үлкен өзгерістер енгізілді. Типтік оқу жоспарларында элективті курстардың үлес салмағы пәндерді оқыту блоктары бойынша өзгерді: элективті пәндер 71 кредитке немесе 55% артты. Бұл өз кезегінде жоғары білікті педагог кадрларды дайындау үрдісінің сапасын арттыруға жағдай жасайды. Мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістерін үйретуде «Мектепке дейінгі білім беру технологиясы», «Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістемесі», педагогикалық өлшемнің алғашқы сатысы ретінде «Педагогикалық диагностика», «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация», «Тэй-тэй» бағдарламасы негізінде технологияны меңгертуде «Отбасы мен балабақша байланысы», «Ойын арқылы оқыту» атты жаңа бағыттағы пәндермен толықтырылды.

3. Жұмыс берушілер жоғары оқу орны түлектерінің университет қабырғасында алған теориялық білімдерін практикалық іс-әрекетпен ұштастыра алмайтындығын баса айтып жүр. Осыған орай, педагог кадрларды даярлау мазмұнын жаңартуға болашақ мамандардың педагогикалық практика мерзімін арттыруға ерекше мән берілуде. 2011 жылғы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «Бакалавриат. Негізгі ережелер. 5.04.019-2011» педагогикалық практиканың үлесі 12-ден 20 кредитке ұлғайған. Алайда шетелдік тәжірибеге сүйенсек, педагогикалық практикаға бөлінген сағат санын әлі де ұлғайтқан жөн. Мысалы, АҚШ кәсіби педагогтарды даярлаудағы практиканың үлесі барлық оқу жүктемесінің 50% құрайды.

Сондықтан алдағы уақытта әрбір студент университетке қабылданғаннан бастап ЖОО-балабақша-студент арасындағы үш жақты келісімшарт есебінен міндетті түрде бір балабақшаға бекітілетін болады. Тәрбие үдерісін әдістемелік жақтан қамтамасыз ету, жұмыс

берушінің ұсыныстарына сәйкес жұмыс оқу жоспарларын жасау үшін мектепке дейінгі ұйымдармен ғылыми-әдістемелік ынтымақтастық туралы келісім шарт жасау қарастырылды.

4. Болашақта мектеп ұжымы педагог қызметіне икемділігі бар бітірушіге арнайы ұсыныс-негіздеме беріп, оның ЖОО-ға қабылдау барысында ескеру керек. Мұнда ата-анамен қатар, болашақ ұстаз даярлаудың маңыздылығы артады. Ал педагогикалық мамандықтар бойынша бітіруші түлектерді қорытынды аттестаттауда жалпы білім орта мектептің тәжірибелі мұғалімдері мен басшыларын қатыстыра отырып, біліктілік талаптарын анықтауды дұрыс деп санаймыз.

5. Жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үрдісінде тәрбие жүйесіне басымдылық беру қажет, атап айтсақ, әрбір білім алушының жеке басына құрметпен қарау, болашақ маманның қазіргі және болашақ өмірін болжай және өмірлік жоспарын құра білуі, таңдаған мамандығы бойынша қызметте өсуіне педагогикалық қолдау көрсету және т.б. Жоғары білім берудің мақсаты болашақ маманды кәсіби іс-әрекетке даярлау, бейімдеу ғана емес, құзырлы маман тәрбиелеп шығару болуы тиіс. Осыған сәйкес кәсіби педагогикалық білім беру жүйесін түбегейлі өзгертуде оны кезең-кезеңмен жүзеге асыру қажет. Әр кезең өзінің жеке тұғырлы міндеттерін шешуге тиіс.

6. Болон декларациясы принциптері мен білім беру сапасын көтеру тетігінің бірі - оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы болып табылады. 2012 жылдың қыркүйегі мен желтоқсаны аралығында Мәскәу мемлекеттік педагогикалық университетінен И.О.Новикова (Ресей), Санкт-Петербург (Ресей), Мисисипи университеті (АҚШ), Лондон университеті (Ұлыбритания), (Түркия) университетінен шетел ғалымдары шақырылып студенттерге дәріс өткізді. Келесі жылдан Мисисипи университеті (АҚШ), Лондон университетімен (Ұлыбритания) екі диплом алу келісім шарты жүргізілді.

7. Қазіргі мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісіне қойылып отырған талаптардың бірі көп тілділік. Осыған орай «Кәсіби бағдарланған қаза тілі» немесе орыс тілі, «кәсіби бағдарланған ағылшын тілі» пәндері енгізіліп, өзінің мамандығына сай терминдермен танысып, кәсіби тілде сөйлеуге дағыдаланады. «Көп тілдер орталығы» ашылып, онда студенттеріміз 4 курсқа дейін ағылшын тілін жетілдіріп, соңғы курсы шетелде жалғастырып, диплом жұмысын ғана келіп қорғап екі диплом иесі болу құқығы бар. Осы жерде реті келсе айта кетейін, бала тілінің қалыптасатын кезеңі 5 жасқа дейінгі кезең, ал ана тілін меңгермей жатып, өзге тілді меңгертуді ғылыми тұрғыда негіздеу, оның психологиялық, педагогикалық мүмкіндіктері анықталғанға дейін асықпаған жөн деп санаймын. Бұл мәселені біз ғылыми жобалар және магистрлік диссертация тақырыптарын таңдау арқылы бірлесіп зерттеудеміз.

8. Бүгінгі таңда педагогтарына өмір бойы білім алу ұстанымымен біліктілікті жаңартып тұрудың маңызы зор. Мектепке дейінгі ұйымның көбеюіне байланысты сырттай бөлім студенттерінің келуі жоғары. Бірақ сырттай білім беру жүйесі бойынша педагогикалық кадрларды дайындау бүгінгі күннің талаптарын қанағаттандыра алмайтындығын атап өту қажет. Осындай жағдайларды ескеріп, біздің университетіміз 18-50 кредит есебінде қосымша білім беру бағдарламасын дайындаудамыз. Осы бағдарламаны оқи отырып, мектепке дейінгі ұйым психологы, мектепке дейінгі ұйымның денешынықтыру педагогы мамандандыру жүргізіледі. Ал магистратура бойынша «Жоғары оқу орны оқытушысы», Мектепке дейінгі білім беру expertі», «мектепке дейінгі ұйым менеджері» мамандығын қоса алып шығады. 2012 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне арналған курс ашылып, сұранысы жоғары болып отыр.

9. Болашақ мамандарды дайындауда «білім-ғылым-инновация» бағытында жұмыс істеуді қолға алып, университет жанынан «шағын орталықтар ашып, онда студенттерді араластыру бизнес-инкубатор құру жоспарлануда.

Бірақ айтылғандардан мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық іс-әрекетке дайындығы жеткілікті деген сөз емес, әлі де жоғары оқу орындар мен мектепке дейінгі ұйымдардың арасындағы алшақтық байқалады және шешілмеген мәселелерді қарастыра

отырып мектепке дейінгі білім берудің инновациялық әдістерін жетілдіруде төмендегідей ұсыныстар беруді жөн көрдік:

- тәрбиешілерді инновациялық іс-әрекетке, инновациялық ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға бағыт-бағдар беретін инновациялық оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік кешенін әзірлеу, инновациялық ақпараттық банк жүйесін құру, инновациялық веб сайттар ашу.

- жоғары оқу орындарында мамандық бойынша элективті курстарды енгізуде жұмыс берушілердің, яғни мектепке дейінгі ұйым мамандарының ұсынысын ескеру;

- құзыретті педагогтарды дайындауға қажетті әдістемелік құралдарды дайындауда мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибелі педагогтарын араластыруды, бірлескен жұмыстарды ұйымдастыруды жолға қою;

- болашақ мамандарды дайындаудағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтауда бірлескен әдістемелік семинарлар өткізу;

- «Өрлеу» ұлттық педагогтардың біліктілігін арттыру орталығының ұйымдастыруымен мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін шетелдерге біліктілік көтеруге тарту және оны еліміздегі қалыптасқан тәжірибемен ұштастырып барып енгізу;

- мектепке дейінгі білім беру мәселесіне байланысты ғылыми-зерттеу орталығын ашу және оған ғалымдар мен тәжірибелі әдіскерлер, тәрбиешілерді тарту.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. –Астана, 2012

2. Аронов А.М. Предметно-методологические основы компетентности педагога. / Материалы конференции // www.conf.krasu

3. Хасан Б.И. Границы компетенций: педагогическое вменение и возрастные притязания./ Материалы конференции // www.conf.krasu

4. Голуб Г.Б. Компетентностная составляющая образовательного стандарта: способ освоения.// В сб. ст.: 12 жылдық орта білім берудің жүзеге асуын ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету. Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2007. – 2 часть. – 367 с.

5. Аганина К.Ж Теоретические основы подготовки учителей интегрированных предметов// Материалы Республиканской научно-практической конференции, посвященной 80-летию доктора педагогических наук, профессор Н.Д.Хмель. –Алматы: 2008. – С 74–82.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится об инновационных направлениях подготовки специалистов дошкольных организаций в высших учебных заведениях.

SUMMARY

In the article talked about innovative directions of preparation of specialists of preschool organizations in higher educational establishments.

УДК 372.21
И 74

СОЗДАНИЕ ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩЕЙ СРЕДЫ В ДОШКОЛЬНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

*Исламкулова И.Б. - к.б.н., доцент
(г.Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Здоровье - наличие у здорового человека состояния полного физического, психического и социального благополучия, а не только отсутствие болезней или физических дефектов.

Всемирная организация здравоохранения

«Я не боюсь еще и еще раз повторить: забота о здоровье ребенка - это важнейший труд воспитателя: Воспитатель может сделать для сохранения и укрепления здоровья детей не меньше, чем врач!»

В.А.Сухомлинский

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы о создании здоровьесберегающей среды в дошкольных образовательных организациях.

Ключевые слова: здоровье, здоровьесберегающая среда, дошкольные организации, здоровый образ жизни, оздоровительная деятельность, дети дошкольного возраста.

Совершенствование работы по укреплению здоровья, развитию движений и физическому развитию детей всегда актуально. Установлено, что здоровье только на 7-8% зависит от здравоохранения и более чем на половину – от образа жизни человека.

Забота о здоровом образе жизни - это основа физического и нравственного здоровья, а обеспечить укрепление здоровья можно только путем комплексного решения педагогических, медицинских и социальных вопросов. Это ведет к необходимости организовать воспитание детей в дошкольном образовательном учреждении таким образом, чтобы оно: обеспечивало каждому ребенку гармоничное развитие, помогало ему использовать резервы своего организма для сохранения, укрепления здоровья и повышения его уровня; приобщало детей и родителей к физической культуре и здоровому образу жизни.

Казахстан относится к регионам с весьма неблагоприятными условиями окружающей среды. Низкая технология производства, нерациональное использование природных богатств, недостаточное внимание к природоохранным мероприятиям усиливают воздействие вредных факторов окружающей среды, определяющей повышенную заболеваемость и неблагоприятные показатели общественного здоровья. В связи с этим создание здоровьесберегающих условий для детей дошкольного возраста становится особенно актуальным, так как в этом возрасте дети наиболее уязвимы к воздействию неблагоприятных факторов окружающей среды.

Почти у 19% детей дошкольного возраста диагностируются выраженные формы психических расстройств. До 40% детей составляют группу риска по развитию психических нарушений, причем в комплексе таких нарушений преобладают различные формы неврозов.

Анализ физического развития детей выявил тенденцию снижения гармонично развитых детей и увеличения числа детей с дисгармоничным развитием. Значительно меньше детей, чем это было в прежние годы, развивается в соответствии со своим календарным возрастом: их число за последнее время снизилось с 85 до 65%. Соответственно, возросло число детей с замедленными темпами созревания.

К основным направлениям оздоровительной деятельности в дошкольном образовательном учреждении следует отнести: организацию санитарно-эпидемиологического режима и создание гигиенических условий жизнедеятельности детей; организацию питания; обеспечение психологической безопасности детей во время их пребывания в детском саду; организацию лечебно-профилактической работы с детьми и сотрудниками; физическое воспитание детей.

Оздоровительная деятельность в дошкольном учреждении ставит целью формирование у ребенка осмысленного отношения к здоровому образу жизни человека. При этом необходимо:

1. Способствовать развитию познавательного интереса к своему организму и его возможностям.

2. Развивать у ребенка готовность самостоятельно и эффективно решать задачи, связанные с поддержанием, укреплением и сохранением своего здоровья.

3. Воспитывать бережное и заботливое отношение к своему здоровью и здоровью окружающих.

4. Совершенствовать практические навыки здорового образа жизни, создание условий для реализации потребности детей в двигательной активности;

Приоритетными являются и оздоровительные задачи такие как:

1. Охрана и укрепление физического и психического здоровья детей;

2. Совершенствование функций организма, средствами движения, дыхательной гимнастики, массажа, закаливания;

3. формирование правильной осанки, гигиенических навыков, формирование жизненно необходимых двигательных умений и навыков ребенка в соответствии с его индивидуальными особенностями; выявление интересов, склонностей и способностей детей в двигательной деятельности и реализация их через систему физкультурно-оздоровительной работы.

Исключительно важными являются и воспитательные задачи:

1. Воспитание потребности в здоровом образе жизни; выработка привычки к соблюдению режима, потребность в физических упражнениях и играх;

2. Расширение кругозора, уточнение представлений об окружающем мире, уважительное отношение к культуре родной страны, создание положительной основы для воспитания патриотических чувств.

3. Воспитание физических качеств, необходимых для полноценного развития личности.

Таким образом, программа сохранения и укрепления здоровья включает ряд обязательных условий, выполнение которых обеспечит тот фон здоровья, на котором возможно успешное осуществление и физической, и умственной деятельности, а также совершенствование таких качеств, как выносливость, сила, ловкость, красота.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ахутина Т.В. Здоровьесберегающие технологии обучения: индивидуально-ориентированный подход. Школа здоровья. 2000.

2. Ковалько В.И. Здоровьесберегающие технологии. – М.: ВАКО, 2007.

3. Здоровьесберегающие технологии в общеобразовательной школе: методология анализа, формы, методы, опыт применения. / Под ред. М.М. Безруких, В.Д. Сонькина. – М., 2002.

4. Сухарев А.Г. «Концепция укрепления здоровья детского и подросткового населения России».

5. «Использование здоровьесберегающих педагогических технологий в дошкольных образовательных учреждениях» А.М. Сивцова //Методист. – 2007.

б. Смирнов Н.К. «Здоровьесберегающие образовательные технологии в работе педагога».

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада мектепке дейінгі мекемелерде денсаулық сақтау ортасын құру мәселесі қарастырылған.

SUMMARY

Examined a question middle of creation in to school establishments in this article.

УДК 372.21

К 74

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПKE ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Қарсыбаева Р.К. - п.ғ.к., аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Бұл мақалада бастауыш сынып жеке тұлғаның ақыл-ойының, шығармашылық іс-әрекетінің, өздігінен білім алу мен оны қолдана білу, дамудың өздігінен, қол жеткен сатысына өту кезеңі екенін тұжырымдай отырып, баланың мектепке дайындығының психологиялық құрылымының бірнеше топтарын көрсетеді.

Түйін сөздер: мектепке дайындық, жеке дайындық, зияткерлік дайындық, әлеуметтік – психологиялық дайындық, Физиологиялық дайындық.

Мектепке дайындық — ақыл- ой белсенділігін арттыру арқылы баланың психологиялық сапаларды игеруі. Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі оқушылардың сана-сезімі, ақыл-ойын дамытатындықтан, бастауыш сынып мұғалімі олардың жеке-дара ерекшеліктерін, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін жете білуі қажет. Балалардың жеке-дара ерекшеліктерін білу деген сөз – баланың танымдық қасиеттерін темпераментін, мінезінің, сана-сезімінің қалыптасу ерекшеліктерін меңгеру деген сөз.

Балалар бір-біріне ұқсас болып дүниеге келгенімен, олардың психикалық ерекшеліктері өзгеше. Әр баланың мінез-құлқы әртүрлі. Мысалы: біреуі-жігерлі, тез еліктегіш, екіншісі-сабырлы, табанды, үшіншісі – бір қалыпты қозғалатын, салмақты, ал төртіншісі-енжар және сезімтал.

Психолог ғалымдар балаларды тәрбиелеуде психикалық темперамент түрлерінің (сангвиник, холерик, флегматик, меланхолик) орасан маңызды орын алатынын айтады.

Оқытудың психологиялық негіздерін білу бастауыш сынып оқушыларының танымы мен даму кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл жөнінде белгілі психолог Л.И.Божович: «Оқу үдерісінің қандай мәселесі болмасын, бала психологиясына негізделмесе, оның жеке ерекшелігі ескерілмесе оқытудың әдіс-тәсілін құбылтып түрлендіру де, сабақ үстінде қолданылған сан алуан көрнекіліктер де жай, жасанды дүниеге айналады. Өйткені, жеке тұлғаны қалыптастыру қоғамдық тәжірибе мен кейбір қажетті нормаларды меңгерту арқылы жүзеге асқанымен, оқытудың мәні тек білімді түсініп, игертуде емес, сол нормалардың оқушы іс-әрекеті мен жалпы қасиетінің ішкі механизмі, қозғаушысы - мотиві болатындай дәрежеде ұйымдастырылуында», - деді.

Психолог Л.С.Рубинштейн оқытудың мақсаты «Оқушыға белгілі бір білім туралы мағлұмат беру емес, ең бастысы, оның бойындағы қабілеттерді дамыту, балаға қандай материал ұсыну емес, оны бақылауға, ойлауға үйрету» деп көрсетеді. Әр пәннің сапасын

арттыру, сабақты қызықты өткізуде мұғалімнің әр сабақта қолданатын әдіс-тәсілдерін іріктеп алумен қатар баланың мектепке дайындығын анықтауда оның психологиялық және физиологиялық дайындығы басты назарда болып отыруы тиіс.

Бастауыш сынып жеке тұлғаның ақыл-ойының, шығармашылық іс-әрекетінің, өздігінен білім алу мен оны қолдана білу, дамудың өздігінен, қол жеткен сатысына өту кезеңі екенін тұжырымдай отырып, ғалымдар баланың мектепке дайындығының психологиялық құрылымын төмендегідей бірнеше топтарға бөледі:

Жеке дайындық - баланың жаңа қоғамдық ортаға дайындығының қалыптасуы бірнеше құқықтар мен міндеттерді қамтитын мектеп ережесінен тұрады. Мектепте оқуға дайын оқушы - мектепке қажетті құралдар (портфель, оқулық, дәптер және т.б.) түгендеп қана қоймай, сондай-ақ жаңа білім алу мүмкіндігі мен таным қабілеті жеткілікті дәрежеде дамыған бала болып табылады.

Болашақ мектеп оқушысы қызығушылығының қалыптасу жүйесіне қарай өзінің мінез-құлқын, танымдық іс-әрекетін басқара алуы керек. Сонда ғана оқуға деген құлшынысы пайда болады. Сонымен қатар, жеке дайындық баланың эмоциялық жай-күйінің даму деңгейін де көрсетеді. Мектепке барар алдында баланың көңіл-күйінің көтеріңкі болғаны жөн.

Зияткерлік дайындық - дайындықтың бұл түрі баланың нақты білімі мен ой-өрісінің ауқымын көрсетеді. Баланың танысып отырған материалына деген көзқарасы мен материалды жекелей әрі жоспарлы түрде қабылдау жүйесінің қалыптасуы маңызды. Сондай-ақ, жалпылай ойлау формасы мен негізгі логикалық операцияларды атқарып, есте сақтай алуы да міндетті.

Зияткерлік дайындық негізінен баланың бойындағы оқу іс-әрекетінің бастапқы пайымдарын қалыптастыруды көздейді. Осы дайындық түрі жалпы алғанда төмендегілерді қамтиды:

- саралап қабылдау;
- аналитикалық ойлау;
- нақтылыққа талпыныс;
- логикалық есте сақтау;
- білуге құштарлық;
- сөйлеу тілін игеру; қолдың қозғалысы мен көру қозғалысының үйлесімділігі.

Әлеуметтік – психологиялық дайындық - дайындықтың бұл компоненті балада басқа балалармен, мұғаліммен қарым – қатынас жасай алатын сапаларды қалыптастыруды көздейді. Бала топ болып бірге жұмыс жасап жатқан оқушылардың үстінен түседі. Осы кезде балада өзін ортаға бейімдеу қабілеті өте қажет болады. Ол үшін балалармен араласып кетуге, олармен бірге әрекет етуге, олардың қызығушылығына ортақтасуына, оқу үдерісіндегі түрлі жағдайларға икемделуіне ықпал ету керек.

Мектепке келу кезеңі:

- мінез-құлықтың жаңа сапалы деңгейге көтерілуі;
- әрекетке іштей талдау жасау;
- нақтылыққа жаңа танымдық қатынасының дамуы;

Физиологиялық дайындық - бұл дайындық бала ағзасының қызметі мен денсаулық жағдайының даму деңгейімен анықталады. Баланың мектепке дайындығын дәрігерлер арнайы өлшемдермен белгілейді. Баланың мектепте оқуға психологиялық және физиологиялық дайындығын анықтау кезінде денсаулық жағдайы басты назарда болуы шарт. Өйткені білімді игеруге, оқуға деген қызығушылығы басым болғанымен, денсаулығы сәйкес келмеуі мүмкін. Ондай балаларға білім алудың басқа мүмкіндіктер қарастырылады.

Баланы мектепке дайындауда басшылыққа алатын негізгі қағидалар:

- педагогикалық әдеп пен ынтымақтастың сақталуы (балаға мейірімділік, келісу, үнемі қатаң ескерту жасамау);
- тәлім-тәрбие үрдісінің ықпалдығы (ұсынылған материалдарды меңгеру, психологиялық үрдістерге әсер етуі, қабылдауы, есте сақтауы);

- қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігі(сабақта ойын әдіс-тәсілдерін кеңінен қолдану, іс-әрекетті жүйелі, мазмұн сабақтастығын сақтай отырып, компьютермен құру);
- балаға берілетін жүктеменің шамадан тыс ауыр болуы (мазмұн күрделілігі ұзақ уақыт отырып жұмыс істеу);
- оқу-тәрбие жұмыстары баланың денсаулығын нығайтуға әсер ететіндей болуы шарт (кері әсер ететіндей жағдайларды болдырмау);

Баланы мектепке дайындығын анықтау үшін, ең алдымен оның мектеп талаптарын орындауға шамасы келер-келмесін білу қажет. Ол үшін талабына сай дене күшін былай қойғанда, біріншіден, жазу-сызу жұмыстарына қол қимылының бейімділігін ескеру, сосын дидактиканың міндеттерін шешуге байланысты баланың интеллектуальды даму деңгейінің дайындығын байқау, екіншіден қазіргі таңда оқу-ағарту жүйесінде болып жатқан өзгерістерге орай-балаларды қабілеттеріне қарай топтастырып оқыту (гимназия, лицей, мектептер) ісіне байланысты қабілетін анықтау. Ал, үшіншіден, жалпы білім беретін мектептер талабына жауап бере алмайтын, психикалық және интеллектуальды дамуында тежеулер мен кешігулер байқалған балаларды анықтап, олармен дамыту жұмыстарын жүргізуге байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бардин К. Как научить детей учиться. М., Просвещение, 1986.
2. Безруких К.В. Знаете ли вы своего ученика? М., Просвещение, 1991.
3. Готовность детей к школе. Диагностика психического развития и его неблагоприятных вариантов. // Под ред. В.В.Слободчикова, М., Просвещение, 1993.
4. Власова Н.В. Мектептегі психологиялық диагностика. Астана; РАДиАЛ, 2005 ж.
5. Мухина В.С. Шестилетний ребенок в школе. М., 1976.
6. Обучение в первом классе. Пособие для учителей четырехлетней начальной школы. М., 1986 г.
7. Особенности психического развития детей 6-7 летнего возраста. /Под ред. Д.Б.Элькониной, А.Л. Венгера. М., 1988.
8. Психологические методики определению готовности детей к школе. М., 1997.
9. Шабалина З.П. Первый год- самый трудный. М., Просвещение, 1990.
10. Шабалина З.П. Учебно-воспитательная работа в первом классе четырехлетней начальной школы. М., Просвещение, 1988.

РЕЗЮМЕ

В этой статье, проблемы формирования познавательной деятельности учащихся начальных классов.

SUMMARY

In this article, problems of forming of cognitive activity of initial classes of students.

УДК 372.21
К 74

МӘДЕНИ – ТЫНЫҒУ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Қожағұлова Г.Е. - п.ғ.к. доцент м.а.
(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мәселесі көтеріледі. Мұнда мәдени-тынығу құралдары арқылы сыныптан тыс жұмыстардың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады.

Түйін сөздер: бос уақыт мәдениеті, мәдени-тынығу құралдары, сыныптан тыс жұмыстар.

Жан-жақты дамыған жеке адамның өнімді және шығармашылық еңбек етуге, халық өмірінің материалды және мәдениетті деңгейін көтеруге қатысуына итермелейтін оқытудың тәрбиелік ықпалын жетілдіруді сыныпта, оқу уақытында ғана емес, сондай-ақ сабақтан тыс уақытта да көздейді.

Н.Ә.Назарбаев өткенімізге қанағат тұтып жүріп, болашағымыздан айрылып қалмау керектігін атап айтты. «Қазақстан-2030» бағдарламасын жариялап, Қазақстанның бүкіл әлемге белгілі, іргелі ел болуының бағыт бағдарын көрсетіп отыр. «Әрбір оқушының өз тарихын, философиясын білмейінше, оған белгілі бір көзқарастар болмайынша ешқандай мәдениеттің, білім-тәрбиенің және әлеуметтік, экономикалық жағдайлардың дамып өзгеруімен тығыз байланысты. Сократ: «Дүниетану, әлемді» білу ұстаз. Дегенмен, адам өзін-өзі өзінің ішкі дүниесін білуге ұмтылуы керек», - дейді. Осыдан келіп шыққан Сократтың бірінші принципі «Сен алдымен өзіңді-өзің тап» адам өмірін философиялық негізгі мәселесі етіп қараумен шектелмей өмірдің өзін өзіндік сана ретінде қарап отыр. Сократтың екінші принципі: «Менің білетінім – менің ештеңе білмейтіндігім, ол басқалар мұны білмейді». Адам өзін-өзі білуге ұмтылғанымен, сайып келгенде өзінің ештеңе білмейтіндігін анықтайды. Сократтың пікірі қазіргі заманмен, өмір талабымен сәйкес келіп, өзіңді біл, сол арқылы дүниені, әлемді білесің деп жариялайды.

Оқушының сабақтан тыс уақытының барынша көп бөлігін мектепте пайдалану керек бірақ, ол сынып сабақтарынан өзгеше формаларда болуы қажет. Мұнда оқыту мен тәрбиені бірыңғай үдеріске қосу үшін оқушылардың білім алуына және олардың танымдық қабілеттерін дамытуға қажетті жағдайлар жасалады. Олай болса, сыныптан тыс жұмыс өзінің әсерлілігі және мәні жағынан оқу-тәрбие үдерісінің өте маңызды, сүбелі бөлігі болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей сыныптан тыс жұмыстар оқушының бос уақытында дүниетанымын кеңейтіп, игерген білімдерін тиянақты және терең меңгеруге ықпал етеді, ой-өрісін айтарлықтай кеңейтеді, шығармашылық ізденіске, өз бетінше жұмыс істеуге қызықтырады, танымдық қасиеттерін тәрбиелейді. Себебі, қазіргі кездегі ғылымы мен техникасы, өнері мен мәдениеті дамыған қоғам адамының бос уақыты кезінде танымдық қызығушылықтарын қалыптастырмай, оның үйлесімді дамуын жүзеге асыру мүмкін емес.

Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға айрықша мүмкіндіктер береді. Ол үшін сыныптан тыс жұмыстарды дұрыс ұйымдастырып, бұл жұмыстарды өткізу әдісі мен мазмұнын, ауқымын кеңейтуді жан-жақты ойластыру қажет.

Сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмысы оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуі және балалардың белсенділігін, шығармашылық жігерлілігін ояту, танымдық қызметін ынталандыратын, жағымды эмоцияларды шақыратын, орныққан педагогикалық әдістерге сүйенеді.

Сыныптан тыс жұмыс оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуге, шығармашылық, зерттеушілік, танымдық қабілеттерін дамытуға, ықпал етуге, адамның жаңаша қалыптасуына көмектесуге негізделінген.

Сыныптан тыс уақытта жан-жақта ойластырылып істелген жұмыстар оқушылардың білімін толықтыруда, мәдени шараларға қызығушылығын арттыруда, тәрбиелеу жұмыстарын пәрмендендіре түсуде атқаратын қызметі өте зор. Оқушылардың сабақтан кейінгі бос уақыттарын дұрыс шешу, ұйымдастыру мәселесі көп жағдайда сынып мұғаліміне тікелей қатысты.

Сыныптан тыс жұмыстар тәрбие ісімен ғана шектелмейді. Оқушылардың бос уақыттарындағы іс-әрекеттерін ойластырып ұйымдастырған сыныптан тыс жұмыстар олардың бойындағы танымдық күш және қабілеттерін арттыруға, білімін кеңейтуге, білімге деген ынтасын өсіруге зор ықпал етеді:

- сыныптан тыс жұмыстар – педагогикалық үдерістің құрамды, маңызды, қажетті, бір бүтін бөлігі;

- сыныптан тыс жұмыстар оқу үдерісімен бөлінбейтін байланыста жатады;

- олар жеке тұлғаны тәрбиелеуде, оқытуда бірін-бірі толықтырады, байытады;

Сыныптан тыс жұмыстарды өткізу, атап айтқанда, оқушылардың оқу-танымдық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін ұйымдастырылған шараларды жоспарлағанда, оқушыларға саналы еңбек етуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасай білуге, өзін қоршаған ортаны тани алуға, сабақта алған білімдерін тәжірибе жүзінде іске асыра білуге үйрету қажет. Сонымен қатар, ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстар мынадай оқу-танымдық міндеттерді орындағанда нәтижелі шешіледі:

- оқушылардың әр түрлі іске қызығушылығын және қабілеттерін, шеберліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

- оқушылардың бойында маңызды қоғамдық істерді, мінез-құлықтарды және іс-әрекеттерді дұрыс қалыптастыру;

- оқушылардың өзіндік білімдерін көтеруге тәрбиелеу, бос уақыттарын орынды және қызықты ұйымдастыруға әдеттендіру;

- оқушылардың бос уақыттарындағы іс-әрекеттері мен сабақтан тыс жұмыстардың түрлерін біріктіріп сәйкестендіру, сабақта алған білімімен байланыста жүргізу.

Сыныптан тыс жұмыстардың нәтижелі болуы үшін көрсетілген міндеттер бір-бірімен табиғи бірлікте қаралады, бірінсіз-бірін шешу мүмкін емес, бұл – кешенді міндет, сондықтан, кешенді шешуді қажет етеді.

Мәдени – тынығу құралдары оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы танымдық іс-әрекеттерін жетілдіруге бағыттала отырып, педагогикалық жолмен ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстардың мынадай түрлерін айқындап көрсетеді. Олар:

- оқушылардың білім дәрежесін арттыру, олардың оқуға деген саналы қатынасын тәрбиелеуге бағытталған және оқу еңбегін дұрыс та пайдалы ұйымдастыруға көмектесетін жұмыс түрлері (әңгімелесулер, жиындар, көрмелер т.б.);

- ұжымдық, оқу-танымдық әрекеттерін қалыптастыратын түрлері (таңертеңгіліктер, кештер, викториналар, конкурстар, білім деңгейлерін байқауға арналған олимпиадалар);

- оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға тәсілдендіретін, танымдық белсенділіктерін арттыратын түрлері (әр түрлі үйірмелер, тіл дамыту сағаттары).

Сыныптан тыс жұмыста оқушылардың оқу-танымдық білім деңгейлерін анықтауда мұғалімнің міндеті ерекше. Ол сыныптан тыс жұмыстарда мәдени – тынығу құралдарының барлық функцияларын орындаушы, басты ұйымдастырушы және идеялық тәрбие беруді ұйымдастырушы, басқарушы және ол мынадай мәселелерді шешеді:

- оқушыларға қабілеттеріне қарай бағыт-бағдар беру;

- оқушылардың дүниеге көзқарастарын, белсенділіктерін, тәртіп және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;

- тәжірибе жүзінде әрекеттерін ұйымдастыру, жан-жақты дамыған жеке адам тәрбиелеу мен оқушылардың қарым-қатынасын ұйымдастыру.

Оқушылардың бойындағы сыныптан тыс жұмысқа деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін оятушы фактор, негізінен, оқушылардың немесе үйірме мүшелерінің өткізген әңгімелері болуы мүмкін.

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізу мәселесіне немқұрайлы қарауға болмайды. Сыныптан тыс жұмыстар, оқу сабағының жалғасы болумен бірге одан өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары да бар.

Сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілуі, біріншіден, оқушылардың өздерінің қалаулары бойынша ұйымдастырылады. Таңдау қағидасы бойынша жүргізілген сыныптан тыс жұмыс салалы, нәтижелі болады. Оқушының белгілі бір сыныптан тыс жұмысқа алғашқы қызығуын, ұнатуын әрі қарай дамыту, бекіту мұғалімнің мұндай жұмыстарды ұйымдастыру шеберлігіне байланысты.

Сыныптан тыс жұмыс түрлерінің көптігі қабілеті, талабы бір оқушылар тобының тез тіл табысуына, бір-бірімен достасуына да әсер етеді.

Сыныптан тыс жұмыстардың екінші ерекшелігі оқушы қызығушылығымен байланыстылығында. Оқушы барлық сабаққа қатысқанымен бәріне бірдей қызыға бермейді. Сыныптан тыс жұмыстарға оқушының қатысуы оның қызығуымен тікелей байланысты. Сондықтан мұғалім сыныптан тыс жұмыстарды оқушы қызығатындай, жалықпайтындай және өзіне рухани азық алатындай дәрежеде түрлендіріп өткізуі қажет.

Сыныптан тыс жұмыстың үшінші бір ерекшелігі, ол оның қай түрі болса да белгілі дәрежеде оқушы дүниетанымымен байланысты болуы. Яғни, сыныптан бос уақытта жүргізілетін іс-шаралардың барлығы да оқушыға жаңа ұғым беретіндей оның дүниетанымымен тығыз байланыста болуы шарт.

Сонымен бірге, сыныптан тыс жұмыстың жоспарын жасауда оған қойылатын әдістемелік, педагогикалық тұрғыдағы талаптар барын естен шығармаған жөн. Бұл талаптар төмендегідей:

- сыныптан тыс жұмыстар оқушының жас мөлшеріне, білім деңгейіне сай белгіленуі;

- оқушының қолынан келмейтін, оқушыны шаршатып, бетін қайтаратындай жұмыстардың жоспарланбауы;

- сыныптан тыс жұмыстың жүргізілу мерзімі, ұзақтығы оқушының жас мөлшеріне сай болуы;

- сыныптан тыс жұмыстарда қолданылатын мәдени-тынығу құралдарының оқушының білімін бекітуге бағытталып, оны толықтыру мақсатын көздеп, қолдану тәжірибесін арттыруға негізделуі;

- сыныптан тыс жұмыстардың жоспарға сай белгілі бір жүйеде жүргізілуі.

Оқушылардың сабақтан тыс оқу танымдық әрекеттерін жетілдіруге бағытталған мәдени-тынығу құралдарының нәтижелі болуы, мұғалімнің сыныптан тыс жұмыстардың компоненттерін бүтіндей кешенді пайдалануына, сабақтан тыс уақыттағы мұғалім мен оқушының қарым – қатынасына да байланысты. Сыныптан тыс жұмыстардың түрлерін кешенді пайдалану әрбір мұғалімнің шеберлігіне ғана тән.

Сонымен, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу мәселесінде негізгілердің бірі сыныптан тыс жұмыстарда мәдени-тынығу құралдарын пайдалана білуді дұрыс жолға қою керек екендігі айқын. Мұнда, сыныптан тыс жұмыстарды өткізу кезінде оқушылар білімдері мен біліктерін бекітіп, тереңдетер болса, екінші жағынан, мұғалімдерге сыныптан тыс жұмысты қызықты әрі мазмұнды етіп өткізуге мүмкіндік мол.

Сыныптан тыс жұмыстарды өткізу арқылы оқушылардың білімін тереңдетіп қана қоймай, оларды білімді өз бетінше алуға да үйретеді. Яғни, оқушының сабақтан тыс уақыты мақсатты және ойластырылған түрде өтер болса, онда ол оның танымдық қызметінің

дамуына үлкен ықпал етеді. Мұндай жағдайда сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың ойына, сезіміне және іс-әрекетіне қалай әсер ететінін біліп отыру қажет.

Г.Щ.Щукина оқу-танымдық қызметтің оқушыларды таным және оған деген қызығушылығын тәрбиелеудегі күрделі үдеріс екендігін айта келе, бұл ең алдымен адамзат жинақтаған білімді игерудегі оқу қызметі екендігіне назар аударып, танымдық қызмет – онда игерілген білім жинақталып қана қоймай, оқушы танымының жоғарғы деңгейде көтерілуіне мүмкіндік туғызатын танымдық процесс дейді.

Оқу-танымдық қызметі – сонымен қатар баланы нәрсені игеруге бағытталған оқу қызметі. Ол оқушылардың дүниені тану арқылы адамның рухани баю мүмкіншіліктерін ашуға бағытталған. Бұл мағынада танымдық қызмет оқушылардың өз бетінше жұмысынсыз, белсенділігінсіз өтуі мүмкін емес. Соңғы жылдардағы зерттеулерде оқушылардың танымдық қызметінің құрылымы жайлы мәселелер шешілуде, оның ішкі үдерістері ашылуда, оқушылардың өз бетімен айналысар істеріне сәйкес әрекет туғызатындай оқу тапсырмаларының жүйесі құрылуда. Бірақ сыныптан тыс жұмыстарда оқушының бос уақыт құрылымын есепке ала отырып, оның жоспарын құру, кестесін жасау жұмыстары негізге алынбаған. Сондықтан өсіп келе жатқан ұрпақтың уақыттың құнын елемеуі, өткізілетін уақытты есепке алмауы сыныптан тыс жұмыстарда атқаратын әрекеттеріне қайшылық тудырады.

Сыныптан тыс жұмыстар барысында оқушылардың танымдық әрекетін реттеу олардың бос уақыт мәдениетін дұрыс қалыптастыруға тиімді ықпал етеді. В.С.Леднев: «Адам үнемі даму үстінде болатын және айналасымен өзара қарым-қатынас процесінде жеке тұлға ретінде қалыптасатын динамикалық құрылым...» – деген анықтама береді. Жеке тұлға динамикасы біріншіден, оның әрекеті; екіншіден оның қасиеттері мен санасының әрқашан өзгеруі, оның дамуы болып табылады. Сондықтан жеке тұлғаға даму үстіндегі құбылыс деп қарау педагогиканың түпкі мақсаты – жеке тұлға қалыптастыру, оқушыны өмірге, әртүрлі мәдени-тынығу әрекеттерге даярлау.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Оракова А.О. Сыныптан тыс жұмыстардың түрлеріне педагогикалық сипаттама //Қазақстан мектебі. – 1998. - №2. – Б. 5-10.
2. Нұрметов Ш.Н. Сыныптан тыс жұмыстардың оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастырудағы рөлі//Бастауыш мектеп. - № 1. – Б. 12-16.
3. Щукина Г.И. Формирование познавательных интересов учащихся в процессе обучения (в восьмилетней школе). – М.:Учпедгиз, 1962. – 229 с.
4. Рубинштейн С.Л. Формирование учебной деятельности школьников. – М: Просвещение, 1982. – 157 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются педагогические проблемы школьников в организации досуга во внеурочное время.

SUMMARY

In the article the pedagogical problems of schoolchildren are examined in organization of leisure in extracurricular time.

УДК 37.036
Л38

К ВОПРОСУ ОБ ЭТЕТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

*Левченко Т.А., - к.п.н., доцент,
Агеева Л.Е. – к.п.н.,
(г. Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы эстетического воспитания будущих педагогов через казахское декоративно-прикладное искусство.

Ключевые слова: эстетическое воспитание, эстетическое образование будущих педагогов, казахское декоративно-прикладное искусство, духовное наследие казахов, казахский орнамент.

Эстетическое воспитание будущих педагогов необходимо осуществлять через казахское декоративно-прикладное искусство. Оно является одним из важных средств подготовки компетентного специалиста в области образования.

Одним из результатов программы развития Казахстана должно стать появление педагога новой формации. Приоритетным направлением в формировании учителя новой формации определяется обновление содержания образовательных программ педагогических специальностей. Современная парадигма образования предполагает его ориентацию на развитие личности обучающегося, его познавательных и созидательных способностей. Главной педагогической целью такого образования является создание условий, способствующих тому, чтобы при усвоении любого компонента содержания образования развивалась сфера личностных функций учащегося. Наряду с этим одной из задач современного образования – формирование эстетической культуры специалистов, развитие способности понимать и оценивать произведения искусства и в соответствии с этим эффективно руководить процессом эстетического воспитания детей.

Переход на 12-летнее образование требует обращения особого внимания на духовное развитие личности педагога, повышение роли художественно-эстетического развития, а так же, специальной подготовки в области эстетического, художественного, нравственного воспитания учащихся.

Процесс образования это не только путь овладения личностью профессией, но и способ приобщения ее к культуре. Современный специалист должен овладеть высокой общей культурой, системными знаниями о взаимодействии человека с природой, обществом, государством; отчетливо представлять роль образовательных процессов и систем своей деятельности в мировом культурном процессе, в контексте народной культуры.

Необходимость культурологической подготовки педагога обусловлена тем, что его деятельность постоянно связана с нравственной, эстетической, гражданско-правовой оценкой действий и событий, постановкой задач, принятием нестандартных решений, выбором систем обучения и воспитания, стратегий поведения, реализацией разнообразных идей.

Одним из средств эстетического образования будущих педагогов начальной школы развития его творческих способностей, является народное декоративно-прикладное искусство.

Народное искусство полифункциональное по своей сущности, интегрирует различные виды искусства, является фактором общечеловеческой культуры, сохраняя при этом характерные национальные особенности, связанные с историей, жизнью, опытом, языком, традициями, культурой и религией народа.

Примером этого служит казахское декоративно-прикладное искусство, которому придавали большое значение в деле воспитания молодежи известные казахские просветители и педагоги прошлого (Ч.Валиханов, И.Алтынсарин, А.Кунанбаев). Они видели в нем сокровищницу культурного наследия, позволяющего глубже познакомиться с традиционными казахскими художественными ремеслами, сформировать представления о быте и традициях народа.

Казахский поэт-просветитель Абай Кунанбаев говорил об искусстве так - это подлинное, неиссякаемое богатство, которому необходимо учиться, как благородному делу [1].

В государственной Программе Республики Казахстан «Культурное наследие» отмечено, что активное приобщение молодежи к сокровищам народной культуры является ни чем не заменимым средством творческой самореализации личности, ее самоутверждения, раскрытия всех ее сущностных сил [2].

Воспитательное значение казахского народного искусства отмечают многие современные отечественные педагоги (М.Х.Балтабаев, С.А.Узакбаева, К.Ж.Кожаметова, Б.Альмухамбетов и др.). В своих исследованиях они отмечают, что ознакомление с произведениями Казахского Народного творчества способствует воспитанию патриотических и интернациональных чувств, приобщает молодежь к миру прекрасного, формирует художественный вкус, эстетическое восприятие, способность видеть, чувствовать красоту и гармонию творений рук народных мастеров.

Современное осмысление духовного наследия казахов показывает, что оно тесно связано с многовековой историей, жизнью и культурой народа. Своеобразные социально-экономические, исторические, географические условия жизни и быта, кочевой образ жизни – наложили свой отпечаток на материальную и духовную культуру, быт и религиозные воззрения, на особенности жилья, одежды, предметов хозяйственного обихода, народное искусство, песен, сказаний, сказок, пословиц, музыки, обрядов.

Различные предметы домашнего обихода хозяйственных и декоративных нужд, имеются в каждой юрте (мебель, посуда, одежда, ковры и др.). Они формируют эстетический и художественный вкус детей и молодежи, учат понимать красоту творений рук человеческих, отмечать своеобразие, выдумку, оригинальность, тонкий вкус и высокое мастерство.

Казахское декоративно-прикладное искусство многообразное, яркое и жизнерадостное в своей основе, раскрывает богатство культуры народа. Веками кочеваний народ, живший одной жизнью с природой, из поколения в поколение выработал удивительно тонкое восприятие окружающего мира, развил понимание связи формы декора вещей с их назначением.

Изделия, созданные народными мастерами, украшаются орнаментом, создавшимся на протяжении тысячелетий, в логической преемственности художественного мышления и его пластического эквивалента – формы, в строгом соответствии с эстетическими вкусами общества. При этом прообразами для построения собственной системы казахского орнамента несомненно служили предметы и явления окружающего мира, соединенные порой с магическими обрядовыми законами, трансформированными творческой мыслью многими поколениями.

Казахский орнамент всегда соответствует назначению вещи, её размерам и форме. В прошлом практически все орнаментальные узоры «читались», но, к сожалению, многие смысловые значения орнаментальных мотивов утрачены.

При чрезвычайной простоте, отработанности, приёмов исполнения, завершенности и лаконичности отдельных элементов изделий, отобранных и выверенных поколениями мастеров, каждая разновидность народных промыслов представляет собой целостную художественную систему, неразрывно связанную с национальной культурой.

За 70-летний срок существования Казахского государственного женского педагогического университета накопился уникальный опыт. Важная роль в ознакомлении будущих педагогов с казахским народным декоративно-прикладным искусством принадлежит таким курсам как «Технология художественного труда», «Декоративно-прикладное искусство народов Казахстана». В рамках данных курсов решаются следующие задачи:

- повышение уровня общей культуры студентов;
- формирование целостного представления о культуре казахского народа;
- развитие эстетического восприятия народного искусства;
- формирование потребности в творческой самореализации;
- формированию компетентностного подхода к профессиональной подготовке.

Решение данных задач возможно при условии создания культурно-образовательной среды, познавательного интереса студентов к культуре Казахского народа, обогащении их теоретических знаний, формировании практических учений и навыков в области декоративно-прикладного искусства, приобщения к научно-исследовательской деятельности, осознанного подхода в профессиональной подготовке.

Для формирования у студентов искусствоведческой информированности и личной эстетической культуры предусмотрено изучение трудов таких искусствоведов как А.Х.Маргулана, Т.К. Басенова, Н. Нурмухаммедова, У. Джинибекова, К. Ибраевой и др. Студенты знакомятся с факторами, способствовавшими становлению и развитию декоративно-прикладного искусства казахов, своеобразием традиционных ремёсел, спецификой орнаментального искусства, особенностями жилища и предметов быта кочевого народа [3].

Важнейшим компонентом в подготовке педагогов по начальному образованию являются не только знания, умения и навыки, полученные на лекционных занятиях, но и опыт творческой деятельности, эмоционально-оценочная деятельность, общение, личностная ориентация в обучении, сотрудничество участников педагогического процесса.

Эстетическое образование студентов включает широкий спектр деятельности по развитию разнообразных интересов, склонностей, духовных потребностей. Культура личности неотделима от ее творчества, поэтому в подготовке будущих педагогов большое место занимает их разнообразная творческая деятельность.

Наиболее ярко результаты творческой художественно-изобразительной деятельности прослеживается при организации и проведении практических занятий. Студенты получают знания о технике изготовления казахских ковров (тускиизах, текеметах, сырмаках), кошмы, традиционном жилище кочевого народа (юрте), элементах национальных костюмах, предметах быта и т.д., но и сами принимают участие в их изготовлении. Так, в технике «курак» (лоскутного шитья) студенты выполняют корпеше (подушки, коврики) используя разнообразные геометрические элементы, подбирают соответствующие цветовые сочетания характерные казахскому орнаменту.

Большой интерес вызывает создание эскизов современной молодежной и детской одежды с использованием казахских народных мотивов. При выполнении каждого задания внимание обращается на такие компоненты культуры труда, как умение вносить элементы фантазии; творчества; аккуратность изделия; художественная грамотность в использовании; стремление к экономии.

Декоративно-прикладное искусство не есть что-то изолированное, особое в жизни казахского народа. Оно тесно сочетается с музыкой и фольклором, так как многие трудовые процессы сопровождаются шутками, прибаутками, пословицами, поговорками прославляющими старание и мастерство, порицающими торопливость, хвастовство, леность и т.д. Поэтому подлинное чувство уважения к казахскому народному искусству нельзя сформировать, если студентов не приобщать к фольклору, выразительности языка, нравам и традициям народа.

Практическое овладение умениями и навыками культуры осуществляется на основе подготовки рефератов, изготовления предметов быта, а так же талисманов, сувениров, мягкой игрушки, эскизов детской одежды.

Особый интерес у студентов вызывает посещение дома моды «Сымбат», где представлены коллекции современной молодежной одежды с использованием элементов и орнаментальных мотивов казахского национального костюма.

Организуются экскурсии в Республиканский краеведческий музей и музей искусств имени Абылхана Кастеева, на выставки народного творчества.

Во время прохождения педагогической практики в начальной школе студенты привлекаются к подготовке и проведению народных праздников (например, «Наурыз»), изготовлению национальных костюмов, традиционных предметов быта, наглядных пособий. Тематика научно-исследовательской работы студентов и дипломных работ отражает содержание вышеописанного процесса.

Таким образом, эстетическое образование педагогов начальной школы средствами казахского народного декоративно-прикладного искусства требует разработки специального содержания, методов, форм основанных на современных достижениях отечественной науки и практики.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Кунанбаев А. Книга слов / Кунанбаев А. - Алма-Ата: "ЕЛ", 1993. - 128 с.
2. Государственная программа Республики Казахстан «Культурное наследие». А. – 2003.
3. Антология педагогической мысли Казахстана /Сост.К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. – Алматы: Рауан, 1995 . – 512 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада болашақ педагогтардың эстетикалық тәрбиесі туралы айтылады.

SUMMARY

In the article the future is talked about aesthetic education teachers.

УДК 371.127

М45

ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ БАРЫСЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Меңдіаяқова Қ.М. - п.ғ.д., профессор
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада тәрбиешілердің біліктілігін жетілдіру барысында педагогикалық технологияларды қолдану мүмкіндіктері қарастырылған.

Түйін сөздер: педагогикалық технологиялар, біліктілік, педагогикалық қызмет, шеберлік.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Бұл міндеттерді шешу үшін әр тәрбиешінің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәрбиеге, жаңа қарым-

қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан да, әр тәрбиеші өз әрекетінде қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс тәсілдерді кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипатты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттігінен тауып отыр.

Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп отыр. Ал, жаңа педагогикалық технологиялар балалардың шығармашылық қаблеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады:

I кезең-оқып үйрену;

II кезең- меңгеру;

III кезең-өмірге ендіру;

IV кезең-дамыту;

Жаңа технология мен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғы шарттар қажет: оқу үрдісін интенсивтенттіруді жаппай қолға алу. Оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандарттарымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы балаларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игеруге қол жеткізу, оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу, өйткені оқыту-тәрбиенің негізі.

Көптеген уақыттар желісінде «технология» түсінігі педагогикалық ұғымдар қорынан тыс қалып келді. Шынайы мәні («шеберлік жөніндегі ілім») педагогикалық міндеттерге: педагогикалық үрдісті сипаттау, түсіндіру, болжау, жобалау – сай келсе де, ол технократиялық тіл элементі ретінде қарастырылды.

Педагогикалық әдебиеттерде қандай да педагогикалық технологиялар сипатын айқындаушы көптеген терминдер ұшырасады, мысалы: оқу-үйрену, тәрбиелеу, оқыту технологиялары, білімдендіру және дәстүрлі технологиялар, бағдарламаластырылған және мәселелік оқу технологиялары, авторлық технология және т.б. Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы.

Педагогикалық технология кешенді, бірігімді үрдіс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды.

Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В.Б.Беспалько, В.В.Данилов, В.К.Дьяченко және т.б.), екіншісі – тәжірибемен жүзеге келуі (Е.Н.Ильин, С.Н. Лысенкова, В.Ф.Шаталов және т.б.). Жаңа технологияларды енгізу кезінде тәрбиешінің технологиялық құзырлығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тәрбиеші білуі керек:

- жаңа технологиялар көмегімен шешілетін мәселелерді;
- жаңа технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді;
- жаңа технология мәнін, алынатын нәтижелердің теориялық негізін;
- жаңа технологияда мұғалім қолданатын әдіс-тәсілдерді;
- қандай да бір технология үшін оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыруды;
- күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды;
- әр сабақта сауатты жоспарлауды;
- оқу моделін құрастыруды;
- балаларға арналған өзіндік тапсырмаларды құрастыруды;
- балалар үшін деңгейлік тапсырмалар жасау;

- тестілік бақылау тапсырмаларын дайындау;
- компьютерлік бақылау үшін тапсырмалар дайындау;
- Тәрбиешінің дұрыс ұйымдастыруы қажет:
- жаңа технологияда пайдаланатын жәкелеген әдістер мен тәсілдерді қолдануды;
- түрлі типтегі сабақтарды өткізуді;
- өткізілген сабақтарға талдау жасау, жіберілген кемшіліктердің себептерін анықтауды;
- жаңа технологияда қолданылатын оқу әрекеттерінің әдістерін балаларға үйретуді;
- педагогикалық диагностиканың қарапайым әдістерін қолдана отырып, жаңа технологияны пайдалану тиімділігін бағалауды.

Педагогикалық қызметті осылайша ұйымдастыру - жаңаша оқытуға жеткізетін жол.

Оқу үрдісін «технологиялауда» оқыту субъектілерінің, яғни тәрбиеші мен балалар дайындығының психологиялық аспектілері де маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі таңдағы мектепке дейінгі ұйым алдында тұрған мәселе балаларды дамыта оқыту, яғни, балаланың оқу әрекетіне қалыптастыру, қызығушылығын арттыру. Сондықтан, тәрбиешінің алға қойған маңызды міндетінің бірі – талабы таудай жеке тұлғаны іздеп табу, оны өсіру. Әр баланың қабілетін танып біліп, дамытып адам дәрежесіне жеткізу үшін жаңашыл жұмысқа бет бұру керек.

Жаңа технологияны қолдануда:

«Тәрбиеші нені білу керек?»

- Жаңа технология көмегімен шешілетін мәселені анықтау.
- Жаңа технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді.
- Жаңа технология мәнінен алынатын нәтижелердің теориялық негізін.
- Жаңа технологияда мұғалім қолданылатын әдіс-тәсілдерді білуі керек.
- Балалар жаңа технология жұмыс істеуге үйрету әдісін таңдауы.

«Не істей алу керек?»

Оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыру.

Күнтізбелік тақырыптық жоспар жасау.

Әр сабақты жоспарлау.

Жаңа технология бойынша жүргізілетін әртүрлі типтегі сабақ жоспарларын жасау.

Оқу модулын құрастыру.

Оқу жобасының мазмұнын анықтау.

Оқу жобалары бойынша оқушыларға арналған тапсырмаларды құрастыру.

«Қандай іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастыруы қажет?»

Жаңа технологияда пайдаланылатын жәкелеген әдістер мен тәсілдер.

Әр түрлі типтегі сабақтарды өткізу.

Өткізілген сабақтарға талдау жасау, жіберілген кемшіліктердің жасырын себептерін анықтау.

Жаңа технологияда қолданылатын оқу әрекетінің әдістерін балаларға үйрету.

Жаңа технологияның топтастырылуы:

1. Педагогикалық үрдісте жеке тұлғаның бағыты негізінде педагогикалық технология.

Педагогикалық қарым-қатынас технологиясы.

Алтынсариннің педагогикалық технологиясы.

Амонашвилидің ізгілік технологиясы.

Ильиннің жүйесі.

2. Баланың іс-әрекетін белсендіру және қарқындалу негізіндегі педагогикалық технология.

Ойын технологиясы.

Проблемалық оқыту технологиясы.

Жан-жақты коммуникативті оқыту технологисы.

Оқыту материалдарын тірек сызбалар, тірек конспекттері және модельдеу арқылы қарқындалтып оқыту технологиясы (волатаШ).

3. Оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру және басқару негізіндегі педагогикалық технология. Перспективті жылдамдата оқыту технологиясы (Лысенкова).

Бағдарламалық оқыту технологиясы.

Ұжымдық оқыту технологиясы (Дьяченко, Ривин).

Компьютерлік оқыту технологиясы.

Оқудың дәстүрлі (қайта жасау- репродуктивті) технологиясы білім, ептілік және дағдыларды ұсынуға бағытталған. Ол өтіліп жатқан материалдың игерілуін, қайта жасау деңгейіндегі білім сапасының бағалануын қамтамасыз етеді. Бұл технологияның ежелгі түрі. Ол бүгінгі таңда да кең таралған (әсіресе орта мектепте). Оның мәні: жаңаны игерту-бекіту-қадағалау-бағалау сұлбасы (сызба) бойынша оқу үрдісін жүргізу. Ғалымдар дәлелдегендей, педагогика бала дамуының өткеніне емес, болашағына бағытталуы тиіс. Сонда ғана ол оқу үрдісінде осы нақты уақыт шеңберіндегі жақын даму үрдісін жүзеге асыра алады. «Жақын даму аймағының» мәні: бала өз дамуының белгілі кезеңінде оқу міндеттерін ересектер басшылығында не ақылдылау дос-жарандарымен араласа жүріп шешуі мүмкін. Келтірілген пікір жария болғанға дейін бала дамуы, әсіресе оның ақыл-ойының өрістеуі оқу және тәрбие ізімен жүретіні мойындалған болатын.

Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуда қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды.

Қазіргі кезеңде қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологияның негізіне жататындар-әрбір баланың жеке және дара ерекшеліктерін ескеру; оқушылардың қабілеттері мен шығармашылығын арттыру; оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру.

Жаңа педагогикалық технологияларға тоқтала кетсек:

Ынтымақтастық педагогикасының негізгі мақсаты - талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшу, балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиелеудің ажырамас бірлігі. Ынтымақтастық педагогикасының ерекшелігі - тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, бала да субъект, тәрбиеші де субъект.

Баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, ал бала мен тәрбиешінің арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас.

Оқытудың жаңа технологиялары тәрбиеші алдына төмендегідей міндеттерді қояды:

- педагогикалық қызметтің өзекті мәселесін білу;
- оқу бағдарламасының түрлендірген нұсқауларын құрастыру;
- оқу модулін құрастыру;
- оқу-әрекеттерінің материалдарын іріктеп ала білу.

Осы аталған оқыту міндеттерін тәрбиеші меңгеруі үшін, тәрбиешілер қауымымен төмендегідей педагогикалық жұмыстар жүйесі жүргізілуі керек:

- а) проблемалық-рөлдік ойын;
- б) рефлексивті-рөлдік ойын;
- в) панорамалық сабақтар;
- г) педагогикалық тренинг;
- д) педагогикалық идеялар аукционы;
- е) ашық сабақтарға кіру, талдау және т.б.

Тәрбиеші өз бетінше ізденуі, білімін толықтырып, білімін кеңейтеді. Біліктілігін қандай жолдар арқылы жүргізуін төмендегі суретте көрсетілген.



Барлық жаңа технологияның алдымен қоятын мақсаты-тәрбиешінің дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өзбетінше ізденуін жетілдіріп, шығармашылықтарын қалыптастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.
2. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. «Оқытудың қазіргі технологиялары» Бастауыш мектеп №3 1999 ж.
3. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технология» Тараз 2003 ж. 67 б.
4. Алмухамбетов Б.А. Тенденции развития системы повышения квалификации в Казахстане. Алматы 2000-265 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы использования педагогических технологий в повышении квалификации воспитателей детских садов.

SUMMARY

In the article the questions of the use of pedagogical technologies are examined in in-plant training of educators of kindergartens.

УДК 372.21
К 74

НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА - МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ ҚАЛАМҒЕР

*Метербаева К.М. – п.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Бұл мақалада мектепке дейінгі тәрбиенің негізін салушы - Н.Құлжанованың педагогикалық тәжірибесі мен негізгі идеялары айтылады.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу, мектепке дейінгі балалар мекемелері, бала тәрбиесі, ұстаздық-тәлімгерлік талғам.

Қазақ әйелдерінің арасында Қазан төңкерісінен бұрын да оқу-өнерге талпынғандары аз болмаған. Олар өздері сауат ашысымен халық ағарту ісіне араласып, алған білімдерін елге таратушылар болды. Олар қазақ әйелдерін біліммен қаруландыруға, қоғамдық істерге араласып, қараңғы халықтың көкірек-көзін ашуға шақырып отырды. Өздері де түрлі мамандықтарды игерумен ғана шектелмей, бар өмірлерін ел тағдырына арнаған абзал

жандар болды. Солардың бірі, тұңғыш қаламгер қазақ әйелі, мектепке дейінгі тәрбиенің негізін салушы - Нәзипа Құлжанова Сағызбайқызы.

Н.Құлжанованың белсене араласуымен 1920 жылдардың өзінде-ақ мектепке дейінгі қазақ педагогика ғылымының іргетасы қалана бастады.

Мәселен, 1924 жылы Орынборда «Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу» атты педагогикалық жинақ, нұсқау кітабы жарық көрді. Кейіннен «Әйел теңдігі» журналында осы ізгілікті іс әрмен қарай жалғастырылды. Журнал беттерінде қазақ балабақшаларының озат тәжірибелері, онда жүргізіліп жатқан түрлі тәрбие жұмыстарының жай-жапсары, мақсат-міндеттері жайында көптеген мақалалары жарияланды. Осы журналдың мектепке дейінгі тәрбие бөлімін басқара жүріп, көшпелі қазақ елінде бұрын-соңды болмаған бала тәрбиесінің жаңа түрін аяғынан тұрғызуға себепші болды. Оның бұл еңбектері «Қазақ балалар педагогикасының алтын қорына қосылды».

Нәзипа Құлжанованың тәлім-тәрбиелік пікірлері медицина ғылымымен де сабақтасып жатады. Бұны автордың «Бала күтімі», «Баланың өміріне күн сәулесі мен таза ауа аса қажет», «Баланың аурулары», т.б. мақалаларынан жақсы байқалады. Автор тәрбиені бала жөргегінен бастауды ұсына келіп, өзі түйіндеген тұжырымның түп негізі етіп: «Тәні саудың- жаны сау» дейтін халық даналығын алады.

Н.Сағызбайқызының еңбектерінің қайсысынан болса да, оның ағарту, халыққа қызмет ету борышы, гуманистік ойлары бір-бірімен тұтастықта, диалектикалық бірлікте көрінетінін аңғаруға болады.

Н.Құлжанова А.Байтұрсыновтың ұстаздық үлгісінен нәр алған адам. Ол өзі педагогикалық екі еңбек жазды. Оның бірі «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923) деп аталса, екіншісі «Ана мен бала» (1927) деп аталады. Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегіне А.Байтұрсынов кіріспе сөз жазып, бұл еңбектің «Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды» деп жоғары баға береді.

Аталмыш еңбектерінде автор мектепке дейінгі балалар мекемелерінің тарихын, олардың отандық және шетелдік үлгілерін сөз етумен бірге, қоғамдық ортадан тәрбие алатын баланың жас ерекшелігіне орай, оның қоршаған ортасының ықпал-әсерінен туындайтын психологиялық өзгерістерді кеңінен баяндайды. Мәселен, бұл жөнінде автор былай дейді:

«Ойын – оның шын тіршілігі...Төңіректегі нәрселерден өзіне қызықтысы ғана көзіне түсіп, ықыласын тартады және бір мінезі – сөйлеуге жалықпайды. Тынымсыз қимылының бәрі сөзімен жалғасып жүреді. Көрген нәрсесінің біріне ықыласы жеңіл, тұрақсыз... Көрген нәрсесін айтқанда ұмытқан жерлерін ойдан толықтырады.» Бұл ой-қорытындысында үш пен жеті жастың арасындағы жасөспірімдер бойында кездесетін физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерге баса назар аударып отыр. Әсіресе, жас баланың айналаны танып білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп жетілетінін айта келіп, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді. Сондықтан олардың сөйлеу мәдениеті жетілмейді дейді. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің мәніне тоқталады. Н. Құлжанова баланы жас кезінен көбінесе табиғат аясында тәрбиелеудің тиімділігін айта келіп, «Бала даланың кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп өркендеме» дейді. Автор осы пікірін одан әрі жалғастыра келіп, «әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл көтеру және денесі еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді» деп ойын баласының мектепке дейінгі тыныс-тіршілігін, оның мектепте алар тәлімінің эзрлік сатысы болып табылатындықтан, осы кезеңдегі тәлім-тәрбиеге ерекше мұқият қараудың маңыздылығына, сонымен бірге, баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеуге тоқталады. Ол үшін әр балабақша жанында биологиялық бұрыш, тәрбие алаңы болуы керек. Бала торғайды, қоянды, кірпікшешенді, тоты құсты, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып,

оған су құюды үйренсін, саз балшықтан ойыншықтар жасап үйренсін дейді. Яғни баланың санасын оятып, қиялын дамытудағы ойыншықтардың тәрбиелік мәніне ерекше тоқталады. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз, ойлай білуге үйрету» дейді.

Нәзипа Құлжанованың 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан «Ана мен бала тәрбиесі» деп аталатын кітапшасы. Шығарманың көлемі шағын, ал ішінде үлкен мән мен мазмұн жатыр.

Баланың дені сау азамат болып өсуіне ол тумас бұрын-ақ қажетті жағдай жасайтын қоғам дей келіп, әйел-ананың отбасы тіршілігіндегі жауаптылығын сезінуі, ол үшін әйел-ананың сауатын ашып, әркез оқып, іздену үстінде жүруі, өмір легінен қалыспауға тырысуы керектігін ескертеді. Бұл кітапшасында әйел-ананы дертке шалдығудан сақтандыратын кеңестері де баршылық. Әйелдің екіқабат және босану кезіндегі ескеретін жағдайлары одан кейін жас нәрестені күту ережелері сөз етіліп, күнделікті өмірге қажетті ақыл-кеңестер айтылады.

Автор бала тәрбиесін екі жағдайда сабақтастыра қарайды. Алғашқысы - отбасында ата-ананың беделін сақтаудан туса, кейінгісі-бала тәрбиесінің жан-жақтылығын қадағалайтын әрекеттер. Отбасындағы бірлік, татулық, ананың денсаулығы, рухани дүниесінің кеңдігі, бала тәрбиесіне тікелей әсер ететін жағдайлар деп санайды. Сондықтан дөрекі ер адамдардың әрекеттерінен, анаға деген феодалдық көзқарастарынан, әйелдің өз міндетіне салақ қарайтын жалқау, еріншек, жағымсыз қылықтарынан жирендіре, оларды жағымды да сүйкімді мінез-құлықтарымен салыстыра екшеп, ойлануға жетелейді.

Кітапшадағы «Емшек баласын дұрыс емізудің тәртібі», «жүкті әйелдің күтімі», «Емшек баласының дене тәрбиесі», «Баланың аурулары», «Баланың өсуіне күннің сәулесі, таза ауа қажет» дейтін тақырыптарда, тандалған мәселелер сөз болады.

Нәзипа Сағызбайқызы әйелдердің міндеттерін айта отырып, олардың жауаптылығын жеңілдетуге бара қоймайды. Оны біз «Жұма күндерінде қазақ әйелдеріне кеңес», «Үй қандай болу керек?» деген ойласу ретіндегі ақыл-кеңесінен, отбасының шаңырағын биіктете, босағасын берік ете түсуге шақыруынан көреміз. Сонымен қатар, отбасы тұрмыс салтының олқы жақтарын көзімен көріп күйзелген толғанысын ортаға салуы да - әйелдің қамы. Үйді таза да, дұрыс ұстауды мойындата отырып, үндейтіні, шақыратыны – тірлік қамындағы еңбеккерлік.

Н.Құлжанованың ұстаздық-тәлімгерлік талғамын таныта түскен еңбегінің алғашқысы 1923 жылы Орынборда шыққан «Мектептен бұрынғы тәрбие» еді. Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңдерінде бала тәрбиелеудің қажетті міндеттері және оны іске асырудың жолдары әлде де болса айқындала қоймаған, мектеп жасына дейінгі балалармен тәрбие жұмыстарын жүргізетін қоғамдық орындар мен әдістемелік құралдар жоқтың қасы еді.

Нәзипа Сағызбайқызының осынау тың жатқан істі зор міндет, басты проблема етіп алуы-оның батылдығы мен бала тәрбиесінің сан-салалы шараларын көрсете алатын білімділігінде.

Автор бұл еңбегінде мектепке дейінгі тәрбиенің мазмұнын, мақсатын баяндай келіп, баланың қимыл – қозғалысына, сезім мүшелеріне, сөйлеу, ойлау, ерік-жігерін жетілдіру жолдарына тоқталады. Ол сондай-ақ ересектер мен сәби, бөбектер арасындағы қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөледі: «Балаға сусындай керегінің бірі-сөйлеу. Түрлі білімнің түбірі, негізі-баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы. Сұрағына жауап бермей, «мазамды алма» деп, үнемі баланың бетін қайтару арқылы оның сол білуге деген құмарлығының негізін жоғалтып жіберуге болады», -дей келе, автор бала ойынының танып-білу құмарлығымен ұштасып жататындығын ескертеді.

Сонымен қатар баланың нені үйренуі керектігіне тоқтала келіп:

- сөйлеу, яғни сөз бен сөзді байланыстырып, өзінің ойын, талабын, көңіл сезімдерін басқаға жеткізу;

- ойлай білу сырттан алып, ойға тоқыған заттарды салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын тауып, әр нәрсе туралы өзінің ойын айтып, бір пікір шығару;

- ойға тоқығанды және оған деген көз көзқарасын жарыққа шығару (ойын, сурет, әңгіме арқылы);

- балаға сусындай керегінің бірі – сөйлеу. Түрлі білімнің түбірі, негізгі баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы деп тұжырымдаған.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттары «Тән саулығы, бала тәнінің түзу өсуі», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Нәрсенің түр-түсін тану», «Дене қимылын түзету», «Шеберлік, жаратқыштық зейінінің көтерілуі», «Баланың білімін арттыру», «Бала тілінің шеберленуі», «Баланы еңбекке машықтандыру», «Баланың әдемілік сезімін көтеру», «Баланың мейірімділік әдеттерін көтеру», «Көпшілік және еңбек», деп бұлардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырып сипаттама береді.

Автордың еңбектері бірнеше үлкен қалалардағы балалар үйлері мен балабақшалардың жай-күйлерін байқау, көңілге түйгендерін зерттей түсуінен туындаған. Ондағы жағдайларды суреттеп жазудағы мақсаты – оқырманның басқа мәдениетті елдердегі бала тәрбиесінен хабардар ету. Осы мақсатпен олардағы балалардың болашағына түзу, нысаналы бағыт беретін тәрбие жолдарын саралап, нақтылы көзге елестетеді, соларды көре жүріп, жұрт өзінде туындаған, осында, қазақ жерінде қолдануға меңзеген ой-түйіндерін жеткізеді.

Мәдениетті елдің баласы қандай ортада, қандай тәрбие алуы керек деген сұрақ қойып, оған өзі жауап береді. Тәрбие жұмысын жүргізетін арнаулы мекемелердің, онда жұмыс істейтін маман-кадрлардың қажеттігін саралап түсіндіріп, үлкен мәселе етіп қояды.

Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие неге керек, мектеп жасына толмаған балалар не үйренеді деген сияқты сұрақтардың жауаптары нақты сараланады. Мектеп жасына дейінгі мекемелерде баланың дұрыс қимыл жасап, денесін шынықтыруы, еңбекпен ақыл-ойының жетіле түсуі, эстетикалық сезімнің дамуы, адамгершілікке тәрбиеленуі үнемі жүріп жататыны, мұндағы тәрбиеші-педагог кадрлардың рөлі көрсетіледі.

Н.Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбектерінің құндылығы:

- біріншіден, оның Қазақстанда тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе;

- екіншіден, Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырылған;

- үшіншіден, Н.Құлжанова қазақ этнопедагогикасымен үндестіріп, үйлестіре білуінде;

- төртіншіден, Н.Құлжанованың еңбектерінде қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысының айқын берілуінде;

Н.Құлжанованың 70-80 жыл бұрын жазылған мектепке дейінгі тәрбие мәселесі туралы еңбектері күні бүгінгі күнге дейін өзінің құндылығын жоймайтын, қазақ әулетінің жүрегіне жылы тиіп, қолдан түспейтін құнды еңбек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. 2 томдық /Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1998. – 416 б.
2. Н.Құлжанова Халқыма деп іс қылдым. – Алматы: Рауан, 1993. – 46 б.
3. Ф.Н. Жұмабаева Мектепке дейінгі педагогика. – Астана, 2008.- 216 б.
4. А.К. Меңжанова Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 1994.-196 б.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о педагогической деятельности Н.Кулжановой.

SUMMARY

In the article talked about pedagogical activity of N.Kuljanova.

УДК 378
А 12

ПРОБЛЕМА ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ К СИСТЕМЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РК

*Абаева Г.А. - к.п.н., доцент
(г.Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: В статье поднимаются проблемы подготовки педагогических кадров к системе инклюзивного образования в Республике Казахстан.

Ключевые слова: инклюзивное образование, подготовка педагогических кадров, специальные педагоги, сети специальных организаций образования, лица с ограниченными возможностями, общеобразовательная программа.

В последнее десятилетие система образования Республики Казахстан подвергается системной модернизации. Это касается всех направлений образования: дошкольной, школьной, высшей школы. Происходящее кардинальное реформирование образования в Республике Казахстан затрагивает и сферу специальной педагогики, которое является его частью. Проводимые в республике мероприятия в сфере специального образования позволяют расширить охват детей специальной коррекционной помощью, решать проблему включения в образовательный процесс категории детей, имеющих тяжелые нарушения в развитии.

С 2008-2010гг. стала разрабатываться нормативно-правовая база по обеспечению равного доступа лиц с ограниченными возможностями к лучшим образовательным ресурсам. В 2010 году были внесены изменения и дополнения в Закон об Образовании Республики Казахстан (ст.1. п.21-3), где дано понятие инклюзивного образования, как совместное обучение и воспитание лиц с ограниченными возможностями, предусматривающее равный доступ с иными категориями обучающихся к соответствующим образовательным учебным программам обучения, коррекционно-педагогическую и социальную поддержку развития посредством обеспечения специальных условий. В этой связи в Государственной программе развития образования на 2011-2020 годы определена общая стратегия развития инклюзивного образования и отражены решения узловых проблем по организации воспитания и обучения детей с ограниченными возможностями. Кроме того, в «Государственной программе развития образования на 2011-2020 годы» [1] предусмотрены меры по сохранению специального и развитию системы инклюзивного образования.

Именно этот аспект часто находит непонимание среди педагогических кадров нашей страны, особенно специальных педагогов. Многие из них понимают так, что если инклюзивная система образования будет внедрена, то это автоматически повлечет за собой закрытие сети специальных школ. В то же время многие из педагогов-дефектологов отмечают, что довольно большое количество детей с ограниченными возможностями уже сидят в «обычных» школах, не получая при этом соответствующей учебной и коррекционной поддержки.

В непонимание этого аспекта свою лепту вносят чиновники от управления образования и местные исполнительные органы, которые в свою очередь не очень хорошо представляют себе существующую систему специального обучения и перспективы развития системы инклюзивного образования.

Необходимо понимать, что развитие системы инклюзивного обучения направленно, прежде всего, на защиту интересов детей, которые так или иначе уже стихийно вовлечены в обучение в общеобразовательной школе. А также детей с ограниченными возможностями,

которые в силу разных факторов, часто вследствие тяжелых форм интеллектуальной и физической недостаточности не могут посещать те или иные организации образования.

Это достаточно четко отражено в пунктах Государственной программы развития образования на 2011-2020 годы, где отмечено, что инклюзивное образование реализуется: «Во-первых, **через сохранение и расширение сети специальных организаций образования**, кабинетов коррекции и инклюзивного образования, специальных детских садов и школ, консультационных пунктов для родителей; во-вторых, создание «безбарьерных» условий в детских садах и общеобразовательных школах; в третьих, организацию дистанционного обучения детей с ограниченными возможностями, которые не могут посещать организации образования и обучаются на дому по индивидуальной программе» [1].

Реализация инклюзивного образования в РК ставит проблему разработки научно-обоснованной, комплексной системы коррекционного педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями, обучающихся в условиях инклюзии и отражающей тенденции специального образования в РК.

Это остро ставит проблему неготовности педагогических кадров к новому виду профессиональной деятельности. Это касается, с одной стороны, неготовности учителей массовой школы к новой ответственности, а с другой - неподготовленности специальных педагогических кадров к работе в режиме инклюзии. В этой связи могут быть интересны результаты исследований, проведенные студентами и магистрантами Казахского государственного женского педагогического университета. В рамках исследования было проведено анкетирование педагогических кадров массовых организаций образования и дефектологов г.Алматы, Алматинской области, Уральска, Тараза, Караганды, которые выявили интересные особенности. Так практически 100% опрошенных дефектологов были против развития инклюзивной системы образования. Тогда как, среди общих педагогов, выступивших против, было всего - 67%. Конечно тут сыграли роль и знание данной категории детей и, опасения, что если будет внедрена система инклюзивного обучения, то это автоматически повлечет за собой закрытие сети специальных организаций образования и, недостаточность материально - технического и учебно-методического оснащения образовательных учреждений и неразработанность механизмов коррекционного психолого-педагогического сопровождения ребенка с ограниченными возможностями и проч.

Однако, на наш взгляд, еще одной важной причиной того, что подавляющее большинство педагогов выступает против инклюзии, является то, что организация совместного (инклюзивного) обучения автоматически повышает требования к уровню профессиональной компетентности, как учителя, так и специалистов. Кроме того, внедрение инклюзивной системы обучения подразумевает обеспечение вариативных образовательных программ. Вследствие разнородности группы детей с ограниченными возможностями они могут обучаться по следующим видам образовательных программ:

- **типовая общеобразовательная программа** обеспечивает цензовый уровень типовых учебных планов и ГОСО. Обучение по этой программе позволяет развиваться детям с высоким познавательным потенциалом, и «особые» дети должны иметь такую возможность.

- **модифицированная общеобразовательная программа** предполагает индивидуализацию образования, т.е. возможность вести каждого конкретного ребенка в направлении высокого стандарта своим путем, не снижая в целом уровня образования, но сделать подступ к этому уровню постепенным, для других же - качественно иным. Таким образом, мы изменяем не содержание, а методы и пути обучения. В результате ребенок получает цензовое образование РК, но по индивидуальному маршруту обучения, который может подразумевать, что в силу особенностей поведения ребенок не может все учебное время находиться со всеми детьми, поэтому часть предметных занятий проводится с ним индивидуально.

- **адаптированная общеобразовательная программа** – специальная коррекционная программа для детей, которые не усваивают базовый уровень ГОСО.

С этой точки зрения, хорошим педагогом следует считать учителя, который **каждому ребенку** объяснит **любую тему**, решит с ним его проблемы и сможет работать с классом, в котором одновременно есть очень «сильные» и очень «слабые» дети. А это в современной школе, где общий уровень подготовки педагогических кадров в последние годы существенно снизился, может вызвать значительные затруднения.

В настоящее время подготовка специалистов для системы интегрированного (инклюзивного) образования не реализуется в ГОСО РК для группы специальностей «Образование». Изучение специальных дисциплин («Основы дефектологии», «Основы специальной педагогики и психологии», «Инклюзивное образование») включаются в процесс обучения педагогов массовых школ выборочно и ведутся в условиях отсутствия качественного методического обеспечения без привлечения кадров в области специального дефектологического образования.

Данное противоречие порождает целый комплекс проблем, связанных с определением оптимального содержания психолого-педагогической подготовки учителя, готового к работе с разными категориями «особых» детей. Это: кадровое обеспечение подготовки специалистов нового типа; обеспечение возможностей послевузовского повышения квалификации учителя инклюзивного образования; разработка теоретических основ, условий и механизмов развития педагогической культуры учителя интегрированного образования.

В условиях развития интегрированного образования формирование готовности учителя смотреть на мир через призму дефектологического мышления, способности осуществлять профессиональную деятельность с лицами, видящими окружающий мир иначе - насущная необходимость и реалии сегодняшнего дня. Становление специфической профессиональной культуры позволит вырабатывать и формировать педагогическую позицию: ребенок имеет право получать образование, которое он может иметь вследствие особенностей своего развития, а педагог обязан предоставить ребенку такие образовательные услуги, которые обеспечат максимальное развитие его возможностей.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Государственная программа развития образования РК на 2011-2020гг. Приказ №1118 от 07.12.2010.
2. Комплексное сопровождение и коррекция развития детей – сирот: социально-эмоциональные проблемы / Под ред. Л.М.Шипицыной и Е.И.Казаковой. – СПб., 2009.
3. На пути к инклюзивной школе. Пособие для учителей / Мат. «Неделя Инклюзивного Образования». - Москва, 2005.
4. Петерс Сьюзен Дж. Инклюзивное образование: стратегии для всех детей / Под ред. Т.В.Марченко, В.В.Митрофаненко, В.С.Ткаченко, пер. с англ. Ю.В.Мельник. – Ставрополь: ГОУВПО «СевКавГТУ», 2010.
5. Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. – ЮНЕСКО, 2009.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мәтінде Қазақстандағы арнайы білім берудің қазіргі жай-күйі және инклюзивті білім беру жүйесінің даму мәселелері қарастырылған.

SUMMARY

Nowaday the state what special form in Kazakhstan in it text, and инклюзивті system education to develop examined problems.

УДК152.32
Ә 15

ӨЗІНДІК САНА ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒА

*Абеуова И.А. - п.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада өзіндік сана мен жеке тұлға мәселелері көтерілген.

Түйін сөздер: өзіндік сана, жеке тұлға, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, адамның «Мен» тұжырымдамасы.

Өзіндік сана дегеніміз – дербес шешім қабылдай алатын, басқа адамдармен, табиғатпен нақты қатынас жасауға қабілетті адамның өзін тұлға ретінде анықтауы.

Қазіргі кезде өскелең ұрпақты тәрбиелеуде рухани-адамгершілік тәрбиенің орны ерекше екендігі анықтала түсуде. Еліміздегі түбегейлі әлеуметтік, экономикалық өзгерістермен қатар, білім беруде де көптеген өзгерістер көрінуде. Соның ішінде, әсіресе, адамның өзін-өзі тануы аса өзекті мәселелердің біріне айналуда. Сондықтан да 2001 ж. еліміздің бірінші ханымы С.А.Назарбаеваның ұсынған «Рухани-адамгершілік тәрбие» - өзін-өзі тану жобасы он жылдан астам эксперимент ретінде тексеріліп, 2010-2011 оқу жылында дербес пән түрінде мемлекеттік оқу жоспарына енгізілді. Бұл пәннің даму жолына қысқаша тоқталып өтейік.

Ең алғашқы оқу-әдістемелік кешендерді (тәрбиеші, мұғалім, оқытушыларға арналған оқу-әдістемелік құрал, жұмыс дәптері, хрестоматия) дайындау үшін екі уақытша топ құрылды. Біреуіне мектептердің алдыңғы қатарлы мұғалімдері шақырылса, екіншісіне – сол кездегі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің жалпы психология кафедрасының оқытушылары қатыстырылды. Аталмыш жоба тек орыс тілінде құрастырылып бірнеше балабақша, бірнеше мектеп, бірнеше ЖОО-ларда эксперимент ретінде өткізілуге ұсынылды. Жоғары оқу орнының осы жобаны жасауға қатыстырылған оқытушылары: профессор Х.Т.Шерьязданова (жалпы жетекшілік, ЖОО-ға арналған оқу-әдістемелік кешенді құрастырушы); Т.А.Левченко (мектепке дейінгілер үшін оқу-әдістемелік кешен – ОӘК); Ұ.И.Ауталипова, Г.М.Қасымова (1-4 сынып ОӘК); З.Б.Мадалиева (5-9 сынып ОӘК); И.Ә.Абеуова (10-11 сынып ОӘК) және де ЖОО-ға арналған оқу-әдістемелік кешенді жасауға З.Б.Мадалиева, Т.А.Левченколар қатысты.

2001 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының негізінде шілде, тамыз айларында жаңа пәнді жүргізу үшін педагогтарға семинар-тренингтер ұйымдастырылды, ал 2001-2002 оқу жылында Алматы қаласының бірнеше оқу орындарында эксперимент басталып кетті.

2002 жылы «Бөбек» орталығының негізінде Республикалық адамның үйлесімді дамуы институты және «Өзін-өзі тану» экспериментті мектеп-гимназиясы ашылды.

2003 жылы «Бөбек» орталығы эксперимент ретіндегі «Өзін-өзі тану» бағдарламасының бас координаторы ретінде тағайындалды, ал Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты әдістемелік орталық болып белгіленді.

Қазіргі кезде елімізде «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы мемлекеттік классификаторға енгізіліп, бірнеше педагогикалық жоғары оқу орындарында осы мамандық бойынша дайындық жүргізіліп отыр. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасының «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2 курс студенттері «Өзін-өзі тану» пәні бойынша тұңғыш рет өткізілген пән олимпиадасында жоғары – екінші орынды иеленіп қайтты.

Өзін-өзі тану проблемасы адамзаттың даму тарихына әрдайым өзекті проблема екені белгілі және де өзін-өзі танудың тағы бір ерекшелігі – бұл түбегейлі шешімін тапқан проблемалардың бірі еместігінде. Адам өмір бойы өзін-өзі тануға ұмтылып оған түгелдей қол жеткізе алмауы да мүмкін. Дегенмен де осындай межеге жететін адамдарды ғалымдар (А.Маслоу, К.Роджерс, т.б.) өзін-өзі «өзектендірген» тұлғалар деп атайды.

Өзін-өзі тану өзіндік сананың құрылымдық бөлігі болып табылады. Өзін-өзі танудың іске асырылуы бірнеше кезеңдерден өтеді [1]. Оның жоғарғы деңгейлеріне жататындары: а) өзін-өзі өзектендіру [2,3]; ә) өзін-өзі іске асыру.

Өзін-өзі танудың алғашқы кезеңі – өзін-өзі тануы, яғни өзі мен сыртқы әлемді бір-бірінен ажырата білуі. Өзін енжар түрде қабылдаудан өзінің «Мен» бейнесін белсенді түрде құруға көшуі.

Өзін-өзі бағалауы – өзінің қабілеттері туралы түсініктерімен қатар басқалардың өзіне қатынасы және де өзінің сыртқы бет-бейнесіне деген қатынасы.

Өзін-өзі бағалауды анықтау төмендегідей формуламен өрнектелінеді:

$$\text{Өзін-өзі бағалау} = \text{жетістік} / \text{талаптану деңгейі}$$

Адамның өзін-өзі бағалауына әсер ететін факторлардың ішінде нақты «Мен» бейнесін, идеалды «Мен» бейнесімен салыстыруы маңызды; кейбір адамдар өзін басқалар қалай бағалайтынына байланысты ғана бағалауға бейім; өзін-өзі бағалау біздің өзіміздің жетістіктеріміз бен сәтсіздіктерімізге деген қатынасымызға да байланысты.

Өзін-өзі іске асыру – тұлғаның өзіндік мүмкіндіктерін неғұрлым толық ашуы мен іске асыра білу процесі, өзіне аса қажетті мәнді проблеманы шешуде алға қойылған мақсатқа жете білуі.

Адамның өзіндік санасының дамуы да бірнеше сатыдан өтеді: сырттан келетін түсініктер мен ішкі түсініктерді ажырата білуі, өз денесінің шегін тануы; заттармен дербес әрекеттер жасау қабілеттерін қалыптастыру, соның негізінде адамның өзін белсенді субъект ретінде қабылдауы қалыптасады; өзін-өзі бағалаудың даму кезеңдері: ересектердің, достарының және өзіндік пікірінің соның негізінде адамның «Мен» тұжырымдамасының қалыптасауы.

Адамның «Мен» тұжырымдамасы – өз тұлғасы мен ағзасының түрлі жақтары туралы ой-пікірлерінің жиынтығы. «Мен» тұжырымдамасы уақыт мөлшері бойынша: қазіргі – Мен, өткендегі – Мен, болашақтағы Мен немесе Мен – 15 жаста, Мен – 30 жаста, т.б. бейнелер түрінде болады.

Ал мазмұны бойынша: денелік Мен, ақыл-ойлық Мен, эмоциялық Мен, әлеуметтік Мен деп бөлуге болады. Мәлімет көздері бойынша: Мен – анамның көзімен, Мен досымның көзімен, т.б.

Осы бейнелердің барлығы адам мінез-құлқы мен қарым-қатынасының реттегіштері болып табылады. Сонымен қатар адамның өзіндік дамуын түсіну процесінде бірдейлік ұғымы маңызды орын алады.

Адам бірдейлігі дегеніміз – өзінің өмір сүру ұзақтығын сезінуі; өзінің біртұтастығы, бірлігі өзінің өзіне теңдес болуы; өзінің бірегейлігін түсінуімен қатар жынысы, ұлты, әлеуметтік мәртебесі, т.б. басқалармен ұқсастық деңгейін де анықтауы.

Өзін-өзі тану проблемасы әсіресе жасөспірімдік кезеңде, мамандық таңдау барысында ерекше маңызды бола түсетіні белгілі. Соған байланысты жасөспірімдік кезеңдегі бірдейлік ұғымы үш түрлі бағытта қарастырылады:

- Өзін адамдардың қандай да бір категориясына жатқызуы және де өзіне мәнді іс-әрекеттер мен құндылықтар тұрғысынан сипаттауы (мен оқушымын, мен заманауи музыканы жақсы көремін, т.б.);

- Бір жағынан ресми әлеуметтік мәртебесі, екіншіден – тұлғалық қасиеттерін сипаттау (мен Қазақстан азаматымын, мен ержүрек, мен табандымын);

- Әлеуметтік қолдау табатын сипаттамалары (мен екіжүзділерді жақтырмаймын, мен адал болуға тырысамын).

Жасөспірімдердің бірдейлікті игеруінде төрт түрлі нұсқасы болуы мүмкін:

- Диффузиялық бірдейлік – жасөспірімдерде өз болашағы үшін қандай да бір кәсіби және идеологиялық модельдің болмауы және де мамандық таңдау мәселесі туралы көп ойланбауы;

- Шешімделген бірдейлік – жасөспірім ішкі тебіреніс – толғаулар нәтижесінде емес, қоршағандардың ықпалымен таңдау жасайды;

- Кейінге қалдырылған – жасөспірім дағдарысты басынан өткеруде, болашаққа қатысты маңызды таңдау жасай алмай, оны кейінге қалдырады;

- Іске асырылған бірдейлік – жасөспірім өз таңдауын саналы және дербес түрде жасайды.

Өзін-өзі тану проблемасы ғылымдағы гуманистік бағытқа сәйкес зерттелінуде. Гуманистік педагогикадағы негізгі құндылық – адам. Осы орайда өзін-өзі тануда гуманистік педагогтар (М.Монтессори, В.А.Сухомлинский, Ш.Амонашвили, т.б.) гуманистік психологтардың (А.Маслоу, К.Роджерс, Э.Фромм, т.б.) тұжырымды ой-пікірлері басшылыққа алынып, осы пәннің теориялық және практикалық негіздері зерттелінуде.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Маралов. Основы самопознания и саморазвития
2. Роджерс К. Искусство психологического консультирования
3. Маслоу А. Өзін-өзі өзектендіру проблемасы. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Гуманистік психология. 5 том/жетекшісі – акад. Ә.Н.Нысанбаев. – Алматы: «Таймас» - баспа үйі, 2005.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы личности и самопознания личности.

SUMMARY

In this article the problems of identity and self-identity are held.

165.24

A 22

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІНДЕГІ ПОРТФОЛИОНЫҢ СТУДЕНТТІҢ БІЛІМІН ДАМУДАҒЫ МӘНІ

Ағыбаева С.Е. – педагогика және психология ғылымының магистрі, (Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аннотация: Бұл мақалада өзін-өзі тану пәніндегі портфолионың студенттің білімін дамытудағы мәні қарастырылады.

Түйін сөздер: өзін-өзі тану, портфолио, студент білімі, өзіндік таным, оқу үрдісі.

Қазіргі жағдайда білім берудің негізгі парадигмалары «қалай оқуға», «өзін-өзі дамытуға» негізделген болып отыр. Оқытушы өзіндік танымды ұйымдастырудың түрлі тәсілдері мен жолдарын көрсете отырып, студенттің өзіндік танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы болып табылады. Портфолионы құрастыру студентке өзінің әлсіз және мықты қырларын сезінуге, сонымен қатар өзінің білім алу аумағында қажетті бағытты таңдауына мүмкіндік береді.

Бұған қоса портфолио студенттердің бірлесе жұмыс жасап, оқытушылармен әрекеттесуге мүмкіндік береді, өйткені студенттердің жетістіктері мен дамуының динамикасын талдау жұмысына студенттердің өздері мен оқытушының қатысуын талап етеді. Портфолио студенттердің пән бойынша үлгерімін нақты бағалауға мүмкіндік береді.

Портфолионы құрастырудағы негізгі қағида үздіксіздік (үнемі ақпарат жинақтау); анықтаушылық (зеріттелініп отырған нысанның, үрдістің не жүйенің нақты жағдаймен сәйкес келу үлгілері мен талаптарын); мәселелік бағытталу (талаптардың қатарына зерттелініп отырған мәселенің өзекті көрсеткіштерін қосу); кері байланыс (зерттелініп отырған үрдіске түзету енгізуге мүмкіндік беретін бағалау нәтижелерімен нысанды ақпараттандыру); ғылымилығы (зерттелініп отырған үрдістің ғылымилығы); вариативтілік (мониторинг құрылымына өзгерту енгізу мүмкіндігі).

- Портфолио келесідей маңызды педагогикалық міндеттерді шешуге көмектеседі:

- студенттің жоғарғы оқу мотивациясын тудырады;
- студенттің жеке жұмыс жасауы мен белсенділігін арттырады;
- өзіндік білім алу мен оқу мүмкіндіктерін кеңейтеді;
- студенттің рефлексивтік іс-әрекет дағдыларын дамытады.

Сузанна Саффокова портфолионы қолдану мынадай мүмкіндіктерге жол ашатындығын көрсеткен:

- оқытушы үшін – студенттің жетістіктерімен танысып, олардың маңыздылығын айқындау мен бағалауға негіз болады;

- студент үшін – тұлғалық тұрғыдан дамып, мотивация мен өзіндік жетістіктер, кемшіліктер мен мүмкіндіктер туралы түсініктерінің өзгеруіне байланысты әрі қарай жетістіктерге жетуіне мүмкіндік береді;

- оқу орны үшін – студенттердің мүмкіншіліктерін айқындап, соған байланысты оқу бағдарламалары, сабақ беру әдістемесі мен оқу үдерісін ұйымдастыруды студенттердің мүмкіншіліктеріне байланысты өзгертуге бағыт жасайды.

Портфолио бірнеше қызмет атқарады:

- жинақтаушы – студенттердің жұмыстарының жиынтығы;

- үлгі – студенттің жеке оқу траекториясын қалыптастырудың құралы, өйткені ол әр студентке оқудың өзіндік стратегиясын айқындап, қажетті материалдар мен жұмыс түрлерін таңдау мүмкіншілігін береді;

- шығармашылық – студенттерге оқу және кәсіби тұрғыдан қажетті әдістер мен тәсілдердің қолдануын ұғынып, оларды қолдану мен өзгерту мүмкіншіліктерін береді.

Әдетте портфолионың екі түрі бар екендігін атауға болады: өсу портфолиосы (мұнда студенттің жеке тұлғалық және кәсіби дамуы көрсетіледі) және нәтижелер портфолиосы (жыл бойы қол жеткізген ең елеулі нәтижелері). Алайда портфолионың түрі оқытушы мен студенттің мақсаттарына орай таңдалатындықтан, оны әртүрлі тұрғыдан қарастыруға болады.

Портфолионың құрылымы алдын-ала анықталып, оның қандай жұмыстар мен құжаттардан тұратындығын белгілеп алған орынды. Портфолионың қандай бөлімдер мен құрылымдардан тұратындығын студенттің өзі таңдауы керек, бұл жерде оқытушы оған бөлімдер мен құрылымдардың тізімдерін ұсынып, олардың ішінде қандай материалдар болуы керектігі айтылады.

Портфолионы құрастыруда басты ескерілетін мәселе пәннің ерекшелігі мен әр студенттің жеке даралық ерекшеліктері. Жалпы қорыта келгенде портфолио студенттің өз бетінше жұмыстарын ұйымдастыруы мен оны бақылап, бағалау үшін қолданылады.

Портфолиоға қойылатын талаптар:

- әрбір студентте болуы керек;
- портфолио «Өзін-өзі тану» кабинеттерінде сақталуы керек;
- портфолиодағы жұмыс көлемі сабақтың санына байланысты болмайды, сабақтың санынан аз болуы мүмкін.

Портфолио қалай жинақталады:

- студенттің өзін-өзі бағалауы;
- мұғалімнің ұсынысы бойынша;
- ата-анасының ұсынысы бойынша.

«Өзін-өзі тану» пәнінің портфолиосы – бұл осы пән бойынша студенттің білім, білік көрсеткіштері немесе нәтижесі болып табылады.

Портфолио сапасын бағалауда студенттің ұжымдық және топтық шығармашылық жұмыстарға қатысу белсенділігіне, сонымен қатар жеке шығармашылық іс-әрекетінде қойылған мәселені терең түсінуіне, оның мақсаты мен мазмұны жалпы адамзаттық құндылықтар басымдылығына бағдарлануына, сабақ барысында адамға және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік негізінде қойылған мәселелерді шешу жолдарын ізденуіне назар аударамыз.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша студент білімін бағалау олардың жалпы адамзаттық құндылықты игеру, оларды іс жүзінде қолдана алу, шығармашылық, ізденушілік жұмыстарды орындау барысында алған білімін тиімді пайдалану дағдылары ескеріледі. Бағалау олардың ұмтылысын, білімге құштарлығын, рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Шығармашылық, ізденушілік жұмыстар, іскерлік ойын, жаттығулар кезіндегі белсенділік олардың өмірлік ұстанымдарын нығайтады, бағалау барысында осы мүмкіндіктері ескерілуі тиіс. Әр студенттің «Өзін-өзі тану» пәні бойынша портфолиосы болуы қажет, ол портфолио студенттің өзі жөніндегі мәлімет, жұмыстарының орындалуына байланысты тест сұрақтарының қорытындысы, сауалнама жауаптары, өз бетімен жасалған жұмыстары болу керек. Студент білімін бағалауда портфолионың мазмұны, сапасы, ұқыпты жүргізілуі де ескеріледі.

Педагогтардың тарапынан көптеген шешілмеген ұйымдастыру мәселелері мен еңбектеріне қарамастан, портфолионың тиімділігі сөзсіз. Жалпы портфолио келесілерді қамтамасыз етеді:

- оқу үрдісінің тиімділігі туралы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін және білімге жеке дара талпынысты жүзеге асыратын, оқу жетістіктерін үздіксіз бағалау мен қадағалауды;
- әртүрлі оқу жетістіктері мен оқу іс-әрекеттері туралы көп қырлы көзқарастың қалыптасуын;
- студенттердің ойлау іс-әрекетін бағалау, оның пәнаралық біліктерін, мәселе қоя алу біліктілігі, күрделі міндеттерді шешуін, оқу пәндерін түсіну мен қажетті дағдыларды игеруін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Портфолио студента образовательного учреждения СПО: Методические рекомендации по структуре, технологии организации и оценке (рейтингованию) «портфеля достижений студента». - М.: Е-медиа, 2007.

2. Сузанна Саффкова Портфолио как способ научить писменной аргументации. Перемена международный журнал о развитии, о мышления через чтение и письмо -2001.

РЕЗЮМЕ

Рассмотрены значимость и виды портфолио в изучение самопознания, а так же его возможности.

SUMMARY

In this text has portfolio`s importance, and several types, of course chances of self cognition.

УДК 152
Д 33

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Дербисалова Г.С. – дефектология
ғылымының магистрі, аға оқытушысы,
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері туралы айтылады.

Түйін сөздер: сөйлеу тілі, психикалық дамуы тежелген балалар, тіл кемістіктері, тілдің бұзылуы.

Қазіргі психологиялық-педагогикалық және арнайы әдебиеттерде психикалық дамуындағы тежелуі бар балалардың даму ерекшеліктері мен оқыту мәселелеріне көп назар аударылған. Мұның себебі орта мектепте оқитын балалардың арасында психикалық дамуы тежелген балалардың саны жылдан жылға өсіп жатқанымен байланысты. Қазіргі мәлеметтер бойынша, балалар популяциясында түрлі генезді психикалық дамуының тежелуі бар балалар саны 10- 15% құрайды [1].

Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың сөйлеу тілі дамуының баяулығы, жалпы жетілмеуі, тіл кемістіктердің пайда болуы және олардың сан алуанды болып келуі байқалады. В.А.Ковшикова мен Ю.Г.Демьянованың зерттеулерінде 7-9 жасар психикалық дамуы тежелген 40 баладан 38-де (95%) сөйлеу тілінің әр түрлі кемістігі бар екені анықталды [2].

ПДТ балаларда қалыпты жағдайда кездесетін тіл кемістігінің барлық түрлері байқалады. Мектепке дейінгі ПДТ балалардың сөйлеу тілінің фонетикалық жағын зерттеген Г.Г.Голубеваның айтуынша, мұнда дыбыс айтуының полиморфты бұзылу түрлері басым болып келеді, айтуы бұзылған дыбыстардың фонетикалық топтар саны үштен асады. Бірінші орында сонорлы Р және Л дыбыстардың айтылу кемістіктері, одан кейін ысқырық және ызың дыбыстарды айтуының бұзылуын белгілейді. Дыбыс айтудың бұзылу нұсқаудың ішінен дыбыстардың шатасуы көбірек кездеседі. ПДТ балалардағы дыбыс айтуының ауырлығы есту-сөйлеу және сөйлеу-қозғалыс талдағыштарының жұмысы мен өзара байланысының бұзылу деңгейіне қатысы бар. Мысалы, ПДТ балалардың дыбыс айтуының бұзылуы механизмдері мен көрініс деңгейлері тіл кемістігінің дизартрия немесе дислалия болуына қарай әр түрлі болуы белгілі. Дизартрияға шалдыққан ПДТ балаларда, ең алдымен, артикуляциялық күрделі қозғалыстарды талап ететін дыбыстардың (Р, Л, Ш, Ж, Қ, Ғ) айтылу бұзылыстарын белгілейді. Балалар ол дыбыстарды қозғалыстары оңайырақ дыбыстарға алмастырады, бүйірлік және тіс аралық айтылу түрлері бойынша бұрмалайды немесе мүлдем айтпайды. Артикуляциялық моториканың бұзылу күрделілігі фонематикалық қабылдаудың бұзылуына алып келеді, бұл дыбыс айтуының бұзылыстарын одан әрі ұлғайтады. Ал дислалиясы бар ПДТ балалардың дыбыс айтылуындағы бұзылыстары, Г.Г.Голубеваның зерттеулері бойынша, келесідегідей: артикуляциясы қиындау дыбыстарды еріндік-тістік және тіс төңіректік айтылу түрлері бойынша бұрмалау, артикуляциясы оңайырақ дыбыстарға алмастыру (Ш, З - С), артикуляциялық сипаттары жақын дыбыстарды шатастыру (С—Ш, З—Ж, Л—Л' Р—Л). Дислалиясы бар ПДТ балалардың дыбыс айтуының негізіне фонематикалық есту қабілетінің жетілмеу мен артикуляциялық ажырату қабілеттілігінің дамымауын жатқызады [3].

ПДТ балаларда сөздің дыбыстық-буындық құрылысын зерттеген авторлар (Г.Г.Голубева, Мальцева Е.В., Китаева Н.Н. және т.б.) келесі кемістіктерге назар аударады: буындарды қалдырып кету, орнын алмастыру, басқа буынмен алмастыру, дыбыстарды

алмастыру. Көбіне, дауыссыз дыбыстардың тіркесі бар сөздердің дыбыстық-буындық құрамы бұзылады. Мұндай ақаулықтар зат есім мен етістіктерді атаған кезде жиі көрінеді, әсіресе, көп қолданбайтын сөздерінде. Көптеген зерттеулердің мәліметтері бойынша, ПДТ балалар дыбыстық талдаудың тек қарапайым түрлерін ғана жасай алады. Олардың көбісі сөздің тек бірінші дыбысын еркін белгілейді. Балалардың көпшілігі 1-2 жабық буындардан тұратын сөздердің ғана дыбыстық ретін дұрыс атайды, сөз ішінде анық естілмейтін дыбыстарды ажырата алмайды. Мұның барлығы ПДТ баланың сауат ашуға дейінгі кезеңінде сөйлеу тәжірибесінің жеткіліксіздігін анықтайды [4, 5, 6].

ПДТ мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілі кемістіктер қатарында сөйлеу тілінің просодикалық жағының бұзылуы да кездеседі. Ғылыми мәліметтер бойынша, бұл категориядағы балалардың просодикалық жағының бұзылуы барлық компоненттеріне қатысты, яғни балаларда сөйлеу тілінің мәнерлілігі, екпіндігі, динамикасы, қарқыны, ырғақтылығы, модуляциясы және т.б. бұзылған (З.Матейова, С.Машура, А.Г.Рохмилевич, Е.В.Оганесян, Л.З.Арутюнян, Л.И.Белякова, И.З.Романчук). Балалар түрлі мәнерлілігімен айтылған сөйлемдерді ажырата алмайды, белгілі мәнерлікті қайталап көрсетуге де және өз бетінше жасауға да қиналады.

Мектепке дейінгі ПДТ балаларында сөйлеудің эмоциялық айқындығы әлсіз, олар өз эмоцияларын сөйлеу тілінің мәнерлілігі мен екпіндігі арқылы жеткізуді білмейді.

Фонетикалық-фонематикалық кемістігімен қатар, ПДТ балалардың сөйлеу тілінде лексикалық жағының айтарлықтай бұзылыстары байқалады. Е.В.Мальцева айтуынша, лексиканың елеулі бұзылыстары кіші мектеп оқушыларының 8,8% кездеседі, бұл сөйлеу тілі кемістігі бар ПДТ балалар санының 22,5% құрайды. ПДТ балалардың сөздік қорының негізгі ерекшелігі – оның кедейлігі және дәл еместігі (С.Г.Шевченко, Е.В.Мальцева, З.Тржесоглава). Мұның басты себебі балалардың психикалық дамуының тежелуі, таным іс-әрекетінің әлсіздігі, қоршаған орта туралы түсініктердің жеткіліксіздігі, айналадағы зат-құбылыстардың қасиеті мен заңдылықтарын түсінудің қиындығы. Шынында, ПДТ балалар қоршаған орта туралы түсініктерін зерттеген С.Г.Шевченко мынадай фактілерді келтіреді: бірінші сынып оқушылардың көбісі (65%) ата-анасының кім болып жұмыс істейтіндерін білмейді, 15% ғана өзінің және ата-анасының аты-жөнін, тегін анық айтты, 10% ғана «толық аты» және «тегі» деген ұғымдарын түсініп, оларды ажыратады. Балалар жыл мезгілдерін ретімен белгілеп, айтуға және оларға тән белгілерін атауға қиналады, «жыл мезгілі» мен «ай» ұғымдарын шатастырады. Зерттеуде көрсетілген мысалдардың бірі ПДТ баланың айларды атап шығу тапсырмасында айлар атауларымен бірге жыл мезгілдердің де аттарын араластырып айтқан. Балалардың «көктем» және «күз» түсініктерін жиі шатастырады. Жалпы, бала жақсы білетін заттардың, олардың қасиеттерін, кейбір әрекеттердің мәнін түсінгенімен, көбіне, олардың нақты атауларын білмейді. ПДТ балалардың сөздік қорында зат есім мен етістіктер басым келеді, ал сын есімдерді меңгеру олар үшін қиын. Олар тек тікелей қабылдап отырған заттың қасиеттерін белгілеуге қиынсынбайды, ал басқа жағдайда заттың пішінін, мөлшерін белгілейтін сын есімдерді, тіпті, түсін анықтайтын сын есімдерді атауда көптеген қателер жібереді [7].

Н.Ю.Борякова, В.А.Гончарова, О.В.Шичанина, С.Г.Шевченконың зерттеулері ПДТ бастауыш сынып оқушылардың жалпылау ұғымдарының қалыптасу деңгейі мен ерекшеліктерін көрсетті. Заттардың нақты атаулары «ойыншықтар», «ыдыс» және «киім» деген ұғымдарға ғана толығырақ берілді, ал «азық-түлік», «кұстар», «жәндіктер», «гүлдер», «саңырауқұлақтар», «оқу заттары», «ағаштар», «балық», «жануарлар», «көкөніс» және т.б. жалпылау ұғымдары бойынша балалардың сөздерді атауы жеткіліксіз болды. Н.Ю.Борякова ПДТ балалардың жалпылау ұғымдарын жай ұғымдардан ажыратуда жіберетін қателерінің үш негізгі түрлерін белгілеген: 1) жалпылау ұғымына оған жатпайтын жай ұғымдарды қосу; 2) ұғымдарды шатастыру; 3) жалпылау ұғымына жататын жай ұғымдарды мүлде атамау. Нақты заттарды жалпылауды талап еткен тапсырманы орындауда ПДТ балалардың 50% ғана жалпылау ұғымын дұрыс атады, ал қалыпты дамыған балалардың бұл тапсырманы

орындағандардың саны 83% құрады. Психикалық дамуы қалыпты балалар орта есеппен 18-27 жалпы ұғымнан айтқан кезде, ПДТ балалар 6-18 ұғымнан атады. Олардың ішінен көбірек қиындық туғызған ұғымдар - адамның іс-әрекетіне байланысты жалпылау ұғымдар болды. Қателердің келесі түрлері белгіленді: 1) жалпылау ұғымын атамау; 2) жалпы ұғымды басқасымен алмастыру (жай ұғыммен, анықтамасымен); 3) жалпылау ұғымын дұрыс қолданбау; 4) жалпылау ұғымын көрсетілген заттардың орналасу жағдайына байланысты сөзбен алмастыру. Жалпылауға қарағанда балалардың нақтылау операцияларын жасауында айтарлықтай кемшіліктері байқалмады. Мысалы, оқушылар спорттық бұйымдарына жататын заттарды дұрыс атады, бірақ оларды бір сөзбен жалпылауға қиналды. Сонда, жалпылау ұғымы балалардың импрессиивті сөйлеуінде бар, бірақ олар белсенді сөздік қорына еңбегені мәлім. Осындай фактілердің негізінде авторлар ПДТ бастауыш сынып оқушылардың белсенді сөздік қорындағы көп сөздердің мағынасы нақты, ал жалпы мағынасы бар сөздердің көлемі аздау [8].

О.В.Шичанинаның зерттеулерінде ПДТ балалардың белсенді сөздік қорының жеткіліксіздігіне басты назар аударылған. Баланың санасында заттың бейнесі мен оның атауы өзара байланысып тұрақты қалыптаспаған. Мәселен, ол заттың атауын айтудың орнына оның сипаттамасын береді немесе керісінше, бала белгілі сөзді айтып, оның мағынасын толық түсінбейді [9].

Заттың сипаттық белгілерін атауды талап еткен тапсырманы орындау барысында да ПДТ балалары мен қалыпты дамыған балалардың арасында едәуір айырмашылықтың бар екені анықталды. Жалпы мектеп оқушылары 4-7 сипаттық белгілерін атағанда, ПДТ балалар тек 2-3 белгілерін атады. Оның үстіне, ПДТ балалар көпшілігі заттың мағыналы белгілердің орнына қосалқы белгілерін атаған. Бұл тапсырмаларды орындау кезінде ПДТ балалардың зат бөлшектердің түсін, мөлшерін, пішінін және кеңістікте орналасуын анық белгілей алмауы да анықталды. Әсіресе, балалар заттардың кеңістік ара қатынастарын белгілейтін сөздерді сирек қолданады [10].

ПДТ балалардың сөйлеу тілі антоним және синоним құралдарының жеткілікті түрде қалыптаспағанымен ерекшеленеді. Е.В.Мальцеваның мәліметтері бойынша, ПДТ балалар антонимдерден гөрі, синонимдерді табуға қиналады. Мысалы, синоним сөздердің дұрыс аталуы 63,3% болған жағдайда, антоним сөздері дұрыс табуы 71,7% құрады. ПДТ балалар антонимдерді жақсы білетін сөздерге тез табады (үлкен – кіші, суық – жылы), ал сирек қолданатын сөздерге антонимдерді мүлдем таппайды немесе көп қателерді жібереді, мысалы: басқа сөзді айту немесе болымсыздық шылауды қолдану (тігу-жапсыру, келу-келмеу). Ал синонимдерді табуда балалардың жіберетін қателері: синонимнің орнына антонимді айтады (қуаныш-қайғы) немесе басқа сөз табын атайды (қуаныш-қуанышты) [11, 12].

Сонымен, ПДТ балаларға келесі лексикалық кемістіктері тән: сөздік қорының кедейлігі, сөздің атауы мен мағынасының сәйкес келмеуі, жалпылау ұғымдардың толық қалыптаспауы мен дұрыс қолданбауы, антоним және синоним құралдарының жетіліп дамымауы.

ПДТ балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылысын тексеруге арналған зерттеулер (Н.Ю. Борякова, С.В.Зорина, Р.И.Лалаева, Г.Н.Рахмакова, Е.С.Слепович, Е.Ф.Соботович, И.А.Симонова, А.А.Хохлова, Л.В.Ясман) ересек тобындағы балалары мен бастауыш сынып оқушылардың көбінде сөз өзгерту мен сөз тудыруда және сөйлемнің синтаксистік құрылысында бірқатар кемшіліктерін белгіледі. ПДТ бірінші сынып оқушыларының сөйлемдерді айтуын зерттеген Г.Н.Рахмакованың жүргізген зерттеуі бойынша балалар жай және салалас құрмалас сөйлемдерді дұрыс қайталайды: олар сөйлемнің құрылысын, логикалық-грамматикалық өзара байланыстарын дұрыс сала білді. Сөздердің дағдылы тәртібі өзгертілген немесе дистанттық құрылысы бар жайылма сөйлемдерді қайталауда ПДТ балалар біраз қиналды. Дистанттық құрылыстары бұзылып, жайылма сөйлемдер жай сөйлемдерге айналған. Зерттеу нәтижелерін сандық талдауы бойынша қалыпты дамыған бірінші сынып оқушылардың барлығы сөйлемдерді дұрыс

қайталаған, ал ПДТ балалардың ішінен сөйлемдердің семантикалық және сыртқы құрылыстарын өзгертпей айтқандардың саны 78,8% ғана құрады. Балалардың сөйлемдерді қайталау барысында жіберілген қателердің сипаты бірдей емес, мысалы, бірде олар сөйлемнің жалпы мағынасын сақтап, ішіндегі сөздерді басқа сөзбен алмастырған немесе мүлдем қалдырып кеткен, ал басқа жағдайда балалар сөйлемнің семантикалық мағынасын өзгертіп жіберген. Сонымен бірге, балалардың көбінде персеверациялар, яғни сөздерді артық қайталануы байқалды. Семантикалық құрылысының бұзылуы тапсырманы жазбаша түрде орындауында көбірек кездесті, жазбаша мен ауызша қателердің арасалмағы орта есеппен 7:1 қатысына тең болды [13].

Содан кейін балаларға берілген сөздерден сөйлем құрастыру тапсырмасы берілді. Бұл тапсырманы жалпы мектеп оқушыларының 80,4% дұрыс жасаған, ал ПДТ балалардың арасында дұрыс орындағандардың саны тек 40,6% құрады. Қалғандары көптеген қателер жіберді, ал кейбіреулер берілген сөздерді сол қалпы қайталады.

Сүйеніш сөз бойынша сөйлемді құрастыру тапсырмасын орындау барысында ПДТ балалардың құрастырған сөйлемдері, көбінесе, жай жалаң немесе мағынасы қарапайым жайылма сөйлемдері болып табылды [13]. Е.В.Мальцеваның [12] зерттеуінде берілген талдауы бойынша, ПДТ балалардың сөйлем құрастыруында келесі қателер жиі кездеседі:

- 1) сөйлемнің грамматикалық жағы дұрыс, бірақ семантикалық ақаулықтары бар, мысалы: «Ғарыш аспанға ұшты»;
- 2) тавтологиялық қателер;
- 3) сөйлемді сөз тіркесімен алмастыру;
- 4) етістік пен сын есімдерді зат есімге айналдыру, мысалы: «қарлы» орнына «далада қар жауып тұр».

Е.С.Слепович ПДТ балалардың сын есімдердің сөйлемдерде қолдануын зерттеген. Оның айтуы бойынша ПДТ балалар сын есімдерді қодануды кеш бастайды. Берілген сын есіммен сөйлемді құрастыру тапсырмасын орындаған кезінде көп балалар сын есімді зат есімге айналдырды. Мектепке дейінгі ересек тобындағы балалар тіпті ондайды да жасамайды, олар сын есімді бастауыш ретінде қолдана береді. Бұл балалардың семантикалық негізгі байланыстардың (субъект-предикат) толық қалыптаспағандығын көрсетеді. Берілген сөздер бойынша құрастырылған сөйлемдердің ішінен 17% балалар сын есімдерді мүлдем қалдырып кеткен, 24% сын есім мен зат есімнің мағыналы ара байланысының бұзылуы байқалған, қалған жағдайда сын есімнің сөйлемде орналасуы дұрыс болған жоқ.

Е.С.Слепович жүргізген зерттеулерінде ПДТ балалардың құрастырған сөйлемнің негізінде сөздердің субъекттік немесе объекттік ара қатынастары жатқызылған. Автор балалардың сөйлемінде атрибуттық, уақыттық байланыстардың кемдігін айқындайды. Мақсатты мен шартты байланыстар негізінде құралған сөйлемдер саны жоқтың қасында. Ал әрекеттің сапасын немесе амалын белгілейтін қатынастарды және себеп-нәтиже байланыстарын балалар мүлдем қолданбайды деп айтуға да болады [14].

Н.Ю.Борякованың зерттеулерінде дайындық тобындағы ПДТ балалардың сөйлемдердің толық аяқталмауы, дұрыс құрастырылмағаны жиі кездеседі беп айтылған. Балалар белгілі ғана синтаксистік құрылыстарын пайдаланады, көбіне, ол үш сөзден тұратын сөйлемдер. Сөйлемнің ішінде тура толықтауыш жанама толықтауышқа қарағанда көбірек қолданылады, ал пысықтауыш түрлерінің ішінен мекен пысықтауышы жиірек кездеседі. Сөйлемнің сөз тәртібі де жиі бұзылған, балалар етістікті, сын есімді сөйлемнің соңына қою және т.с.с. қателерін жіберді. Грамматикалық жағынан жиі кездескен ақаулықтар аграмматизмге байланысты болды [15,16].

Сөйлеу тілінің бұзылуына қарай Е.В. Мальцева ПДТ балаларды үш топқа бөледі: 1) фонетикалық кемістігі бар балалар (24,7%); 2) фонетикалық-фонематикалық кемістігі бар балалар (52,6%); 3) жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар (22,5%) [12].

И.А.Симонова ПДТ бірінші сынып оқушыларын бес топқа бөліп қарастырған:

- 1) мономорфты дислалиясы бар балалар;

- 2) полиморфтық дислалиясы бар балалар;
- 3) фонематикалық талдауы бұзылған балалар;
- 4) дислексиясы, дисграфиясы бар балалар;
- 5) дизартрияның жеңіл түрлері бар балалар.

Жоғары айтылғандардың барлығын жалпылай отырып, келесі қорытындыларды беруге болады:

- Психикалық дамуындағы кешеуілдеудің күрделі және көп мазмұнды болғандығынан ПДТ балаларда сөйлеу тілінің кемістіктері жиі және сан алуан түрлерінде кездеседі.

- ПДТ балаларында қалыпты жағдайда байқалатын тіл кемістіктердің барлық түрлері кездеседі. Олар жүйелігімен сипатталады, негізгі кемістіктің құрамына кіреді.

- ПДТ балалардың сөйлеу тілі дамуының қарқынның баяулығы мен дамудың өзгешелігі белгілі.

- ПДТ балаларға сөйлеу тілі кемістігінің бұзылу құрылысының күрделілігі, түрлі тіл кемістіктердің қосарласып келуі, кешенді тіл кемістіктері тән.

- ПДТ балаларында сөйлеу тілінің барлық түрлерінің бұзылуы байқалады: импрессивті және экспрессивті, ауызша және жазбаша, еліктеу негізінде және өз бетінше айтылатын сөйлеуі. Импрессивті сөйлеу тіліне тән ерекшеліктері: сөйлеуді есту арқылы қабылдаудың жетілмеуі, дыбыстарды анық ажырата алмауы, жеке сөздердің мағынасына түсінбеуі. Экспрессивті сөйлеу тіліне келесі ерекшеліктер тән: дыбыс айтуының бұзылуы, сөздік қорының кедейлігі, грамматикалық құрылысының толық қалыптаспауы, аграмматизм, сөйлеу белсенділігінің әлсіздігі.

- ПДТ балалардың сөйлеу тілі дамуының тағы бір маңызды ерекшелігі - әрекетті сөйлеу арқылы бағыттаудың жеткіліксіздігі, сөзбен жеткізудің қиындығы, сөйлеудің жоспарлау қызметінің қалыптаспауы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Зеленина Н. Ю. Стандартизованное наблюдение в изучении проявлений самоотношения у дошкольников с различными нарушениями в развитии // Дефектология. - 2007. - № 6. - С. 21 - 27.
2. Ковшиков В.А. Исправление нарушений различных звуков СПб. 1995.
3. Голубева Г.Г. Нарушения фонетической стороны речи у дошкольников с ЗПР // Логопед в детском саду. - 2006. - № 4.
4. Голубева Г.Г. Нарушение звукослоговой структуры слова у дошкольников с задержкой психического развития // Логопедия. - 2004. - № 1(3).
5. Китаева Н.Н. К вопросу об особенностях усвоения стечений согласных дошкольниками с задержкой психического развития.
6. Мальцева Е.В. Особенности нарушения речи у детей с задержкой психического развития // Дефектология. – 1990. - №6. – С. 10-18.
7. Подготовка к школе детей с задержкой психического развития. // Под общей ред. С.Г.Шевченко. - М., 2003.
8. Борякова Н. Ю. Исследование лексико-грамматического компонента языка у дошкольников с ЗПР // Логопедия. - 2005. - № 1.
9. Шичанина, О. В. Некоторые особенности объяснения значения слова детьми старшего дошкольного возраста с задержкой психического развития // Дефектология. - 2008. - № 1.
10. Гончарова, В. А. Особенности лексикона дошкольников с речевой патологией и с задержкой психического развития // Логопед в детском саду. - 2008. - № 1.
11. Мальцева Е.В. Особенности нарушения речи у детей с задержкой психического развития. // Дефектология. – 1990. - №6. – С. 10-18.
12. Мальцева Е.Р. Недостатки речи у детей с задержкой психического развития младшего школьного возраста: Автореф. дис. канд. пед. наук. - М., 1991.

13. Рахмакова Г.Н. Особенности построения предложений в речи младших школьников с ЗПР. // Дефектология 1987, № 6

14. Слепович Е.С. Формирование речи у дошкольников с задержкой психического развития. - Минск, 1989.

15. Борякова Н.Ю. О некоторых особенностях построения речевого высказывания шестилетних детей с задержкой психического развития // Дефектология. - 1983. - №3. - с.9 - 15.

16. Борякова Н.Ю. Формирование предпосылок к школьному обучению у детей с задержкой психического развития, - М., 2003.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности речи у детей с задержкой психического развития старшего дошкольного возраста.

SUMMARY

In the article the features of speech are examined for children time-lagged psychical development of senior preschool age.

УДК 152.27
Е 69

ЗИЯТЫ БҰЗЫЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕЙІНІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Ермагамбет Ә.Ы. - дефектология ғылымының магистрі, аға оқытушысы
Сейдахмет Ш. - дефектология мамандығының 3 - курс студенті,
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аннотация: Мақалада зияты бұзылған бастауыш сынып оқушыларының зейінін ойын арқылы дамыту мәселелері көтерілген.

Түйін сөздер: зияты бұзылған оқушылар, зейін, ойын, арнайы мектеп, психикалық үдеріс.

Арнайы (түзету) мектептердің негізгі міндеттерінің бірі зияты бұзылған оқушыларда жеткілікті түрде белсенді және өзіндік ойлау әрекетін (қызметін) қалыптастыру болып табылады. Зияты бұзылған оқушыларда енжарлық, төмен белсенділік, оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтың төмендігін және зейіннің тұрақсыздығын, көлемінің тар екенін байқауға болады (Н.Г.Морозова, Л.Л.Кочетова, А.Г.Петрикова, Н.М.Платонова және т.б).

Зияты бұзылған балалардың психикалық үдерістерін (ойлауын, қабылдауын, сөйлеу тілін, есте сақтауын және зейінін) дамытуда арнайы ойындарды қолданудың маңызы зор. Ол туралы орыс ғалымы дәрігер-педагог К.А.Покровский: «Ойын күнделікті бала еңбегі, болашақ өмір бастамасы» деп анықтады. Демек, оқу үдерісін нәтижелі етіп өткізу үшін арнайы (түзету) мектеп оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескеріп, олардың жетекші іс-әрекетіне сүйеніп жүргізу керек.

Осы мәселеге байланысты жүргізілген зерттеу барысында зияты бұзылған бастауыш сынып оқушыларының зейінін дамытудағы ойынның тиімділігін негізделді. Ол үшін тәжірибеге қатысушы оқушыларға арнайы тапсырмалар берілді:

1. Зияты бұзылған 4 сынып оқушыларының зейін шоғырлануын анықтау үшін «**Корректорлық байқау**», «**Қандай сан жоқ?**» әдістемелері ұсынылды. Тапсырманы орындаған баланың зейінділігін анықтау үшін келесі көрсеткіштерге көңіл аударылды: *тапсырманы дұрыс орындауы; жұмсалған уақыт; көмектің қажет етуі.*

Жүргізілген тәжірибе барысында зияты бұзылған 4 сынып оқушыларының зейін ерекшеліктері анықталды. Жоғарыда берілген кестеден олардың зейін көлемі мен шоғырлануы нормалық көрсеткіштерден біршама төмен екенін көреміз. Сөйтіп, «Корректорлық байқау» әдістемесін орындау кезінде зияты бұзылған 4 сынып оқушылары сызуға қажетті 10 әріптің орнына басқа әріптерді немесе қосымша әріптерді сызып, 2-4 қате жіберген. Ал «Қандай сан жоқ?» әдістемесін орындау кезінде жазылмаған 5 санның ішінен тек 2-3 ғана дұрыс атап, қалғанын шатастырып қате жібергендер де болды. Тапсырманы орындауға жұмсалған уақыт та регламенттен 40-45 секундқа артық болды. Сонымен қатар кейбір оқушылар тәжірибе жүргізушіден көмектесуді сұрады. Оларға тапсырманың ережесін қайталау, мысал ретінде бір әріпті (санды) сызып көрсету сияқты көмек көрсетілді.

Әдістемелерді орындау барысында оқушылардың әрекеттері мен қылықтарын бақылау, олардың ауызша берілген нұсқауларға зейін қоймайтынын да айта кеткен жөн. Зейін ерекшеліктерін диагностикалауға арналған әдістемелерді орындау нәтижелерін үш деңгейге бөліп қарастыруға болады.

Кесте – 3 Әдістемелерді орындау деңгейлері

Зейін деңгейі	Төмен	Орташа	Жоғары
Көлемі	37,5%	62,5%	-
Шоғырлануы	31,25%	68,75%	-

Анықтау тәжірибесінің нәтижелерін қорытындылай отырып, біз оқыту тәжірибесінің әдістемесін өндеп жасадық. Оқыту тәжірибесі үшін, яғни оқушылардың зейін көлемі мен шоғырлануын дамытуға арнайы ойындар іріктелді және олар бейімделді.

Оқыту тәжірибесінің міндеттері зияты бұзылған 4 сынып оқушыларының зейінінің көлемі мен шоғырлануын түрлі ойындар арқылы дамыту; іріктелген дидактикалық ойындардың зейінді дамытуға деген ықпалын тексеру болып табылды. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін 4 сыныптың кестесіне сәйкес өтетін сабақтарда және сабақтан тыс уақытта зияты бұзылған балалардың зейінін дамытатын түрлі ойындар жүргізілді. Атап айтқанда, математика сабағында «*Артық үшбұрыштар*», «*Көршісін тап*», айналамен танысу сабағында «*Не артық*» қазақ тілі сабағында «*Шатасқан әріптер*»; кез келген сабақтың алдында «*Мұқият тыңда*»; сабақтан тыс уақытта «*Ыстық картон*» немесе «*Ұшты, ұшты*» ойындары ойнатылды.

Бір айдан астам уақыт жүргізілген оқыту тәжірибесінің нәтижесін анықтау үшін оқушыларды қайта тексеру жүргізілді.


Қайта тексеру кезінде оқыту тәжірибесіне қатысқан оқушыларға алдыңғы «*Корректорлық байқау*» және «*Қандай сан жоқ?*» әдістемелері ұсынылды. Тексеру зейіннің дамуы қаншалықты деңгейде артқандығын анықтау, іріктелген ойындардың тиімділігін дәлелдеу үшін жүргізілді.

Оқыту тәжірибе кезінде балаларға ұсынылған ойындар зейіннің дамуына жағымды ықпал етті деуге толық негіз бар. Оны кесте арқылы көрсететін болсақ:

Кесте - 6


Зейін деңгейі	Төмен	Орташа	Жоғары
Көлемі	18,75%	75%	6,25%
Шоғырлануы	12,5%	81,25%	6,25%

Сараптаманың қорытындысын төмендегі диаграмма арқылы көруге болады.



Сурет 1. - Зейін көлемінің көрсеткіштері

○ - төменгі деңгей ○ - орташа деңгей ○ - жоғарғы деңгей



Сурет - 2. Зейіннің шоғырлану көрсеткіштері

Жоғарыда келтірілген диаграммалар зияты бұзылған 4 сынып оқушыларының зейін көлемінің төменгі деңгейі оқушылардың 37,5% байқалса, арнайы ұйымдастырылған ойындардың нәтижесінде тек 18,75% ғана төмен деңгейде қалды. Ал орташа деңгейі оқушылардың 62,5% байқалса, сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта жүргізілген ойындардың арқасында 75% оқушылар зейінділігін орташа деңгейде көрсете алды. Зейіннің шоғырлануының төменгі деңгейі оқушылардың 31,25% байқалса, арнайы ұйымдастырылған ойындардың нәтижесінде тек 12,5% ғана төмен деңгейде қалды. Ал орташа деңгейі оқушылардың 68,75% байқалса, сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта жүргізілген ойындардың арқасында 81,25% оқушылар зейінділігін орташа деңгейде көрсете алды. Яғни бұл 2-3 оқушыда зейін көлемі артты деген сөз. Ең бастысы оқыту тәжірибенің соңында 1 оқушы зейінділігін жоғары деңгейде көрсете алды. Демек, жүйелі өткізілген арнайы ойындар арқылы оқушылардың зейінін дамытуға болады. Сонымен, біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыздың нәтижелерін жинақтай келе төмендегідей қорытынды жасалды:

- арнайы мектептерде 4 сыныптарда дидактикалық ойындардың түрлерін басшылыққа ала отырып, зияты бұзылған оқушылардың сабаққа, әр пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

- мұғалім әрбір шәкірттің зейінінің дара ерекшеліктерін білуі керек. Зейіннің кемшіліктерін тудырған себептерді білу қажет және тек қана сол уақытта кемшіліктерді жойып, зейінді тәрбиелеуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Рубинштейн С.Я. Психология умственно отсталого школьника. Москва: Просвещение, -1986.

2. под ред. Воронковой В.В. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе. Москва, - 1994.

3. Леонтьев А.Н. Принципы психического развития ребенка и проблема умственной недостаточности. //Проблемы развития психики. Москва, -1990.

4. под ред. Шипициной Л.М. Психолого-педагогическое консультирование и сопровождение развития ребенка. Москва, - 2003.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются методические приемы по развитию внимания у учащихся начальных классов с нарушениями интеллекта.

SUMMARY

This article discusses the methods of attention development of primary school students with intellectual disabilities.

УДК 152.4

Қ 59

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ КӨРУ АРҚЫЛЫ ЕСТЕ САҚТАУЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ ЗЕРТТЕУ

*Қатшыбекова Ж.Б. – дефектология
ғылымының магистрі, оқытушы
Сұлтанова Ұ. - дефектология
мамандығының 4- курс студенті,
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада зияты зақымдалған балалардың көру арқылы есте сақтауын салыстырмалы түрде зерттеу мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: зияты зақымдалған балалар, есте сақтау қабілеті, ақыл-ойы кем балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар.

Өзектілігі: «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдары білім беру жүйесін дамыту бағдарламасында» көрсетілгендей ҚР білім беру саясатының құзырлы міндеті – білім беру сапасын көтеру болып табылады [1]. Басты міндеттердің бірі халықтың барлық сатыдағылары үшін сапалы білім алудың қолжетімдігін қамтамасыз етуді қарастырады. Осы тұжырымдардың барлығы мүмкіндігі шектеулі балаларға да қатысты және 2002 жылы жарық көрген «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» заңында бекітілген [2].

Қазіргі кезеңде еліміздегі мүмкіндігі шектеулі балалар санының көбеюі, денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп

отыр. Сондықтан әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау міндетіміз болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: Алматы қаласындағы мамандандырылған жанұя кешеніндегі зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының көруі арқылы есте сақтауын зерттеу.

Зерттеу пәні: Алматы қаласындағы мамандандырылған жанұя кешеніндегі зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеу және қалыптастыру.

Зерттеудің міндеттері: Зияты зақымдалған балаларды оқыту мен тәрбиелеу ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан негіздеп, олардың көру арқылы есте сақтауын салыстырмалы түрде зерттеу.

Ғылыми әдебиеттерді талдай келе, мүмкіншілігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісін зерттеген ғалымдар: *зиятында ауытқушылықтары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесін зерттеген ғалымдар* Л.С. Выготский, Л.В.Занков, А.Н.Граборов, Г.М.Дульнев және т.б.; *қазіргі уақытта зиятында ауытқушылықтары бар балаларға ерте жасан түзетушілік көмек көрсету мәселесін зерттеушілер* Е.А.Стребелева, Ю.А.Разенкова және т.б. *мектеп жасына дейінгі зиятында ауытқушылықтары бар балаларды арнайы оқыту, тәрбиелеуді* Л.Б.Баряева, О.П.Гаврилушкина, А.А.Аксенова, М.Н.Перова және т.б.; *ал зиятында терең ауытқушылықтары бар балаларды оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу мәселесімен айналысатын ғалымдар* Г.В.Цикото, А.Р.Маллер, А.А.Еремина және т.б. ғалымдарды атауға болады.

Сонымен қатар, қазақстандық ғалымдар Р.А.Сүлейменова, Қ.Қ.Өмірбекова, К.Ж.Бектаева, А.Д.Шарапиева, И.Г.Терехова, Г.М.Коржова, Г.А.Аужанова, А.Н.Аутаева, А.А.Махметова, Ғ.Ә.Абаева, Б.С.Халыкова сынды ғалымдар Қазақстандағы ең кенже саналатын арнайы педагогиканың дамуына ықпал жасады.

Интеллектуалдық жетіспеушілік салдарынан ақыл-ойы кем балалардың жеке тұлғасының қалыптасуы әр түрлі аспектілерінде қиын жағдайларда өтеді. Жеке тұлғаның көптеген қасиеттер жиынтығына адам белсенділігінің кез келген көрінісіне әсер ететін эмоциясы ерекше орын алады. Ақыл-ойы кем баланың эмоциясының көрінуі оның жасына, кемістік құрылымының сапалық ерекшелігі мен тереңдігіне және оны қоршаған әлеуметтік ортаға тәуелді.

Зияты зақымдалған балалар жалпы алғанда, дамуға қабілетті, бірақ бұл үдеріс өте баяу, қалыпты дамудан әлдеқайда ауытқу арқылы жүзеге асады. Ақыл-ойы кем баланың дамуы, биологиялық және әлеуметтік факторлармен анықталады. Олардың алғашқысына, кемістіктің айқындығы, оның құрылымының сапалық қасиеті, пайда болу уақыты жатады. Ал әлеуметтік факторлар: баланың ең жақын ортасы, отбасы, бірге уақыт өткізетін, қарым-қатынас жасайтын ересектер мен балалар, мектеп.

Ақыл-ойдың кем жағдайында жалпы психикалық жетілмеу, іс-әрекет мақсатының, түрткісі мен орындалу жолдарының сапасын нашарлатады. Әсіресе, бастауыш сынып оқушылары өз мақсаттарына сәйкес әрекет ете алмайды. Айталық, күрделі тапсырманы орындау барысында, оның шартын толық ұғынып алмайды, орындаудың жалпы жоспарын құрмайды. Балалар берілген нұсқаудағы талаптар мен шарттарды ескерместен, бірден орындауға кіріседі.

Жалпы алғанда, бұл балалардың іс – әрекеттерінің мақсатты жағы бұзылады, сондықтан, тапсырманы орындауда дұрыс бағдар жасай алмайды, қате немесе жартылай түрде орындайды, кезіккен қиындықтарға адекватты қарай алмайды, алынған нәтижені сын көзбен бағалауға дәрменсіз: оқушылар тапсырманы орындауға алдын-ала нұсқау алмастан, талдаусыз, жоспарсыз және нәтижеге жету жолында таңдап алынатын әдіс-тәсілдерсіз, құралдарсыз-ақ, бірден кірісе бастайды.

Іс-әрекет барысында, оны орындау тәсілдерінің қате болатынына көздері жетсе де, олар ешнәрсені өзгертуге тырыспайды, жаңа тәсілдерін іздестірмейді. Тағы бір ерекшелік, балалар

өткен тапсырманы орындау барысында алған тәжірибелерін, келесі тапсырманы орындауда, бұлжытпай пайдалануға бейім.

Тапсырманы орындау барысында кездескен қиындықтардан, балалар тез бас тартады, өзіне таныс, жеңілдеу тапсырмаларды орындаудағы тәсілдерін қолдануға тырысады, сөйтіп өздерінің ой еңбегін жеңілдетеді [3].

Неврологиялық зерттеу бойынша ақыл ой кемістігінің белгісін айыру қиын. Зияты зақымдалған балалардың метафораны түсінбеуі табиғи құбылыс. Ғылыми зерттеулерде (Леонтьев А.Н., Занков Л.В.) бұл балалардың кейбір заттарды құралдар арқылы тез есте сақтайды және кейбір сөздерді, өздеріне тән кейбір жұмыстарды, тапсырмаларды есте сақтай алмайтығын анықтайды. Зияты зақымдалған балалардың есіне түсіруі де төмен болады. Ақыл есі кем балаларға сабақты түсіндіру суреттер-көрнекілік арқылы іске асады. Олар абстракты барлық көрсетілген заттардың қандай да бір белгісін, сол затқа сай түрін, санын толық сипаттап бере алмайды, тек қана жеке түрде сипаттайды. Бұл процесс заттарды ортақтастыру негізінде бір заттың белгісін білуінің өзі танымдық қабілетінің қалыптасуына әсер етеді. Бірақ әрбір әріптің дыбысталуы және әріп пен дыбыстың бірлесуінің қалыптасуын бала түсінбейді. Сондықтан зияты зақымдалған балалардың іс-әрекетінде жеке қозғалысының тежелуі, мінез құлқының ауытқушылығының артуы кездеседі.

Сонымен қатар, бұл балалардың есте сақтау қабілеті де төмен болады. Суреттерді есте сақтау, сюжеттің түрлерін, бояуларын анықтау олигофрен балаларға ауыр тиеді. Зияты зақымдалған балалар суреттегі кейбір деталдардың бір бөлігін атап көрсетеді немесе жеке баяндайды, бірақ суреттегі бейнелер ерекшелігін көрсете және қайталай алмайды [4].

«Бастауыш сыныптарда оқитын ақыл-ойы кем балалардың іс-әрекеті оларды қоршаған ситуацияларға тәуелді. Көп жағдайда, балалар импульсивтілік танытады, өз мінез-құлықтары мен тәртіптерін бақылай алмайды. Олардың қандай да бір іс-әрекеттер жасау ынтасының аз мерзімді екендігі туралы деректермен қатар, кейде аффективті, санадан тыс түрткімен орындалатын іс-әрекеттері кейде ұзағырақ, мерзімге созылатыны белгілі болған. Баланың дұрыс тәрбиесі мен оқуы, тұрақты ынта мен түрткінің орнығуымен, яғни мақсатқа сай жүзеге асады.

Сондықтан оқушының оқуға деген ынтасын, дұрыс көзқарасын қалыптастыратын басты факторлардың бірі – педагогтың іс-әрекеті. Баланың оқуға деген қызығушылығы мен дұрыс көзқарасында, мұғалім беделінің (мейірімділігі, балаларды түсіне білуі) рөлі айрықша. Сонымен бірге, оқушының жеке қасиеттері өзіндік маңызға ие.

Тәрбиелеу мен оқыту, еңбекке баулу мәселесі сау балалар үшін қаншалықты маңызды болса, ақыл-ойы кем балалар үшін соншалықты қажет.

Ақыл-ойы кем балаларға арналған көмекші мектептердегі оқу бағдарламасы оларға белгілі бір білім көлемін беріп қана қоймайды, сонымен бірге психикалық және дене бітімдік даму кемшіліктерін коррекциялауды, тұлға ретінде даму ауытқулары бар балаларға арналған арнайы бағдарлама бойынша оқиды. Сабақтан тыс уақытта балаларға еңбек сабағы, бейнелеу сабағы, әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау, яғни киім тігу, тамақ жасау, жол жуу ережелерін сақтау, қауіпсіздік ережелерін сақтау жалпы өмірге бейімдеу және т.б. жұмысымен қамтамасыз етеді.

Біз тәжірибелік-эксперимент жұмысын Алматы қаласындағы мамандандырылған жанұя кешенінде өткіздік. Тәжірибе барысында өз зерттеу жұмысымызға 5 сынып оқушыларын қатыстырдық. Бұл топта ақыл-ойы дамымаған, Даун және Уэст синдромдары, микроцефалия, эпилепсия және т.б. сырқаттары бар оқушылар бар.

Тәжірибелік-эксперимент кезінде 5 сынып оқушыларының жалпы оқу қабілеттерін зерттеп білу және зияты зақымдалған балалардың көру арқылы есте сақтау қабілетінің деңгейін салыстырмалы түрде зерттеу барысында мынадай тапсырма бердік:

- 1 тапсырма. Сурет салу (жалаушалар салу);
- 2 тапсырма. Графикалық диктант - жай қарындашпен дәптер парағының бір жолына, таяқшалар мен сызықшалар салып шығу.

Бірінші тапсырманы қорытындылау нәтижесінде, яғни *жалаушалардың* суретін салуда, оның басқа параметрлері (*түсі, өлшемі, салу реті*) назардан тыс қалып, балалар тек *жалаушаларды* салу мақсатын қабылдағанын анықтадық.

Ал *екінші* тапсырманы орындау барысында таяқшалар мен сызықшаларды, берілген үлгі бойынша бір ретпен жазылмағандығын; қызыл жиектен шығарып жазу; белгілерді бір жолдан екінші жолға, дұрыс ретпен көшірмеу, жолдардың бәріне бірдей емес, жол аралатып жазу сияқты қателерді көптеп жібергенін байқадық.

Нәтижесінде: тапсырманы толық қабылдау деңгейі (толық, жартылай, мүлдем қабылдамайды); тапсырманы соңына дейін толық сақтау деңгейі (барлық компоненттерін, жартылай, толық жоғалту); тапсырманы орындау барысындағы өзіндік бақылау сапасы (қателерін байқайды, түзетеді, түзетпейді); іс-әрекет нәтижесін бағалау барысындағы, өзіндік бақылау сапасы (өз жұмыстарын тексеруге тырысады және мұқият тексереді, үстірт шолумен шектеледі, мүлде тексермейді) көрсетілді. Біз тәжірибенің қорытындысын 1-2 кестелерде көрсеттік.

1-кесте – Анықтау экспериментіндегі зияты зақымдалған балалардың жалаушалардың суретін салу арқылы есте сақтау қабілетінің деңгейі (%)

Деңгейі	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Төмен	28%	26%
Орта	49%	52%
Жоғары	23%	22%

2-кесте – Қалыптастыру экспериментіндегі зияты зақымдалған балалардың жалаушалардың суретін салу арқылы есте сақтау қабілетінің деңгейі (%)

Деңгейі	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Төмен	20%	6%
Орта	52%	62%
Жоғары	28%	32%

Тәжірибе барысында біз мынадай қиыншылықтармен кездестік. Қабылдау зейіні, ой пікірлері, өз ойын жеткізуі әртүрлі. Өйткені, ойлау процесінің ауытқушылығы, ойлаудың жетілмеу қабылдау, сөйлеу тілінің, практикалық әрекет дұрыс дамымаған. Жазбаша жұмыстарында көптеген қателер кездесті. Есте сақтау қабілетінде ауытқулар байқалды. Ақыл-ойы кемтар балалар ұмытшақ болады және жаңа мәліметтерді есте сақтауда қиындықтар кездесіп отырды.

Сонымен балалардың көру арқылы түсінігінің қалыптасулары әр түрлі екендігі, әр баланың қабылдауы әрекеті әр түрлі, сөйлеу тілдерінің ақаулықтарын ескере отырып, әр балаға жеке дара және жалпылама тапсырмалар беру кезінде, жеке – дара айырмашылықтар мен танымдық әрекет барысында анықталатын қабілеттер деңгейі, жеке тұлғалық өзгешеліктеріне байланыстылығын ескеру қажеттілігін дәлелдедік.

Қорытындылай келе, мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамның әлеуметті мүшесі және өз тағдырына батыл сеніммен қарайтын жеке тұлға ретінде қалыптастыру педагогтың басты міндеті екенін тағы да дәлелдей алдық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдары білім беру жүйесін дамыту бағдарламасы. 2011. 5-9б.
2. ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы заңы». 2002. 7-11б.
3. Выготский Л.С. Основы дефектологии. М.; 1995 ж.
4. Тебеннова А.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология. Оқулық. Алматы. «Дәуір», 2011.204б.

5. Кобзарь А.И. Прикладная математическая статистика. - М.: Физматлит, 2006. -816 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается сравнительное исследование зрительной памяти у детей с разными уровнем интеллектуальной недостаточности.

SUMMARY

The article considers the comparative study of visual memory of children with different levels of intellectual disability.

УДК 371.927

О 65

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ФОНЕМАТИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ АРТТА ҚАЛУЫН ЖОЮ ЖОЛДАРЫ

*Оразымбетова Л.Д. - дефектология
ғылымының магистрі, оқытушы,
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың фонематикалық дамуының артта қалуын жою жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, фонематикалық есту, мектеп жасына дейінгі балалар, фонематикалық даму, сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналары, сөйлеу паталогиясы, дыбыстауды түзету жүйесі, фонематикалық үрдістерді қалыптастыру.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті жақсы дамыған фонематикалық есту негізінде дамиды. Дәл осы фонематикалық естуі нақты, анық және дұрыс етіп дыбыс пен сөздерді айтуды қамтамасыз етеді. Фонематикалық есту негізінде сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналары игеріледі.

Сөйлеу паталогиясы бар балаларда фонематикалық есту қабілетін қалыптастырудың қажеттілігі туралы көптеген зерттеулер бар (Г.А. Каше, В.А. Ковшиков, Р.Е. Левина, Р.И.Лалаева, Л.Ф.Спирова, Т.Б.Филичева, М.Ф.Фомичева, М.Е. Хватцев, Г.В.Чиркина.)

Фонематикалық естудің дамымай қалуы дыбыс айту кемістігіне алып келеді.

Уақыт өте фонематикалық операциялардағы артта қалушылық жазу мен оқуда (дисграфия, дислексия) қиындыққа алып келеді.

Фонематикалық дамымай қалудың жою жұмысы – түрлі ауызша және жазбаша сөйлеуді түзету үрдісіндегі логопедтік жұмыстың негізгі бағыты болып табылады. Арнайы мектепке дейінгі ұйымдағы мақсатқа бағытталған жұмыстар – фонематикалық дамымай қалу механизмін жеңіп қана қоймай, балалардың оқуға дайындығы мен жазбаша сөйлеудің бұзылмауын қамтамасыз ету.

Дыбыстауды түзету жүйесінде фонематикалық үрдістерді қалыптастыру дайындық кезінде басталады; қойылған дыбыстарды машықтандыру мен ажырату үрдісі кезінде жалғасады; коммуникативті білік пен дағдыны қалыптастыруда аяқталады.

Логопедиялық жұмыс жүйесінде бірнеше коррекциялық негізгі фонематикалық процестерге көңіл бөлген жөн.

1. Фонематикалық қабылдау (тану, айыру, фонемаларды ажырату).
2. Фонематикалық қабылдау негізінде фонематикалық алдын-ала көре білу.
3. Фонематикалық талдау.

4. Фонематикалық талдау негізінде фонематикалық елестету.
5. Фонематикалық жинақтау.
6. Фонематикалық жинақтау негізінде фонематикалық елестету.

Фонематикалық үрдістер дыбыстарды түзету және сауаттылық оқытуда мақсатты болып келеді.

Баланың нақты дефектісіне байланысты, әсер етудегі онтогенезбен сәйкестілігіне байланысты коррекциялық – логопедиялық әсер етулер келесідегідей болады:

- 1) дұрыс дамымаған фонематикалық қабылдауды жою.
- 2) дұрыс дамымаған фонематикалық талдау жою.
- 3) дұрыс дамымаған фонематикалық жинақтау жою.
- 4) дұрыс дамымаған фонематикалық елестерді жою.

Кесте 1 - Сөйлеудегі дыбыс айту кемшіліктерін түзету кезеңдері.

1. Дайындық кезеңі	1. Фонематикалық қабылдауды дамыту. Дыбысқа фонемалардың дифференциациялауы қалыптасады. Максимальды қарама-қайшы фонемалар қолданылады.
2. Алғашқы орындаушылық білік пен дағдыны қалыптастыру кезеңі	2. Қабылдау және орындау. Естуде фонемалардың дифференциациялау білігі мен дағдысын қалыптастыру жалғасады. Бір-екі акустико-артикуляциялық қасиеттері мен ерекшеленетін фонемалар қолданылады
3. Коммуникативті білік пен дағдыларды қалыптастыру кезеңі	3. Қабылдау, орындау, оқу әріптерді жазу – берілген дыбысты көрсетуде қолданылады

Балалардың фонематикалық қабылдауын қалыптастыру үшін келесідей біліктілік пен дағдыларға үйретуде нәтиже береді. (4ші кесте)

1. Фонематикалық дифференциация
 - мәтіннен дыбысты бөлу;
 - сөз тіркесінен дыбысты бөлу;
 - тіркестен дыбысты бөлу;
 - сөзден дыбысты бөлу.

2. Фонетикалық дифференциация
 - берілген буыннан дыбысты бөлу;
 - бірнеше дыбыстардан дыбысты бөлу

Келесідей міндеттерді шешуді талап етеді:

- 1) өзіңнің және өзгенің сөйлеуінде дыбысты қабылдай алу біліктілігіне үйрету;
- 2) дыбыстардың акустико - артикуляциялық бейнесін нақтылау;
- 3) дыбыстау өзін-өзі бақылау дағдысын дамыту;

Түзету – логопедиялық жұмыстар логопедияның келесідей үрдістеріне негізделеді: онтогенетикалық, патогенетикалық, жүйелік, кезеңдік, баланың дамуын ескерту, материалдың кезеңдеп қиындауы.

Түзету – логопедиялық жұмыстың фонематикалық нашар дамуды жоюдағы негізгі мазмұны – фонематикалық қарама – қарсылықты қалыптастыру.

Фонематикалық қарама-қарсылық балаларды фонеманы дыбыста және өз сөзінде дифференциациялауға үйретуде көрінеді.

Фонематикалық қарама-қарсылық қалыптастыру кезеңдері заңдылық онтогенезде көрінуімен анықталады. (Н.Х. Швачкин, 1948). Онтогенездің алғашқы кезінде фонемаларды игеру – биологиялық, тума, универсалды – тілдік факторға байланысты болып келеді. Фонемаларды игеру – тілді игерудегі фонематикалық заңдылықтарға бағына бастайды. (Ю.А. Элькин, 1996).

Алғашқыда фонологиялық жүйені анықтайтын дыбыстар қалыптасады. А И У О Ы Э П П' Б Б' М М' К К' Г Г' Т Т' Д Д' В В' Ф Ф' Х Х' Н Н'.

Кейіннен перифериялық дыбыстар п.б: Ш Ж Щ Ч С С' З З' Ц Л'Л Р Р'.

Тілді игеруде бала былай жүреді

- жалпыдан жекеге;
- жеңілден ауырға;
- естіген сөзден оны белсенді қолдануға;
- қарапайым дифференциалдан қарама-қарсылыққа;
- сегментті емес тіл құралдарынан сегменттіге;
- семантикалық құрылымнан номинативтіге;
- сөйлеудің диалогты түрінен монологтіге;
- синтагматикалық байланыстан парадигматикалыққа;
- қатал семантикалық контекстіден еркін контекстіге;

Кесте 2 - Фонематикалық үрдістердің интерриоризациясы

Ашық түрінен Сыртқы әрекеттен	→	Жабық түріне Ішкі әрекетке
Фонематикалық қабылдау (сыртқы әрекет)	→	Фонетикалық елестеу (ақыл - ой жоспарындағы әрекет)
Фонематикалық анализ	→	Фонематикалық елестету
Фонематикалық синтез	→	Фонематикалық елестеу

Алғашқы фонетикалық қарама-қарсылық «Берілген дыбысты көрсету – қалған барлық дыбысты көрсетуден» тұруы тиіс. Осы мақсатта келесі тапсырмалар қолданылады: «С» дыбысын естісең, алақан соқ; сөз, тіркес, дыбыстар қатары беріледі. Басқа да қарама-қарсылықтар болады.

- Дауыссыз дыбыс дауыстыдан ерекшеленеді;
- Лабиализациясы, қатары бойынша дауысты дыбыстардың қарама-қарсылығы;
- Дауыссыз дыбыстардың қарама-қарсылығы: қатаң, ұяң, үнді, шұғыл, ызың.

Ақыл - ой әрекетін сатылап қалыптастыру сыртқы материалдық әрекеттер ішкіге айналатындығын, ақыл-ой әрекетіне айналатындығын көрсетеді. Әрекеттер жалпыланады, қысқарады, оралады.

Көрнекілік ретінде сөздің дыбыстық құрамы бейнеленген схема бойынша қолданылады. Мұнда сөздер мен тіркестер белгілі ұзындықтағы жолақпен, дыбыстар түрлі түсті шаршымен белгіленеді.

Схемамен жұмыс жасай отырып бала сөздегі дыбыстардың ретін, кезегін, санын анықтауды үйренеді. Сонымен, фонематикалық анализ бен синтез әрекеті ақыл ой жоспарында жүреді. Мұндай жол материалды саналы игеруге алып келеді. Акустико артикуляциялық дыбысты саналы игеру фонематикалық нашар дамуды жоюдың қажетті жағдайы болып табылады.

Л.С.Выготский бала дамуында екі негізгі деңгейді көрсетеді: дамудың белсенді деңгейі (тапсырманы өзі шешуі) және потенциалды даму деңгейі (тапсырманы педогог көмегімен орындау). Логопедияда осыны қолдану коррекциялық жұмыстағы негізгі бағытты көрсетеді: баланың тапсырманы педагог көмегімен орындауынан жекелікке көшу. Логопедиялық сабақтардың қорытындысы - балалардың тапсырманы өздері орындай алуымен сипатталады.

Бұл оқу материалын кезеңдеп қиындатуда жүзеге асады. Бұл мөлшерлі көмекті қолданғанда игеріледі. Кейбір тәсілдерді атауға болады:

- түрлі сөздік нұсқауларды қалыптастыру жолымен;
- түрлі лингвистикалық материалдарды қолданумен;
- берілген материал шартының өзгеруімен ;

- логопедтің берген тапсырмалары баланың даму деңгейімен түзету әсерін ескеруі қажет:

Материалды ұсыну шарты қиындай түседі. Логопедиялық жұмыстың алғашқы кезеңінде баланың артикуляциялық дыбыстарды жауып тұратын экранды қолдану қажет. Осы мақсатта балаға фонемаларды жабық көзбен есту арқылы тану ұсынылады.

Бала мен логопед алдында айнасы қарама-қарсы отырады. Сабақта жазбаларды есту қолданылады. Тілдің фонематикалық жүйесін игеру екі негізгі үрдіс қабылдау және орындау арқылы жүзеге асады. Онтогенезде сөйлеу дыбыстарын айыру қабілеті ерте және тез қалыптасады.

Тек фонематикалық есту ғана нақты, анық дұрыс сөйлеуді қамтамасыз етеді. Барлық мектепке дейінгі кезеңде фонематикалық есту белсенді дамып, жоғарғы мектеп жасында жазба тілді игеруге жалғасын табады. Негізгі рөлде фонематикалық нәтиже анализ және синтез операциялары тұрады. Сауаттылыққа оқытуда дыбыс құрамын талдау қабілеті негізі болып табылады. Ал салауаттылыққа оқыту үрдісі баланың саналы түрде фонетика фонематикалық сөйлеуді қабылдауына әсер етеді.

Дыбыстарды орындау тапсырмасында дыбыстарды тек дұрыс орындау ескеріледі. Фонематикалық анализ және синтез операциялары дифференциациялы дыбыстар негізінде жасалады.

Логопедиялық әсер ету жүйесінде түзету жұмыстары үш кезеңнен тұрады:

Алғашқы кезең. Дыбыстарды қабылдау.

Мақсаты: фонематикалық қабылдау мен елестетуді қалыптастыру.

Естілетін дыбыс, айтылмайды. Балаларды естіген дыбысқа жауап берулеріне дағдыландыру қажет. Қазіргі деңгейде балалар түрлі дыбыстарды бір-бірінен айыра алу қажет.

Түзету жұмысының алға жылжыған деңгейі. Дыбыстарды қабылдау және орындау.

Мақсаты: Сөйлеудің орындалатын жағын түзеу, ол процесстің қабылдауында және орындауында іске асады.

Дыбыстың есту және қозғалу бейнелеуі бір бірімен тығыз байланыста болады. Ол функционалды жүйенің біркелкілігін ұйымдастырады. Түзетудің жылжымалы деңгейінде дыбысты естіп қана қоймай, оны айта білу керек (буын немесе дыбысты).

Түзетудің қорытынды деңгейі

Дыбыстарды қабылдау және орындау оларды жазбаша түрде, оқу процесінде, хат түрінде көруге болады.

Мақсаты: Дыбысты әріптерді түзету, дислексия және дисграфия профилактикасы.

Жұмыстың қорытынды сатысында дыбыстардың әріппен байланысын түзету, дәлірек айтқанда графемамен және фонемамен байланысын анықтау. Дыбыс есту мүшелеріне әсер етеді, белгіленген әріптермен ғана орындалады, ол не оқылады, не жазылады.

Сөздердің дыбыстық сызбасын қолдана отырып, азбука әріптерін, әріптерді жазу және оқу, дәптерге түсіру. Жоғарыда көрсетілген материал фонематикалық қабылдаудың сатыларының қабылдауын біріктіріп, белгілі бір тапсырмаларды көрсетеді.

Жаттығулар мысалдары:

- «Шапалақта, егер «С» дыбысын естісең: Сания, сақа, доп, бала, кесе, апа, шаян, қоян, сандық, ат, соқ, сиыр, сыр».

- «Шапалақта, егер «С» дыбысын буындар арасында естісең: Со, лу, ма, ны, су, ли, ря, ню, са, ло, мэ, сы, не».

- «Шапалақта, егер «С» дыбысын дыбыстау қатарында естісең: С - А - О - У - С - Э - Ы - С».

Лингвистикалық материалдарды таңдай келе отырып, онтогенетикалық қағиданы негізінде қолдану оңайырақ. Олардың дыбысталуы жеңіл. Біртіндеп күрделене түсетін жаттығулар ұсынылады: дыбыстардан максималды қарама-қарсы дыбысқа дейін, ол дыбыстар акустико - артикуляциялы сипаттамаларға ие.

- С/а – э – и – о – у – ы (дауысты дыбысы):
- С/н –м – й – л – р (қатаң және үнді сонарлы дыбыстар):
- С/п –б –т –д – к – г (қатаң және үнді нұсқалары, ұяң және ашық дыбыстар):

Кесте 3 - Фонематикалық үрдістердің сатылық қалыптасуы

	Жұмыс сатылары Операциялар	Дыбысты қабылдау	Дыбыстарды орындау және қабылдау	Дыбыстарды қабылдау және орындау, жазу және оқу әріптері
1	Фонематикалық қабылдау	Берілген дыбысты таныды және әсер етті	Берілген дыбысты таныды және оны айтты	Берілген дыбысты танып, тақырыпта оны тауып, әріпті оқып, жазу
3 кестенің жалғасы				
1	2	3	4	5
2	Қабылдаудың негізінде көрсетілетін фонематика	Суреттерді алып, әр қайсысына берілген дыбыстар	Берілген дыбысты есіне түсірді және оны айтты	Мәтіндегі дыбысты тауып, оны оқып, жазып алды
3	Фонематикалық талдау	Сөздегі дыбыстың орналасуын және реттік нөмірін анықтау	Сөздің басында айтылатын сөзді айтты	Оқыды, жазды ол қайда тұратынын анықтады
4	Нәтиже негізінде фонематикалық көрсетілім	Суреттерді алды, ол сөз жаттығуының басында (ортасында, соңында) (бірінші, екінші) анықтады	Берілген дыбыс сөзде бірінші тұратынын есіне түсірді және оны айтты	Мәтіндегі сөзді тауып, біріншісі ме екіншісі ме, екенін анықтады
5	Фонематикалық жинақтау	Сөздегі дыбыстың санын анықтады	Дыбыстардан тұратын сөзді айтты және санын анықтады	Сөзді оқыды, жазды, дыбыстарды анықтады
6	Фонематикалық көрсетілімнің талдау негізі	Суреттерді таңдап алды, олардың аттарында белгілі бір дыбыстардың саны бар	Белгілі бір сөзді, белгілі бір дыбыстарды есіне түсірді, және оны айтты	Мәтіндегі сөзді тауып, оны оқып жазып алды

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Өмірбекова Қ.Қ., Балқыбекова В.С. Сөйлеу тілінің фонетикалық, фонематикалық жағын тексеру және дамыту.- Алматы: Кітап, 2003.
2. Дудьев В.П. Системный подход в развитии коммуникативного потенциала дошкольников с общим недоразвитием речи. // Логопедия 2(12) 2006.
3. Чевелева Н.А. Приемы развития фонематического восприятия у дошкольников с нарушениями речи // Дефектология.- 1986.-№5.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности фонематической стороны речи детей дошкольного возраста и этапы коррекционной работы.

SUMMARY

The article considers the peculiarities of phonemic speech of preschool age children and stages of correction work.

УДК 152.32
С 18

ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ БАҒЫТТАРЫ

*Салғараева Г.И. – педагогика және психология ғылымының магистрі, оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Бұл мақалада жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауының қалыптасу бағыттары көрсетілген.

Түйін сөздер: өзін-өзі бағалау, жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы, тұлғаның өзіндік бағалау ерекшеліктері, баланың психикалық сферасы, тұлға.

Қазақстан Республикасының егеменді ел болып қазіргі таңдағы даму кезеңі, қоғамның барлық саласындағы қозғайтын істерін қайта құрумен, әлеуметтік-саяси және экономикалық қарым-қатынастардың өзгеруімен сипатталады. Бұл қазіргі кезеңдегі оқушылардың әлеуметтік жағдайдағы дамуына үлкен өзгерістер келтіреді, яғни олардың өзін-өзі бағалауының жеке тұлға болып қалыптасуына әсерін тигізеді.

Осыған байланысты бұл күндері Отандық және әлемдік өркениетті елдердегі психология, педагогика және физиология ғылымдарының жетістіктерін пайдалана отырып жетілдірудің қажеттілігі туындауда. Тұжырымдамалардың басты теоретиктері (Карл Роджерс, Д.Гербертмид, А.Маслоу, Жан Пиаже, Лоуренс Колберг, Н. Миллер, Дж.Доллард, Альберт Бандура, Ури Бронфенбреннер) өз еңбектерінде тұлғаның қоғамда орын алған тәртіпке саналы және тіпті сыни тұрғыда қарауын қалыптастыру, қоғамда өз орнын табуға ұмтылуын дамыту міндеттерін алға қойды.

Тұлғаның өзіндік бағалау ерекшеліктерін қарастырған жұмыстарда тұлғаның әртүрлі даму жақтары нақты қарастырылған (Б.Г.Ананьев, Л.И.Божович, А.И.Липкина, И.И.Чеснокова т.б.). Өзіндік бағалауды адамның мінез-құлқын реттеуші, жеке бастық феномен ретінде сипатталған көптеген эксперименттік жұмыстар бар. (Коссов Б.Б, Сафин З.В, Спичак С.Ф. т.б. Сонымен қатар, Қазақстанда жүргізілген зерттеулердің ішінде профессор Ж.Ы.Намазбаеваның жетекшілігімен Р.Ш.Сабырова, С.Ж.Өмірбекова және Л.С.Пилипчуктың жұмысында балалардың өзіндік сана-сезімдері, өзіндік бағалау ерекшеліктері зерттелінді. Қазіргі қоғамда жасөспірімдік шақтағы оқушылардың өзін-өзі бағалауын психологиялық тұрғыда зерттеудің психология ғылымы мен педагогика ғылымы үшін қажеттілігі әрқашан да зор. Қазіргі кезде жасөспірімдердің тұлғасының ерекшеліктері, яғни өзін-өзі бағалауы, қарым-қатынас, мінез-құлық туралы мәселелер зерттеушілердің назарын аудартуда.

Сондықтан да, біздің ғылыми зерттеуімізде болашақ ұрпақтың, әсіресе жасөспірімдердің теріс жолға түспеуін, адегершіліктік – өнегелі қасиеттерінің жоғары және ізгі ниетті азамат болуына, олардың тұлғасының дұрыс қалыптасуы, яғни өзін-өзі бағалауы маңызды болып табылады.

Жасөспірімдік кезең, баланың психикалық сферасының барлық жағын өзгертетін кезең. (Жасөспірімдер - 13-18 жас аралығындағы балалар.) Ерекше өзгерістер интеллектуалдық әрекетінің дамуында болып жатады. Жасөспірімдік кезеңге әсіресе, танымдылыққа ұмтылу, өз пікірінің қалыптасуы, интеллектуалдық мәселелерге шығармашылық көзқараспен қарау тән болып келеді. Сонымен қатар, жасөспірімдік жаста өзіндік дамуына байланысты дене бітімі өзгеріп, психологиялық дисгармония пайда болады.

Бұл өзгерістер жасөспірімдердің бойына әртүрлі әрекеттердің пайда болуына әкеліп соғады, яғни оларда шыдамсыздық, дөрекілік жиі кездеседі. Өзіндік сана-сезімі мен өзін -өзі бағалауы белсенді түрде қалыптасып, өз тұлғалық қасиеттеріне қоршаған адамдардың

бағалауына қызығушылық пайда болады. Қызығуында маңызды өзгерістер байқалады және рухани қажеттіліктері дамып, құндылық бағыт иерархиясы, өзіндік дүниетанымы, қоғамға, өзге адамдарға, өзіне көзқарасы қалыптаса бастайды.

Адам тұлға ретінде өзін-өзі бағалаушы тірі ағза. Өзін-өзі бағалаусыз өмірде өз тағдырын шешу қиын, тіпті мүмкін емес. Өзін-өзі бағалау, ең алдымен талдау, теңестіру, іріктеу, ойлау операциясының нәтижесі.

Өзін-өзі бағалау – өз қабілетіне, мүмкіндігіне, мінез-құлқына, ішкі жан-дүниесіне, басқа адамдардың ортасында өз орны т.б. бойынша өзіне баға беруі болып табылатын адам санасының құрамдас бөлігі. Өзін-өзі бағалау арқылы адамның мінез-құлқы реттеледі, өзіне сыни көзқараспен қарауға үйренеді. Жасөспірімді сенімділікке, ойлануға, шығармашылыққа тәрбиелеуге баулиды. Жасөспірімнің өзін-өзі төмен бағалауы мінез-құлықта күмәнданушылық, қызғану, іштарлық, көңілсіздік, ешкімге жоламау сияқты сипаттар арқылы көріністер табады. Ал өзін тым асыра бағалау адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алмау, ашуланшақтық, мақтаншақтық сияқты мінез-құлықтарға апарып соғады. Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауы орташа деңгейде болғаны анағұрлым жақсы.

Кеңес психологиясы ғылымында өзін-өзі бағалау мәселесі тұлға дамуының контекстінде, сана-сезім мәселесінде анықталады. Өзін-өзі бағалаумен байланысты мәселелер кеңестік кезең зерттеушілері – Л.С.Выготскийдің, С.Л.Рубинштейннің, В.В.Давыдовтың, Л.И.Божович, Э.Эриксонның, М.С.Тайчиновтың т.б., сондай-ақ шетел зерттеушілері – Р. Бернс, Куперслиздің, Скоттың зерттеген еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауына әсер ететін бірнеше факторларды қарастыруға болады.

Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауына әсер ететін факторлар:



Жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауының қалыптасу бағыттарын жүзеге асыру мақсатында Алматы облысы Талғар қаласындағы И.Ф.Халипов атындағы №1 жалпы орта мектебінің 9 «Ә» сыныбына эксперимент жүргізілді. Эксперимент барысында жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтауға байланысты «Графикалық тест» және «Анықтаушы жағдаят» жүргізілді.

Зерттеу жүргізу барысында 4 оқушының өзін-өзі бағалауы жоғары, 8 оқушы өзін-өзі төмен бағалайды, 3 оқушы өзін адекватты немесе дәл бағалайтындығы анықталды.

Сыныптағы жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы төмен екендігі байқалды. Өзін-өзі төмен бағалау айналадағы дүниені және өзін пессимистікпен қабылдауға алып келеді, мұндай балалар өте сезімтал, күмәнданғыш, жаны жараланғыш, тұйық болып келеді, өзінің кемшіліктерін ұлғайтып көруге бейім тұрады. Біреуден естіген сын сөзден ол жабырқап қалады.

Оқушылардың өзін-өзі бағалауын арттыру үшін арнайы ұйымдастырылған жаттығулар өткізілді.

«Өзіңе жақсы сөздер айт» жаттығуы жүргізілді. Оқушылар кезегімен келіп, аяқталмаған сөйлемдер жазылған карточканы алады да, дауыстап оның аяғын жалғастырады.

- Менің өзіме ұнайтын қасиеттерім . . .
- Менің мына жағым өзіме ұнайды . . .
- Мен өзімді құрметтеймін, себебі . . .
- Мен мынадай жақсылық жасадым . . .

Келесі «Бес жақсы сөз» жаттығуында оқушылар бес адамнан топтарға бөлінеді. Әрбір оқушы бір парақ қағазға өзінің қолын айналдыра қарындашпен айналдыра сызып түсіреді де, алақанына өз есімін жазады. Содан кейін ол қағазын оң жақтағы көршісіне береді де, өзі сол жақтағы көршісінің қағазын алады. Көрші суретінің бір саусағына ол көршісі туралы, оның өзі білетін бір жақсы қасиетін жазады (мысалы, «Сен қайырымдысың»).

Өзімен қатарлас құрбы-құрдастарының өзі туралы жақсы, игі ниетте екендігін түсінген жасөспірімде өзіне деген сенімділігі артып, көңілі марқайып қалды. «Жылы сөз - жан жылуы» деген осы болса керек.

Жасөспірімдердің өзін-өзі дұрыс бағалауын қалыптастыруға мынадай бағыттарды ұсынамын:

- «Табыс жағдайы», «Оқушыға сенімі» Егер бала айналадағылардың өз қабілетіне сенетінін, даму үстіндегі тұлға ретіндегі құндылықтарын бағалайтынын сезінсе, бұл оның жағымды қабылдауын, өзін-өзі дамытуы үшін ынталандыруын арттырады.

- «Сыныпта психологиялық жайлылық және қолдау атмосферасын жасау». Педагог оқушылардың жұмыстарын мазмұнды бағалайды, өзінің одан не күтетінін білдіреді, көпшілік арасында жағымды эмоциялық орта тудырады.

- «Демократиялық тәрбие стилі» Педагогтардың оқыту және тәрбиелеу барысында оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, олармен өзара қарым-қатынас барысында еркіндік атмосферасын қалыптастыру.

- «Өзін-өзі тану сабақтары, сынып сағаттары» Өзін-өзі тану сабақтары арқылы жасөспірімдерді өзін-өзі адекватты бағалауға, өз кемшіліктерін түсініп, дұрыстауға әрекет етуге мүмкіндік береді.

- «Сенімділік» қиын тапсырмаларды табысты, жауапкершілікпен орындау есебінен қалыптасады. Ең кішкентай істен бастап, біртіндеп көтере беру керек, ісін табысты орындап шыққан тәрбиеленушінің табысын атап өтіңіз, заттай марапаттауға, мақтау сөз айтуға болады. Психологтардың анықтауынша, көптің көзінше мақтаудың жеке тұлға дамуында тиімділігі көп әрі өзін-өзі бағалауын арттырады.

Жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауының қалыптасу бағыттары педагогтарға жасөспірімдермен жұмыс жасау барысында тиімді нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. - М.: Просвещение, 1968. 128 с.
2. Выготский С.Л. Собр. Сочинений - М.: Педагогика, 1983 - 45 с.
3. Намазбаева Ж.И. Психология. Алматы, 2005.- 290 с.
4. Пилипчук Л.В. Особенности самосознания личности в раннем юношеском возрасте: Автореф.. - Алматы, 1999. - 30 с.
5. Кон И.С. Психология ранней юности. - М.: - Просвещение, 1989. 90 с.
6. Тәрбие жұмысы оқулығы.
7. Интернет желісі.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены факторы влияющие на формирование самооценки. Которая в свою очередь определяет эффективную педагогическую работу с детьми подросткового возраста.

SUMMARY

This article is considered factors, influencing on the formation of the self – assessment, which in turn defines effective pedagogical work with teenagers.

УДК 796
С 43

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Сқақова Р.А. - п.ғ.к., аға оқытушы
Жашибаева Н. - дефектология
мамандығының 2 - курс магистранты,
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)

Аннотация: Бұл мақалада салауатты өмір салтының маңыздылығы туралы айтылады.

Түйін сөздер: салауатты өмір салты, денсаулық, мүмкіндігі шектеулі балалар, физикалық дайындық, гигиеналық мәдениет, тамақтану, күн тәртібі, сыртқы орта әсерлері, әлеуметтік-психикалық жағдайлар, мектептегі сауықтыру жұмыстары.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, халықтың денсаулығына әсер ететін тиімді шара – бір жағынан ауруларды болдырмауға жағдай жасау, ал екінші жағынан салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал ету. Мамандардың пікірінше, Қазақстан бойынша өлім-жітім деңгейі алаңдатарлық жағдай болып қалуда. Соның ішінде бірінші орынға жүрек-тамыр жүйесінің аурулары, қауіпті ісіктер мен туберкулез аурулары иемденіп отыр. Мамандардың айтуынша, аталмыш аурулар халықтың жас әрі еңбекке қабілетті бөлігін қамтуда. Еліміздегі демографиялық жағдайды ескерсек, жұмысқа қабілетті жастағы тұрғындардың ауыратын қауіпті болып табылды. «Дені саудың – жаны сау» атты мақал тегін айтылмаса керек. Әрбір азамат дені сау болу үшін дене белсенділігін қарқындалту, зиянды әдеттерден бас тартуы және дұрыс тамақтануы керек. Қазақстан-2030 стратегиялық бағдарламасында «Ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиялары» деген тарауында ұзақ мерзімді жеті басымдылықты іске асыру деп аталады. Соның бірі – «Қазақстан азаматтарының денсаулығы білімі мен әл-ауқаты» яғни, жеті міндеттің бірі-қоғамымызда салауатты өмір салтын орнықтыру мақсаты. Ал енді өмір салты дегенге келетін болсақ, оның мағынасы жеке адамдардың өмір тіршілігінен бастап, бүкіл қоғамның өмір сүру тәсілін зерттеп айқындайтын әлеуметтік ұғым. Өмір салты адамдардың қалай және не үшін өмір сүру, қандай іс-әрекетпен айналысатынын көрсетеді. Қоғамда өмір сүруші адам өзінің ақыл ойына, сана-сезіміне, дүниеге деген көзқарасына сүйенеді.

«Салауатты өмір салты» түсінігін былайша бөліп көрсетуге болады:

-Салауатты өмір салты–бұл денсаулық проблемасына адамның алдына қойған мақсаттарына қол жеткізудің нақты мүмкіндіктері сияқты, әр-түрлі факторлардың әсері болатын өмір сүру барысында қалыптасқан көзқарастар жүйесі;

-Салауатты өмір салты–адамның өзінің шығармашылық деңгейін сол немесе басқа қырынан жүзеге асыруға мүмкіндік беретін адамның өндірістік, тұрмыстық және мәдени жақтарын ұйымдастыру тәсілі;

-Салауатты өмір салты - денсаулық туралы белгілі бір әлеуметтік және тарихи көзқарас, сондай-ақ, өмірдегі тәжірибеге оның интеграциялау құралдары мен әдістері;

-Салауатты өмір салты - адамның күнделікті өмір сүруінің түрлі тәсілдері, олар организмнің резервтік мүмкіндіктерін нығайтады, биіктетеді және адамның экономикалық

және психологиялық жағдайларында өзінің әлеуметтік және кәсіптік қызметін табысты атқаруды қамтамасыз етеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға салауатты өмір салтын қалыптастыру ең алдымен, оқыту процесінде жүзеге асырылады. Заманауи педагогикада оқыту процесі оқушыны білмегеннен білуге және мұғаліммен бірлесе отырып сәйкес ептілік пен дағдыға үйрету, оқыту ретінде қарастырылады. Оқыту процесі әртүрлі педагогикалық технологиялар негізінде, яғни, осы процесі едәуір тиімді де нәтижелі ететін оқушы мен мұғалімнің күш-жігерін, уақытын, денсаулығын жұмсаудағы әдістер мен тәсілдердің жиынтығы негізінде құрылады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға денсаулығына әсер етуші физикалық дайындық, гигиеналық мәдениет, тамақтануды ұйымдастыру мен күн тәртібін сақтау, сыртқы орта (әлеуметтік, экономикалық, экологиялық) әсерлері, әлеуметтік-психикалық жағдайлар, мектептегі сауықтыру жұмыстары сияқты көрсеткіштер бойынша жүргізілді.

Салауатты өмір салтының өзектілігі қоғамдық өмірдің күрделенуіне, денсаулықты нашарлататын жағдайларды өршітуші техногендік, экологиялық, психологиялық, саяси және әскери сипаттағы қауіптердің көбеюіне байланысты адам ағзасына әсер ететін ауыртпалықтар сипаттарының өзгеруі мен ұлғаюынан туындайды.

Салауатты өмір салтының негізінде адамның қажеттіліктеріне бағытталған жүйелі жүріс-тұрысы, жалпы өмірге деген көзқарасы, тұлғалық құндылықтары жатады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулықты күту жайлы білімін, дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру, дамыту үрдісін зерттеу осы тараптағы негізгі түсініктер мен ұғымдарға, сондай-ақ қазіргі кезде педагогика жүйесінде бұл мәселені шешуге деген көзқарастарға талдау жасамай жүргізу мүмкін емес.

Денсаулық мәселесіне алғаш Ежелгі Үндістан, Греция және Рим философтары назар аударған, бірақ әлі күнге дейін «денсаулық» ұғымының ортақ анықтамасы жоқ, өйткені бұл оның сан қырлылығына және күрделілігіне байланысты. Мысалы, Платон мен Пифагор денсаулықты тепе-теңдік, үйлесімділік ретінде, ал ауруды оның бұзылуы ретінде қарастырған. Дені сау болу үшін адам өзін-өзі танып, дүниедегі орнын және рөлін түсінуі керек деген. Аристотель денсаулық түсінігіндегі жан мен тәннің бірдей маңызды екеніне баса назар аударған.

Өмір салты дегеніміз – бұл адамның әлеуметтік, мәдениеттік, материалдық, кәсіптік жағдайына байланысты күнделікті өмірінде ұстанатын тіршілік ету тәсілі. Өмір салты тұлғалық бағытты сипаттайды. Академик Ю.П. Лисицын адам денсаулығы 50-55% өмір салтына, 25% экологиялық факторларға, 20% тұқым қуалаушылыққа және 10% медициналық қамтамасыз етілуге байланысты деген. Салауатты өмір сүру салты дегеніміз — биоәлеуметтік категория. Салауатты өмір сүру салты интегративті түрде қалыптасады. Сондай-ақ, адамдардың іс-әрекеттеріне байланысты болады.

Салауатты өмір сүру салты шаруашылық, күнделік үй тұрмысы, материалдық және рухани формаларын қанағаттандыру үшін, қоғамдық ұжымдарда өзін-өзі ұстай білуі, қоғамдық тәртіппен санасу, артық сөз айтпау, орынсыз саясатпен айналыспау, кез-келген адамдарды жамандамау, біреуді-біреуге шағыстырмау, өзін ақылды деп есептеп, басқаларды ақымақ ретінде көру т.б. аулақ болу. Сонымен өмір сүру салты дегеніміз – тұлға мен қоғам деңгейінің прогресті дамуының көрсеткішінің категориясы.

Салауатты өмір сүру салтының жоғары немесе төмен деңгейде болуы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты болады. Адамның психикасына, денсаулығына, ағзаның функционалды биологиялық қасиеттеріне де байланысты болады.

Адамдардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес салауатты өмір сүру салты біркелкі болмайды. Болу керек деп айту да дұрыс емес. Әр адам өзіне тән қалыптасқан өмір салтымен тіршілік етеді. Ол ұрпақтан ұрпаққа «ген» арқылы беріліп отыруы мүмкін. Міне, осыған байланысты «салауатты өмір сүру салтының» үш категориясы болады:

1) Салауатты өмір сүру деңгейі:

- 2) салауатты өмір сүрудің сапасы;
- 3) салауатты өмір сүрудің стилі.

Салауатты өмір сүру деңгейі дегеніміз – экономикалық категория. Адамдардың материалдық және моральдық-рухани қажеттілігі толығымен қамтамасыз етілуі.

Салауатты өмір сүрудің сапасы дегеніміз – әлеуметтік категория – үй-іші қызмет істейтін орындары (оқу орындары, мектептер) неше түрлі адам денсаулығы қамтамасыз ететін комфортты мебельдер мен лабораториялық жабдықтармен қамтамасыз етілуі.

Салауатты өмір сүрудің стилі дегеніміз – әлеуметтік-психологиялық категория — адамның қоғамдық орындарда (мектептерде) өзін-өзі ұстап және көрсете білуі. Белгілі бір қалыптасқан стандартты ұстап, өмір сүру. Мүмкіндігі шектеулі балаларды рухани-адамгершілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуде адамгершіліктің ақжолынан айнымаған бұрынғы өткен ақыл-ой алыптарының мұра етіп қалдырған өсиет сөздері және ғұламалардың ғибраттары арқылы қоғамымызда салауатты өмір салтын қалыптастыруымызға болады. Данышпан Абай өзінің 28-қара сөзінде: «Ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес» деген. Яғни, құдай саған темекі тарт, арақ іш, нашакор бол, денсаулығыңызды бұз деген жоқ. Әйел мен баланың денсаулығы туралы айтар болсақ, денсаулығы күшті, салауатты өмір салтын әкеле алады. Өйткені сау бала–біздің келешегіміз, қоғамымыздың тірегі. Әрине, өмірге дені сау перзент әкелу бір жұмыс. Ал оны қоғамға жат мінездерден аулақ етіп тәрбиелеу екінші әрі өте жауапты жұмыс.

Сонда ғана бүкіл жер бетінде, әсіресе, жастар арасында бой көрсетіп жатқан маскүнемдік, нашакорлық, жезөкшелік, паракорлық, дүниеқоңыздық, көреалмаушылық сияқты кеселдерден мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпағымызды қорғап қаламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан –2030» барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. – Алматы: 2002. -96 б.
2. Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Жалын», 1991 – 288 б. /136/
3. ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы заңы». 2002. 7-11б.

РЕЗЮМЕ

В этой статье раскрыты научно-теоретические основы воспитания здорового образа жизни школьников.

SUMMARY

Scientific-theoretical basis of health education in the life of schoolboys.

УДК 37.013.42
Т 52

ПСИХИКА МЕН ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ДАМУ САТЫСЫ – ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ САУАЛ

*Тоқтағұлова Г.Б. – әлеуметтік
ғылым магистрі оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада психика мен физиологиялық құбылыстардың даму сатысы және олардың арасалмағын ажырату мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: материалдық процесс, физиологиялық құбылыс, субъективті болмыс, психикалық құбылыс, психика мен сана.

Қазір физиология, психология, философия ғылымдары саласында өзекжарды проблемалардың бірі — психофизиологиялық сауалдар. Ол материалдық пен идеалдық мәндердің бір-біріне ауысу қатынастарының құрамына кіретін физиологиялық және психикалық құбылыстардың арасалмағын ажырату. Бұл туралы қазіргі философия да үш түрлі қағида бар. Бірінші қағиданы жақтаушылар физиологиялық құбылысты да, психикалық құбылысты да, материалдық процесс деп санайды. Яғни психиканы жоғары жүйке іс-әрекеті сияқты материя қозғалысының қасиеті деп есептейді. Олардың пікірі бойынша, адам миы объективті болмысты материалдық нәрселермен бейнелейді. Демек, психика физиологиялық құбылыстар сияқты мидың рефлекстік механизмдерінен туады.

Екінші қағида психика материя қозғалысының формасы екендігі туралы тезисті теріске шығарады. Психиканы жоғары жүйке қызметіне ұқсастыруға болмайтындығын ерекше атайды. Мұны жақтаушылардың айтуы бойынша, психика рухани нәрсе, материалды дүниенің, идеалдық шындығы. Яғни, сана болмыстың идеалдық кескіні бола тұра мидың нақтылы құбылысы және өз идеалдығын жоймайды. Алайда мұндай пікірдің көмескі жерлері көп.

Үшінші қағиданы қолдаушылардың басты тезисі психика – мидың белгілі бір нейродинамикалық жағдайының субъективтік көрінісі. Басқаша айтқанда, кез келген психикалық күй (сезу, эмоция, ой) мидың әрекеттік жүйелерінің сәйкестелген нейродинамикалық құбылыстарының көрінісі.

Шындығында, психика мен физиологиялық құбылыстарды тірі организм әрекеттерінің екі түрлі даму сатысы ретінде қараған жөн. Расында, идеалды құбылыс – нәрсені субъективті бейнелеу. Сондықтан ол мида орналасады, өйткені осы материалдық құрылымнан тыс субъективті бейнелеу болмайды. Психика субъективті болмыс ретінде тек адам миында туады, әрине, ол сыртқы әсерлерге, адамның әлеуметтік белсенділігіне байланысты. Адамның психикалық іс-әрекетінің күрделі формаларының механизмдері адамдардың өзара және адам мен әлеуметтік ортаның қарым-қатынасына негізделген. Сондықтан адамдарды олардың іс-әрекетінен бөлек алып ұғыну мүмкін емес.

Соңғы жылдары миды электр тогымен тітіркендіру арқылы психикалық әсерленістердің негізгі механизмдері анықталды. Сөйтіп, күрделі психикалық құбылыстарды жүзеге асыруға мидың терең орналасқан құрылымдарының белсенді түрде қатысатындығы дәлелденді (Н. П. Бехтерева). Адамның ойлау қасиеті, ақпараттармен жоғары сатыда әрекет жасайтын құбылыс ретінде, нысаналы зерттелді. Адам миының орасан ақпараттық сыйымдылығы бар. Ол 14-15 миллиардтай нейроннан тұрады, шамамен. 10^{20} дәрежесіне тең ақпаратты қабылдай алады. Мұны көптеген ми нейрондарынан басқа, олардың көп әрекеттік популяциясы және мидың барлық іс-әрекетінің негізін қалайтын жылжымалы механизмдері жүзеге асырады.

Психикалық іс-әрекеттің бірлестіру механизмдері. Адам мінез-құлқының саналы іс-әрекетті бағдарлауын, реттелуін және бақылауын қамтамасыз ететін механизмдері өте күрделі біріккен жүйелерден тұрады. Олар адамның психикалық іс-әрекеттің күрделі салаларын реттейтін физиологиялық механизмдер.

Психолог А. Р. Лурияның пікірі бойынша, психикалық іс-әрекеттің қайсысы болса да, үш негізгі әрекеттік блоктан құралады. Бірінші әрекеттік блок қалыпты психикалық іс-әрекетті жүзеге асыратын ми қыртысының сергектігін реттейді. Ол қыртыс асты және ми бағаны бөлімдерінің торлы құрылымында орналасқан. Бұлар ми қыртысына әсер етумен қатар, өздері оның ықпалында болады. Оларды белсендіретін үш түрлі әсер бар. Бірінші белсендіру көзі – гомеостаз бен ырықсыз мінездің негізін қалайтын зат алмасу процестері. Оған торлы құрылымнан басқа орталық аралық ми, лимбия жүйесі ықпал жасайды. Екінші белсендіру көзі – сыртқы әлемнен келетін тітіркендіргіштер. Олар организмді сезім мүшелері арқылы белсендіреді, бағдарлау рефлексін тудырады. Бұл рефлекске таламус,

құйрықты дене, гипокамп нейрондары қатысады. Үшінші белсендіру көзі – адамның саналы өмірінде тіл арқылы қалыптасатын ниет, жоспар, керініс және бағдарлама. Олар ми қыртысы, торлы құрылым, таламус, ми бараны арасындағы қатынастар арқылы жүзеге асады. Екінші әрекеттік блок мидың ақпарат қабылдауын, өңдеуін және сақтауын қамтамасыз етеді. Олар ми қыртысының көру, есту және сезімдік аймақтарында атқарылады. Үшінші әрекеттік блок белсенді саналы психикалық іс-әрекеттің реттеу мен бақылау бағдарламасын жасайды. Бұл орталық үлкен ми сыңарларының алдыңғы маңдай бөлігінде орналасқан. Мидың маңдай бөлігі сыртқы тітіркендіріске синтез және бағдарлама жасап, қимыл-әрекетті дайындаумен қатар, олардың нәтижесі мен барысын қадағалайды.

Қазіргі ұғымдарға байланысты белсенді психикалық әсерленістердің құрылысын өзін-өзі реттеуші күрделі «рефлекстік шеңбер» түрінде қарайды. Саналы іс-әрекеттің қайсысы да үш блоктың біріккені-жұмысы арқылы жүзеге асырылады. Бірінші блок үйлесімді қимылға қажет бұлшықеттер тонусын екіншісі – афферентік синтезді, үшіншісі – бағдарламаға сәйкес ниетті қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар көптеген психикалық әрекеттерге ми сыңарларының әртүрлі меңгеру айырмашылықтары ықпалын тигізеді.

Мидың әрекеттік асимметриясы. Адам миы симметриялы орган. Алайда олардың әрекеттері әртүрлі болып, әралуан іс-әрекетті меңгереді.

Бұрын мидың сол сыңары тіл, ойлау, қимыл-әрекетіне, кеңістікте дене бағдарланысына жауапты, сондықтан үстемді (доминантты) деп есептелді. Ал оң сыңары қосалқы ретінде қаралды. Қазіргі кезде әрбір психикалық әрекетті меңгеруде сол немесе оң ми сыңарларының үстемдігі болатындығы анықталды. Мәселен, сол ми сыңарының әрекеті басым адамдар теорияға бейім, сөз қоры мол, оны кеңінен пайдаланғыш, қимылы белсенді, мақсатқа талпынғыш, уақиғаларды болжағыш келеді.

Оң ми сыңары нақтылы іс-әрекетке жұмылдырады, ол адам-шабан, сөзге сараң, бірақ ете сезімтал және әсерленгіш, меңзей қарауға және еске түсіруге әуес болады. Алайда адамдардың үштен бірінде ми сыңарларының жекеленген анық әрекеттік мамандалысы байқалмайды. Маманданған ми сыңарларының арасында өзара тежелу процесі болады.

Екі ми сыңары екі түрлі ойлау процесін ұйымдастырады. Сол ми сыңары талдау процесіне қатысып, қисынды ойлауды, ал оң ми сыңары нақтылы, яғни бейнелі ойлау амалын басқарады. Сол ми сыңары сөйлеу іс-әрекетін: оны түсіну және құрастыру, сөз символдары мен жұмысты қамтамасыз етеді. Оң ми сыңары кеңістік сигналына жауапты заттарды көру және сипап сезу арқылы таниды. Оған жеткен ақпараттар бір мезгілде және жалпы тәсілмен өңделеді. Оң ми сыңарымен музыкалық қабілеттер байланысты.

Сөйлеу орталығы сол ми сыңарында орналасады. Ол оң қолдың қимыл белсенділігінен қалыптасады. Солақай адамдардың да 70%-де сөйлеу орталығы, оңқай адамдардағыдай сол ми сыңарында, солақай адамдардың тек 15%-де сөйлеу орталығы оң ми сыңарында орналасады.

Мидың кейбір әрекеттерге ерекше жауапты болып, белгілі үстемді орталыққа айналуы латерализация деп аталады. Сірә, адамның жоғары жүйке іс-әрекетінің типтік ерекшеліктері қандай ойлау аппаратын иеленетіндігіне байланысты болуы мүмкін. «Көркемпаз» типтер – бірінші сигналдық жүйесі басым адамдар, олардың оң ми сыңары жетік, көбінесе бейнелі ойлайды. Ал «ойшыл» типтер – екінші сигналдық жүйесі үстем адамдар. Бұлар сол ми сыңарына тән дерексіз ойлауды иемденеді. Аралық тип екі сигналдық жүйенің әрекеттік теңдесуімен сипатталады. Адамдардың көбісі осы типке жатады.

Жалпы мидың бір сыңарының басым болуы туа пайда болады, алайда тәрбие мен тәлім де ерекше маңызды орын алады. Сондықтан солақай балаларды қайта үйрету кезінде, олардың ойлау қабілетінің ширақтығы тоқырап қалуы ықтимал.

Сөз жоқ, адамның қалыпты психикалық іс-әрекеті мидың екі сыңарының біріккен жұмысының нәтижесі. Олардың тек бір мезгілдегі жұмысы мен бейнелік және дерексіз ойлау тетіктерін бірлестіру ғана сыртқы әлемнің құбылыстарын жан-жақты (нақтылы және

теориялық) қамтиды. Ми сыңарларының өзара қатынасына сыртқы ортаның әртүрлі құбылмалы ықпалдары себепші болады. Сонымен ми сыңарларының қарым-қатынасының екі жақты сипаты психикалық іс-әрекетті және мінез-құлықты тиімді бағытта өзгертуге мүмкіндік туғызады.

Дені сау адамда ішкі ағзалардың шартты рефлекстік реттелуі де шаласана деңгейінде атқарылады. Ішкі ағзалардың интерорецепторына әсер ететін үйреншікті тітіркендіргіштерден шығатын мәліметтер ми қыртысына жетіп талданады. Бұл шаралар организмнің мінез қылығын өзгертетін шартты рефлекстердің негізі болуы ықтимал. Мұндай күйлер адамның өзіне түсініксіз болады («күңгірт сезім»). Осы тітіркендіргіштердің әсері күшейсе, ақпараттар санаға жетіп, организмнің сәйкес аймақтарындағы жаман халды баяндайды. Ол науқастарда әртүрлі субъективтік сезулер мен шағымдар туғызады.

Шаласана әсерленіс, мінез-құлықтық және психикалық іс-әрекеттің басқа түрлері сияқты, себеп пен салдар қатынасы заңдарына бағынады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Леонтьев А.Н. Проблемы развитие психики - М., 1981.
2. Мухина В.С. Возрастная психология. - М., 1998.
3. Ананьев Б.Г. К психофизиологии студенческого возраста. Современные психолого-педагогические проблемы высшей школы-Л.,1974,с.3-15.
4. Малиновский А.А. Биология человека «Знание»,М.1973.(«Новое в жизни, науке и технике». Сер. «Биология», №8) 64с.-стр.44

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается проблемы различия межотношения их и степень развития психики и физиологических явления.

SUMMARY

In the article examined problems distinction of them and the stage of psyche and physiological the phenomenon.

УДК 37. 013 42
А 15

СУЩНОСТЬ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

*Абишева М.Т. – старший преподаватель
(г.Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: В статье рассматривается сущность социально-педагогической деятельности.

Ключевые слова: социально-педагогическая деятельность, алгоритм деятельности социального педагога.

Среди двадцати тысяч профессий, официально зарегистрированных Международной организацией труда, есть и профессия «социальный педагог», признанный обеспечить систему социальной помощи и защиты населения, многим гражданам об этом мало что известно.

Сопоставительный анализ нашего и зарубежного опыта оказания социальной помощи детям показывает, что она принципиально отличается от социальной помощи любым

категориям взрослого населения тем, что обязательно должна иметь педагогическую составляющую, связанную с воспитанием и образованием ребенка, его развитием и успешной социализацией. Следовательно, деятельность, направленная на оказание социальной помощи детям, является социально-педагогической и представляет собой разновидность педагогической деятельности.

Выявлению сущности педагогической деятельности посвящено много научных исследований. Так, известный психолог Ю.Н. Кулюткин видит своеобразие педагогической деятельности в том, что она является «метадеятельностью», т.е. формирует другую деятельность. Работа педагога надстраивается над деятельностью воспитанника (ученика). Цели, которые ставит перед собой педагог, формируются как потенциальные эффекты продвижения ученика; процесс продвижения этих целей также реализуется через организацию деятельности воспитанника; оценка успешности действий педагога производится на основе того, насколько успешным оказывается запланированное продвижение ученика [1].

Раскрывая специфику педагогической деятельности, некоторые ученые подчеркивают ее когнитивный характер. Так, С.А.Смирнов включает в состав педагогической деятельности прежде всего элементы деятельности мыслительной. В предложенной им структуре, он выделяет:

- педагогическое предвидение, прогнозирование, связанные с педагогической интерпретацией социальных явлений, своеобразным переводом общественных целей и задач на педагогический язык;
- методическое осмысление, инструментовку учебно-воспитательных действий;
- осмысление процесса организации различных информационных и воспитательных влияний;
- необходимость анализа достигнутых результатов, соотнесение их с выдвигаемыми целями и задачами [2].

Однако «отсроченность» результата, его зависимость от множества факторов, известная субъективность оценок затрудняют определение эффективности учебно-воспитательных воздействий.

Социально-педагогическая деятельность как разновидность деятельности педагогической имеет общие с ней черты и отличительные особенности. Большинство исследователей к общим чертам относят тождество основной функции, которую и педагогическая, и социально-педагогическая деятельности выполняют в обществе – социальное наследование, социокультурное воспроизводство и развитие человека.

В целом совпадают и мнения разных ученых относительно специфических особенностей социально-педагогической деятельности по сравнению с педагогической.

М.А. Галагузова отмечает, что если педагогическая деятельность носит нормативно-программный характер, то социально-педагогическая всегда является адресной, направленной на конкретного ребенка и решение его индивидуальных проблем. Если педагогическая деятельность имеет непрерывный характер, то социально-педагогическая в ряде случаев ограничена тем временным промежутком, в течение которого решается проблема. Профессиональная деятельность педагога, как правило, осуществляется в учреждении системы образования, тогда как социально-педагогическая деятельность имеет намного более широкую сферу применимости [3].

М.А. Беляева и др. считают, что ключевым в определении социально-педагогической деятельности является понятие «адаптация». В современных условиях человеку на протяжении жизни неоднократно приходится сталкиваться с изменением социальной среды. Он может оказаться в ситуации, характеризующейся необходимостью изменять себя, либо среду, либо и то и другое вместе, т.е. оказывается перед необходимостью адаптироваться к изменившимся условиям. Одни люди способны самостоятельно разрешить проблемную ситуацию, приспособиться к изменившимся социальным условиям. Другие, не сумев

адаптироваться, утрачивают социально значимые качества, становятся объектом профессиональной помощи. По мнению вышеуказанных авторов, основная отличительная особенность социально-педагогической деятельности заключается в том, что потребность в ней возникает в случае, если у человека (группы людей) складывается проблемная ситуация во взаимоотношениях со средой [4].

Таким образом, социально-педагогическую деятельность можно рассматривать как целенаправленную работу профессионала по социальному воспитанию личности в конкретном социуме с целью успешной ее социальной адаптации.

Социально-педагогическая деятельность реализуется в виде комплекса профилактических, реабилитационных, коррекционно-развивающих мероприятий, а также путем педагогически целесообразной организации различных сфер жизнедеятельности подопечных.

Смысл педагогической профессии выявляется в деятельности, которую осуществляют ее представители и которая называется педагогической. Она представляет особый вид социальной деятельности, направленной на передачу от старших поколений младшим накопленного человечеством культуры и опыта, создание условий для их личностного развития и подготовку к выполнению определенных социальных ролей в обществе.

Теперь об алгоритме деятельности социального педагога.

Основу технологического процесса составляет алгоритм действий (операций). В технологиях социального типа он не столь жестко задан, отдельные его этапы могут повторяться, дублироваться, взаимозаменяться либо опускаться. Алгоритм обеспечивает повторяемость, тиражируемость технологии. В работах отдельных авторов [5,6] предпринимаются попытки определить типовой алгоритм деятельности социального педагога. Представим обобщенный вариант:

1. Диагностический этап. А. Анализ исходной ситуации: а) определение степени трудности и опасности ситуации для ребенка; б) определение того, входит ли она в круг проблем, которые должен решать социальный педагог; в) выявление причин, ее породивших; г) постановка проблемы; д) определение степени переживания и осознания проблемы ребенком, т. е. ее актуальности для него; е) готовность или неготовность ребенка к решению проблемы. Б. Постановка задачи социально-педагогической защиты (проектирование). В. Определение своей компетентности в оказании помощи или круга лиц, способных ее оказать. Планирование деятельности.

2. Оказание помощи ребенку в выявлении и осознании проблемы и ее причин или создание условий для актуализации проблемы для ребенка.

3. Совместное проектирование решения трудной ситуации.

4. Определение способов социально-педагогической защиты (непосредственные, прямые, косвенные, опосредованные).

5. Помощь ребенку в нахождении способов разрешения проблемы или создание условий для поиска им этих способов.

6. Анализ результатов выхода из проблемы.

7. Оценка собственной деятельности.

8. Последствия — формирование установки ребенка на самостоятельное преодоление подобных проблем.

9. Осуществление контроля за состоянием ребенка и его развитием. Л.В. Мардахаевым, научным коллективом под руководством И.Г.Зайнышева [5] были разработаны замкнутые циклы технологического процесса социально-педагогической и социальной деятельности, включающие определенные этапы и операции. Операция - простейшее действие, направленное на достижение конкретной, не разлагаемой на более простые осознанной цели (подцели). Совокупность операций, объединенных общей целью (подцелью), составляет процедуру технологического процесса. Вариант Л.В. Мардахаева предполагает пять взаимосвязанных этапов:

- 1)диагностико-прогностический;
- 2)этап выбора (разработки) оптимальной технологии;
- 3) этап непосредственной подготовки к реализации выбранной технологии;
- 4)реализационный;
- 5)экспертно-оценочный.

В разработках научного коллектива под руководством И.Г. Зайнышева также выделено пять этапов технологической деятельности:

1. Предварительный этап. На этом этапе осуществляются операции выявления, оценки и ранжирования проблемы, выяснения факторов, обусловивших ее возникновение. Организатор социальной деятельности настраивается на ее решение, мобилизует свой интеллектуальный, морально-психологический и профессиональный потенциал. Одновременно уточняются критерии действенности и эффективности деятельности социальных служб при решении обозначенной социальной проблемы. При этом критерии успеха действий социальных служб и специалистов могут отражаться в постановке и формулировании цели и конкретных задач социальной работы.

2. Этап целеполагания. На этом этапе происходит первичное формулирование целевой установки деятельности специалистов и организаторов социальной работы. Цель обуславливает выбор средств и способов ее достижения, определяет направления поиска дополнительных источников информации об условиях и социальной среде жизнедеятельности клиентов.

3. Этап обработки информации. На этом этапе технологического процесса идет поиск дополнительных источников информации, сбор и систематизация информации, ее анализ и обобщение. Выводы, вытекающие из результатов аналитической работы, составляют содержательную базу для уточнения цели и задач, для выработки программы действий, определения содержания, организационных форм и методов социальной работы.

4. Процедурно-организационный этап. На этом этапе осуществляется последовательная реализация намеченных программой мер социального воздействия конкретными исполнителями в обозначенное время и сроки, сопоставление и соизмерение результатов с критериями успешности социальной деятельности.

5. Контрольно-аналитический этап. Это завершающий этап технологического цикла, на котором анализируются итоги деятельности специалистов, выявляются факторы, способствующие положительному решению задач социальной деятельности, и намечаются пути устранения недостатков.

Таким образом, социально-педагогическая деятельность – необходимое, постоянно развивающееся и совершенствующееся направление педагогической деятельности, которое обеспечивает полноценную социализацию, разностороннее развитие, плодотворное общение всех участников педагогического процесса.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Кулюткин Ю.Н. Изменяющийся мир и проблема развития творческого потенциала личности. Ценностно-смысловой анализ. – СПб.: СПбГУПМ, 2001. – 84 с.
2. Смирнов С.А. Педагогика: Педагогические теории, системы, технологии. –М.,2001.
3. Социальная педагогика./Под общ.ред. М.А.Галагузовой.-М.,2001.-416с.
4. М.А.Беляева и др, «Методика и технология работы социального педагога» 2-е издание «Академия», 2002.
5. Мардахаев Л.В. Методика и технологии работы социального педагога.-М., 2002.-С.33-34.
6. Технология социальной работы /Под ред. И.Г.Зайнышева.-М.,2000

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада элеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетінің мәні қарастырылады.

SUMMARY

The article discusses the nature of social and educational activities.

УДК 37. 013 42

Б 15

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Беккожаева Ж.Н. - аға лаборант
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)

Аннотация: Мақалада информатика сабағында ақпараттық технологияны қолдану жолдары қарастырылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісінде қолдану оқушының өз мамандығына деген қызығушылығын арттырып, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, қабілетті мамандар даярлауда үлесі зор. Еліміздің кез келген азаматының әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу мүмкіншілігі мол.

Түйін сөздер: ақпараттық технология, ақпараттандыру процестері, кәсіптік білім беру, ақпараттық жүйе, электрондық оқу құралы.

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Оқытудың жаңа технологияларының бірі – ақпараттық технология. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Болашақты бірге қалайық» атты Қазақстан халқына Жолдауында Білім туралы былай деген еді: «Бизнес – ассоциация төрағаларының және жұмыс берушілердің қатысуымен кәсіптік техникалық кадрларды дайындау бойынша Ұлттық кеңес құру керек» [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту қажет. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады» делінген. Сонымен қатар бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу, On-line тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру, оқу жоспарларына жаратылыстану ғылымдары бойынша, бірінші кезекте, математика мен ақпараттандырудан қосымша сағаттар немесе пәндер енгізу қажеттігін баса айтты [2].

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында кәсіптік және техникалық білімді жетілдіру көзделген.

Қазақстандық қоғамды реформалау жағдайында ТЖКБ жүйесі тұлға мүдделерін, еңбек нарығының сұраныстарын, экономика мен әлеуметтік сфера дамуының перспективаларын қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады.

Мамандарға қойылатын ескірген біліктілік талаптары бойынша кадрларды даярлау мазмұны индустрия және жұмыс берушілер сұраныстарын қанағаттандыра алады.

Инженер-педагогикалық қызметкерлердің мәртебесінің жоғары болуы жоғары білікті кадрларды тартуға мүмкіндік береді. Қаржыландыру көлемінің төмендігі мен тиімсіз басқару сақталып отыр [3].

Бүгінгі күннің басты талабы еңбек нарығы мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруда кәсіптік білім берудің беделі артып отыр. Осы мақсатта 2008 жылы Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 – 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Оның мақсаты – техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін қайта ұйымдастыру, бәсекеге қабілетті дағдылары бар және білім алуды жалғастыру үшін жеткілікті әлеуеті бар экономика салалары мен жұмыс берушілерді техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарымен қамтамасыз ету [4].

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдері іздестірілуде.

Үшінші мыңжылдық кезінде қоғамның даму көрсеткіші ретінде ақпараттық қоғамға өту ісі алынады да, ал оның ең анықтаушы ролін ақпарат түсінігі атқарады. Ақпаратта жинау, сақтау, өңдеу және тарату тәсілдері мен құралдары динамикалық түрде өзгеріске ұшырап, солар арқылы қоғамның инфрақұрылымы қалыптаса бастады. Кәсіптік білім оқытушылары үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысына;
- уақытын үнемдеуге;
- білім-білік, дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруге;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде (би өнері, қол еңбегі, дене шынықтыру сабақтары т.с.с.);
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор. Оқытушы сабағында ақпараттық технологияның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық технологияны пайдалану іс-тәжірибесі тиімді әдіс деп ойлаймын.

Колледжімізде жаңа заманға сай жабдықталған 3 информатика кабинеті бар. Информатика кабинеттеріне локальді желі орнатылған. Онда колледждің оқушылары мен оқытушыларының ақпараттық оқу құралдарын пайдалануға және әлемдік ақпарат жүйесіне еркін еніп, өз білімдерін тұрақты жетілдіруге жағдай жасалған. Қазіргі таңда колледжде болашақ мамандарға 60-тан астам инженер-педагогтар мен өндірістік оқу шеберлері сапалы білім мен саналы тәрбие беріп келеді. Колледждің әдістемелік қызметінің негізгі мақсаты – «Оқу жүйесіне жаңа технологияларды енгізу – әдістемелік қызметтің өзегі». Осы мақсатта жаңа технологияларды оқу үрдісіне енгізуде ауқымды жұмыстар атқарылуда. Колледж оқытушылары жаңа заманға сай оқыту технологияларын пайдаланумен қатар, пәндеріне сәйкес келетін электрондық оқулықтарды алып, оларды сабақ барысында кеңінен қолдануда. Оқытушылар мен өндірістік оқу шеберлерінің көпшілігі дербес компьютерді меңгерген, арнайы білім курстарының сертификаттарына ие болған. Әдістемелік кабинетте «Жаңа

информация мұғалімі – педагогикалық жаңалықтарды тұрақты қолданатын рефлексияға қабілетті шығармашыл ұстаз», «Оқытудың интерактивті әдістерінің негіздері және оны сабақта қолдану жолдары», «Өндірістік оқу сабақтарында инновациялық технологияны ендіру жолдары» тақырыптарында семинар сабақтары өткізілді. Сонымен қатар колледжімізде директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Т.Г.Иваньконың жетекшілігімен «Дарындылар...» бағдарламасы жүзеге асады.

Электрондық оқу құралы – бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары, практикумға, курстық және дипломдық жобаға нұсқау және т.б. білім беруді басқаратын электрондық оқу құралы.

Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы тандалған тақырып бойынша тапсырмалар мен тарау бойынша тест жұмыстарын орындап, анимациялық практика тапсырмаларымен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп есептеймін. Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған бағдарламалық құрал. Қазіргі таңда әдістемелік кабинетте медиотека жасалып, онда оқытушылардың 30 электрондық сабақтары бар.

Жаңа ақпараттық технологияларды кәсіптік білім беруде пайдаланудың тағы бір ерекшелігі – бітіруші түлектердің біліктілігін растау емтиханын ұйымдастыру және өткізу. Дербес компьютерлерге арнайы тест бағдарламалары енгізіліп, бітіруші түлектер бітіру емтиханының тест сұрақтарына өз бетінше дайындалу мүмкіндігіне ие болды. 2008-2009 оқу жылында колледж бітіруші түлектері тәуелсіз білімді бағалау тестіне қатысып, орташа көрсеткіш 80 ұпайға жетті. Әрине, бұл да ақпараттық технологияны оқу үрдісінде пайдаланудың жемісі. Білім – болашақ бағдары, кез келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Пән оқытушылары білім беру жүйесін ақпараттандыруды дамыту бағытында колледждің оқу – тәрбие үрдісін ақпараттандыру мен барлық пәндерге ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану және өз пәнін оқытудың сапасын арттыру жағдайында олардың ақпараттық құзырлылығы қалыптасқан тұлға болуы қажет. Басқаша айтқанда, бұл кеңістікке ең алғаш еніп, оны жүйелі және кәсіби бағытта енуін қамтамасыз ететін мұғалім. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Сонымен мақаламызды қорытындылай келе төмендегідей ұсыныстарға тоқталамыз:

- кәсіптік білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал – жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету;

- кәсіптік білім саласында оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру;

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудан күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, информатика пәнін басқа пәндермен байланыстыра алатын жеке тұлға қалыптастыру. «Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»-деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үдерісінде қолдану оқушының өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, мамандық сапасын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үлесі мол.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2007 жыл;
3. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2008 жыл;
4. «Болашақты бірге қалайық» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл;
5. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 – 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
6. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2001-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. (Жоба);
7. «Информатика негіздері» журналы №3, 2007 жыл;
8. «Қазақстан мектебі» журналы №9, 2004 жыл.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается пути применения на уроках информатики информационную технологию. Применение в учебно-воспитательных процессах информационно-коммуникационную технологию повышает интерес школьников к своим специальностям, формирует научный взгляд, и имеет большой вклад при подготовке способных специалистов. У любого гражданина нашей страны есть возможность подняться на уровень нужного специалиста в любой стране.

SUMMARY

The article discusses ways of applying the lessons of computer information technology. Application in teaching vaspitatelnyh processes information and communication technology increases the interest of students to their fields, forms the scientific view, and has a great contribution in the preparedness of capable professionals. Any citizen of our country has the opportunity to rise to the level of the right person in any country.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бұлақбаева М.К. – п.ғ.к., доцент
Мұхаметжанов Б.А. – п.ғ.к., профессор
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)

Аннотация: Бұл мақалада педагогикалық жоғары оқу орнында қашықтан оқыту жүйесін қолданудың тиімділігі қарастырылады.

Түйін сөздер: білім берудің онлайн-жүйелері, қашықтан оқыту жүйесі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, электронды оқыту платформалары, интернет желісі, асинхронды оқыту, синхронды оқыту.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасында: «Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады.

Біз қалайтындардың барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз»-дей келе, барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ауқатының артуы және елдің денсаулығын жақсарту міндеттерімен бірге жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі атап көрсетілген [1]. Осыған орай, тәуелсіз мемлекетімізде еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар даярлау қажеттігі туады. Өйткені кез келген мемлекеттің жоғарғы мектебінің маңызды әлеуметтік қызметі болашақ маманның өз мүмкіндіктерін көрсете алуына жағдай туғызу болып табылады. Осы айтылған міндеттер – мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарының алдында тұрған негізгі алғы шарттар. Сондықтан да, жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ маманның ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін қашықтан оқыту немесе желілік оқыту жүйесі аса маңызды.

Бүгінде еліміздің білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі күннен-күнге артып келеді. Осы орайда әлемдік тәжірибеде қашықтықтан білім берудің орны ерекшеленіп тұр.

АҚШ-та 1 миллионнан астам адам қашықтықтан оқыту арқылы білім алса, Францияның ұлттық қашықтықтан оқыту орталығы жыл сайын әлемнің 120 мемлекетінен 35 мыңнан астам қолданушыларды қамтамасыз етеді. Ал Түркияда алыс аймақтағы тұрғындарға мамандық алуға көмектесу мақсатында 1974 жылдан ашық университет жұмыс істейді екен. Қосымша сабақ ретіне теле-радио арқылы курстар өткізеді. Осылай 12 000-нан астам қолданушыларды игереді [2].

Қазір дәстүрлі қашықтықтан оқыту, электронды қашықтықтан оқыту, аудиториялық сабаққа түрлі электронды құралдарды пайдалану сияқты қашықтықтан оқыту үлгісінің 2000-ға жуық түрі бар екен. Соның ішінде еліміздің жоғары оқу орындарында кейс, желілік және телевидение сынды ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының көмегімен қашықтықтан оқыту түрі таңдалғанды.

Бүгінгі таңда шетелдік компаниялар өздерінің электронды оқыту платформаларын ұсынып және оларды отандық оқу орындарына сатып та үлгергендері бар. Мәселен, қазіргі таңда Алматы педагогикалық университеті Tamos University Suite деген қазақстандық өнімді пайдаланса, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті – Clix, Германиялық ІМС фирмасының жасап шығарған өнімін ендіруде. Сондай-ақ Platonus Прометей сынды Ресейдің қашықтықтан оқытуға арналған оқу бағдарламасын қолданып жатқан жоғары оқу орындары да кездесуде. Қолдарынан келген университеттердің басшылықтары өз өнімдерін жасап, қашықтан оқыту, электронды оқыту жүйесін оңтайлы жүргізуге тырысуда [3]. Біздің университетімізде «Информатика» мамандығын таңдап, сырттай бөлімде оқытын студенттерге қашықтан оқыту жолға қойылып, өзінің оң нәтижесін көрсетіп жатыр. Шалғайда тұратын студенттер университетке бармай-ақ, өзіне ыңғайлы жерде отырып, берілген тапсырманы орындай беретіндігі, яғни уақыттың ұтымдылығы, екіншіден, оқу ақысының арзан болатындығы, диплом алу мүмкіндігінің болуы.

Біз үшін қашықтықтан оқытудың маңыздылығы – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы студенттердің білім деңгейін көтеру. Сонымен қатар әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, оқушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттырып, білікті маман дайындап, оны өз игілігімізге жарата білсек, ұтар тұсымыз да сол болмақ.

Желілік оқыту моделі. Жоғарыда келтірілген модельдердің ішінен желілік оқыту ИНТЕРНЕТ желісін қолдануға негізделгендіктен, кез келген жоғары оқу орындары үшін оны қашықтан оқыту жүйесінің моделі ретінде таңдау тиімді болып саналады.

Қашықтан оқыту жүйесіндегі желілік оқыту моделі ақпараттық, компьютерлік телекоммуникациялық құралдар мен ғылыми тұрғыда негізделген тәсілдер арқылы білім берудің түрі болып есептеледі. Іс қағаздарды қазақ топтарына оқыту кезінде мына мәселелерге басты назар аударылады:

- компьютер кабинеттерінің болуы және оқу орнын соңғы үлгідегі компьютермен толық қамтамасыз ету;

- алыс-жақын шет елдердегі қашықтан оқытудың іс-тәжірибелерін үйрену және тиімді тұстарын пайдалану;

- қашықтан оқытудың арнаулы орталықтарын құру;

- құқықтық және экономикалық негіздемелерін дайындау, бекіту;

- ЖОО-н мультимедиялық бағдарламалармен жабдықтау;

- оқытудың бірыңғай бағдарламалы пакетін дайындау;

- ЖОО-да іс қағаздар пәнінен қашықтан оқыту курсының білім мазмұнын анықтау;

- іс қағаздарды мемлекеттік тілде қашықтан оқыту тәсілін құрастыру, жобалау;

- студенттің білімін қадағалау және бағалау критерийлерін жасау;

Қашықтан оқыту жүйесінде оқу курстарын ұйымдастырудың ең тиімді жолы *модульдық ұстанымды* пайдалану болып табылады. Оқу курсы модульдер жиынтығы түрінде құралады.

Ақпараттық құралдарды меңгеру, қоғам сұраныстарын қанағаттандыру мәселелерін шешу жолдарының бірі – ақпараттық және коммуникативті технологияға сүйенген қашықтан оқытуды дамыту.

Осындай әдіс-тәсілдерді қолдану қоршаған ортадағы құбылыстарды өздігінен танып-білуге, олардың дамуын негіздейтін ғылыми тұжырымдамалардың қалыптасуына, игерілетін заңдылықтардың студенттер жасаған компьютерлік моделінің негізінде осы тұжырымалардың дұрыстығын тексеріп отыруға мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту, мультимедиа құрамдарының дамуы студенттің білім алуын арттырады. Арнайы бағдарламалар арқылы, мысалы, Power Point арқылы оқушылар мен студенттердің пәнге деген қызығуын туғызуға болады, яғни түрлі фотосуреттер көрсетіп, қосымша материалдар үшін интернетке сілтеме жасайды.

Қашықтан оқыту формасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде компьютерлік оқыту технологиясының дамуына байланысты белсенді орын алады. Өйткені Қазақстан территориясы жағынан алатын болсақ ең үлкен мемлекет емес, бірақ халық көп тұратын аймақ орталықтан біраз қашықта. Бұл қашықтық байланысты орнату, өмірін ұйымдастыру үшін көп шығын шығаруға алып келеді. Қиын экономикалық жағдайда білімгерлер оқуды жұмыспен араластыруға тура келгендіктен сабаққа үздіксіз қатынаса алмайды.

Қашықтан оқыту - білім беру жүйесіндегі жаңа саты. Оқытудың жаңа әдістемесі мен әдістері бойынша қашықтықтан оқытудың жаңа мүмкіндігі, жаңа құралдармен оқу материалдарын жеткізу, оқытудың жаңа принциптерін қолдану, оқу процесін жаңаша жоспарлау және ұйымдастыру.

Қашықтан оқыту – бұл білім беру мекемесі қабырғасынан тыс өз бетінше оқу және білімдегі «жоғарғы технологиялар». Қашықтан оқыту «жоғарғы ақпараттық технологиялардың» арқасында өмірмен қауышты десек артық айтпаймыз.

Қашықтан білім берудің екі жүйесі бар:

- асинхронды оқыту білімгерлердің бір уақытта бір жерде болуын қажет етпейді. Білімгер оқу жоспарына сәйкес келетін пәнді, оқу мерзімін өзі таңдап алады. Асинхронды жеткізудің формасы - электронды почта, аудио және бейне касетаға жазылған курстар және WWW курстары.

- синхронды оқыту барлық білімгерлер мен оқытушының қатысуын талап етеді, жеткізудің бұл жүйесінің артықшылығы - өзара қарым-қатынасты қалыптастырады. Синхронды тарату формалары интерактивті телекөріністі, аудио графикті, компьютерлік конференцияны қамтиды.

Дәстүрлі жүйелерге қарағанда қашықтан білім берудің: әр адамға арналған жеке оқу траекториясын құруға, одан арнайы құрылған ақпараттық технологияларға қатынасу арқылы өтуге, ыңғайлы және тиімді режимде білім беру қызметіне деген қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Қашықтан білім беру жүйесінде жоғары педагогикалық оқу орны студенттеріне ақпаратты жеткізу:

- баспа материалдары (әдебиеттер мен тапсырмалардың оқу-әдістемелік комплекті);
- электронды материалдар (компьютерлік оқыту орталары, мәліметтер қоры, білім қоры, электронды оқулықтар);
- аудио және видео өнімдер;
- теледидарлық бағдарлама арқылы жүргізіледі.

Сәйкесінше, қашықтан білім беру жүйесінде оқыту құралы ретінде:

- оқу-әдістемелік кешендер;
- компьютер, теледидар, телефон, магнитофон;
- бейне магнитофон;
- арнайы мультимедиа техникасы қолданылады.

Студенттерге берілген ақпаратпен жұмыс істеу үшін олар кітап мәтінімен, электронды материалдармен жұмыс істеу, сонымен қатар, аудио және видео өнімдерден, теледидарлық бағдарламадан, бейне лекциялардан негізгілерін белгілеп алу дағдысын, біліктілігін игеру қажет. Осылайша, оқудың сәттілігі студенттің өз бетінше білім алуына тікелей байланысты және қашықтан білім беру жүйесіндегі оқу сапасының негізгі факторы болып табылады. Қашықтан білім беру: *педагогикалық* (ақпараттық-технологиялық), *педагогикалық* (өндірістік-әдістемелік) және *ұйымдастырушылық* (оқыту-ұйымдастыру) бөлімнен тұрады.

Педагогикалық жоғары мектептерде оқу процесіне қолданылатын әдістер мен тәсілдер жиынтығымен анықталады, оның қызметіне қашықтан білім берудің программалық және ақпараттық қамтамасыз етуі кіреді. Бұл кезеңде мультимедиялық курсты, экспортты оқыту жүйесін өңдеуші, INTERNET-тің жаңа техникасын енгізу бойынша инженер – жүйетехник, мультимедиялық курсты өңдеуші әдіскер және ЭЕМ операторлары жатады. Мультимедиялық курсты өңдеуші әдіскер мен инженер – жүйетехниктің міндетіне қашықтан оқытуға арналған электронды оқулықтар мен әдістемелік құралдарды жасау жатады. Сонымен қатар, олар ДО бойынша тестілеу жүйесін жасаумен, электронды жұмыс дәптерін тексеру мен қалыптастыру әдістемесін өңдеумен айналысады. Қашықтан оқыту мекемесінің білім беруді ұйымдастыру құрылымын сипаттайды. Бұл оқыту-ұйымдастыру бөлімі білімгерлермен, жеке оқушылармен қашықтан білім беруді жүргізу келісім – шартына тұрумен, қашықтан форма бойынша оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастырумен, сонымен қатар құжаттарды енгізумен айналысады. Құжаттар электронды оқулықты беруді есепке алу және бақылаудан; жұмысшы дәптерді тексеруді есепке алудан; қашықтан консультацияны ұйымдастырудан; оқытушылардың оқу жүктемесін есепке алудан; білімгерлер мен оқушылардың үздіксіз байланысын қамтамасыз етуден; білім аттестациясын құжатқа енгізуден тұрады. Ал оқу процесінде қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдер, білім мазмұны – ақпараттық және коммуникативті құзыреттіліктерді қалыптастырудың бірде-бір құралы. Білім беру мазмұны адамзат жинақтаған әлеуметтік тәжірибенің барлық элементтерін қамтиды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан 2012.

2. Қожамұратова Д. Қашықтан оқыту – ХХІ ғасыр оқу жүйесі.
<http://www.alashainasy.kz/culture/9875/>
3. <http://45minut.kz/?p=13377>

РЕЗЮМЕ

В статье говорится об эффективности применения дистанционной системы обучения в вузах.

SUMMARY

In the article talked about efficiency of application of the controlled from distance departmental teaching in institutions of higher learning.

УДК 37. 013 42
Е 15

ПРОБЛЕМЫ ОСМЫСЛЕНИЯ ГУМАНИТАРНОЙ МЕТОДОЛОГИИ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Есеева М.Т. - к.п.н.

*(г. Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: В статье рассматриваются проблемы осмысления гуманитарной методологии современного образования.

Ключевые слова: образование, методология, парадигма образования, парадигмальный подход, модернизация образования, реформирование образования, развитие образования.

Развивающемуся обществу нужны современно образованные, нравственные, предприимчивые люди, которые могут самостоятельно принимать решения в ситуации выбора, способны к сотрудничеству, отличаются мобильностью, динамизмом, конструктивностью, готовы к межкультурному взаимодействию, обладают чувством ответственности за судьбу страны, за ее социально-экономическое процветание. Система образования должна готовить людей, умеющих не только жить в гражданском обществе и правовом государстве, но и создавать их. На современном этапе развития Казахстана образование, в его неразрывной, органичной связи с наукой, становится все более мощной движущей силой экономического роста, повышения эффективности и конкурентоспособности народного хозяйства, что делает его одним из важнейших факторов национальной безопасности и благосостояния страны, благополучия каждого гражданина.

Существует несколько определений понятия «образование»: философское, общенаучное, социально-научное и понятие образования в обыденном сознании. При этом в рамках каждой категории трудно прийти к единому толкованию. Рассмотрим уровень общенаучного и социально-научного смысла понятия образования, где выделяются несколько концепций.

Первая. Образование – это род духовного производства, а именно трансляция знаний, т.е. самостоятельная сфера, имеющая собственные законы функционирования, обусловленные спецификой предмета и средства труда.

Вторая. Образование – это система формирования личности, оказывающая обучающее и воспитывающее воздействие.

Третья. Образование – это универсальное средство формирования научного мировоззрения и технологии передачи знаний.

Четвертая. Образование - это элемент культуры.

Пятая. Образование – предельно широкое социокультурное, социально-экономическое и собственно педагогическое явление, если исходить из определения данного российским академиком Б.С.Гершунским в книге «Философия образования».

Следует отметить, что каждая из этих концепций имеет множество модификаций, которые, в конечном счете, сводятся к одной из указанных: род духовного производства, система формирования личности, элемент культуры, социокультурное и социально-экономическое явление.

Все названные концепции по-разному представляют парадигму, которая отражает либо смену направления или пласта исследования, либо его метода, языка, ее функции, но не выходят за границы самой науки. Сегодня это свидетельствует о том, что не исчерпан потенциал науки, еще возможны различные варианты не только построения теоретических систем, но и различные формы освоения духовного наследия в практической жизни.

В современной науке парадигмальный подход широко применяется для решения научных и практических задач. При исследовании существующих национальных систем образования соотнесение конкретных образовательных систем с теоретически выделенными образовательными моделями позволяет четче определить их специфику.

Сегодня предстоит выбор парадигмы образования, наилучшим образом соответствующей требованиям будущего.

По принятым в науке представлениям, парадигма представляет собой «..совокупность теоретических и методологических предпосылок, определяющих конкретное научное исследование, которая воплощается в научной практике на данном этапе». Понятие «*парадигма*» (с греческого «образец») впервые было введено в научный обиход профессором Пристонского университета (США) Томасом Куном. Под парадигмой он понимал «...признанные всеми научные достижения, которые в течение определенного времени дают научному сообществу модель постановки проблем и их решения». Позднее Кун назовет парадигму «дисциплинарной матрицей», так как, с одной стороны она состоит из упорядоченных элементов, т.е. представляет собой матрицу, а с другой стороны, является императивом для ученых в плане стиля мышления и поведения, т.е. парадигма дисциплинарна.

Парадигмальный подход к анализу образовательных процессов не является новым. Его использовали в своих работах такие известные ученые, как М.В.Богуславский, Е.В.Бондаревская, В.Ф.Взятых, О.С.Газман, В.В.Давыдов, Д.А.Иванов, Г.Ф.Карпова, И.А.Колесникова, Г.В.Кульневич, М.В.Корнетов, В.Я.Пилиповский, П.С.Розов, В.В.Серигов, А.С.Савельев, В.Г.Шукшунов, И.С.Якиманская и др.

В рамках данного исследования нам видится актуальным решение трех взаимосвязанных задач, а именно:

- выделение методологической, в собственном смысле слова, проблематики современного национального образования;
- актуализация существующих методологических концепций, с точки зрения ответа на существенные вызовы, стоящие перед современным образованием;
- формулировка содержательных утверждений и предложений, касающихся образовательной политики.

При методологическом обосновании решения указанных задач следует четко разграничить понятия «Модернизация образования», «Реформирование образования» и «Развитие образования».

Действительно, на первый взгляд, все три категории принадлежат единому смысловому полю: речь идет о более или менее целенаправленных *изменениях*, которые должны привести к достижению некоторых *положительных* результатов. В рамках системно-мыследеятельностного подхода все эти категории различаются только на уровне деятельности, обеспечивающей их реализацию. Соответственно, методологическая

интерпретация этих категорий исчерпывается определением их функционального, деятельностного наполнения.

В логике гуманитарной методологии не меньшую роль, чем деятельностное содержание, играет понимание каждого феномена в единстве его исторических, процессуальных, бытийных, ценностных и иных оснований. Действительно, категория *Развития* непосредственно восходящая к гегелевской философии *Становления*, в русском языке актуализирует корень «*вита*» (жизнь). В этой связи, мы можем говорить о развитии, как имманентном принципе органического существования, не имеющем никаких внешних, формальных или условных ограничений.

Напротив, категория *Реформирования* четко фиксирует реальность в пространстве перехода между различными формами. Это означает, с одной стороны, что *реформирование*, в отличие от *развития*, в большей степени связано с внешними, формальными, структурными аспектами, с другой стороны, сама практика реформирования требует наличия субъекта, находящегося во внешнем отношении к реформируемой реальности.

Наконец, категория *Модернизации* предполагает не только различие двух формальных структур, между которыми осуществляется переход, но также – их предварительной идентификации по отношению к критерию «современности – несовременности». Помимо этого, сам феномен модернизации содержит в качестве одного из аспектов – ссылку на технико-экономические мероприятия, проводимые с целью повышения эффективности того или иного производства.

Образование не испытывает дефицита в различного рода модернизационных проектах. При этом парадоксальным является именно то обстоятельство, что, подчас, успешная реализация каждого из них в отдельности нисколько не меняет общей ситуации.

Нам видится здесь определенное концептуальное несоответствие: проекты и проектирование как род гуманитарной практики, могут оказаться эффективными только при определенных условиях. К числу последних относятся: наличие *единого субъекта* и неизменность его основных потребностей в течение всего срока реализации проекта, *линейность и последовательность* разработки и реализации проекта, *сосредоточение вокруг проекта необходимых ресурсов* и др. В целом, можно говорить о том, что проектирование представляет собой род линейного мышления и практики.

В этих условиях необходимость методологического анализа происходящего в сфере образования и его научного обоснования проявилась с особой ясностью, и в то же время стала ощутимой потребность в новом осмыслении и укреплении самой методологии.

Нет смысла вести споры о том, какая из философских систем может дать наиболее ценные указания и обобщения процессу образования: диалектико-материалистическая философия, педагогическая антропология, аналитическая философия или герменевтические направления, такие, как психоанализ, постструктурализм, постмодернизм. Важнее вклад, который внесли в общую проблематику воспитательно-образовательного процесса отдельные персоналии философского дискурса, как то Платон, Г.Гегель, М.Фуко, Ж.Ф.Лиотар и др. Философия образования как наука, исследующая проблемы образования, должна задавать общий социокультурный и онтологический контекст рассмотрения проблем образования, а не исходить лишь из какого-либо философского направления.

Философия образования исследует подход к личности посредством категорий субъекта, свободы, саморазвития, целостности, диалога, игры как форм самопроявления индивида, Личностно ориентированное образование с этой точки зрения противостоит редукции целостного человека к отдельным «частям» его бытия, прагматизму, вещизму, функциональному развитию свойств личности, значимых для каких-либо утилитарных целей (Г.С.Батищев, В.Е.Кемеров, М.Полани, Н.Б.Сигов, В.Н.Щердаков, Р.Эванс).

Образование так многоаспектно, что для уяснения его сущности используют массу предикатов, сторон, трактовок, подходов. Когда мы подчеркиваем суть философского подхода к образованию, мы выделяем его стороны: процессуальную, системную, ценност-

ную, результативную. Иначе говоря, выделяем основные подходы к определению понятия «образование».

Тогда *образование как процесс* понимается не как процесс обучения и воспитания человека в виде передачи знания и опыта, навыков от одного к другому. Главным является творческое развитие и саморазвитие человека в процессе его обучения. Непрерывность выступает в качестве основной черты образования как процесса. Еще Новое время выработало своеобразный унифицированный образ науки. Образование стало наукоучением, то есть наукой в рамках конкретной дисциплины. У образования есть также и другая его сторона – обучение в единстве с воспитанием. Личность должна формироваться не в качестве субъекта исключительно науки, а скорее в качестве субъекта культуры.

Образование как система включает различные подсистемы в зависимости от наличия субъектов обучения, цели образования, отношения субъектов к различным социальным системам, то есть разные элементы и связи между ними. Функцией образования как системы принято считать систематическое обучение и воспитание (субъектов, членов того или иного общества, индивидов), ориентированное на овладение знаниями, научными в первую очередь, нравственностью, ценностями, умениями, навыками, нормами поведения. Образование как система характеризуется целью, содержанием, учебными программами, планами, в которых передается опыт от предшествующих к последующим поколениям, прогнозируются последующие события.

Образование как результат суть развитие субъектности, понимаемой в онтопсихологической перспективе разворачивания процессов индивидуализации, инкультурации, самоактуализации. Главный проблемный момент ситуации человека заключается не в том, чтобы выбрать или определить для себя некоторый фуг задач, а в том, что он с этой выбранной позицией должен существовать в общественном бытии, считаться с мнением и присутствием других индивидов.

В данном контексте представляется наиболее значительным - указание на *рациональность* методологического мышления, понимаемую не только и не столько как *программность* или *последовательность*, но - как *сопоставимость*, *сравнимость* и, в определенном смысле, *пропорциональность* нашего индивидуального опыта (рациональность - от лат. *ratio* - отношение, пропорция). Причем, речь идет не только об установлении этого соотношения в интересубъектном пространстве, но и обеспечении *преемственности* человека с самим собой, как элементом *прошлого* и проецированием на себя, как элементом *возможного будущего*.

Именно на этом основании, мы можем в нынешнем, сугубо предварительном рассуждении, выделить четыре полюса, вокруг которых, на наш взгляд, *может* концентрироваться и развиваться *гуманитарная методология*:

методология *субъектности*, понимаемая как практика «консолидации» самого себя, соотнесения разных модальностей своего существования и разных компонентов жизненного и профессионального опыта в пределах единого - субъектного - поля;

методология *интерсубъектности*, понимаемая как практика и средства установления коммуникации в образовательном пространстве, в том числе, практик понимания (герменевтики), межличностного и межинституционального диалога и пр.;

методология *критики*, понимаемая как практика восстановления пространства человеческих значений, их ситуативных и субъектных трансформаций;

методология *ситуационного анализа*, понимаемая как совокупность моделей описания, конструирования и реконструкции жизненного мира педагога, профессионала, человека.

Кризис образования, превратившийся в мировое явление, неудачи в осуществлении принятых ранее политик и стратегий осуществления его реформ выдвигают на первый план именно философское осмысление создавшейся ситуации. Без выработки новых концептуальных, методологических и аксиологических подходов окажется невозможным

достижение тех целей в сфере образования, которые выдвигаются как на международном, так и на национальном уровне.

В этих условиях необходимость методологического анализа происходящего в сфере образования и его научного обоснования проявилась с особой ясностью, и в то же время стала ощутимой потребность в новом осмыслении и укреплении самой методологии.

Достигнутое понимание научного статуса, структуры и проблематики педагогики в современных условиях и других методологических и теоретических аспектов сферы образования позволяет нам говорить о самой методологии педагогики, ее теоретических и нормативных основаниях.

В кругу понятий, с которыми приходится иметь дело педагогу, «методология» выступает как одно из самых неопределенных, многозначных и подчас спорных.

Неясность начинается с самого определения методологии. Нередко оно выводится не столько из анализа реальных потребностей и тенденций развития образования и изучающей его науки, сколько из общих философских оснований, не дающих однозначного понимания.

Предмет методологии педагогики выступает как соотношение между педагогической действительностью и ее отражением в педагогической науке.

В настоящее время особенно остро стоит проблема повышения качества педагогических исследований. Усилилась направленность методологии на помощь исследователю, на формирование у него специальных умений в области исследовательской работы. Таким образом, методология приобретает, как принято говорить, нормативную направленность, и ее важной задачей становится методологическое обеспечение исследовательской работы. Методология педагогики, как отрасль научного познания выступает в двух аспектах: как система знаний и как система научно-исследовательской деятельности. Имеются в виду два вида деятельности - методологические исследования и методологическое обеспечение. Задача первых - выявление закономерностей и тенденций развития педагогической науки в ее связи с практикой, принципов повышения эффективности и качества педагогических исследований, анализ их понятийного состава и методов. Обеспечить исследование методологически - значит использовать имеющиеся методологические знания для обоснования программы исследования и оценки его качества, когда оно ведется или уже завершено.

Этими различиями обусловлено выделение двух функций методологии - *дескриптивной*, т. е. описательной, предполагающей также и формирование теоретического описания объекта, и *прескриптивной*, или нормативной, создающей ориентиры для работы исследователя.

Наличие этих двух функций определяет и разделение оснований методологии педагогики на две группы - основания теоретические и нормативные.

К теоретическим основаниям относится следующее:

- определение методологии;
- общая характеристика методологии науки, ее уровней: общефилософского, общенаучного, конкретно-научного, уровня методов и техники исследования;
- методология как система знаний и система деятельности; источники методологического обеспечения исследовательской деятельности в области педагогики;
- объект и предмет методологического анализа в области педагогики.

Нормативные основания охватывают такой круг вопросов:

- научное познание в педагогике среди других форм духовного освоения мира, к которым относятся стихийно-эмпирическое познание и художественно-образное отображение действительности;
- определение принадлежности работы в области педагогики к науке характер целеполагания, выделение специального объекта исследования, применение специальных средств познания, однозначность понятий;
- типология педагогических исследований;

- характеристики исследования, по которым ученый может сверять и оценивать свою научную работу в области педагогики: проблема, тема, актуальность, объект исследования, его предмет, цель, задачи, гипотеза и защищаемые положения, новизна, значение для науки, значение для практики;

- логика педагогического исследования.

- система педагогических научных дисциплин, связь между ними.

Этими основаниями очерчена объектная область методологических исследований. Их результаты будут служить источником пополнения содержания самой методологии педагогики и методологической рефлексии педагога-исследователя. В своей нормативной части они найдут применение в оценке эффективности и качества конкретных исследований в образовании. В целом полученные знания составят основу формирования методологической культуры педагога.

В содержание методологической культуры входят: методологическая рефлексия (умение анализировать собственную научную деятельность), способность к научному обоснованию, критическому осмыслению и творческому применению определенных концепций, форм и методов познания, управления, конструирования.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследования. - М., 1984. - С. с.10.
2. Философский энциклопедический словарь. - М., 1983. - С.365.
3. Гершунский Б.С., Никандров Н.Д. Методологическое знание в педагогике. - М., 1986. - С.30-31.
4. Есеева М.Т. Развитие системы общего среднего образования Японии// автореферат дисс. на соискание ученой степени к.п.н. 13.00.01 – Общая педагогика, история педагогики и образования, этнопедагогика.
5. Бермус А.Г. Гуманитарная методология в образовании: истоки, контексты, опыт // Педагогика. - 2008. - № 6. - С. 15-22.
6. Есеева М.Т. Соотношение методологии образования и образовательной политики.// Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана. № 3, 2006.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі білімнің гуманитарлық әдіснамасын түсіндіру мәселелері қарастырылады.

SUMMARY

The problems of comprehension of humanitarian methodology of modern education are examined in the article.

ӘОЖ 373.1:37.033:39:373.3

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫММЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ ФОРМАЛАРЫ

*Жұбандықова А.М. - п.ғ.к., аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада мектепке дейінгі ұйым педагогикалық ұжымымен жүргізілетін әдістемелік жұмыстың формалары және оны ұйымдастыру түрлері туралы жазылған.

Түйін сөздер: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» білім беру салалары, педагогикалық кеңес, мектепке дейінгі ұйым тәжірибесінің жұмысы.

«Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев көрсеткендей болашақ ұрпақты тәрбиелеу мектепке дейінгі кезеңнен басталатыны рас. Қазіргі таңда үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі білім беру мәселесіне бүгінгі таңда жан-жақты көңіл бөлінуде. Мектепке дейінгі ұйымдардың балаларға жан-жақты тәрбие беріп, салауатты өмір салтына, заман талабына сай, денсаулығы мықты, парасатты да инабатты ұрпақ тәрбиелеуде орны ерекше.

Мектепке дейінгі ұйымдар қазіргі таңда пайдаланылып келе жатқан төл бағдарламамыз «Балбөбек», «Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы», «Балабақшадағы 5-7 жастағы балаларды мектепалды даярлау», «Қайнар» бағдарламаларын басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі мекеменің балаларына жалпы азаматтық рухани құндылықтарға сәйкес келетін жеке басының мәдениетіне тәрбиелеу арқылы жан-жақты даму жолында, оқу іс-әрекеті барысында жаңа технологиялық үрдістерді қолдануда.

Мектепке дейінгі ұйым педагог-тәрбиешілері Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру жаңа стандартын басшылыққа ала отырып, «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» білім беру салаларына байланысты мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сай оқу іс-әрекетін шығармашылық ізденіс негізінде жүзеге асыруда. Мектепке дейінгі мекемелерде әрбір тәрбиеші қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыра отырып, балалардың интеллектуалдық қабілетін, ақыл-ой дағдыларын, таным мен қызығушылықтарын ойын арқылы оқу іс-әрекетінде дамытуда. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің балалармен жүргізілетін жұмыстарының тиімді болуы әдістемелік жұмыстың дұрыс орынға қойылғанына тікелей байланысты.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы әдістемелік жұмыс – кешенді және шығармашылық үрдіс, мұнда тәрбиешілерді балалармен жұмыс жасаудың әдістері мен тәсілдеріне үйрететін практикалық оқыту жүзеге асырылады. Қазіргі заманғы жағдайларға сай әрбір балабақшаларда ғылыми – әдістемелік орталықтар жұмыс жасауы тиіс. Оның мақсаты тәрбиешілердің саяси идеялогиялық, ғылыми-теориялық деңгейлерін және әдістемелік біліктіліктерін көтеру. Әдіскер осы орталықтың ұйымдастырушысы және кеңесшісі ретінде мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерін педагогикалық және психологиялық ғылымдардағы жаңа жетістіктермен мектепке дейінгі тәрбиенің жаңа әдістерімен таныстырып өзіндік білім алуларына көмек көрсетеді.

Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары және мазмұны:

1. Мектептегі, аудандағы (қаладағы), облыстағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары оқу-тәрбие жұмысының талдау жүйесі, диагностикасы негізінде анықталады және ғылым, техника, технология жетістіктерін және жұмыстың жергілікті жағдайларын есепке ала отырып, мектепке білім беру бөліміне (басқармасына) қойылатын қазіргі заман талаптарына бағытталған.

2. Әдістемелік жұмыстың мазмұны анықталынған бағыттармен, нақты белгіленген мақсаттар және міндеттермен анықталады. Ол ең алдымен заңды және нормативті құжаттармен танысудан; оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу құралдарын, әдістемелік нұсқауларды, оқытудың және сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбиелік жұмыстың қазіргі технологиялары мен әдістерін оқып-үйренуден; жаңашыл және озық тәжірибемен, ондағы озық ойларды шығармашылықпен қолдана білумен, менеджменттің міндеттері және ойларымен, жаңғыртумен, инновациямен танысудан тұрады.

Әдістемелік жұмыста оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және мұғалімге, білім беру ұйымына тәжірибелік көмек көрсетуге бағытталған алуан түрлі әдістемелік жұмысты

дайындап, өткізу және аудан көлеміндегі білім беру үдерісінің мониторингі маңызды орын алады.

Жұмыс түрлері:

3. Ұжымдық: пәндік, циклдік, проблемалық, әдістемелік бірлестіктері, конференциялар, семинарлар, педагогикалық оқулар, шығармашылық кездесулер, шығармашылық зертханалар және т.б.

4. Топтық: шығармашыл, зерттеу, сынақтан өткізу т.б.

5. Жеке өзіндік: ұстаздық ету, кеңестер беру, кәсіби жағынан машықтандыру, өз бетімен білім алу.

Әдістемелік жұмыстың құрылымы

6. Мектепте: қазіргі заман талаптары мен жолдарына сай оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру мақсатында мұғалімдер мен барлық педагогикалық ұжымдар оқыту қызметінің мониторингі негізінде мектеп Жарғысымен белгіленеді.

7. Ауданда (қалада): білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің біліктілігін көтеру және оларды қайта даярлау оқу орындары туралы Үлгі ережемен, осы ережемен анықталады.

Жұмыстың ұйымдастырушылық түрлері

8. Мектепке дейінгі мекемеде әдістемелік бірлестіктер (кафедралар), мектепке дейінгі мекеме мен мектеп-интернат тәрбиешілеріне арналып құрылады. Бірлестік отырыстары әр тоқсанда бір рет немесе қажет жағдайда өткізіледі.

9. Мектептегі әдістемелік бірлестіктер сол мектепте бір пән бойынша 3 мұғалімнен аз болмаған жағдайда құрылады. Басқа жағдайларда пәнаралық, мектепаралық бірлестіктер құрылады.

10. Аудандық әдістемелік бірлестіктер пән мұғалімдеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне, мектепке дейінгі мекеме мен мектеп-интернат тәрбиешілеріне, мектеп кітапханашыларына арнап құрылады. Бірлестік отырыстары жылына екі-үш рет өткізіледі.

11. Ауданда біріктірілген сыныптардан тұратын шағын комплектілі мектептер болған жағдайда біріктірілген класс-комплектілердің мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі құрылады.

12. Біршама пәндерді шет тілдерде оқытатын шет тілдері мұғалімдері үшін мектепте әдістемелік бірлестік (кафедра) құрылады, оның жұмысын білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын институттардың ғылыми-әдістемелік орталықтары басқарады.

Педагогикалық ұжыммен жұмыс жасаудың әдістемелік жұмыс формаларына педагогикалық кеңес, теориялық семинарлар, семинар – практикумдар, шығармашылық кеңестер жатады.

Педагогикалық кеңес мектепке дейінгі ұйым іс – әрекетін ұжымдық қаратырудың әрекеттік органы мен алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибенің орталығы болып табылады. Ол мектепке дейінгі ұйым іс – әрекетімен байланысты сұрақтарды шешеді:

1. Балабақшалардағы тәрбиелік – білім беру жұмыстарының қалыптарын талдауға байланысты сұрақтар:

- педагогикалық кадрлардың идеялық – саяси және рухани дамуына байланысты, жалпыпедагогикалық мәдениет пен педагогикалық шеберлік және тәрбиешілер жұмысындағы қиындықтарды шешуге көмектесетін мәселелерді талдау мен оларды шешудің жолдарын іздеу.

- тәрбиешілердің, музыка жетекшісінің, ата-аналар комитеті төрағасының жұмыстарының есептерін қарастыру.

- мектепке дейінгі ұйым тәжірибесінің жұмысына педагогикалық ғылым жетістіктері мен алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелерді ендіру.

2. Ұйымдастырушылық – педагогикалық іс – шаралар:

- балабақшаларды материалды – техникалық және санитарлы – гигиеналық қамтамасыз ету сұрақтарын шешу;

- ата-аналармен, қоғамдық ұйымдармен жұмыс, педагогикалық кеңестің тапсырған тапсырмаларын орындау туралы есептер, ата – аналар комитетінің жұмыс
- мазмұнын анықтау және ұйымдастыру.
- ұсыныстарды орындау туралы тәрбиешілердің есептері мен аттестациялау қорытындыларын қарастыру, аттестациялық мінездемелерді бекіту, тәрбиешілерді олардың педагогикалық іс-әрекетінің нәтижелері бойынша мадақтау және атақ пен дәреже беру.

Әдістемелік кеңестің басшысы мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі болып табылады. Педагогикалық кеңестің жұмысына халықтық білім беру органдарының жауапты қызметкерлері қатыса алады.

Педагогикалық кеңестің құрамына: аға тәрбиеші, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дәрігер, аға медбике, ата-аналар комитетінің төрағасы. Педагогикалық кеңестің отырысына қоғамдық ұйымдардың басшылары, мектеп мұғалімдері, мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің ата-аналары да шақырылады.

Педагогикалық кеңес мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сай жоспар бойынша жұмыс жасайды.

Педагогикалық кеңес жұмысының нәтижелілігі педагогикалық кеңеске берілген сұрақтың қаншалықты сауатты екендігіне байланысты болып келеді.

Педагогикалық кеңес мектепке дейінгі ұйымның жұмысының жылдық жоспарына кірген және педагогикалық кеңес арқылы бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасайды.

Педагогикалық кеңес дайындығының формалары түрлі болуы мүмкін. Мысалы, бір тәрбиешіге өзінің жұмыс тәжірибесі туралы айту міндеттелсе, айталық, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу туралы; келесісіне осы сұрақ бойынша психологиялық – педагогикалық ғылымның соңғы нәтижелері бойынша хабарлама дайындау, үшіншісіне, бір –бірімен тәжірибе алмасушы тәрбиешілердің топтарында болып қайту міндеттеледі. Аға тәрбиеші берілген тақырыптың мағынасын ашатын сұрақтардың тізбесін дайындап, теория мен әдістеменің аса қиын сұрақтарын жаңашыл тәрбиешілерге міндеттейді.

Баяндама жасауда: терең мазмұн, нақты және логикалық баяндау, идеяның шығармашылық тұрғысы мен нақты аргумент болуы тиіс. Баяндамаға бөлінген уақыт 20-30 минуттан аспауы тиіс. Керісінше болған жағдайда қарастырып отырған сұрақты талқылауға және шешім қабылдауға уақыт жетпей қалуы мүмкін.

Педагогикалық кеңестің отырысы белсенді, шығармашылық түрде өтсе, тәрбиешілердің идеялық – саяси және кәсіби деңгейін көтеруге, педагогикалық ойлауы мен әдістемелік жұмысқа деген қызығушылығын дамытуға септігін тигізеді.

Оқу жылы барысында барлық тәрбиешілер баяндамашы бола алады және педагогикалық кеңеске қойылған сұрақтарды талқылауға қатысулары тиіс.

Педагогикалық кеңестің отырысында «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында» қойылған талаптарды орындауға байланысты тәрбиешілердің есептері тыңдалады. Өз іс-әрекеттеріне талдау бере отырып, тәрбиешілер жетістіктерін ғана емес, кемшіліктерін де белгілейді, нәтижелі қолданылған әдіс-тәсілдерін де талқылайды. Мұндай есептер тәрбиешілердің топтардағы тәрбиелеу және білім беру сапасына деген жауапкершіліктерін арттырады.

Балабақша ұжымында түрлі деңгейдегі және тәжірибелері де түрлі тәрбиешілер жұмыс жасайды. Олардың мүмкіндіктері мен қабілеттері, білімдері мен алдына қойған міндеттерді шеше алу дәрежелері әртүрлі болып келеді. Сондықтан, педагогикалық кеңестің келесі отырысына дайындалған әдіскер тәрбиешілерге үлкен көмек көрсетеді. Педагогикалық кеңестегі міндетті ереже–мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелеріндегі ғылыми-теориялық өзекті ақпараттарды айту болып табылады.

Бір немесе бірнеше жас топтарындағы оқу-тәрбиелік жұмыстың қалыптарын және балалардың білім, білік, дағдыларының бағдарлама талаптарына сәйкестілігін талдауға бағытталған педагогикалық кеңестер көпшіліктің қызығушылығын туындатады.

Педагогикалық кеңесте тәрбиешілердің жұмысындағы кемшіліктеріне кәсіби сынды дұрыс қабылдауына септігін тигізетін өзара топты аралау нәтижелері талқыланады.

Педагогикалық кеңеске дейінгі екі-үш күн бұрын баяндама жасаушылардың аты-жөні, күн тәртібі, баяндаманың әдебиеттер тізімі, кейде талқыланатын тақырыпқа байланысты сұрақтар да хабарламаға ілінеді.

Педагогикалық кеңестегі тәрбиешілердің есептері, хабарламалары мен баяндамаларының тақырыптарын бөлу оқу жылының басында жоспарланады. Бұл - тәрбиешілерге қажетті әдебиеттерді таңдауға және танып білуге, барлығын ойластырып, мәтінді жазуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық кеңестің нәтижелілігі жетекшілердің кеңес жүргізе алу біліктілігіне байланысты болып келеді. Балабақша меңгерушісінің немесе әдіскердің қысқаша бастама сөзі талқыланып отырған мәселенің маңыздылығы мен өзектілігін көрсетеді.

Педагогикалық кеңестің отырысы екі айда бір рет шақырылады. Талқылануға 2-3 сұрақ беріліп, педагогикалық кеңес жұмыстан тыс уақытта жүргізіледі.

Педагогикалық кеңестің шешімі туралы жоба баяндама жасаушымен (балабақша меңгерушісі немесе әдіскері) алдын-ала дайындалады.

Педагогикалық кеңеске қатысушылар өздерінің толықтыруларын, өзгертулерін ендіре алады. Педагогикалық кеңестің шешімінде орындалуын тексеруге болатын нақты мерзім мен істер болуы тиіс. Жұмыстардың орындалуына жауапты адамдар тағайындалады. Педагогикалық кеңестің шешімі барлық ұжым мүшелері үшін міндетті болып келеді. Педагогикалық кеңестің хаттамасы кеңестің төрағасымен және хатшысымен бекітіліп, балабақшаның іс-құжатында сақталады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚРМЖМБС бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмысын жоспарлау үлгілері.-Алматы, 2011.
2. *Белая К.Ю.* Инновационная деятельность в ДОУ. М., 2005.
3. *Белая К.Ю.* Методическая работа в ДОУ: анализ, планирование, формы и методы. М., 2008.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается формы и организация педагогической работы в дошкольных учреждениях.

SUMMARY

In the article is examined forms and organization of pedagogical work in preschool establishments.

УДК 371
М 83

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Измагамбетова Р.К. - ғылыми қызметкер
«Қазақ мектебінің даму мәселелері» зертханасы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)

Аннотация: Мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру жолдары қарастырылады. Шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру дегеніміз - өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену.

Түйін сөздер: шығармашылық, шығармашылық мәдениет, даму, шығармашылық әрекеттер, ұлттық мәдениет, рухани құндылықтар, ана тілі.

Жаңа заман талабына сай оқушылардың шығармашылық мәдениетін дамыту барысында, әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу, бір жағынан, қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан, ерекше дарынды балалардың жеке өзіндік интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе, екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Мәселелерді жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да.

Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады. Мектептің тірегі де, жүрегі де, білімнің тұтқасы да – мұғалім. Бала тағдыры қолына сеніп тапсырылып отырған басты тұлға да ұстаз екені де баршаға белгілі.

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық — бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

К.Д. Ушинский пікірін П.Ф. Каптерев одан әрі дамыта отырып, педагогикалық үрдіс оқушы мен мұғалімнің бірлескен әрекеті: бір жағынан, бұл - мұғалімнің бағыттаушы, ал екінші жағынан - оқушының өзіндік ішкі әрекеті. Ол оқушының белсенді білім игеруі мен қызығушылығына, талпынысына ерекше мән берді. П.Ф.Каптерев оқушының білімді игерудегі ішкі процестерін зерттеуді бірінші орынға қойды. Ең маңыздысы, бұл процестерге жағымды жағдайлар жасау дейді [1, 29 б.].

Қазақ мектептерінде дидактикалық міндеттерді шешуде Ы.Алтынсарин үлкен үлес қосты. Ы.Алтынсариннің мұғалім міндеттері туралы, қалай оқыту керек, қалай оқу керек деген талаптары біздің зерттеулерімізде маңызды болды. Ы.Алтынсарин бойынша оқытудың жеке әдіс-тәсілдеріне:

а) оқыту әдісі - бұл баланың білімге құштарлығын оятатын, кейіннен өз бетінше білім көтеруіне бастайтын жол;

ә) сабақта баланың ой-әрекетін жаттықтыру. «Маңыздысы, оқушының өз бетінше ойлана білуі».

Тәуелсіз елдің тірегі – білімді ұрпақ, өркениет біткеннің өзегі – білім, ғылым, тәрбие дейтін болсақ, осының барлығының бастауы – бастауыш мектеп. Ал бастауыш буынның негізгі міндеті баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін дамыту, адамзаттың асыл қасиеттерін оқушы бойына сіңіру.

Кейбір зерттеулерде оқушының танымдық белсенділігі – бұл интеллектуалды және кәсіптік дайындыққа бағытталған үздіксіз оқу үрдісі, оқу тиімділігі мен оқытудың ғылымилығы деңгейін оптималдандыру ретінде түсіндіреді.

Баланың шығармашылық іс-әрекеттерін, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарын тәрбиелеу ана тілі арқылы жүзеге асады. Осы пәннің маңызы туралы Ж.Аймауытов былай дейді: «Оқытатын пәндердің бәріне бірдей керекті, бәрін қаусырып, орап алатын пән - ана тілі екені даусыз. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілін үйрену – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен қатар, бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін ойлау жүйесін, ой пәлсафасын да меңгереді» [2, 10 б.]. Ал ана тілін оқыту арқылы шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру дегеніміз - өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Осыған орай В.В.Давыдов: «Бастауыш мектепте шығармашылық қабілеттіліктерді оқу әрекетінде көрінеді, даму өнімі-оқуға құштарлық, ынталылық» - дейді [3, 239 б.]. Ал шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін.

Біздің міндетіміз оқушыға оның бойында көрінбей тұрған мүмкіншіліктерін ашып көрсету. Осы міндеттерді орындауға мұғалімге бірден-бір керегі – дұрыс, тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап пайдалану. Мен өз тәжірибемде жаңа технологияларды қолдану арқылы біраз нәтижеге жеттім. Бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушының өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді, түрлі іс-әрекетке бағыттайды.

Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы қалыптастыруға бағытталған шақтар түрлері төртке бөлінеді: «танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әдіснамалық».

Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы арттыруда шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін өткізудің маңызы зор.

Мұндай түрдегі сабақтардағы түрлі оқу жұмыстары оқушының шындық белсенділігін арттырып, оқу мен ойлау әрекетінің тиімді амал-тәсілдерін, яғни материалының негізгі ұғымдары мен тұжырымдарын айыру, жаңа материалды өткен материалмен салыстыру оларды белгілі жүйеге топтастырады және қорытындылау жасау сияқты амалдарды дайындауға үйренеді.

Шығармашылық сабақтардың жоспарын жасауда оқушының шығармашылық әрекетінің бағдарына сәйкестендіріп, олардың қабілеттері, ескерілуі тиіс. Оқушылардың шығармашылық әрекетін тудыратын сабақтарды өткізу жоспары мен кезеңдерін қарастырамыз.

Шығармашылық сипаттағы сабақтардың жоспарын жасау үшін тақырыбы, мақсаты, әрекет түрі және нәтижелері бір-біріне жуық байланысты сабақтарды топтастырып, таңдап алуға болады. Жалпы бағдарламада көрсетілген пәндік сабақтардың әр тарауында жететін жетістіктері негізінде оқушылар білім алуда нәтижеге жетеді.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін көтеруді мұғалім алдына мақсат етіп қояды. Мұғалім оқушы күйіне кіріп, олардың тақырыпқа қатынас әрекетін ойлайды, өтілетін сабақтың проблемасына қажет жағдайда жоспарланған сабақ мазмұны мен оқыту әдістеріне түзетулер енгізеді.

Сабақ тақырыбы бойынша мұғалім оқулықтар, кітаптар, әдістемелік кітаптар, басқа да материалдармен танысады. Мұғалім өзіне, оқушыларға мықты болатын мәселелерді іздестіреді. Осы мәселелер жөнінде көптеген материалдарды қарастырып, мамандардың пікірлерін ескере отырып, табу қажет.

Оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

1. Балаларға белгілі тақырыпта әңгіме оқып, оқушыларға басқаша аяқтауға кілт боларлық сюжет ұсыну;
2. Әңгіменің, ертегінің сюжетін бастап беру, аяқтауды оқушыларға тапсыру;
3. Ертегіні ұжым болып тыңдау;

4. Ұнатқан кейіпкерлеріне мінездеме беру;
5. Қиялдау арқылы сурет салғызу, ролмен ойнату;
6. Арнайы тақырыпта пікірталас тудыру.

Көрсетілген әдіс-тәсілдер бастауыш сыныптарға тиімді екендігіне көзім жетті. Осыларды пайлану арқылы оқушының білімге деген қызығушылығын оятып, терең ойлау қабілетін, белсенділігін қалыптастыруға болады. Бұған дейін оқушы мұғалім мен оқулыққа ғана бағынатын болса, енді ол сыни тұрғыдан ойланып, өз ойын дәлелдей алатын тұлғаға айналды. Оқушылардың тілін, ойын, еркін сөйлеуін дамытып, топпен жұмыс істеу кезінде бір-бірін тыңдай білуге үйретеді.

Әрбір мұғалімнің басты міндеті оқушының жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, талантын, шығармашылығын ашу. Ұлы ғалым Д.И.Менделеев мұғалімдердің ғылымның сарқылмас көзін ашудағы еңбектерін жоғары бағалаған. «Ғылымды сүйген және жақсы меңгере білген мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады» деген [4, 805 б.]. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу – бүгінгі күннің мақсаты.

Іс- тәжірибелерді қорытындылай келіп, мынадай түйін түюге болады:

1. Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың қызығушылығы артады.
2. Оқушылардың білім сапасы көтеріледі.
3. Оқушының дарынды тұлға, шығармашылық шеберліктері шыңдалғандығының нәтижесін көруге болады.
4. Қазіргі заман талабына сай тұлға қалыптасады.
5. Оқушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс- әрекетке қабілеттері артады.
6. Әр мұғалім болашақ үшін қызмет істейді. Ол әр оқушыны жеке тұлға ретінде көріп, оның өміріндегі өз орнын табуына, сынып ұғымын қалыптастыруға, ата-аналармен ынтымақтасуға көмегі тиері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ушинский К.Д. Материалы к третьему тому «Педагогической антропологии» (1870). – 29 с.
2. Аймауытов Ж. Психология. - А.: Рауан, 1995. - 308-б.
3. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. - М.: Педагогика, 1986. - 239 с
4. Менделеев Д.И. Сочинения. Том 25. Дополнительные материалы - 1952 (805с).

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются пути формирования творческой деятельности учащихся начальных классов. Формирования творческой деятельности – это поиск, стремление к самопознанию реальности жизни.

SUMMARY

The article examines how the formation of creative activity of primary school pupils. Formation of creative activity - a search, the desire for self-knowledge the reality of life.

УДК 371.3

К 94

ВОПРОСЫ МЕТОДИКИ ИЗУЧЕНИЯ ДИСЦИПЛИНЫ «ХОРЕОГРАФИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ» НА КАФЕДРЕ «ХОРЕОГРАФИЯ» КАЗГОСЖЕНПУ

*Кусанова А.Е. - преподаватель
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

Аннотация: В статье обсуждаются значение дисциплины «Хореографическое наследие», методика преподавания, цели и задачи в системе хореографического образования в Казахстанских ВУЗ культуры и искусства. Дисциплина знакомит студентов с хореографическим наследием, с творчеством знаменитых мастеров балетного искусства, которые создали шедевры классического балета, имеющие непреходящую ценность для национальной и мировой культуры. Всестороннее изучение хореографического наследия важно как с хореографической точки зрения, в качестве историко-этнографического источника, эстетического уровня создателей и исполнителей танцев, так и с точки зрения влияния его на воспитание академизма у студентов.

Ключевые слова: хореографическое наследие, балетное искусство, творчество, мировая культура.

Дисциплина «Хореографическое наследие» является составной профилирующей частью обучения студентов. Комплекс включает теоретические и практические разделы, которые связаны между собой. Теоретическая часть программы посвящена балетному искусству XIX века. Студенты знакомятся с творчеством великих мастеров классического балета, с танцевальными традициями и многообразием балетных жанров. Изучение классических вариаций и танцевальных номеров, созданных крупнейшими хореографами прошлого, работа над ними полезна для явления артистической индивидуальности студента. В процессе обучения необходимо воспитывать чувство прекрасного, красоты, музыкального восприятия, грации.

Вместе с тем, следует отметить, что студентам следует относиться к хореографическому наследию, не как к выработанному веками канону и догме. В него вкладывается эстетический идеал современности, танец наполняется стремительным, пульсирующим ритмом жизни, так как мериллом художественности для танца остается способность современно видеть мир и преображать его в пластике, близкой и понятной современному человеку. Современные хореографы ищут пути совершенствования хореографической образной системы за счет максимального выявления эмоционально-выразительной силы танца.

Жизнь приносит в танец новые хореографические измерения, новые пластические интонации и каждый хореограф, если он хочет быть современным не только в смысле прочтения на сцене современной тематики, но и использования всех возможностей современного хореографического мышления, должен видеть и подмечать в самой действительности зарождение и развитие новых пластических «красок», пластических образных ресурсов.

У танца, как ни у какого другого вида искусства, есть качества, способствовавшие быстрому и полному освоению жизненно необходимых навыков: в форме жестов и телодвижений человек за короткое время успевал передать эти навыки более ярко и эмоционально, нежели любым иным способом. Всестороннее изучение хореографического наследия важно как с хореографической точки зрения, в качестве историко-этнографического источника для определения социальных отношений между людьми, эстетического уровня создателей и исполнителей танцев, так и с точки зрения влияния его на воспитание академизма у студентов.

Данный курс предназначен для практического ознакомления студентов с отдельными номерами из балетных спектаклей, созданных известными балетмейстерами мировой хореографии XIX века. Дисциплина «Хореографическое наследие» в образовании педагога-хореографа имеет важное значение т.к. непосредственно отражается на всех аспектах и качестве будущей работы.

Целью курса является практическое ознакомление и овладение классическим репертуарным наследием балетного искусства. А также выработать у будущих специалистов представления об основных этапах эволюции хореографического искусства и его высшей формы – балета, познакомить с особенностями искусства танца разных стран, современными тенденциями его развития. Сохранить и передать другим поколениям деятелей хореографии образцы творчества выдающихся балетмейстеров прошлого и настоящего времени, дать студентам знания не только хореографического текста- живой ткани танца, но и образно-эмоционального содержания, пластической манеры и стиля исполнения произведения.

Задача дисциплины заключается в ознакомлении студентов с хореографическим наследием, с творчеством знаменитых мастеров балетного искусства, которые создали шедевры классического балета, имеющие непреходящую ценность для национальной и мировой культуры. Основой является изучение последовательности движений, принципов исполнения основных произведений классического наследия с последующим углубленным ознакомлением с особенностями и спецификой их исполнения через овладение навыками показа. Дисциплина «Хореографическое наследие» имеет также следующие задачи:

- ознакомить со спецификой хореографического искусства и процессом становления его основных видов, жанров и форм.
- сформировать навыки и умения аналитического восприятия произведений хореографического искусства;
- развить творческий потенциал будущих специалистов через познание эстетики творчества, постановочных методов великих мастеров балета;
- воспитывается бережное, уважительное отношение студентов к художественным ценностям, созданным хореографами: авторскому тексту, исполнительским традициям, музыкально-образному строю произведения;
- познаются балетмейстерские и режиссерские приемы, применяемые в спектаклях классического наследия;
- осваиваются методы работы с постановочной группой и исполнителями, вырабатываются практические навыки репетиторской работы с ансамблем исполнителей или с солистами над отдельным концертным номером, фрагментом из балета или целым спектаклем.

Для самостоятельной работы студентам предлагаются следующие темы:

1. Выучить текст вариации Одетты по видео записи балета «Лебединое озеро» в исполнении артистов Большого театра. Самостоятельный показ.
2. Выучить вариации феи Нежности и феи Крошкипо видео записи балета «Спящая красавица» в исполнении артистов Мариинского театра. Самостоятельный показ.
3. Выучить текст вариации Уличной танцовщицы по видео записи балета «Дон Кихот». Самостоятельный показ.
4. Выучить сцену сумасшествия Жизели из I акта. Самостоятельный показ.
5. Выучить текст мужской вариации. Самостоятельный показ.
6. Выучить текст вариации Заремы из III акта.

Дисциплина «Наследие хореографического искусства» обеспечивает интеграцию изучения блока специальных дисциплин и является теоретическим фундаментом образования в области хореографического искусства. Данный курс является одним из основных в

профессиональной подготовке выпускников, ибо формирует практическую базу знаний и умений в области хореографического наследия и стимулирует к дальнейшему развитию художественных принципов, полученных от предшествующих поколений.

В подготовке педагогов-хореографов важное место уделяется практическому освоению образцов хореографического наследия. Лучшие произведения классиков хореографии Доберваля, Перро, Петипа, Иванова, Фокина продолжают жить, на многие десятилетия, а иногда и на целое столетие, переживая своих гениальных создателей. Современное хореографическое искусство, обращаясь к вершинам хореографической мысли прошлого, отбирает для себя все непреходящее, способное к развитию, к совершенствованию художественных возможностей танцевального языка. Сегодня наше балетное искусство, как никогда, переживает период бурного роста, смело обновляет свою образную поэтику, образно-эмоциональное содержание, органично способное к танцевально-пластическому выражению передовых идей современности. Балет пользуется в нашей стране и во всем мире необычайной популярностью. Это искусство молодости и красоты, воспевающее и утверждающее благородные гуманистические идеалы. Оно условно в том смысле, что в повседневной жизни люди «в танце» не живут и не действуют. Но оно несет в себе глубочайшую правду человеческих чувств и переживаний, через которую раскрываются характеры героев, события народной жизни. Лучшие балетные произведения полны возвышенных мыслей, они говорят о прекрасном, воспитывают в человеке добрые чувства. Во взаимодействии с другими искусствами балет всегда должен сохранять свое лицо, не растворяться в них, не становиться их рабом, не превращаться в их копию или простой дубликат. Не «иждивение» у других искусств, а обогащение ими, не подмена хореографии смежными музами, а их свободный творческий союз, не механический конгломерат искусств, а их органический синтез, центром которого является хореография – таковы условия наиболее плодотворного развития балета.

Включая образцы хореографического наследия в репертуар, педагоги-хореографы будут способствовать не только развитию и обогащению образно-пластического мышления своих учеников, но и эстетическому развитию, и, что самое главное – эстетическому развитию зрительской аудитории.

Систематическое и планомерное изучение образцов классического танца, а так же образцов сценического воплощения разнохарактерных национальных танцев, не только завершает процесс формирования опорно-двигательного аппарата студентов, расширяет диапазон технических возможностей, но и заставляет искать новые краски своей актерской выразительности, вникать в особенности стиля и характера хореографических примеров.

Особенно важно то, что изучение шедевров хореографического наследия выдающихся балетмейстеров позволит будущим педагогам-хореографам не только приобрести навыки и умения для самостоятельного создания разнообразных танцевальных композиций, но освоить и почувствовать существо природы музыкально-хореографического искусства.

По окончании курса студенты приобретают навыки в исполнительском мастерстве, в манере исполнения, грации, музыкально-ритмическом восприятии. Овладевают техникой и манерой исполнения классических вариаций и танцевальных номеров, музыкально-ритмической координацией, развитием пластики и индивидуальности исполнения. Изучив хореографическое наследие прошлого, самостоятельно работая над отдельными вариациями и танцевальными номерами из балетных спектаклей, повышается профессиональный уровень студентов, раскрывается их индивидуальность, развивается координация и музыкальность.

Будущие балетмейстеры и педагоги-хореографы, применяя свои знания в постановках произведений классического наследия, должны бережно относиться к классическим образцам, сохранять их стиль, манеру исполнения, хореографический текст и эмоциональную глубину.

Предмет «Хореографическое наследие» является одной из важнейших дисциплин в обучении будущих педагогов-хореографов, поскольку она способствует их духовно-нравственному развитию и формирует целостную, гармоничную личность.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Типовая рабочая программа по дисциплине «Хореографическое наследие».
2. Тарасов Н.И. «Классический танец» 1981.
3. Большая российская энциклопедия. Русский балет. –М., 1974
4. Бекина С.И. и др. Музыка и движение, М., 1983.
5. Валукин Е.П. Проблемы наследия в хореографическом искусстве, М., 1992.
6. Красовская В.М. Западноевропейский балетный театр. 1, 2, 3 т.т. М., 1983г.
7. Н. Базарова, В. Мей «Азбука классического танца», Л., 1983.
8. Мессерер А.М. Танец. Мысль. Время, М., 1990.
9. Моисеев И.А. Я вспоминаю... –М.: Согласие, 1998

ТҮЙІНДЕМЕ

Хореографиялық мұрамен танысу және оның хореографиялық өнердің қазіргі үрдістеріне өзара байланысы мен ықпалы, әйгілі шеберлерінің тәжірибесі мен дағдыларын практикалық тұрғыда қолдану, үкіметтік білім жүйесінің болашақ педагог-хореограф мамандарын дайындау тұрғысында ең маңызды мақсаттарының бірі болып табылады.

SUMMARY

The study of choreographic legacy, its relationship and impact on current trends of choreography as well as the practical application of skills and experience of the great masters of choreography is the most important objective in the education of future teachers-choreographers of our education system.

УДК 371
Қ 83

ТАРИХИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

*Қиясова Б.А. - п.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада тарихи педагогикалық зерттеу әдістерінің маңыздылығы қарастырылып оларға талдау жасалған.

Түйін сөздер: тарихи даму тенденциялар, педагогикалық ғылыми зерттеулер, тарихи педагогикалық зерттеулер, тарихи кезең, қоғам мен тәрбие, әдіснама, педагогика тарихы.

Тарихи даму тенденцияларын талдау – педагогика ғылымындағы маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені білім беру жүйесін дамытуда және қордаланған мәселелерді шешуде өткеннің тәжірибесін пайдалану ғылыми негіздеу үшін аса қажет.

Педагогика тарихы педагогикалық ғылыми-зерттеулердің ішіндегі дәстүрлі бағыты болып табылады және міндетті пәндер қатарына кіреді. Сондықтан тарихи педагогикалық зерттеулердің педагогика ғылымы үшін маңызы жоғары және соңғы уақытта тарихи-педагогикалық мәселелерге деген қызығушылық та артуда.

Педагогика тарихы әлемдегі педагогикалық ойлардың дамуы, оның тәжірибедегі мәні жайлы іргелі білім қалыптастыруға және өткен тарихи дәуірдегі жетістіктерді қазіргі заман талаптарына сай пайдалануға мүмкіндік береді.

Педагогика тарихын ғылыми-педагогикалық тұрғыда жете меңгерген маман, алған білімін іс жүзінде шығармашылықпен қолдана алатын, ой өрісі кең, жаңа қоғамдық ахуалдарға жылдам бейімделгіш, ауқымды педагогикалық көзқарасқа ие, жоғары сапалы маман ретінде қалыптасады.

Педагогика тарихы болашақ педагог мамандарды педагогиканың ғылым ретінде дамып, қалыптасу жолымен таныстыра отырып, өткендегі озық тәжірибелерді меңгеру, оны бүгінгі күн жағдайларында пайдалана білуге үйретеді және теориялық білімін тарихи-педагогикалық ақпараттармен толықтыра алады.

Болашақ педагог мамандар педагогика тарихын оқу арқылы төмендегідей біліктерді меңгеруге мүмкіндік береді:

- қоғам мен тәрбие арасындағы байланысты ашып көрсету;
- тарихи кезеңдердегі тәлімдік ойлардың қазіргі кездегі мәні мен маңызын талдау;
- тарихи-педагогикалық мәліметтер жинау және оларды өңдеу;
- алған білімі негізінде ой жүргізу, пікірлесуге үйрену;

Мынадай дағдылар қалыптасады:

- тарихи-педагогикалық материалдарды іздестіріп, жинақтау;
- белгілі бір кезеңдерге байланысты материалдарды талдап, пікір жүргізу;
- әлеуметтік-педагогикалық бейімделу;
- тесттер, конспект, білім көздері, құжаттар т.б. жұмыс істеу;

Жалпы әдіснама дегеніміз барлық ғылымдарды зерттеу, танып-білуге мүмкіндік беретін жалпы және жекелеген әдістер жиынтығы, оны ұйымдастыру тәсілдері. Кез келген ғылымның әдіснамасы диалектиканың заңдылықтарына негізделеді. Олар мыналар:

1. Санның сапаға және сапаның санға өтуі;
2. Қарама-қайшылықтар арасындағы күрес;
3. Терістеуді, терістеу.

Сонымен қатар бұл заңдылықтар диалектиканың мынадай ұстанымдарына негізделеді:

1. Жалпы және өзара байланыс;
2. Қайшылық арқылы дамуы;

Осыдан келіп диалектикалық санаттардың тарихи даму ықпалының төмендегідей сипаты айқындалады:

1. Маңыз бен құбылыс арасындағы байланыс;
2. Бірыңғайлық, ерекшелік, жалпылық;
3. Форма мен мазмұн арасындағы байланыс;
4. Себеп пен салдар арасындағы байланыс;
5. Қажеттік пен кездейсоқтық;
6. Мүмкіндік пен нақты жағдай немесе шынайылық.

Педагогика тарихы тәлім-тәрбие пәнін ғылыми танудың бір түрі дейтін болсақ, ол жалпы педагогикалық теорияның шығуын хронологиялық ретімен, кезеңдермен дамуын, бір күйден екінші бір күйге өтуін қарастырады.

Педагогика тарихы қазіргі кезде қалыптасып орныққан негізгі ұғымдар, түсініктер, ұстанымдар, ережелер, қағидалары т.б. тарихи дамуын қарастырады. Мысалы, оқытудың мазмұны, формалары мен әдістері қалай болып еді, қазір қандай, болашақта қандай болмақ – деген сұрақтарға жауап беруде тарихи тәжірибелерді ескереді. Сол тұрғыда зерделейді.

Педагогика тарихы жалпы тарих, философия, әдебиет, психология, әлеуметтану, саясаттану т.б. пәндермен тығыз байланыста.

Педагогика тарихын зерттеуде тарихи деректердің маңызы зор. Осыған орай қазіргі кезде мұрағат құжаттарымен танысу, ғылыми, тарихи әдебиеттерді зерттеу, білім мен тәрбиеге байланысты құжаттарды зерделеудің орны бар. Оның басты әдістері жинақтау, топтастыру, талдау, салыстырмалау т.б. болып табылады.

Ресей ғалымы З.И. Равкиннің пікірінше дұрыс құрылған проблемалық зерттеу педагогика тарихындағы түйінді мәселелерді анықтауға, тарих пәні мен теориясының

арасында тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мұндай зерттеулер негізгі педагогикалық ұғымдар мен заңдылықтарды және өткеннің тәжірибесін тарихи тұрғыдан терең түсінуге жағдай туғызады. Жоғары теориялық деңгейде жүргізілетін проблемалық зерттеулер, ғалымдардан проблемалы-генетикалық әдіс сынды кешенді танымдық құралдарды пайдалануды талап етеді.

Аталған әдісті қолданудың мәні тарихи кезеңнің белгілі бір бөлігінде пайда болған мәселені ретроспективті түрде қарастыруында.

Аталған әдісті қолдану арқылы зерттеушілер проблеманың пайда болу негізін, себеп-салдарын, қарама-қайшылықтарын анықтайды, яғни проблемалы-генетикалық талдау педагогикалық процесті немесе құбылысты көп қырынан зерттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Проблемалы-генетикалық талдау тарихи-педагогикалық зерттеу әдісі бірнеше принциптерге сүйенеді, мәселен:

Тарихилық принципі – зерттеу нысанының бүгінгі жағдайын объективті түрде зерттеуге, оның шығу генезисін, тарихи кезеңдерін қарастырады.

Объективтілік принципі – талдауға алынған мәселені жан-жақты, барлық факторлар мен жағдайларды есепке ала отырып мәнін түсінуді талап етеді.

Белсенділік принципі – зерттеушінің процеске деген жеке тұлғалық қатынасын есепке алу.

Жүйелілік принципі – зерттеу мәселесін біртұтас жүйе ретінде қарастырады.

Проблемалы – генетикалық талдау әдісінің ерекшеліктері туралы ойымызды түйіндейтін болсақ, бұл әдісті педагогикалық білім жүйесінде, тарихи-педагогикалық зерттеулерде дұрыс қолдана білсек, зерттеу пәнін терең тануға сол арқылы педагогика ғылымының теориясы мен тәжірибесін дамытуға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы. – А., 2008
2. История педагогики. Под. ред. Пискунова А.И. –М., 1997.
3. Шбырев В.С., Юдин Э.Г. Методологический анализ науки. Его сущность, основные типы и формы -М.,1980.
4. Валеев Г.Х. Постановка проблемы педагогического исследования // Педагогика. 2001. N4.
5. Равкин З.И. Современные проблемы историко-педагогических исследований // Педагогика. 1994. N 1.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются значительность исторические педагогические способ исследование и его обсуждение.

SUMMARY

In the article examined importance research historical pedagogical method and his discussion.

УДК 371

М 83

ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕПТЕРДЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

*Қылышпай Б.С. - п.ғ.м.,
«Қазақ мектебінің даму мәселелері»
зертханасының меңгерушісі
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

*Мұғалім! Бұл адамның ардақты аты,
Білімділік бір биікке шығар саты,
Ең алғаш басталды осы адамнан,
Сүйеді сондықтан да жақын, жаты.
Бар ғалым, барлық қоғам мұғалімдікі,
Сыйлайды, мәңгі бақи беріп төрін.*

М.Мұқанов

Аннотация: Мақалада шағын жинақталған мектеп мәселесі көтерілген. Шағын жинақталған мектептерде білім беру сапасын жетілдірудің педагогикалық шарттары қарастырылған.

Түйін сөздер: шағын жинақталған мектеп, педагогикалық шарттар, білім беру сапасы, білім беруді ізгілендіру, интеграциялау, интеграциялық оқыту.

Қазақстан бойынша барлық шағын жинақталған мектептер саны: - 4288, демек 56,6 пайызды құрайды; барлық ауыл мектептерінің саны – 4139, яғни 71,7 пайызды құрайды. Оның ішінде бастауыш мектеп: 955, оның- 933 ауыл мектептері, негізгі мектеп - 960, оның - 946 ауыл мектептері, орта мектеп - 2373, оның - 2260 ауыл мектептері [1].

Шағын жинақталған мектептер, негізінен, ауыл мектебі екені белгілі. Ауыл мектебі қазақтың ұлттық мектебінің негізгі құраушысы. Қазақ балаларының басым көпшілігі шағын жинақталған мектептерде оқып, тәрбие алады. Қазіргі уақытта шағын жинақталған мектептер мәселесі өзекті мәселе болып тұр. Осы уақытқа дейін шағын жинақталған мектептердің педагогикалық проблемалары бірқатар ғалымдардың зерттеулеріне арқау болған. Қазіргі таңда Қазақ мемлекеттік педагогикалық қыздар университетінде «Қазақ мектебінің даму мәселелері» зертханасы жұмыс атқарады. Зертхананың бағыттарының бірі шағын жинақталған мектеп мәселелері. Зертхана қызметкерлері шағын жинақталған мектептермен тығыз байланыс орнатып, сол мектептер мәселелерімен айналысуда. Бір сыныпта бір мезгілде қатар оқытудың тиімді жолдарын іздестіру (Ж.Аймауытов, Ғ.Бегалиев, Ж.Қаржасбаев, М.Бүрлібаев, Ғ.Сүлейменов, А.Асқарбаева т.б.), осы тектес мектептерде сабақты ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдерін анықтау (Б.Құлманбетова, А.Асқарбаева, Г.М.Храпченков, Қ.Аймағанбетова), бір пән, бір тақырыптық сабақтардың тиімділігін дәлелдеу (З.Бейсенбаев, М.Сайпин, О.Сатқанов, т.б.) өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау (Г.Ф.Суворова, А.В.Алексеева) т.с.с. мәселелерді осы аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып қарастырады.

«Білім беруді ізгілендіру тұлға мен әлеуметтік ортаның қатынасын оңтайлы, ұтымды құруға және оның неғұрлым ұтқыр дамуына қызмет етеді» [4.11 б]. Ол баланың оқуға ынта-ықыласын арттырып, тәрбиелік мақсаттағы ықпалды қабылдауға құлықтылығын ынталандыратын мазмұн мен баланың қызығушылығы мен ерекшеліктеріне қарай түрлене алатын икемді әдістердің тууына бағытталады. Себебі, негізінде, бала өзі тек қалайтын және шамасы жеткен ұғымды ғана қабылдай алады және оны өзінің жеке ерекшелігінен өткізіп, лайығын ғана бойына сіңіреді. Сөйтіп оқытуды ізгілендіру баланың жеке психологиялық, тұлғалық сапаларын ескеру арқылы ғана жүзеге асатын педагогикалық парадигма болып

табылады. Таңдап алынатын оқыту технологиясының тиімділігі ретінде баланың тұлғасын дамытудағы мәні және көңіл-күйінің оны қалауы танылады.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында «Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізудің мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі» [1.5 б] деп атап көрсетілгендей, мектеп ең қажетті буын болып табылады.

Шағын жинақталған мектептердегі оқыту процесін ұйымдастыру мәселесі туралы қазақ тілінде жазылған ең алғашқы құралдардың бірі – Ж.Аймауытовтың «Комплекспен оқыту жолдары» [5] атты кітабы. Мұнда ол кешенді оқытудың қажеттігін, кешенді бағдарламалар, жұмыс жоспарлары, бір мұғалімнің әр түрлі жастағы балаларды бір мезгілде қосып оқыту жолдары, күнделікті сабақ жоспарларын жасау әдістері, сабақ кестелері сияқты мәселелерді таратып айтып, көрсетіп береді. Автор ұсынып отырған кешенді бағдарламалар оқытуды пәндік жүйеде құруды емес, кешенді, яғни әрбір саладағы білім мазмұнын тұтастай беруді көздейді. Тұтастай алғанда, «Комплекспен оқыту жолдары» өз кезеңі үшін аса пайдалы, қажетті әдістемелік құрал болды.

Шағын жинақталған мектептердің оқу процесіне байланысты әлі де шешілмеген, ғылыми жүйеге келтірілмеген педагогикалық проблемалар жеткілікті. Олардың ішіндегі ең маңыздысы шағын жинақталған мектептерде білім беру сапасын қазіргі заман талабына сай жетілдіру. Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында 2011 жылдан бастап оқушылар саны 10 және одан көп барлық шағын жинақталған мектептер жаңа түрдегі компьютерлермен және кең жолақты Интернетке қол жеткізумен қамтамасыз етілетіндігі, қашықтықтан оқыту «e-learning» электрондық оқыту шеңберінде ұйымдастырылатындығы айтылғанымен, шағын жинақталған мектептердің көбі қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталмаған. Ұялы байланысы жоқ ауылдарда бар.

Жалпы мектептердегі үрдісті қолдану тиімсіз, себебі бала саны аз, бір бөлмеде 2 сынып оқиды. 1-ші сыныппен 3-ші сынып бірігеді, олардың жас ерекшелігі, тақырыптың алшақтығын ескерсек, әрине бір 45 минутта қажетті мағлұмат берудің өзі мұғалімге қиынға соғады. Сабақ құрылымы өзгереді, оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауына көп мүмкіндік беріледі, бұл мәселелерді тізбектей беруге болады. Осы себептер оқушылардың білім деңгейіне әсер етеді. Шағын жинақталған мектептердегі оқыту процесін ұйымдастыру жолдарын мұғалімдер қауымына таныту мәселесін көздеген ғалым-әдіскер – Ғ.Бегалиев. Ол өзінің «Бірнеше класты қатарынан оқыту туралы» атты көлемді мақаласында алдымен мұндай мектептерге тән өзіндік ерекшеліктерді ашып көрсетеді: «Бірнеше класты бір мұғалім оқытқанда оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жолы, әдістері өзгешерек. Бұл өзгешеліктер оқу материалының мазмұны я көлемі жөнінде емес. Бірнеше класты қатарынан оқытқанда да бағдарлама бойынша өтілетін материалдардың тәртібін бұзбай, қысқартпай, оқушыларға толық білім беру керек болады. Бірнеше класты қатарынан оқытудың айырмашылығы – сабақты ұйымдастыруда. ... Мұғалім оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстарын, оның мөлшері мен түрін, оған кететін уақытты және басқа класта мұғалім басшылығымен жүргізілетін жұмыстарды дәлдеп, анықтап алу керек». Ол мұғалімдердің назарын келесі маңызды нәрселерге аударып отыр: біріншіден, қосарланған сыныптар оқушылары бағдарламалық материалды толық игеріп, алған білімдері бағдарламалық талапқа сай болу жағын көздесе, екіншіден, мұндай мектептердегі сабақтың өзіне тән ерекшеліктері де бар екенін ескертеді, үшіншіден, бұл ерекшелік – шағын жинақталған мектептердегі сабақ оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмысы мен мұғалімнің басшылығы арқылы орындалатын жұмыстардан тұратындығын түсіндіреді. Ғалымның бұл пікірі күні бүгінге дейін мәнін жойған жоқ.

Оқыту үрдісін интеграциялау мәселесі шешімін таппаған. Ең үлкен қиындық интеграциялық курстарды, сабақтарды шағын жинақты мектептердің практикасына енгізу жөнінде әлі күнге дейін белгілі бір жеке бағдарлама, ыңғайлы әдістемелік нұсқаулар жоқ, ал интеграция мәселесі бағдарламаға енбегенмен оқыту үрдісінде кеңінен қолданыс тауып

келеді. Оқу жоспарындағы бір кемшілік көп пәнділік және оған берілетін сағаттардың аздығы (мысалы музыка, бейнелеу сабақтары). Осының салдарынан оқыту сапасының төмендеуі көрініс табады. Мұндай жағдайдан шығудың бір жолы – оқу пәндерін интеграциялау. Интеграциялау арқылы, яғни ірі пәндік курстар арқылы уақытты үнемдеуге, оқытуды ұтымды ұйымдастыруға болады.

Интеграциялық оқыту дегеніміз – жаңа педагогикалық ізденіс, жаңа бағыт. Өйткені орта мектепте пәндерді біріктіріп оқытудың жаңа тәсілдері, осы заманға лайықты озық тәжірибелері қолданылып келеді. Мұның бірі – бірнеше пәндердің бір пәнге бірігуі. Оқушының өз бетінше әртүрлі мәселелерді шешуге қабілетті, алған білімі мен біліктілігін жүйелей алатын жеке тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік ашады. Интеграция оқушының оқудағы алғашқы қадамынан бастап әлемді тұтас деп тану, ондағы барлық нәрсе бір-бірімен тығыз байланысты деген көзқарас қалыптастыру мақсатын көздейді. Интеграциялау арқылы, яғни ірі пәндік курстар арқылы уақытты үнемдеуге, оқытуды ұтымды ұйымдастыруға болады. Қазіргі мектептерде интеграциялық оқытуды жүзеге асыру мақсатында педагогикалық технологиялардың бірнешеуі тәжірибеге енгізілуде. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан оқытуды дамыту, модельдік жүйе арқылы оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологияларын әрбір сабақта тиімді пайдалану барысында пәнаралық байланыс арқылы үлкен жетістіктерге қол жеткізуге болатыны тәжірибе жүзінде дәлелденіп отыр.

«Қазақ мектебінің даму мәселелері» зертханасында ауылдық мектептерде жұмыс жасап жүрген ұстаздардың тәжірибесін жинақтап, реттеп, соның негізінде оқу-әдістемелік құралдар шығару қолға алынған. Шағын жинақталған мектептердегі оқу процесінің ерекшелігі, оқытудың әдіс-тәсілдерін, қалай сабақ беру керектігін әркім біле бермейді. Мұғалімдердің қолында осы күнге дейін нақты көмек бере алатындай қазақ тілінде жарық көрген бірде-бір әдістемелік құрал жоқ. Шағын жинақталған мектептер үшін тиімді оқу құрал-жабдықтары жетіспейді.

Зертхана қызметкерлері бүгінгі таңда педагогика жүйесінде кеңінен таралып, оқу үдерісіне еніп отырған жаңашыл оқыту технологияларын пайдалана отырып, осы аталған мектептерге тәжірибелі ұстаздармен бірлесе отырып көмекші құралдар шығаруды қолға алып отыр. Зертхананың ендігі міндеті оқыту технологияларын шағын комплектілі мектептердің өзіндік ерекшеліктеріне бейімдеп, іс-тәжірибе енгізу. Шағын жинақталған мектептердің болашағы зор, мүмкіншілігі мол. Ауыл мектептерінің жағдайын жақсартып, оқу тәрбие жұмыстарын жетілдіру де осы мәселелер жолға қойылса, жақсы жетістіктерге жетуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамытуының басым бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы 2012 жыл. 27 қаңтар
3. Аганина Қ.Ж. Қазақстанда білім беру процесін жетілдіру мәселесіне. // Білім әлемінде. В мире Образования, In the world of Education №5, 2010ж. /3-5 беттер.
4. Борулава Состояние и перспективы гуманизации образования //Педагогика №1.1996, 116.
5. Ж. Аймауытов Комплекспен оқыту жолдары. – Қаз.баспа., 1929 – 122б.
6. Концепция развития малокомплектных школ в Республике Казахстан на 2010-2020 годы. Астана, 2011.

РЕЗЮМЕ

В статье поднят вопрос которая малокомплектная школа, рассматривается условия педагогическое усовершенствование качества образования в малокомплектные школы.

SUMMARY

In the article a question rose that littlecomplete school, examined terms pedagogical improvement of quality of education in littlecomplete schools.

УДК 371

М 83

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Майғаранова Ш. – п.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада «Өзін - өзі тану» пәнінің маңыздылығы айтылады. Өзін-өзі тану пәні – мәңгілік адамгершілік-рухани құндылықтарға негізделіп, жағымды мінездік сипатты, ойы, сөзі мен ісі бірліктегі адамды қалыптастыруды көздейді.

Түйін сөздер: өзін-өзі тану, рухани-адамгершілік құндылықтар, жалпыадамзаттық құндылықтар.

XXI ғ. адамзат санасының дамуы, жаратылыс заңдылықтарын түсінуге, оның құпиясын ашуға деген ұмтылыстары мен адамның өзін-өзі тану талпыныстары Әлемді біртұтас қабылдаудың маңызын ашуда.

Тіршілік Жоғары Сана мен адам санасының рухани үйлесімде болуымен тығыз байланысты. Адам жаратылысының тәндік және рухани қырларын түсіну, Жоғары Санамен үйлесімділікке келу, адамзаттың ең басты мақсатының бірі.

«Өзін-өзі тану» пәнінің дүниетанымдық тұжырымдамасы қазіргі білім беру парадигмасына өзгеріс енгізді. Ол адамды тек биологиялық және әлеуметтік тұрғыдан қарастырып қана қоймай, оның жоғары рухани табиғатын, айналадағы тіршіліктегі өмір, қозғалыс, даму, тәртіп, үйлесімділік сапаларын, адам санасында мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтар түрінде бейнелейді [1].

Білім берудің мақсаты - оқушы жастарды жан-жақты біртұтас дамыту. Білім беру үдерісінде оқушының тәндік және зияттық аспектілерін дамыта отырып, сонымен қатар оның бойындағы мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтарды ашу.

Қазіргі қоғам жүрегі ашық, ақыл-ойы кең, қоғамға риясыз қызмет ететін білімді адамдарды қажет етеді.

«Өзін - өзі тану» пәні – мәңгілік адамгершілік-рухани құндылықтарға негізделіп, жағымды мінездік сипатты, ойы, сөзі мен ісі бірліктегі адамды қалыптастыруды көздейді.

Келешекте өзін-өзі тану пәні барлық пәндердің өзегіне айналып, білім берудің біртұтастығын, адами және рухани құндылықтарды қамтамасыз ететінін метапәнге айналатынына сеніміміз мол. Нәтижесінде академиялық жетістіктермен бірге, үйлесімді, жан-жақты дамыған және мінездік сипаты жағымды адамды қалыптастыру, пәннің басты мақсатына айналады.

«Өзін - өзі тану» пәні жас ұрпаққа өзінің рухани бастауын саналы түсінуге көмектеседі. Сондықтан оның түйінді түсініктеріне тоқталайық: Руханилық. Адамгершілік. Олардың байланысы.

Ежелгі даналық ойлар «Ақиқат біреу, данышпандар оны алуан түрлі атайды»-деп көрсеткен.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту арқылы адамзат өміріне қажетті «руханилық» түсінігін тәрбие мен білім беру үдерісінде бастапқы қалпына келтірудің маңызы зор. Қазіргі қоғамда материалдық шындықтан гөрі, «руханилық» түсінігінің шынайы мәні, адамзаттың дамуына қажетті қызмет етуін талап етуде.

Адамгершілік руханилықпен тығыз байланысты болса да, өзінің рухани негізінен ажырап, прагматистік сипатқа ие болды. Егерде адамның рухани бастауын бастапқы мәніне келтірсек, онда адамның өмірлік бағдар өлшемі де, өзгеріске түсетіні белгілі.

Ш.Амонашвили гумандық педагогикаға арналған 11 халықаралық педагогикалық оқуда «Ұстаз, мені шығармашылыққа шабыттандыр!» деген тақырыптағы сөзінде «рухани гумандылық» түсінігін ендірудің маңызына тоқталып: «Адамға өз санасын рухани өлшемде қабылдап, сол негізінде ойлау қажеттігін» атап көрсетеді [2].

«Материалистік философия ойлау негізіне үш өлшемді – материя, уақыт, кеңістікті қолданады. Қазақстан философы А.Г.Косиченко жетекшілік еткен топ, ой-сананы кеңейту мақсатында осы өлшемдерге қосымша – руханилық өлшемін ұсынып, оның ядросы - Жоғары бастауға деген сенім екенін көрсетеді. Руханилық өлшем педагогиканы даналықпен толықтырып, оны болашаққа бағыттайды. Рухани гуманизм бүкіл білім жүйесін қамтуы тиіс. Руханилық, ізгілік, махаббат, жақсылық, бейбітшілік, игілік негізінде педагогикалық сананы өзгерту арқылы білім берудегі беделге негізделген педагогиканың салдарынан туындаған руханилық пен адамгершіліктің құнсыздануын жеңуге болатынына тоқталады [3].

А.Г.Спиркин «Материалдық өмір - сыртқы өмір, ол рухани өмірдің бейнеленуі. Материалдық өмірге қарағанда рухани өмір бай, көп қырлы және көп өлшемді. Материалдық өмірдегі қызмет пен оның өнімдері адамның рухани әлемінің бейнелену еркі.

Адам - рухтың бейнеленуі, рухтанған тән санаға ие, ол рухани-материалдық мән. Сонымен қатар адам еңбек, әлеуметтік қатынас және қарым-қатынас субъектісі» - дейді [4].

Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар барлық адамзатқа тән, абсолютті құндылықтар, олардың мәні өте терең, адамның ішкі тәжірибесі, оның құрамындағы Ар негізінде - махаббат, ақиқат, сабырлық, парыз, қиянат жасамау, жақсылық, жанашырлық бейнеленген.

Жалпыадамзаттық құндылықтар мәңгілік, ол әлеуметтік, саяси, ұлттық, ғылыми, тұлғалық, т.б. құндылықтарға тәуелді емес. Жалпыадамзаттық құндылықтар әр адамның бойында және материалдық әлемнің құрылымында бар.

Бірегей Рухани бастаудың, яғни Рухтың ұлттық сипаты жоқ.

Көпұлтты және көп конфессиялы мемлекеттегі «Өзін-өзі тану» пәнінің бірегей негіздері - жалпыадамзаттық құндылықтар.

Американдық психолог А.Маслоу рухани - адамгершілікке байланысты маңызды жаңалық ашты:

Біріншіден, адамға мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтардағы жоғары қажеттіліктер (метақажеттіліктер) тән, бұл оның ажырамас табиғи болмысы.

Екіншіден, мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар бір сәтте адамды қуаныш пен парыз, салтанат пен дұрыстық, не нәрсенің шындығы, шабыт, махаббат пен қатаң мәңгілік тәртіп сезіміне бөлейді.

Жоғары қажеттіліктерді түсінбеу және оны қанағаттандырмау салдарынан, адамда психикалық ауытқу немесе метапатология пайда болады. Осыған орай оқушылар бойында өзін-өзі қабылдамау, енжарлық, адам өмірінің мәні мен мақсатын түсінбеу, білімге қызықпаушылығы байқалады.

А.Маслоу жастардың бойында қорғаныш психологиялық тетік орын алатынын, жалпыадамзаттық құндылықтар мен моральға деген сенімсіздіктерін ашып көрсетеді. Бұл үлкендердің ойы, сөзі мен іс-әрекеттерінің үйлесімсіздігінен, жалған сөйлеу салдарынан, жастар жалпыадамзаттық құндылықтар мен моральға ғана емес, өздеріне, жоғары міндеттері мен шексіз мүмкіндіктеріне сенімсіздік танытып, өмірге күмәнмен қарайды. Метапатология жастардың денсаулығын төмендетіп, рухани бос кеңістіктерін өмірге қауіп әкелетін, зиянды нәрселермен толтырады [5].

Рухани-адамгершілік білім беру дегеніміз - оқушылардың танымдық әрекеттерін белсендіретін мақсатты педагогикалық үдерісті ұйымдастыру арқылы, білім мазмұнына

оқушының рухани-адамгершілік табиғатын ашатын және жетілген мінездік сипатын: ойы, сөзі мен ісін бірлікте қалыптастыратын жалпыадамзаттық құндылықтарды ендіру.

Мұғалім мен оқушы педагогикалық үдерісте әрекеттесу барысында екеуі де өзгеріске түсіп, өзіндік рухани ізденістің субъектілеріне айналады. Мұғалім оқушының рухани өрлеуін, өзінің үлгі-өнегесімен және рухани-адамгершілік дамытуға жағдай тудыруы арқылы, өзін-өзі тану рухани-адамгершілік білім беру әдістемесінің негізін құрайды.

Осыған орай, Гуманды педагогикалық Манифестте мұғалімді шабыттандыратын түсініктер ұсынылған, олар:

Мұғалім - жан, Жарық иесі.

Оқушы - жан, Жарық іздеуші. Олар педагогикалық үдерісте кездесіп, Сабак тудырады, оқушы мұғалімнің жарығына бөленіп, шабыттанып әлемге өзінің рухани сыйын таратады.

Тәрбие - өсіп келе жатқан баланың өзегіне нәр беріп, рухани азықпен қоректендіреді.

Білім беру - адамның жоғары келбетін ашатын құпия.

Мектеп - адам жанының өрлеуі.

Шабыт - жаңа тыныс.

Өзін-өзі тану - өзін терең және біртұтас тану, өзінің тәндік және психикалық жаратылысын тану ғана емес, ең маңыздысы өзінің ең жоғары рухани болмысын саналы сезіну. Өзін-өзі тану ақпарат жинақтау емес, тұлғаның рухани өзгеріске түсуі.

Өзін-өзі тану сабағы – мұғалім мен оқушының бірлескен рухани өзгеріске ұшырайтын өмірлік кезеңдері. Өсіп келе жатқан оқушы, мұғалім ойының, сөзінің, ісінің Жарығымен толысады, өзінің шынайы рухани табиғатын ашады, әлемге рухтық сыйын таратады. Өзін-өзі тану сабағы мұғалім мен оқушының жүрегін ашып, екеуін де рухтандырады. Рухани-адамгершілік білім беруді «Өзін-өзі тану» пәні арқылы оқыту үшін, оның психологиялық негіздерін анықтау керек.

Сананың психологиялық құрылымына тоқталсақ, әлемдік психологияда тұлғаның рухани аспектісін зерттеу материалдары баршылық, ол сананың құрылымын түсіндіруге негізделген. Сананың құрылымы мен табиғаты психологияның мәселесіне жатады, ол адамның руханилығымен байланысты.

Философияның негізгі мәселесі «Ең бірінші не, сана ма, әлде болмыс па? - деген сұрақ. Ғалымдар сананы ғылыми тұрғыдан түсінудің күрделілігін айтады. Сана - ерекше құбылыс, ғылыми зерттеу және тұжырымдамалық талдау аясынан сырғи береді, ол елеуіштен өтетін су тәріздес» [6].

З.Фрейд сананың құрылымын анықтап, одан бейсаналықты ажыратқан. Ол невроздарды зерттеу барысында санадан ығыстырылған эмоцияны, түпкі сана деп атаған. Сезім, эмоция, темперамент түпкі санада жинақталып бекиді. Ол көбінесе патологиялық жағдайды қарастырғандықтан, оның теориясын әмбебап қолдану, адам мүмкіндігін шектейді» [6].

К.Г.Юнг бейсаналылық түсінігін кеңейтіп, төменгі тұлғалық деңгейден басқа, сананың жоғары деңгейін (жоғары сана) бөліп көрсетті. Сонымен қатар, жоғары деңгейде жүретін саналылықтың терапиялық эффектісі бар, ол адамды парасаттандырып, оның шығармашылық қуатын оятады [7].

Оқу, ойлау, түсіну үдерістері сананың ішінде жүреді. Санаға әсер ететін бес сезім мүшесі, соның екеуі ақпарат алу үшін аса маңызды – көру және есту, білім үдерісінің маңызды бөлігі. Сезім мүшелері арқылы ақпарат сыртқы ортадан түпкі санаға жетеді (кейде саналы түрде немесе санадан тысқары), психоэмоциялық күйге түседі.

Сананың эмоциялық реакциясы түпкі санада белгілер тудырып бекиді. Әр кезде эмоциялық қалыпқа түскен сайын, біз күшті эмоцияны келешекке сақтап бекітеміз. Бұдан байқалатыны, сананы (ой) бақылауда ұстап, алдыңғы эмоциялық ахуалды күшейтпеді үйрену қажет.

«Барлық эмоциялар, ашу, сараңдық, жеккөрушілік, т.б түпкі санада, өзіміздің бойымызда екенін есте ұстау керек. Олар – біздің өткеніміз. Оларды жою мүмкін емес, олар біздің түпкі санамызда сақталады». Эмоцияны қараңғылықпен салыстыруға болады. Жарық

пайда болғанда, қараңғылық жоғалады және керісінше. Сол тәрізді біздің өміріміз де жарықтанып, айналаға сабырлық, махаббат, ақиқат орнатып, қиянат жасамауы керек. Эмоцияны басыңқы күйде ұстауға болмайды, ол денсаулыққа зиянды. Олармен достасу керек. Ең маңыздысы сананы тазартып, оны кеңейту қажет.

Сананы тазарту: күнделікті жағымды көңіл-күй қалпына келуге жаттығу; адамдарға сүйіспеншілікпен қарау; эмоцияны бақылауда ұстау; қасиетті сөздерді қайталау; ән айту; жақсы ортада болу; адамдарға қызмет ету; тыныштықты сақтау.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. Методика преподавания дисциплины «Самопознание в школе». - Алматы: ННПООЦ «Бөбек», 2013.
2. Амонашвили Ш.А. Вдохновение и творчество - путь обновления образования// Международные педагогические чтения. – М., 2012.
3. Философия в духовном развитии человека на пороге третьего тысячелетия: нип/ науч. руководитель Косиченко А.Г., Институт философии и политологии МОН РК- Алматы, 2012.
4. Спиркин А.Г. Философия.-М.: Гардарики, 2002.
5. Маслоу А.Г. Дальние пределы человеческой психики/ Пер. с англ. - СПб: Евразия 1997.
6. К.Уилбер. Вечная психология: сектор сознания// Пути за пределы «эго» (перевод с английского). –М.: Открытый мир, 2006.
7. Фрейд З. Психология бессознательного. - М.: Просвещение, 1990.
8. Юнг К.Г. Проблемы души нашего времени/ Пер. с нем.- М.: Инциатива, 1994.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются психолого-педагогические основы предмета «Духовно-нравственного образования».

SUMMARY

This article deals with psychological and pedagogical basis of «spiritually-moral education».

ӘОЖ 37.026.9:371.212:371.385.3

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ФИЗИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТЕРДІ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

*Маханбетова С.Е. – физика магистрі
(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)
Бигараева Г. – 147 гимназияның
физика пәнінің мұғалімі (Алматы қ.)*

Аннотация: Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі физикалық эксперименттерді жүргізудің негізгі әдістері қарастырылған.

Түйін сөздер: эксперимент, газ, сұйық және қатты, молекула-кинетикалық теория, жылулық тепе-теңдік, жобалау, бақылау.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаев «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» - деп атап өткендей, білімді, ақыл-ойды жетілдіру қазіргі кезде заман талабына айналды. Осы қағиданы бетке ұстай отырып, әрбір болашақ маман ертеңгі күннің нақты заманға сай, құзыретті тұлғасына айналу үшін аянбай

тер төгіп, еліміздің «алтын ғасырындағы» білім алушыларға әлемдік деңгейде білім беруге ұмтылуы тиіс.

Физиканы оқыту үрдісіне демонстрациялық эксперименттерді енгізу теория мен практиканы байланыстырушы элемент ретінде қарастырылады. Оларды орындау оқушылардың эксперименттік және практикалық ебдейліктері мен дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, оқушылардың танымдық қабілеттерін, әрі белсенділігі мен өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытады. Алайда кез келген сабақты жүргізуде бұл мақсаттар орындала бермейді. Егер оқушылар мұғалімнің толық, нақты түсіндіруінен кейін, тек көрсетілген іс-қимылдарды қайталайтын болса, оларда қарапайым ебдейліктер мен дағдылар қалыптасады. Мысалы, зертханалық жұмысты өткізу барысында оқушылар электр шамынан өтетін ток күшін есептейтін электр сызбасын мұғалім демонстрациялық үстелде көрсетіп бергендей жинайды, олар біршама икемдіктер мен дағдылар алады, бірақ жалпылама сипаттағы ебдейліктер қалыптаспайды және өздері әрекет етуге үйренбейді. Мұғалім зертханалық жұмысты өткізу әдістемесін мұқият талқылап, оқушыларға оны өз бетінше және ықыласпен орындауға мүмкіндік беруі керек, тек сонда ғана ол оқушылардың таным қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғыза алады.

Орта мектепте «Молекулалық физика» бөлімін оқытуда оның төменде келтірілгендей басты қағидалары болатындығы оқушыларға айтылуы керек:

а) молекула-кинетикалық теория бойынша анықталатын термодинамика негіздері: (жылулық тепе-теңдік, температура, абсолют температура, газ заңдары, газ тұрақтылары, термодинамиканың бірінші заңы);

ә) идеал газдың молекула-кинетикалық теориясының негізгі теңдеулері, T – молекуланың орташа кинетикалық энергиясының мөлшері;

б) газ, сұйық және қатты денелердің қасиеттерімен, олардың өзара фазалық ауысулары.

Оқушылар молекулалық физика курсына оқуда негізгі екі қағидамен танысады. Бұл бөлімді оқытудағы негізгі міндет, ол энергиялық ұғымдарға негізделген жылулық құбылыстармен (термодинамика) және молекула-кинетикалық тұрғыларда түсіндірілетін заттың құрылымымен (статика) таныстыру.

Мектеп бағдарламасы бойынша бұл тарау молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидалары мен молекула өлшемдері, оның массасы мен заттық мөлшері, броундық қозғалыстың физикасы мен молекулалардың өзара әсер күштері, идеал газдар мен молекулалардың жылдамдық квадратының орташа мәні және газдардың молекула-кинетикалық теориясының басты теңдеулерінің оқытылуын қамтиды.

Кез келген зат құрылымының молекула-кинетикалық теориясы негізгі үш қағидадан тұрады. Олар:

1. Зат бөлшектерден тұрады;
2. Бөлшектер бей-берекет қозғалады;
3. Олар өзара әсерлеседі.

Бұл қағидалардың барлығы да тәжірибе арқылы дәлелденген. Тараудың өн бойы зат бөлшектерінің өзара әсері арқылы зерттелгенмен де механиканың негізгі заңдылықтарын оқушылар есінде сақтауға тырысу қажет. Себебі, зат бөлшектерінің әрбір әсерлесу әрекеті механика заңдылығы. Бір денені механикалық қозғалысқа ендіру үшін күш жұмсалады ол тек белгілі бір дененің тарапынан болады деп механика заңдарында айтылған болса, соны еске түсіре отырып, зат бөлшектерінің өзара әсері де механика заңымен сипатталатынын, олардың қозғалысы да бөгде бөлшектердің соғу не тарту әсерлерімен орындалатынын оқушыларға түсіндіру қажет.

Негізгі оқулықта: *«Молекулалардың бар болуының шындығына толық көз жеткізу үшін олардың өлшемдерін анықтау қажет»* - деп басталған осы тараудағы материалдардан нәтижелі молекула-кинетикалық заңдылық үйрену оқушыларға қиынға соғады. Өлшемін анықтауға болатын зат әр уақытта бар болары шындық. Бұл сөйлемдегі: *«молекулалардың көлемдерін анықтау»*, олардың *«бар болуының»* айғағы екені сөзсіз белгілі. *Молекулалардың*

бар жоғына көзі жетпей тұрған адам оның көлемін қалай өлшейді? Осындай келеңсіз сөйлемдермен оқушы жүрегін шаятын, ойын тұмшалайтын тұжырымдарды оқулықтардан аулақ әкету қажет секілді. Зәйтүн майының су бетіндегі қалыңдығы, вольфрам иненің ұшына орналасқан атомдардың орналасу көрінісі де көрнекілік бола алмайды. Көзге көрінбейтін микробөлшектердің өлшемін анықтау экспериментін мектеп көрнекілігіне ендірудің қажеті жоқ. Олардың өлшемін салыстырмалы түрде сапалық анықтаулармен көрсеткен дұрыс. Мысалы кеуек (пористый) цилиндрді пайдалана отырып газ диффузиясын көрнекілеу және т.с.с. эксперименттерді көрсетуге болады.

Оқушылар молекулалық физика курсына оқуға негізгі екі қағидамен танысады. Бұл бөлімді оқытудағы негізгі міндет, энергетикалық ұғымдарға негізделген жылулық құбылыстармен (термодинамика) және молекула-кинетикалық тұрғыдағы түсіндірілетін заттың құрылымымен (статистика) таныстыру.

Термодинамика дегеніміз жылулық құбылыстарды зерттейтін теория. *Термодинамикада заттың атом-молекулалық құрылымдары ескерілмейді.* Заттық құрылымы анықталған жүйенің *тепе-теңдік* күйдегі жалпы қасиеттері мен сол *күйлерге өту процестерін*ғана зерттейді. Не себепті *тепе-теңдік* күйдегі дейміз - деген сұраққа: кез келген заттың *тепе-теңдік* күйінде уақыт ұғымы болмайды, сол себепті термодинамика ұғымына уақыт кірмейді. *Теппе-теңдік* күйде тұрған заттарға уақыт өзгерісінің әсері болмайды – деп түсіндірген жөн.

Классикалық (қарапайым) термодинамиканы кейде термостатика деп те түсіндіріп кетуге болады. «Термодинамика» терминін 1854 ж. В.Томсон ендірген. Бұрын «Жылудың механикалық теориясы» деп аталған. Бұл бөлімге «Молекулалық физика» мамандары кезінде: «Термодинамика уақыттың не екенін білмейді» - деп анықтама берген көрінеді.

Теппе-теңдік күй деп оқшауланған жүйенің бір күйден екінші күйге өту уақыты аралығы өте ұзақ болуын айтады.

Термодинамикалық *теппе-теңдік* күйдегі зат құрылысын молекула-кинетикалық теория негізінде зерттеу кезінде күй өзгерісінің уақыты салыстырмалы тұрақты болғандықтан оның шамасы ескерілмейді.

Оқытушының міндеті – жылу құбылыстары мен процестері біріктірілген екі әдіспен (термодинамикалық, статистикалық) зат құрылысын зерттеу мүмкіндігін оқушыларға үйрету. Бұл екі әдіс те термодинамикалық жүйенің өзгерісін жан-жақты сипаттай алады. Сол себепті идеал газ, температура, энтропия, ішкі энергия және т.с.с. ұғымдарды түсіндіргенде термодинамикалық та, молекула-кинетикалық теория жүзінде де түсіндіре білу керек.

Оқушылар жадында молекула ұғымының қалыптасуы физика курсының 7-8, химия курсының 8-9 сыныптарынан басталған. Молекула көзге көрінбейтін бөлшек болғандықтан оның сырын жан-жақты аша отырып оқыту, оқытушының көрнекілікті жете пайдалануымен орындалады. Физиканы оқыту үрдісінде демонстрациялық эксперименттер–зертханалық жұмыстардың күрделі түрі, сондықтан да ол жоғарғы сыныптарда өтіледі. Мұнда оқушылардың әр тобы түрлі жұмыстар орындайды. Физикалық эксперимент жұмысы білімді жүйеге түсіруге, оқушылардың ебдейліктері мен дағдыларын жетілдіруге арналады.

Практикум жұмыстарын өткізуді ұйымдастыруда алдын ала, жұмыстың нұсқауы жазылған карточкалар, қажетті құрал-жабдықтар алдын-ала дайындалады.

Физиканы оқыту үдерісі барысында демонстрациялық эксперименттер түрлерін үйлесімді қолданған дұрыс. Мұғалім оқушылардың өткізілген демонстрациялық эксперименттерге көп көңіл бөліп, оқу үдерісіндегі зерттеу сипатындағы көрнекілеулерді енгізіп, оларды көбінесе оқушылардың дұрыс қабылдауын қадағалайды. Оқушылар орындалған әрбір жұмыста олардың алған білімдерін тереңдетуге, нақтылауға және практикада қолдана білуге ұмтылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. А.Қ.Ершина, Н.А.Сәндібаева «Оқу экспериментін ұйымдастыру және зертханалық жұмыстар» Алматы, 2010ж.
2. М.Мұқажанова «Физика және астрономия» журналы.Б.М.Ысқақов, А.А.Ағылұқов, Н.Б.Шамбулов. Физикадан есеп шығару мысалдары. /Алматы, Мектеп. 1987ж.
3. Е.В.Фирганг. Руководство к решению задач по курсу общей физики. М., Высшая школа, 1998 г.
4. Н.А. Сәндібаева Развитие творческих способностей у школьников с помощью учебного эксперимента по физике. Москва, 2009 С. 408-411.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные способы вождения на физических экспериментах в системе образования.

SUMMARY

In the article examined basic methods of driving on physical experiments in the system education.

УДК 370
М 39

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

*Медеубаева К.Т. - п.ғ.к., «Қазақ мектебінің
даму мәселелері» ғылыми зертханасының
аға ғылыми қызметкері
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)*

Аннотация: Бұл мақалада Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы ұлттық педагогиканың тәрбие үрдісіндегі маңызы қарастырылған.

Түйін сөздер: ұлттық тәрбие, ұлттық әдебиет, халық педагогикасы, ұлттық қасиеттер, көркем шығарма, халық ауыз әдебиеті, ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық ерекшеліктер, М.Жұмабаев туындылары.

Қазақтың ұлттық тәрбие негіздері (халық педагогикасы) ең әуелі дүниетанытуды, содан кейін тәрбиелеуді, өмір заңдылықтарын үйретуді көздейді.

Қазақ халқының мәдениетіндегі тәрбие мен оқыту ерекшеліктері оның ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ұлттық қасиеттері: меймандостық, кісілік сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділік болса, рухани болмыстары: өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, жадына сақтай білу қабілеттілігі оның ұлттық ерекшеліктері болып табылады.

Әрбір ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге – ұлттық педагогикаға байланысты дамып, қалыптасқан. Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрлерінің құралады. Әдебиет көркем шығармалар арқылы сан үйретуден бастап, шығарма кейіпкерлерінің тілін, ойын, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, ұлттық қасиеттерін үлгі ретінде әсерлі баяндап, содан соң көркемдеп көрсетіп үйрету арқылы жеке тұлғаның адами қасиеттерін қалыптастырып, кісілік сана-сапасын арттырады.

Қазақтың халық педагогикасының үлкен бір саласы халық ауыз әдебиеті – ұрпақты адамгершілікке, еңбекке, әсемдікті сезіне білуге, тіл мәдениетін сақтауға тәрбиелейтін құдіретті құрал. Қазақ халқының аса бай ұлттық әдебиеті, қайырымды, әдепті салт-дәстүрлері оның этностық – ұлттық ерекшеліктерін көрсетеді де, жеке тұлғалардың ұлттық қасиетерін қалыптастырады.

Халық педагогикасы – сол халықтың тұрмыстық, өмірлік тәжірибесінен дамып, қалыптасқан ұлттық тәрбиелік және дүниетанымдық жүйені көрсететін ғылым саласы. Халық педагогикасы туралы ұлы ойшылдардың пікіріне көз жүгіртсек, К.Д.Ушинский: «Халықтың – этностың тәжірибесінсіз педагог та жоқ, педагогика да жоқ»;– десе, «Біз бала тәрбиелеуде халық тәжірибесіне сүйенеміз» – деген ұлы ойшыл Аристотель. Сол халық тәжірибесі арқылы дамып қалыптасқан «Халық педагогикасы – империкалық білімдер жиынтығы», – дейді Г.С. Виноградов. Қазақ халқының халық педагогикасы ұлттық тәрбие құралы ретінде оның этностық – ұлттық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Қазақ әдебиетіндегі көрнекті тұлға, жалынды ақын М.Жұмабаев өз туындыларында халық ауыз әдебиеті (фольклор) сарынын көп пайдаланған. Зерттеуші-ғалым Ш.Елеуқенов: «Мағжанның фольклорды пайдалану әдісін творчестволық дамуы мен қалыптасуына байланысты екі сатыға бөлуге болады. Бірінші саты – 1920 жылға дейінгі, екінші саты одан кейінгі. Бірақ, сөз жоқ, бірі екіншісінің дамытылған, жақсара түскен жалғасы», деп екі сатыға бөлген [1, 11-12].

Ақын М.Жұмабаевтың 20-жылдарға дейінгі өлеңдерінде халық ауыз әдебиетінің кіші жанрлары мен діни түсініктен туған теңеулер басым келеді. Фольклордағы бақытсыз әйел тағдыры, аңшылыққа байланысты сюжеттерге құрылған өлеңдерінде бұл ерекшеліктер анық байқалады. Ақынның «Александр Блок» өлеңінің композициялық құрылысында ертегі дәстүрі мол орын алған.

Ал «Жарым», «Орамал» өлеңдерінен халық ауыз әдебиетінің түрлері ертегі мен эпосқа ортақ сарындар кездеседі. «Жарым» өлеңінде ақын халық ауыз әдебиетінің бір түрі жұмбақты шеберлікпен пайдаланған.

Әкем маған: «Сауда қылып, мал тап!» – дер,

Жарым маған: «Мал деген не, тек жат!» – дер.

Елім маған: «Елге еңбек қыл!» – дегенде,

Жарым маған: «Жатқан адам бекзат!» – дер.

Жар айтқан соң, жаннан жақын көрген жар,

*Жардың тілін алмауға не дәтім бар?!
Тілін алдым – үйден, елден айрылдым,
Бірі де жоқ – мал да, ел де, намыс, ар.*

Өлеңнің соңында:

Бұл жарым кім? Тапшы кәне, «Денсаулық?», –

Сен дейсің гой: алма бетті, ақ жаулық... –

деп жұмбақ сұрақ қойып, оқушыны логикалық ойлауға жетелейді. Ақын бағанадан оқушысын ойландырған сұраққа:

Жоқ, жолдасым, адасасың, айтайын:

Жарым менің – атышулы жалқаулық! –

деп жауап беріп, жалқаулықтың адам баласын аздыратынын жалаң баяндамай, оны сүйікті жар бейнесінде образға айналдырған. «Бұл менің жарым, сендер бұған жоламаңдар, одан аулақ болыңдар!» деп жастарды жалқаулықтан, енжарлықтан сақтандырады.

М.Жұмабаев өлеңдерінде халық ауыз әдебиетінің бір түрі тұрмыс-салт жырларының баланың өмірге келуіне байланысты туған бесік жыры үлгісі де жаңа айшықпен қолданылған. Ақын «Бесік жыры» өлеңін:

Жұмсақ бесік,

Жылы төсек,

Жата гой, қозым.

*Әлди, бөпем,
Әлди, бөпем,
Ұйықта, жұм көзің.
Құлынишақтар,
Қозы, лақтар –
Бәрі-ақ ұйқыда.
Сен – жұлдызым,
Сен – көз нұрым,
Кір тәтті ұйқыға, –*

деген жолдармен бере отырып, ауыз әдебиеті үлгісімен жас сәбидің тыныштығын, түнгі тәтті ұйқысын, ержетіп, азамат боп өсуін тілейді. Халықтың бесік жырындағы тал бесікте уілдеп жатқан сәбиге «ақырып тиіскен қаһарлы ер, таңдайында өлеңнің ұясы бар ақын, толқынды топта күрескен палуан, түрлі ою ойған ұста болар ма екенсің» деген үміт-тілегін Мағжан өзінің «Бесік жыры» шығармасында алты шумақты өлең үлгісін пайдалана отырып:

*Алмас қылыш,
Найза құрыш
Белге буарсың.
Сен – сырттаным,
Арыстаным,
Жауды қуарсың.
Туған жерден,
Өскен елден
Ерге не қымбат?
Жас жолбарыс,
Жаумен алыс,
Шаңға, қанға бат, –*

деп, асқан шеберлікпен жалғастырады, қазақ халқының жас ұрпағынан күтер үмітін, оларға айтар ой-пікірін, сыр-сезімін әсерлі өрбітіп, әсем жеткізеді. Ақынның «Бесік жыры» өлеңі тілге жеңіл, ойнақы, оқушының ойына қонымдылығымен оқырманды баурап алады. М.Жұмабаев өзінің «Бесік жыры» өлеңінде халық ауыз әдебиетіндегі бесік жырларын жаңаша түлетіп, жасаңғырта жаңғыртқан. Халық ауыз әдебиеті үлгілері М.Жұмабаевтың «Сылдырмақ», «Сал-сал, білек», «Бөбектің тілегі», «Жұбату» өлеңдерінде де барынша айқын көрініс тапқан.

Ақын М.Жұмабаев өлеңдерінен халық ауыз әдебиетіндегі жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдердің сарынын байқауға болады. Оның мысалы М.Жұмабаевтың «Ертегі» поэмасының соңындағы:

*Заман озды, адам тозды, ерлер жоқ...
Заман озды, ер заманы ерте екен, –*

деген жолдар халық ауыз әдебиетіндегі «Заман тозса, адам азады», «Заманына қарай адамы» деген мақалдармен үндесетіндігін байқаймыз.

М.Жұмабаевпен тұстас, замандас ақындардың ішінде халық ауыз әдебиетінен үйренбегені, халық ауыз әдебиетінен үлгі-өнеге алмағаны жоқ десе де болады. Солардың арасында М.Жұмабаевтың ауыз әдебиетін қолдану ерекшелігін Мағжантанушы Б.Қанарбаева: «Фольклорды пайдалануда Мағжанның сол кездегі ақындарға ұқсамайтын басты ерекшелігі болды. Мағжан фольклорға «төменнен қарайды». Сол кездегі қазақ әдебиетінің негізін салушы ақындардың, оның ішінде: Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов тағы басқа ақын-жазушылардың фольклорды пайдалану әдістерімен салыстырғанда Мағжан осындай өзгешеліктерімен оқшауланады», – деп атап көрсеткен [2, 140-141].

М.Жұмабаевтың қай шығармасы болмасын ақынның халық ауыз әдебиетінен шығармашылықпен үйренгендігі, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін өзінше дамытып

қолданғандығы байқалады. Қаламгер өзінің «Бала ертегіні жан-тәнімен тыңдайды. Ертегіге шын көңілмен нанады. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Егер сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады», – деген пікіріне сай, халық ертегілеріндегі тыңдаушыны психологиялық тұрғыдан дайындап әкеліп, оны өзіне бейтаныс әлемге тосыннан енгізіп жіберу әдісін ақын «Жүсіп хан» әдеби-ертегісінде сәтті пайдаланған. Ақын поэмада Иран жері мен елі туралы ұзақ-сонар толғаумен таныстыру жасамайды. «Жері гүлге көмілген», «Бір гүл сайын бір бұлбұл», «Бір жеміс жақұттай», «Бір жемісі ақықтай», т.б. көркемдік әдістерді аса шеберлікпен қолдана отырып, әр сөзді алуан түрлі мағыналық қуатпен аша отырып, Иранның ғажайып табиғатын көркем картина тәрізді көз алдына елестетеді. Ақын асқан шеберлікпен қолданған бұл әдіс «Жүсіп хан» ертегі-поэмасындағы оқиғаларға деген оқырман сенімін арттырып, оқушыны ары қарай қызықтыра, ынтықтыра түседі. Бірақ, өкінішке орай, осындай ғажайып табиғаты ерекше көркем де көрікті елді Аббас сияқты жалмауыз байлардың сойылын соғып, қара халықты қанап отырған жауыз хан билейтіндігін айтқан кезде көз алдындағы әсем көрініс, рахат сезім су сепкендей басылады. Поэманың өзіне тән тағы бір ерекшелігі кейіпкерлері ертегілердегідей бірі мыңды жығатын алып күш иесі де, ақылымен баршаны аузына қаратқан данышпан да, аузымен құс тістеген шешен де болып суреттелмейді. Поэмадағы Аббас хан, Жүсіп, бас уәзір, қолбасы, тағы басқа кейіпкерлер «таныс та бейтаныс» тұлғалар түрінде бейнеленіп, оқырманды өмір шындығына жақындата түседі.

«Жүсіп хан» поэма-ертегісінде адам, азаматтық, парыз, отаншылдық сияқты биік ұғымдардың бастауында тұрған ӘДІЛДІК шығарманың басты арқауы болып тартылған. Поэмадағы халық арасынан шыққан Жүсіп бейнесі әділдіктің, адамгершіліктің символы ретінде алынған. Поэма-ертегіден бастан-аяқ халық ертегілеріне тән сипатты айқын байқауға болады. Бұдан шығатын қорытынды бұл туындылар Мағжан Жұмабаев шығармашылығының 20-30 жылдардағы дәуірлеу кезеңінің алғашқы баспалдағы болып табылады. Башқұрт халқының ұлы перзенті, М.Жұмабаевтың досы Сәйфи Құдаш 1969 жылы Қазақстан Жазушылар Одағына жазған хатында: «Мағжан – ешкімге ұқсамайтын өзгеше, аса талантты біртума ақын, оның өзіне ғана тән үні, таңғажайып әуенді жыры бар. Бұның қайнар көзі халық поэзиясының тұңғыық тереңінде», [3] – деп бағалауы – М.Жұмабаев шығармаларында халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет арасындағы ажырамас бірлік берік орын алғанының дәлелі. Мәдениеттің өмірдегі көрінісі – ұлттық тәрбиенің жемісі. Әдебиет – тәрбиенің, атап айтқанда, мәдениеттілікке тәрбиелеудің басты құралы болып табылады. Кез келген әдеби шығарманың эстетикалық мәні тәрбиеленушінің этикасы мен этникасын яғни мәдениетін қалыптастыруға себін тигізеді, әсер беріп адамдығын қалыптастырады.

Жас ұрпақтың әдептілігін дамытып қалыптастыру үшін, қазақ халқы әдебиеттің әдептілікке үйрететін үрдістерін жан-жақты пайдаланса, қазақ әдебиетінің ХХ ғасыр басындағы ұлт ақыны Мағжан Жұмабаев халықтық педагогика тағылымдары арқылы Алаш ұрпағына ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, сүйеге шақырған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Елеукенов Ш. Мағжан Жұмабаев. Шығармалар жинағы. Алматы, 1999.
2. Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. Алматы, 1994.
3. Құдаш С. Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев.// Қазақ әдебиеті, 1988. – №52.
4. Нұрғали Р. Әуезов және Алаш. Алматы, 1997.
5. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. Алматы, 1989.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассмотрена актуальность национальной педагогики в процессе воспитания в произведениях М.Жумабаева.

SUMMARY

This article discusses the relevance of the national pedagogy in the process of education in the works M.Zhumabaev.

УДК 371

М 84

ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕПТЕРДЕГІ СЫНЫПАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Медеубаева К.Т. - п.ғ.к., «Қазақ мектебінің даму мәселелері» ғылыми зертханасының аға ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аннотация: Мақалада шағын жинақталған мектептің ерекшелігі қарастырылады.. Шағын жинақталған мектептердегі сыныпаралық байланыстың маңыздылығы айтылады.

Түйін сөздер: шағын жинақталған мектеп, сыныпаралық байланыс, интеграциялық оқыту.

Қазақстан Республикасының барлық аймақтарының ауылдарының көбінде шағын жинақталған мектептері қазіргі уақытта ең өзекті әлеуметтік мәселелердің және білім беру саласының басты ерекшелігінің бірі болып отыр. «Қазақстан білім беру саласын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» шағын жинақты мектептерді сапалық тұрғыда дамытуға мән беріліп отыр. Шағын жинақты мектептерді дамыту мақсатында ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында қазіргі мектептердегі өзекті мәселелер анықталған. Шағын жинақты мектеп қызметін жетілдіруде сапалы білім беруде инновациялық технологияларды қолдану арқылы біріктірілген сыныптарда мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту мәселесіне, яғни интеграцияға ерекше назар аударылып отыр.

Қазіргі шағын жинақты мектептегі интеграциялық оқыту дегеніміз – жаңа педагогикалық ізденіс, жаңа бағыт. Өйткені орта мектепте пәндерді біріктіріп оқытудың жаңа тәсілдері, осы заманға лайықты озық тәжірибелері қолданылуда. Мұның бірі – бірнеше пәндердің бір пәнге бірігуі. Бұл өзіндік көзқарасы бар, өз бетінше әртүрлі мәселелерді шешуге қабілетті, алған білімі мен біліктілігін жүйелей алатын жеке тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік ашады. Оқушының бойында әлем, қоршаған орта жөнінде тұтас бейне қалыптастыру бұл оқыту мақсаты ретінде қарастырылады. Интеграция оқушының оқудағы алғашқы қадамынан бастап әлемді тұтас деп тану, ондағы барлық нәрсе бір-бірімен тығыз байланысты деген көзқарас қалыптастыру мақсатын көздейді.

Интеграциялық оқыту білімді бір бағытқа шоғырландырып, білім мазмұнын кеңейтуге мүмкіндік береді. Шағын жинақты мектептердегі пән мұғалімдерінің жетіспеушілігі мәселесін шешуге көмектеседі. ШЖМ мұғалімі өз уақытын үнемдеуге де мүмкіндік алады.

Осы аталған мәселелерді ескере отырып, ШЖМ ана тілі пәнінен сыныпаралық байланысты жүзеге асыруға негізделген сабақ үлгісі ұсынылады.

Әдебиеттік оқу, 4- сынып

Б.Момышұлы.

Ұшқан ұя

I. Әңгіме мәтіні бойынша жүргізілетін жұмыстар:

1. Оқушылар өз бетінше мәтінді түсініп оқып танысады.

2. Мәтін кейіпкерінің есімін табу үшін сөзжұмбақ шешкізу. Ерекше торкөзден әңгіме кейіпкерінің есімі шығады.

А	Р	Б	А	
		А	Н	А
	Қ	У		
С	У	Ы	Қ	
		Р	А	С
О	Л	Ж	А	
		А	Т	А
Н	А	Н		

Сөзжұмбақ сұрақтары:

- 1) Қазақ халқының көлігі
 - 2) Ардақты адам
 - 3) Айлакер
 - 4) «Ыстық» сөзінің антонимі
 - 5) «Шын» сөзінің синонимі
 - 6) Пайда, табыс сөздерімен мағыналас сөз
 - 7) Әкенің әкесі
 - 8) Ас атасы
3. Мәтінге арқау болған негізгі кейіпкер Бауыржан Момышұлының суреттерімен таныстыру.
4. Мұғалім мәтін бойынша сұрақ-жауап жүргізеді. «Ұшқан ұя» ұғымына түсінік беріледі.
5. Мәтіндегі бата-өлеңді оқытып, батаның қай түрі екендігі туралы түсінік жүргізіледі.
6. Бауыржан Момышұлы айтқан ақыл, нақыл сөздермен таныстырып, мән-мағынасына талдау жасату.

Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері:

Шын дос сыртыңнан мақтайды.

Ақылды кісінің сөзі де, өзі де сүйкімді.

Терлеп еңбек етпегеннің тілегіне жеткенін көргенім жоқ.

Ежелден ер тілегі – ел тілегі. Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.

Опасызда Отан жоқ.

Отанда опасызға орын жоқ.

Отаның үшін отқа түс – күймейсің.

Тәрбиелі – тәртіптің құлы.

Тәртіпті – елдің ұлы.

Белдескеннің белін сындыр,

Тірескеннің тізесін бүктірі!

7. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, дүниетанымдық көзқарасын, ой-өрісін дамыту және жаңа сабақты меңгеру деңгейін, есте сақтау қабілетін тексеру үшін мәтін бойынша тест тапсырмаларымен жұмыс жүргізіледі.

Мәтін бойынша тест тапсырмалары:

1.«Ұшқан ұя» әңгімесінің авторын көрсетіңіз.

- А) К.Ахметова
- В) Т.Тоқтаров
- С) Б.Момышұлы
- Д) Ө.Тұрманжанов
- Е) Х.Ерғалиев

2. «Ұшқан ұя» әңгімесінің негізгі кейіпкерін белгілеңіз.

- А) Төлеген
- В) Бауыржан
- С) Қабанбай
- Д) Бөгенбай
- Е) Ерасыл

3. Б. Момышұлының әкесінің атын табыңыз.

- А) Момыналы
- В) Қыдыралы
- С) Нұралы
- Д) Бекалы
- Е) Сералы

4. Б.Момышұлының бабасының есімін көрсетіңіз.

- А) Момыш
- В) Құрмаш
- С) Жұмаш
- Д) Нұрмаш
- Е) Имаш

5. Б.Момышұлының әжесінің есімін белгілеңіз.

- А) Ұлтумас
- В) Қызтумас
- С) Айтумас
- Д) Нұртумас
- Е) Күнтумас

6. Б.Момышұлының анасының есімін табыңыз.

- А) Айзада
- В) Күнзия
- С) Нұрзия
- Д) Балзия
- Е) Рәзия

7. Б.Момышұлының әкесін жұрт қалай атағанын белгілеңіз.

- А) Момыш
- В) Құрмаш
- С) Жұмаш
- Д) Нұрмаш
- Е) Имаш

8. Б.Момышұлы өмірге келгенде кім бата бергенін табыңыз.

- А) Момыш
- В) Құрмаш
- С) Имаш
- Д) Нұрмаш
- Е) Жұмаш

9. Б.Момышұлы қай жылы дүниеге келгенін көрсетіңіз.

- А) 1912 жылы
- В) 1910 жылы
- С) 1909 жылы
- Д) 1913 жылы
- Е) 1915 жылы

Тест тапсырмаларының жауабы: 1) С; 2) В); 3) А); 4) Е); 5) В); 6) Е);
7) А); 8) С); 9) В.

8. Тұжырым жасау. Мәтін бойынша оқушылар өз тұжырымын жасайды.

Мен бүгінгі сабақтан:

Не білдім? _____

Не алдым? _____

Не үйрендім? _____

Әдебиеттік оқу, 2-сынып

Серікбай Оспанов

Серікбай Оспанов 1945 жылы 1 сәуірде Торғай (қазіргі Қостанай облысы) облысындағы Жангелдин ауданының «Шиелі» кеңшарында «Балдай» қонысында туған. Бірнеше жыр жинақтарының, аударма өлеңдердің, балаларға арналған тақпақтардың авторы.

Алматы қаласы

Жап-жасыл ағашы,
Қып-қызыл алмасы
Ақ басты тауы бар –
Алматы қаласы.

Ақындар ағасы –
Тұр Абай данасы
Көшесі көрікті
Алматы қаласы.

Кешкілік қарашы,
Шамдарын санашы.
Қызылды-жасылды,
Алматы қаласы.

Қосылған әнге аты,
Өшпейді мәңгі аты
Жаннаты жерімнің –
Алматы қаласы.

Өлең мәтіні бойынша жүргізілетін жұмыстар:

1. Мұғалім өлеңді мәнерлеп оқиды.
2. Оқушылар үшін түсінігі ауыр сөздермен жұмыс: жаннат –
4. Өлеңді оқушыларға бірнеше әдіспен оқыту: тұтастай оқыту; тізбек әдісімен оқыту; сұрақ-жауап әдісімен оқыту.

Сұрақ-жауап әдісімен оқыту тапсырмасы. (Өлеңнің әр тармағына, шумағына байланысты суреттер көрсетіледі).

➤ **Ақын Алматы қаласының табиғатын қай жолда көрсеткен?**

Оқушы жауабы: – Жап-жасыл ағашы,
Қып-қызыл алмасы.
Ақ басты тауы бар –
Алматы қаласы.

➤ **Қазақ халқының ұлы ақын Абай туралы өлеңде не айтылған?**

Оқушы жауабы: – Ақындар ағасы –
Тұр Абай данасы.

➤ **Кешкі Алматы көрінісі өлеңде қалай бейнеленген?**

Оқушы жауабы: – Кешкілік қарашы, Қызылды-жасылды
Шамдарын санашы. Алматы қаласы.

➤ **«Алматы – мәңгілік қала» деген ұғымды ақын қай жолдар арқылы берген?**

Оқушы жауабы: – Қосылған әнге аты,
Өшпейді мәңгі аты.
Жаннаты жерімнің –
Алматы қаласы!

5. Алматы қаласындағы Абай Құнанбаевтың, Алматы апортының суреті бойынша жұмыс. Суреттерге сәйкес келетін өлең шумақтары оқылады.

6. Оқушылардың өзіндік шығармашылық жұмысын ұйымдастыру: «Алматы – әдемі қала» тақырыбында әңгіме, шығарма, ойтолғау жазу. Тақтада Алматы қаласының көрікті орындарының суреті беріледі.

2-сынып пен 4-сыныптың әдебиеттік оқу пәні бойынша

ортақ қорытынды түйін

РЕФЛЕКСИЯ

2-СЫНЫП БОЙЫНША	4-СЫНЫП БОЙЫНША
1. Өлең мәтіні арқылы қай қаламен таныстық?	1. Қалай ойлайсыздар, «Ұшқан ұя» деп нені

2. Қаланың қандай өзіндік ерекшеліктері бар екен?	айтады екен?
3. «Алматы – әдемі қала» деген ұғымға қандай түсінік бере аласыздар?	2. Әңгіме кейіпкері кім және ол өзінің ұшқан ұясынан кімдерді еске алады?
4. Алматы қаласында қандай ұлы тұлғалардың ескерткіштері орнатылған?	3. Сіздердің ойыңызша, Қазақстанның бас қаласының бірі Алматы Бауыржан Момышұлының ұшқан ұясы болып есептеле ме?
Екі мәтінге ортақ тұжырым	
Алматы қаласы – Қазақстанның бір бөлшегі. Қазақстан – біздің әрқайсымыздың Отанымыз, яғни түлеп ұшар ұямыз. Алматы қаласы да Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының да Отаны, ұясы. Әр адам өзінің отбасын, өскен жерін, Отанын ұшқан ұям деп есептеуі керек. Олай болса, С.Оспановтың «Алматы қаласы» өлеңі мен Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» әңгімесінің ортақ түйіні – туған отбасы, туған жер, атамекен – кімге болса да ыстық, ендеше «Отан от басынан басталады» деген ұлағатты сөз текке айтылмаған екен.	

Мақалада шағын жинақталған мектептің ерекшелігі қарастырылады. Шағын жинақталған мектептердегі сыныпаралық байланыстың маңыздылығы айтылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается особенность малокомплектная школа. Говорится значительности межкласных связи которые малокомплектные школы.

SUMMARY

In the article a feature is examined littlecomplete school. It is told importance of connection that littlecomplete schools.

УДК 371
М 85

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНДАРДЫҢ ЭМПАТИЯСЫНЫҢ КӘСІБИ САПА РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

*Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент
Қоңырбаева С.С. – п.ғ.к., доцент м.а.
Бейсембаева К.Д. – педагогика және
психология мамандығының 2 курс
магистранты (Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада болашақ педагог-психолог мамандардың эмпатиясының кәсіби сапа ретінде қарастырылу мәселесі көтерілген.

Түйін сөздер: педагог-психолог, кәсіби іс-әрекет, мінез-құлық, қарым-қатынас, тұлғалық даму, тұлғалық әлеуметтендірілу, эмпатия, кәсіби қалыптасу, кәсіби сапа.

Болашақ педагог-психолог мамандардың тұлғалық дамуы және болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру мәселесі қазіргі жоғары оқу орындарының жұмысын кемелдендірудің теориясы мен практикасында өте маңызды болып табылады. Мұның себебі, жоғары оқу орнында оқу мерзімімен сәйкес келетін, кәсіпті алғаш меңгеру кезеңі барысында, жас адамның өмірде өзін-өзі анықтау процесі жүзеге асады, оның өмірге деген көзқарасы қалыптасады, іс-әрекет, мінез-құлық мен қарым-қатынастың дараланған әдістері мен тәсілдері меңгеріледі. Сонымен қатар, басты мәселелердің бірі – студенттердің тұлғалық дамуымен қатар, оның маман ретінде кәсіби қалыптасуының ерекшеліктері мен заңдылықтары өз деңгейінде ескерілген оқыту процесінің жүйесін құру болып табылады.

Қазіргі кезде педагогика және психология ғылымдарында студенттердің тұлғалық дамуына, олардың кәсіби іс-әрекеті мен тұлғалық әлеуметтендірілуінің түрлі аспектілеріне арналған зерттеулер көптеп жүргізілуде. Аталған мәселелер студенттік кезеңнің тұлғалық дамуының кезеңі ретінде, іс-әрекет субъектісі мен маманның қалыптасу процесінің кезеңдері мен анықтаушы факторларын айқындау мәнжазбасында студенттердің тұлғалық маңызды сапаларын қалыптастырудағы дара-тұлғалық ерекшеліктері мен ондағы қабілеттер, қызығушылықтар мен мотивтердің рөлі мен орнын анықтау, сонымен қатар кәсіби іс-әрекеттің сәтті жүзеге асу жағдайлары мен кәсіби дайындық деңгейін арттыру қарастырылған.

Сонымен, қазіргі уақытта тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен бейімделуі бойынша зерттеулердің басым көпшілігі – субъектілік іс-әрекеттік бағыттың негізінде жүргізіліп келеді. Т.В.Кудрявцев пен В.Ю.Шегурованың пікірлерінде: индивид алғашында оқу-кәсіби, кейіннен кәсіби іс-әрекетке қатыса отырып, таңдаған мамандығы мен өз мүмкіндіктері жайлы лайықты білім алып қана қоймай, соған қоса оларды белсенді түрде дамытады. Кәсіби іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптасып, өзіне іс-әрекет етуші ретінде қатынасты қалыптастырумен қоса, ол тұлға ретінде дамиды [1].

Т.В.Кудрявцевтің пікірі бойынша, «кәсіби қалыптасу – кәсіби оқу орындарындағы оқыту мен тәрбиелеу кезеңін ғана қамтитын, қысқа мерзімдік акт емес. Ол негізгі төрт сатыдан тұратын, ұзақ динамикалық процесс. Әр сатыға өту, алдыңғы саты барысында қаланады және субъектіде бірқатар қарама-қайшылықтар мен дағдарыстық жағдайлардың туындауымен ерекшеленеді». Осы тұжырымдама шеңберінде, зерттеуші тұлғаның кәсіби дамуының үш белгісін атап көрсетеді: 1. кәсіби-мотивациялық қажеттілік сферасының дамуы; 2. кәсіби іс-әрекеттің операциялдық-техникалық элементтерінің қалыптасуы; 3. кәсіби өзін-өзі анықтауы [1].

Болашақ маманның қалыптасуының ең маңызды критерийлерінің бірі – кәсіби мотивация болып табылады. А.К.Маркова кәсіби мотивацияны былай анықтайды: «бұл адамның не үшін өз кәсіби қабілеттерін салып, кәсіби ойлауын жүзеге асыратындығы». Кәсіби мотивацияның қалыптасқандығы жайлы адамның өз мамандығына оң қатынасы бойынша, мамандығымен қанағаттану деңгейі бойынша, сонымен қатар, бұл мамандықты таңдаудың жетекші мотивтері мен кәсіби іс-әрекеттің өз мотивтері бойынша бағалауға болады [2].

ЖОО заманауи талаптарға сай маман даярлаудың сапалық көрсеткіштерінің бірі: тұлғаның қабілеттерін құрайтын кәсіби маңызды сапалардың нақты даму деңгейі болып табылады. Өз кезегінде, іс-әрекет білім алушының тұлғасына қалыптастырушы әсерін тигізеді. Кәсіптену және әлеуметтену процестерінің өзара ықпалдастығы анық байқалады. Адамның кәсіби қалыптасуының барлық көрсеткіштерін, олардың белсенді түрде қалыптасатын кезеңдері мен кәсіби оқыту үдерісін де ескеру қажет.

Болашақ білім беру жүйесіне тікелей араласатын педагог-психолог мамандардың бойынан табылуы тиіс, арнайы кәсіби сапаларды қарастыру өзекті мәселе болып табылады. Әлеуметтене келе, адамның мінез-құлқы өз мамандығына сай өзгеріске ұшырайды. Біз көпшілік ортадағы қарым-қатынасымызға орай: «Сіз мұғалімсіз бе?», «Психологсыз ғой деймін?!» деген сөздерді жиі естиміз. Педагог-психолог мамандардың немқұрайлы болмауы, салғырттыққа салынбауы, адам тағдырына жақсы жағынан ықпал ету міндетін кәсіби тұрғыдан игергендігі саналады.

Аталған мәселе қазіргі психолог-ғалымдардың еңбектерінде көрініс табууда. Е.А.Климовтың жұмысына сүйене отырып, психолог мамандығын іс-әрекеттің «адам-адам» типіне жатқызу дұрыс. Бұл тип өкілдері үшін, бірқатар спецификалық сапалар тән: адамды естумен қатар тыңдай алу, адамның ішкі әлемін түсіне алу маңызды болып табылады; гуманитарлық білім аумағында кең көлемді білімнің болуы қажет; сөйлеуге ерекше мән беріледі – ол анық, байланысы бар, нақты және айтылған ойларының мағынасы түсінікті болуы тиіс. Мұнымен қатар, ақылдың өзіндік жантанушылық бағыттылығы; адамның мінезі,

ақылы мен сезім көріністеріне байланысты байқампаздық және оның ішкі әлемін ойша елестете алуға қабілеттілік те маңызды болып табылады [3].

Басқа адамға қосылып күйіне алу немесе қуана алуға қабілеттілік, адам мінез-құлығына байланысты байқампаздық, қайырымдылық, мейірбандық, мінез-құлықтың түрлі стандартты емес көріністеріне шыдамдылық пен кешірімділік – осы сапалардың барлығы да кәсіби педагог-психологке қажет. Осыған қоса, педагог-психологтерге шығармашылыққа бейім ақыл-ой, адам әрекетінің мүмкін нәтижелерінің нұсқаларын анық елестете алуға, нақты тұлғаны ескере отырып, адамдар арасындағы кикілжіңдердің неге алып келетіндігін болжай алуға қабілеттілік керек.

Білім беру жүйесіндегі психолог-маман әрдайым өз білімін, дағдысын жетілдіріп, ағымдағы қоғамдық оқиғаларды біліп отыруы тиіс. Басқа адамдарға қатысты, мінез-құлығын моральді және құқықтық нормаларға қатаң түрде сәйкестендіре алуы қажет, ал бұл оңай емес.

Р.В.Овчарова мектептегі психологтің әлеуметтік жағынан қажет сипаттамаларын береді: 1. интеллектуалды (білімдік, логикалық және ақыл-ойды тиімді қолдана алу, рефлексивтілік); 2. әлеуметтік (эмпатия, әлеуметтік байланыстар мен әлеуметтік құптауды қажет ету, қарым-қатынасқа тез түсу, мейірбандылық); 3. эмоционалды тұрақтылық (өмірге қуана алу, шыдамдылық, ұстамдылық, стресске қарсы тұра білу, оптимизм); 4. практикалық (практикалық мәселелерді жылдам шешуге деген қабілеттілік, өзіне бағындыра алу, педагогикалық интуиция) [4].

М.Р.Битянова мектептегі педагог-психологтің кәсіби іс-әрекетін зерттеп, бұл жұмыс жоғары кәсіби біліктілікті, эмпатиялық қарым-қатынасқа жоғары деңгейлі тұлғалық дайындықты, дамыған көмек көрсету мотивациясын, жоғары кәсіби және тұлғалық өзін-өзі бағалауы қажет деп атап көрсетеді. Ұйымдасқандық, жақсы құрылған, жаттыққан ойлау, дамыған байқампаздық аса қажет деп санайды. Сонымен қатар, жоғары эмоционалды әлеует, өз проблемаларын проекцияламай, проблеманы шешуге басқа адамдардың ену мүмкіндігін беретін, өзіндік психологиялық талдау қажет [5].

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, зерттеушілер білім беру жүйесіндегі педагог-психологтің өнімді кәсіби іс-әрекеті үшін, қажетті дара-тұлғалық ерекшеліктерді бөліп көрсетуде жалпы кәсіби сапаларға қоса (байқампаздық, жалпы интеллектуалдылық, аналитикалық ойлау, мінез-құлықтың моральді және құқықтық ережелерін сақтау, анық және түсінікті сөйлеу, дамыған интуиция), психолог іс-әрекетінің нақты бағыттылығына байланысты маңызды сапаларды бөліп көрсетеді. Соған сәйкес, зерттеуші-психологке ұстамдылық, эмоционалды тұрақтылық, рационализм сияқты кәсіби маңызды сапалар қажет болса, практик-психологке байланыс орнатуға әрқашан да дайын болу, өзіне байланысты сенімділік туындата алуы, аз уақыт ішінде жағдайдың мәнін түсіну, ести және тындай алу, эмпатия мен басқа адамның ішкі әлемін түсінуге қабілеттілік, рефлексия, эмоционалды-ерікті тұрақтылық және тағы басқа сапалар қажетті болып табылады.

Адам өмірін кезеңдерге бөлуде, «студенттік жас» деп аталатын 17-18-жастан 22-23-жасқа дейінгі жастық кезең ерекше орын алады. Әдетте, осы кезеңде жастардың кәсіби қызығушылығы тұрақты түрде қалыптаса бастайды. Осы уақытта адам не белсенді түрде шынайы еңбек іс-әрекетін бастайды немесе болашақ мамандығына кәсіби дайындық процесіне енеді. Бізді қызықтыратын екінші жағдайда, бұл кәсіби-техникалық, арнайы орта немесе жоғары оқу орнында оқу түрінде жүзеге асады. Мұндағы білім беру жүйесі кәсіби даярлаудың формасы ретінде ғана емес, тұлғаны әлеуметтендіру институты ретінде көрініс береді. «Қазіргі кезде жалпы білім беретін орта мектептің тұлғаны әлеуметтендіруі бойынша, өз функцияларын тиімді түрде орындай алмауын» ескерсек, бұл процесте кәсіби оқыту мекемелері мен жоғары оқу орындары ерекше мәнге ие болады. Осыған байланысты, тұлғаның әлеуметтік және кәсіби қалыптасуы мен дамуының өзара байланысын жоғары оқу орнынан көрнекі түрде көре аламыз.

Осылайша, студенттік жас маманның әлеуметтік дамуы мен кәсіби қалыптасуының ең маңызды мүмкіндіктері байланыстырылатын, адамның өмірлік жолының өте маңызды кезеңі болып табылады. Жоғары оқу орнында мамандықты меңгеру студенттердің арнайы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті процесінде жүзеге асырылады. Оның басты мақсаты – студентке қажетті жалпы ғылыми, гуманитарлық және арнайы білімдер мен біліктерді беру ғана емес, соған қоса студенттердің бойында, сәйкес тұлғалық сапалар мен қабілеттерді қалыптастыратын, оларды кәсіби этика негіздерімен таныстырып, әрі кәсіби іс-әрекет сферасына лайықты әлеуметтік-кәсіби құндылықтарды меңгеруге көмектесу болып табылады.

Маманды даярлауда, оқу-тәрбие процесіне және оның студент тұлғасының болашақ мамандығына қол жеткізуіне қаншалықты көмек беретіндігіне ерекше мән беріледі. Қазіргі кезде, Қазақстанда бұл мәселе өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оның себебі, жоғары оқу орындарында жүргізіліп жатқан реформалар, кредиттік технологияға өту –мұның барлығы, айқындауды талап ететін көптеген мәселелер туындатады.

Оқу процесіндегі студент тұлғасының басымдылығының өсуі, қазіргі жоғары оқу орындарының ерекшелігі болып табылады. Ал ЖОО-да оқытудың басты мақсаты – маман тұлғасының кәсіби қабілеттері мен сапаларын қалыптастырып, дамыту болып саналады. Бұған қоса, қазіргі студенттердің оқу іс-әрекеті әдістері мен құралдары бойынша, ғылыми-ізденістік іс-әрекеті басым орын алады. Көп жағдайда, оған өзіндік басқару тән болып табылады, басқаша айтқанда, студенттер оның негізгі компоненттерін толық түрде меңгерген, білімдер мен біліктердің мағынасы мен мәнін түсінеді, оқу жүйесінің тәсілдерін меңгерген, оқу әрекеттерінің сапасын бағалап және басқара алады. Нәтижесінде, болашақ мамандығын меңгеруі бойынша, жоғары оқу орнында оқыту барысында, студенттің дербес өзіндік белсенділігінің рөлі артып, соның арқасында оқу іс-әрекеті қарапайым кәсіби іс-әрекет ретінде көрініс бере бастайды немесе іс-әрекеттің кәсіби белгілеріне ие болады.

Психологиялық әдебиеттерде эмпатия мәселесі бірнеше бағыттар бойынша қарастырылады: 1. Эмпатияның сапалық табиғатын зерттеу; 2. Жеке адамның түрлі психикалық процестері, психологиялық ерекшеліктері мен эмпатияның құрылымдық сипаттамаларының байланысын зерттеу; 3. Эмпатияның процессуалды зерттелуі.

Кеңестік психологтар эмпатия түсінігінің мазмұнын оны қабілет, процесс немесе күй ретінде анықтап, оны түрлі психикалық процестер мен жеке адамның психологиялық күйлерімен байланыстыра отырып қарастырған. Психологиялық сөздік эмпатияны «басқа адамның бастан кешірулеріне еніп, эмоционалды күйіне жете алу» деп анықтайды.

Бірқатар ғалымдар когнитивті эмпатияның анықтамасын, ақпараттың тек қана бейсаналы өңдеудің өнімі ретінде саналануымен сипатталатын, өзара әрекет субъектісінің тұлғалық күйлерін бейнелеудің бейсаналы процесі деп атап көрсетеді. Эмоционалды және когнитивті эмпатиядан бөлек, ғалымдар жеке адамға немесе топқа белсенді көмек көрсетумен сипатталатын әрекеттік, мінез-құлықтық түрін бөліп көрсетеді. Әрекеттік эмпатия жанашырлық эмоцияларына негізделген альтруистік табиғаты бар актілерге ие болады. Әрекеттік эмпатия әрекеттесуші жақтардың барынша түрде өзін ашуы мен өзін көрсетуіне жағдай туындатады.

Эмпатияның ғылымда орнығу тарихына келетін болсақ, эмпатия түсінігімен байланысты мәселелер, дәстүрді түрде философиялық ілімдер – этика мен эстетиканың зерттеу объектісі болғандығы баршаға мәлім. Бұл түсініктің өзі симпатия деген этикалық түсінік пен неміс философиясы мен эстетикасында пайда болған сезімдеріне ену түсінігінен бастау алады.

«Симпатия» түсінігі ежелгі грек философиясының өзінде болған және адамдарда жанашырлық туғызатын рухани объективті жалпылық ретінде түсіндірілген. Неміс философтарының этикалық жүйелерінде, симпатия адам жанының қасиеті ретінде түсіндіріледі және қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынастың, альтруизм пен әділеттіліктің реттеушісі ретінде қарастырылады.

Сонымен, эмпатия ұзақ тарихы бар ұғым және психотерапиямен айналысатын ғалымдарға өте қажет болып табылады. Бірқатар ғалымдардың пікірлері бойынша, дамыған эмпатия – қарым-қатынас бойынша, серіктестің әлеміне енуді талап ететін, іс-әрекет түрлерінде жетістікке жетудің маңызды факторлардың бірі болып табылады. Ондай іс-әрекетті жүзеге асыратын салаларға психология, педагогика, өнер, медицина мен журналистика жатады.

Егер, ЖОО педагог-психолог мамандарды даярлауда қарым-қатынасты жақсарту мен эмпатиялық деңгейді арттыруға бағытталған тренингтер жүргізілсе, студенттердің эмпатиялық деңгейін айтарлықтай арттыруға болады. Сонымен бірге, тиімді кәсіби қалыптасу мен педагог-психологтің кәсіби маңызды сапаларының өз деңгейінде дамуы үшін, оқыту бағдарламасына эмпатия сияқты кәсіби маңызды сапаны қалыптастыруға бағытталған, студенттердің тұлғалық өсуіне септігін тигізетін тренингтік сабақтар жүйесін енгізу де білім беру бағдарламаларын даярлауда ескеретін мәселе.

Осы орайда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті «Жалпы педагогика» кафедрасының болашақ педагог-психолог мамандарды бакалавриатта және магистратурада даярлауда атқарылып жатқан істердің өзіндік бірізділігі мен тұтастығы бар. Бүгінгі қоғамның заманауи талаптарына сай, білім беру жүйесіне педагог-психолог мамандар даярлауда олардың кәсіби құзыреттілігін құрайтын білімі мен кәсіби сапаларының маңыздылығын сезіне отырып, ғылыми-практикалық тұрғыдан біршама жұмыстар жасалуда.

Болашақ педагог-психолог мамандар білім беру жүйесінде өзіндік орнын табуы үшін, кәсіби даярлығын шыңдауда кафедраның білікті мамандары мен ғылыми дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамы тарапынан жаңаша ықпалдар байқалады. Теориялық білімді тәжірибеде қолдану барысында қарым-қатынастағы шынайылықты жолға қоюдың түрлі мүмкіндіктерін студенттерге қажымай-талмай сіңіре білсе, 6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша магистранттар даярлауда жаңаша ізденістер арқылы қосымша мамандық меңгеріп шығуы қолға алынуда. Магистранттар педагогика және психология ғылымдары тұрғысынан терең ғылыми ізденістерімен қатар, «Білім беру жүйесінің менеджері», «Білім беру саласындағы педагогикалық өлшемдер» бойынша мамандандырылып, білім беру мекемелерін басқару және оқу-тәрбиенің сапасы, білім алушылар мен педагогтердің білімі мен біліктілігін бағалау мен аттестаттаудың кәсіби маманы атануына шығармашылық жұмыстар атқаруына септігін тигізері сөзсіз.

Білім беру жүйесіндегі жетекші маман саналатын педагог-психологтердің білім алушылар мен мұғалімдерге және ата-аналарға адамгершілік тұрғысынан қарым-қатынас жасап, оның басына түскен жағдайды адамша түсініп, әрі адам, әрі маман ретінде көмектесе білсе, қоғамның ізгілікке негізделуіне педагогика және психология ғылымдары тарапынан қосылған үлес болары сөзсіз. Адамның басына түскен қиындық пен көңіл-күйіне жанашырлықпен қарап, кәсіби маман ретінде көмек қолын созу – табиғи, рухани қарым-қатынас ретінде де, кәсіби сапа ретінде де құнды болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кудрявцев Т.В. Исследование психологических особенностей профессионального становления. М., 1988.
2. Маркова А.К. Психология профессионализма. М., 1996.
3. Климов Е.А. Образ мира в разнотипных профессиях: учебное пособие. М., МГУ, 1995.
4. Овчарова Р.В. Справочная книга школьного психолога. – М., 1996.
5. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. – М., 1997.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается состояние эмпатии как профессионального качества будущих психологов.

SUMMARY

In this article the state of is examined as professional quality of future psychologists.

УДК 371
Р 46

РОЛЬ МУЗЫКИ В ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОМ ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ

*Рысбаева А.К. – г.н.с. Института
гармоничного развития человека ННПОЦ
«БОБЕК», д.п.н., профессор,
член-корреспондент АПН Казахстана
(г.Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: В статье раскрывается значение музыки в воспитании детей. Огромная роль в духовно-нравственном воспитании детей принадлежит урокам самопознания и музыки.

Ключевые слова: музыка, патриотизм, мораль, нравственность, межнациональное согласие, толерантность, духовное развитие, самопознание, искусство.

Сфера образования является первоочередным приоритетом социально-экономического развития страны, именно качество образования предопределяет долгосрочную конкурентоспособность любого государства. В Послании Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева к народу Казахстана отмечается необходимость принятия мер по осуществлению модернизации системы образования, а именно:

- внедрение в процесс обучения современных методик и технологий;
- повышение качества педагогического состава;
- создание независимой системы подтверждения квалификации;
- усиление воспитательного компонента процесса обучения.

«Патриотизм, нормы морали и нравственности, межнациональное согласие и толерантность, физическое и духовное развитие, законопослушание. Эти ценности должны прививаться во всех учебных заведениях, независимо от формы собственности. У нас нет таких учебников, таких преподавателей, которые работают с молодежью именно по таким вопросам. Нашей молодежи это жизненно необходимо» [1, С.2].

Поставленные цели и задачи ориентируют педагогов на системные и последовательные изменения в профессиональной деятельности, повышение квалификации и переподготовку, обновление содержания учебных дисциплин, разработку широкого круга дидактических материалов, обеспечение методического сопровождения, ускоренное освоение инноваций, способствующих развитию интеллектуального и духовно-нравственного потенциала подрастающего поколения.

Деятельность Национального научно-практического, образовательного и оздоровительного центра «Бобек» направлена на разработку и внедрение уникальной программы нравственно-духовного образования «Самопознание», идея которой принадлежит Саре Алпысовне Назарбаевой.

Соответственно внедрение учебной дисциплины «Самопознание» в систему непрерывного образования страны определяет необходимость изучения вопросов, связанных с обоснованием оптимальных методов, приёмов и форм организации процесса обучения и воспитания. Целью профессиональной деятельности учителя является выявление и раскрытие природного потенциала учащихся, развитие творческих способностей, воспитание гуманного человека.

Учитель являет собой образец самопознания, самоактуализации и саморазвития творческих сил и способностей. Своими мыслями, словами и действиями он показывает ученикам, как следует учиться, трудиться, общаться с людьми разных возрастов и категорий, как надо относиться к человеку, который находится рядом, проявляя внимание и заботу.

Известный французский просветитель Жан-Жак Руссо считал, что в нравственном воспитании есть три главные задачи:

1. Выработка добрых чувств,
2. Развитие добрых суждений.
3. Воспитание доброй воли.

Прежде всего, у ребёнка необходимо развивать положительные эмоции, направленные на гуманное отношение к людям, доброте, состраданию. Всё это достигается не нравочениями, а непосредственным общением с хорошими людьми и хорошими примерами. Жан-Жак Руссо говорил, что искусство преподавания заключается в том, чтобы ученик находил удовольствие в учении. Великий гуманист ратовал за то, чтобы учащийся в процессе обучения радовался жизни, самостоятельно осязая и наблюдая окружающий мир, удовлетворяя жажду познания [2].

Как сделать уроки самопознания «живыми» и интересными? Как организовать процесс обучения, чтобы взаимодействие на уроке доставляло радость общения, способствовало развитию качеств доброты, ответственности, толерантности у учащихся?

Вне сомнения, одним из ответов на поставленные вопросы является умелое использование музыки на уроках самопознания. Организуя хоровое пение и слушание музыкальных произведений, учитель должен обратить внимание на ценностно-смысловое содержание текстов песен, на потенциальные возможности урока в развитии эмоционально-сердечной сферы, привитии музыкально-эстетического вкуса, воспитании нравственно-этических качеств детей и подростков.

Издравле музыка занимала особое место в развитии человека. Древнегреческий философ Платон образование делил на две категории - музыку и гимнастику. Он считал, что будущим воинам нужно дать двойное воспитание –мусическое и гимнастическое. «Первое –для души, второе–для тела. При этом воспитание души следует начинать раньше воспитания тела. Гимнастика и музыка, действуя вместе, должны привести к гармонии человека с самим собою. Они должны сделать так, чтобы развитие сил телесных и духовных шли рука об руку, а в душе произошло соединение силы и мягкости характера, мужества и доброй нравственности.

Гимнастика должна приучить человека к простому и строгому образу жизни. Музыка же должна развить в человеке чувство прекрасного и любовь к нему, а также нравственную зрелость...» [3].

Интеграционный характер уроков самопознания и музыки обеспечивает достижение цели гармоничного развития человека. Хоровое пение на уроках самопознания должно быть исполнено грамотно, в соответствии с элементарными требованиями к соблюдению музыкального ритма, темпа, динамических оттенков. Допускается соединение пения с движениями, которое также способствует активизации взаимодействия и взаимопонимания участников педагогического процесса.

Совместная работа учителей самопознания и музыки в поиске оптимальных форм организации уроков - залог успеха в нравственно-духовном развитии учащихся.

По аль-Фараби, при музыкальном исполнении очень важно, чтобы ритмы доставляли приятное ощущение слушателю. Ритм — это пульс, свидетельствующий о гармоничности музыкального произведения. Гармония и ритм, отвечающие врожденному чувству человека, создают поэзию, способную облагородить душу, вести к высокой цели.

Поэзия развивает это врожденное качество человека и вместе с музыкой, выполняет свое назначение — нравственное воспитание человека.

Исследователи Е.А.Попова, Л.П.Соколова и др. определяют учителя как творца культуры, а педагогическую деятельность характеризуют как культуросообразную деятельность [4].

Реализация принципа культуросообразности предполагает необходимость восприятия педагогического процесса как культурно-исторической ценности, максимальное использование региональной и духовной культуры, обеспечение единства национального и интернационального в воспитании подрастающего поколения, развитие творческих способностей учащихся, формирование внутреннего духовного мира, понимания необходимости сохранения и создания новых культурных ценностей.

Использование музыки на уроках самопознания обогащает духовный мир человека. Взаимодействие при групповом исполнении песни или в ходе музыкальной игры формирует уверенность, творческое отношение к осмысливанию понятий общечеловеческих ценностей.

Музыка стимулирует творчество, поэтому на уроках самопознания можно сопровождать тихой музыкой занятия учащихся творческой работой. К примеру, дети могут писать эссе, заниматься лепкой, рисованием, проектной деятельностью.

Хоровое пение, игра на музыкальных инструментах, музыкальные инсценировки являются прекрасными способами воспитания в детях доброты, культуры взаимоотношений, двигательной культуры, любви к музыкальному искусству.

Методический приём «позитивный настрой» используется на фоне музыкального сопровождения текста. Здесь важен интонационный строй голоса учителя, отбор музыкального материала. Музыка помогает учащимся концентрировать внимание, способствует релаксации. В этих целях следует обратиться к классической музыке или к сокровищницам музыкального народного творчества.

Использование музыки для самопознания и саморазвития способствует приятному расслаблению, успокаивает нервную систему человека, стимулирует творчество, развивает интуицию, пробуждает чувство любви. Особо следует отметить такую деятельность на уроках самопознания как слушание музыки.

Слушание музыки следует проводить регулярно, развивая интерес детей к музыке и ее пониманию. Для прослушивания следует подбирать классические музыкальные произведения.

Необходимо подсказывать родителям, что для полноценного развития ребёнка, необходимо уже на раннем возрастном этапе приучать его слушать хорошую музыку.

Наблюдения показывают, что, к сожалению, родители редко слушают музыку вместе с детьми, ссылаясь на свою занятость. Между тем, давно замечено, что музыка – самый благоприятный фон, на котором возникает духовная общность между людьми. Она помогает установить контакт между взрослым и ребёнком.

В какой форме может быть выражено совместное восприятие музыки? Оно и в пении ребёнка для своих родителей, и в совместном исполнении танцев, и в слушании музыки.

На уроках самопознания в процессе совместного восприятия музыки у учащихся возникает желание поделиться своими чувствами с одноклассниками и с учителем. А это очень важно для установления духовного контакта между участниками педагогического процесса.

Ясно, что учителю следует самому быть подготовленным, предварительно слушать произведения, планируемые для урока, собирать фонотеку классических музыкальных произведений, народных песен, инструментальной музыки и т.п. Одним словом, заниматься саморазвитием в аспекте музыкального искусства.

Следует отметить, что дети с удовольствием слушают произведения в исполнении оркестров народных инструментов. Это – инструментальные произведения песенного, танцевального жанра или разные виды кюев и др.

После прослушивания музыки должна состояться беседа о том, какое впечатление имело произведение. Главное, чтобы оно нашло эмоциональный отклик в душе ребёнка.

Можно попросить детей описать прослушанную музыку в цветовых образах. В настоящее время существует множество научных исследований, в которых устанавливается корреляция (определенное соотношение) цвета и звука.

Школьникам доставляет удовольствие рисовать под музыку. Учителям и родителям следует поощрять стремление детей фантазировать под музыку, проявлять творческое воображение. Можно придумать несложные игры, подобрать музыкальные отрывки, имитирующие шум моря, стук дождя, пение птиц и попросить учащихся узнать воспроизведенные в музыке явления. При слушании, надо объяснить детям, чтобы они сидели спокойно, расслабленно, желательно с закрытыми глазами и внимательно слушали музыку. Это помогает развивать внимание, концентрацию на определенном объекте, успокаивает нервную систему, способствует общему расслаблению тела, гармонизирует внутреннее состояние ребенка. Музыка является неотъемлемой составляющей образования ребенка. Основатель школы в Вальдорфе - Рудольф Штайнер (1861-1925) писал, что образование должно быть основано в уважении к каждому ребенку как к живой душе, чье предназначение - в один прекрасный день вполне осознанно войти в духовный мир.

Музыка несет в себе концентрированный образ мира: отсюда её ценность для пробуждения тех знаний о духовном мире, которые душа получает ещё до того, как мы появляемся на свет.

Поэтому никогда не может быть слишком рано для того, чтобы сделать это искусство неотъемлемой и любимой частью жизни ребёнка [5].

Попытаемся и мы это сделать.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Назарбаев Н.А. Послание народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» – Казахстанская правда. – 28.01.2012.
2. Асмус В.Ф. Жан-Жак Руссо.— М.: Знание, 1962
3. Лосев А.Ф. История античной эстетики. Высокая классика. Часть 1. Учение Платона об искусстве. Теория искусства. - Издательство «Фолио». // Серия: Вершины человеческой мысли. - 2000г.
4. Соколова Л.Б. и др. Культура педагогической деятельности учителя: методология, теория, опыт и перспективы развития. – Оренбург, 2001.
5. Джослин Гудвин. Гармония неба и земли.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада баланың рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі музыканың рөлі қарастырылған.

SUMMARY

In the article the value of music opens up in education of children. An enormous role in spiritually-moral education of children belongs to the lessons of self-knowledge and music.

УДК 792.8

С 12

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ «СҰЛУЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МӘНІ

*Сабадалиева Р.Б. - аға оқытушы,
Хореография кафедрасының меңгерушісі
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада автор Қазақстан Республикасының жоғарғы мектебінде өтілетін «Сұлулық және денсаулық» оқу бағдарламасының мақсаты мен міндеті. Би өнері арқылы

дене тәрбиесі мен дене сұлулығының маңыздылығын, сонымен қатар, бағдарлама арқылы болашақ ұстаздардың хореографиялық өнеріндегі би жанрларымен, өзге халықтарының салт – дәстүрін, мінез-құлықтарын, ұлттық би ерекшеліктерін тереңнен оқытатын оқу бағдарламасын ұсынып отыр.

Түйін сөздер: Сұлулық және денсаулық, хореографиялық өнер, дене тәрбиесі, салауатты өмір.

«Сұлу дене, сұлу қозғалысты көріп өскен
баланың денесі де, қозғалысы да сұлу болады...
Адам сұлулықты сүйсе, тазалықты сүйеді,
Тазалықты сүйсе, оған ауру жоламайды»
Мағжан Жұмабаев

Қазіргі уақыттағы әлеуметтік – экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде.

Ел Президентінің «Қазақстан – 2050» жолдамасындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірі – «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мән әл ауқаты» тармағында, «...азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сай болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін» азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеу қажеттігі көрсетілген. Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан мектептеріне жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған.

Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру туралы Елбасының жолдауын, егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын, алтын сүрлеу десе болады.

Аталған бағдарлама Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Қазақ аруы» тұжырымдамасына сай, «Сұлулық және денсаулық» пәнін игеру үшін құрастырылып отыр. Бағдарламаның мазмұны болашақ ұстаздардың халқымыздың ғасырлар бойы жиып-терген әдемілік иірімдерін игеруі және оны игеріп қана қоймай, өзінің әсем қимылымен, тал бойына жарасқан сәнді киіммен, жан сұлулығымен айналасындағыларға үлгі бола білу қағидаларын орындауға бағытталған.

Дәл бүгінгі таңда ойлы жанның санасына қозғау салып, сұлулықтың кешенді қасиетін бойына сіңіруге септігін тигізетін пәнді жүргізу қажеттігі неліктен туып отыр.

Әлімсақтан белгілі, әдемі бет-әлпет, сұлу-мүсін, қолаң шаш, нұрлы жанар, әсем қимыл адам баласын елең еткізіп, әркім де өзіне мұрат тұтқан тұлғаларға еліктіруге мәжбүр еткен.

Халқымыздың бағалауындағы ештеңемен теңестіруге, салыстыруға келмейтін сұлулық ұғымының өміршендігі соншалық, әр қоғам, әр ұлттың бұл жайындағы өзіндік эталоны қалыптасқанымен, сұлулықты пір тұту қасиеті ғасырдан-ғасырға жетіп, бүгінгі күнде білімділікпен, парасаттылықпен астасып жатыр.

Бүгінгі ару - ертеңгі ұстаздардың, адамдармен жұмыс істейтін әрбір білімді, парасатты жанның, киім киісі, жүріс-тұрысы, өзін ұстауы, түрлі ойын-сауықтарда, әр ұлттық билердің ырғағына сәйкес қозғала білуі, бетті әрлеу үлгісі қандай ортада, қай кезде болатынына сәйкес киіммен үйлесім табуы, жеке өзіне және ұстанған стиліне орайлас болуы тиіс. Сондай-ақ, денсаулығына байланысты емдік тағамдарды (диеталық тағамдар) дұрыс пайдалана білгені жөн.

Әдеміліктің терең де тамырлы, жан-жақты өрісін танытатын осындай пәнді жүргізу үшін, ең алдымен дене сұлулығына бірден-бір себепкер болатын хореографиялық жаттығулар, дене күтімімен келбетке сай көркем талғам қалыптастыратын ережелер жиынтығы негізге алынды.

Бұдан басқа, білімгерлер қазақ халқының ұлттық би қимылдарынан, қазіргі заман билерінен түсінік алады. Осы бағыттардан мағлұмат алған әрбір ару әдемілік, сұлулық ұғымдарының иірімдерін түсініп, оның қағидаларын бойына сіңіре бастайды.

«Сұлулық және денсаулық» пәнін өз деңгейінде жүргізу үшін сабақ барысында қолданылатын музыкалық шығармаларды орынды пайдалана білудің мәні өте зор. Әдемі де әсем, құлаққа жағымды халықтық әуендердің, әлемдік классикалық музыканың негізінде қолданылатын шығармалар талғамның дұрыс қалыптасуына ғана емес, орындалатын қимылдарды саналы қабылдап, өз дәрежесінде меңгеруге әсерін тигізеді.

«Сұлулық және денсаулық» сабағы негізінен практикалық тұрғыда жүргізіледі. Өтілетін сабаққа қатысатын студент саны 20-дан аспауы тиіс.

«Сұлулық және денсаулық» пәнінің мақсаты:

Сұлулық ұғымына сәйкес, әдемілік сырларын жан-жақты меңгерген тән мен жанның саулығын сақтау құпиясын түсінер, сыр мен сымбатты өнермен ұштастыра білетін» сегіз қырлы, бір сырлы» қазақ аруын тәрбиелеу.

«Сұлулық және денсаулық» пәнінің міндеті:

- оны игеру барысында білімгерлер сұлулық ұғымының мәнін, мақсатын түсініп, негізгі бағыттарынан мәлімет алуы тиіс;

- өз денесін, қимыл-қозғалысын меңгере білуге негіз болып табылатын хореографиялық жаттығуларды, ұлттық және әлем халықтары би қимылдарының қарапайым үлгілерін білуі тиіс.

Бұл пәнді өту барысында білімгерлер мынадай біліктілік дағдыларын меңгеріп, үйреніп шығуы тиіс:

- денені тік ұстау, аяқты, қолды, әсем қозғалта білу, бұлшық еттердің қозғалысын дұрыс пайдалану, зейінді тәрбиелеу, қазіргі сәндік билердің, қазақ биінің, әлем халықтары билерінің элементтерімен таныс болу және орындай алу, бетті жарасымды әрлеу, сұлулықты сақтау мен денсаулық сақтаудың қарапайым қағидаларын игеру

- осы пәнді оқып-үйрену барысында алған білімін ары қарай өз бетінше дамыта алуға, күнделікті тіршілікте пайдалана білуге, өз ұрпағын сұлу да сымбатты етіп өсіруге дағдылануы тиіс.

Тақырыптардың мазмұны

Сұлулық және денсаулық пәні:

- мақсаты мен міндеті

«Макияж»

- күндізгі және кешкі макияж;

- жылы және суық түстер;

- макияжда түстер гаммасын таңдау;

- бет коррекциясын құру;

- макияж светометриясы;

- макияждың орындау технологиясын меңгеру.

Дайындық және негізгі қимылдар:

«Вальс»

Вальс $\frac{3}{4}$ музыкалық өлшемде орындалады, студенттердің жалпы дайындық деңгейін ескере отырып, қарапайым би элементтерін игеріп, қағидасын ұстана жүргізіледі және оқу әдістемесінен мағлұмат береді.

- «Дорожка»;

- «Дорожкамен алға»;

- «Дорожкамен артқа».

Вальс айналымдары:

- Оңға айналу;

- Солға айналу;
- «Балянсе»;
- «Квадрат»;
- «Окошка».

Қазақ би қимылдары

- кіріспе;
- қазақ биінің негізгі би қимылдарын оқып үйрену.

Қазақша сәлем беру түрлері

- қыз баланың иіліп сәлем беруі;
- тәжім.

Қол қимылдарының жаттығулары

- қол білезігін айналдыру;
- толқын;
- жалын;
- қол сілтеу;
- беташар.

Негізгі жүріс түрлері

- қарапайым негізгі жүріс;
- өкшелеп жүріс;
- ауыспалы жүріс.

Айналу тәсілдері

- ең қарапайым айналма;
- «айгөлек-1»;
- «айгөлек-2».

Ұршық иіру қимыл-қозғалыстары:

- Ұршық иіру;
- Жіпті шүйкелеп иіру тәсілі.

Киіз басу биінің қимылдары:

- Жүнді жаю қимылдары;
- Жүнді шыбықтап, сабау қимылдары;
- Киізді білектеп, жұдырықтап талдыру қимылдары.

Кесте тігу тәсілдерінің қимылдары:

- жіпті инеге сабақтау қимылдары;
- орамалға кесте тігу қимылдары.

Халықтық-сахналық би туралы түсінік:

- мақсаттары мен міндеттері;
- негізгі түсініктер.

Зал ортасындағы комбинацияларды меңгеру

- жүріс түрлері (түзу, қиғаш).

Орыстың сахналық биін үйрету әдістемесі:

- негізгі қимылдар;
- орыс биінің материалдары негізінде этюдтер;
- хоровод, пляскалар т.б.

Өзбек биін үйрету әдістемесі:

- өзбек биінің ерекшеліктері;
- негізгі қалыптар;
- үш стиль: қол, бас, дененің айырмашылықтары;
- сәлемдесу;
- айналу.

Шығыс биін үйрету әдістемесі:

- негізгі қол, бас қалыптары;
- сәлемдесу;
- аяқ қалыптары;
- қолға арналған жаттығулар;
- мойынның бұлшық еттеріне арналған жаттығулар;
- дененің иілімділігіне арналған жаттығулар;
- бөксе бұлшық еттеріне арналған жаттығулар.

«Сұлулық және денсаулық» пәнін өз деңгейінде жүргізу үшін сабақ барысында қолданылатын музыкалық шығармаларды орынды пайдалана білудің мәні өте зор. Әдемі де әсем, құлаққа жағымды халықтық әуендердің, әлемдік классикалық музыканың негізінде қолданылатын шығармалар талғамның дұрыс қалыптасуына ғана емес, орындалатын кимылдарды саналы қабылдап, өз дәрежесінде меңгеруге әсерін тигізеді.

«Сұлулық және денсаулық» сабағы негізінен практикалық тұрғыда жүргізіледі. Өтілетін сабаққа қатысатын студент саны 20-дан аспауы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абилов Д., Исмаилов А. «Қазақские народные танцы» А. 1984ж.
2. Жұмабаев М. «Педагогика» А. 1995ж.
3. Жиенкұлова Ш. «Тайна танца» А. 1980ж.
4. Жиенкұлова Ш. «Сымбат» А. 1987ж.
5. Жиенкұлова Ш. «Қазақские танцы» А. 1955ж.
6. «Искусство быть любимой» 1995ж. Изд. Астарты.
7. «Қазақская национальная одежда» А. 1958ж.
8. «Шаңырақ» үй-тұрмыс энциклопедиясы А. 1989 ж.

РЕЗЮМЕ

В данной статье предлагается учебная программа «Здоровье и красота» для высших школ Республики Казахстан, описывается актуальность и значимость на сегодняшний день.

SUMMARY

In this paper we propose training program «Health and Beauty» for the high schools of the Republic of Kazakhstan, describes the relevance and value to segodneshny day.

ӘОЖ 37.026.9:371.212:371.385.3

ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ БОЛАШАҚ ПӘН МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

*Сабырова З.Қ. - алеуметтік және тәрбие
істері жөніндегі проректор
Сәндібаева Н.Ә. – п.ғ.к., доцент м.а.
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада еліміздің жоғары оқу орындарында болашақ пән мұғалімдерінің жаңа технологияларды жүзеге асыруы, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, отандық экономика мен өндіріс салаларының жанаша дамуымен байланысты жаратылыстану пәндерін оқытудың жаңа міндеттері қарастырылған.

Түйін сөздер: тәрбие үдерісі, білім беру, кәсіби құзыреттілік, инновация, педагогикалық технологиялар, технологиялық-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік.

Білім мен ғылым негізінде болашаққа деген шынайы сенім мен үкілі үміт, өз халқына деген ізет-құрмет пен қадір-қасиет жатқанын Елбасы барлық сөйлеген сөздері мен Жолдауларында ерекше атап отырады. Ол тәрбие мен оқу-білімді егіз дүние ретінде қарастырып, тәрбие арқылы берілетін білімнің болашағы әрқашан баянды болатынын назарынан ешқашан тыс қалдырмады. «Қазақстан – 2030» Стратегиясында Елбасы: «Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты», – деп айрықша атап айтса, биылғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік және дене болмысы, көңіл күйлеріне байланысты», – деп, білім беру саласын дамытудың қаншалықты маңызды екендігіне жұртшылықтың назарын аударды.

Еуропадағы жоғары білім беруге байланысты біліктілікті мойындауы жөніндегі Лиссабон конвенциясы мен Болон процесіне Қазақстанның қатысуы еліміздегі білім беру жүйесінің сапасын қайта қарауды, қазіргі талаптарға сәйкестендіруді талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Назарбаев университеті студенттеріне арнап оқыған «Қазақстан білім қоғамы жолында» дәрісінде «Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді әжетке жаратып, тұрмыс игілігіне жарата білуімен бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл. Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны.» деумен қатар, «...Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және оларды материалдық ынталандыруға бөлек көңіл бөлу қажет» деп атап көрсеткен болатын. Бұл Елбасымыздың білімді және білікті жастарды тәрбиелеу мектеп қабырғасынан басталып, ондағы мамандардың біліктілігі мен шеберлігі заман талабы екенін айқындап, педагогикалық жоғары оқу орындарының жаңа тұрпаттағы мұғалімді, яғни шығармашыл, жаңашыл, кәсіби - педагогикалық құзіретті, ой деңгейі жоғары, білім беру және тәрбие салаларында жаңа процестерді жүзеге асыруға қабілетті маманды даярлау мәселесіне жаңа тұрғыдан келу қажеттігін нұсқауы болды.

Болашақ пән мұғалімінің кәсіби мәдениетінің мәнді бөлігі, оның кәсіптік қызметті жүзеге асыруға қабілеттілігі, сонымен бірге білім беруге даярлығының бейнесі болып табылатын құзыреттілігінің негізі жоғары оқу орнында қаланады. Мұғалімнің жаңа іс-әрекетті жүзеге асыру құзыреттілігі, жалпы кәсіби құзыреттілік сияқты, оның бүкіл кәсіптік өмірі барысында қалыптасады.

Еліміздің жоғары оқу орындарында болашақ пән мұғалімдерінің жаңа технологияларды жүзеге асыруға кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру отандық экономика мен өндіріс салаларының жаңаша дамуымен байланысты болып, ол өз кезегінде жаратылыстану пәндерін оқытудың жаңа міндеттерін алға қояды.

Отандық білім беру жүйесін әлемдік деңгейге жеткізу, әлемдік білім кеңістігінен белгілі орын алу мақсатында әртүрлі кәсіптік бағдарламаларға негізделген жаңаша бағдарланған оқу орындарының пайда болуы болашақ мамандарды даярлау ісіне зор міндеттер қояды.

Бұл қазіргі жоғары оқу орындарында қоғам сұранысына сәйкес жүргізіліп жатқан тың өзгерістер жаңа құрылымдар мен тәсілдерді енгізуді, әлемдік стандарттарға сай мамандарды даярлау мақсатында жоғары мектеп оқытушыларының тәрбие берудегі іс-әрекетін ғылыми негізде жүзеге асыруын шарттайды. Еліміздің экономикалық дамуының қажеттіліктерін қанағаттандырып, экономика мен өндіріс салаларының дамуына сай жастарды заманға құзыретті тұлға ретінде қалыптастыру үшін жоғары оқу орындарының оқытушылары оқытумен тәрбие берудің жаңа технологияларын пайдалануы қажет.

Болашақ пән мұғалімдерінің мектептегі тәрбие үдерісінде жаңа технологияларды жүзеге асыру құзыреттілігі жүзеге асырылуы үшін педагогикалық инновацияларды пайдалану маңызды орын алды. «Инновация» ұғымы XIX ғасырдан бастап қолданысқа енген жаңа

терминдердің бірі бола отырып, қазіргі білім саласының ең көп қолданылатын және мағынасы терең сөздерінің біріне айналды. Инновация педагогикалық технологияларды түрлендіре отырып, оқушы мен мұғалім үшін барлық жағынан өте қолайлы жағдайлар жасай отырып, оқыту үдерісін жобалаудың, ұйымдастырудың және өткізудің соңына дейін ойластырылған, әрі бірлесіп жүзеге асырылатын өзара іс-әрекеттер жиынтығына айналып отыр.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгеріп қана қоймай сонымен бірге тәрбие беру саласында да білікті маман болу қажет. Себебі жастарға озық оймен бірге, тереңде саналы тәрбие беру керек. Қазақ ағартушысы Мағжан Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті» деген. Бұл жас ұрпаққа ұлттық тәрбие және жоғары білім беру ең алдымен оқытушының даярлығына, оның іс-тәжірибесінің шыңдалуына байланысты екендігін көрсетеді.

Қазіргі нарық экономиканың сұраныстарын қанағаттандыруға және экономиканың, өндіріс салаларының дамуына сай жастарды құзыретті тұлға ретінде қалыптастыру үшін мұғалімдер оқытудың қазіргі технологияларын пайдаланып, одан әрі заман талабына сай жетілдіруі қажет.

Жаңашыл мамандар әрқашан өзгеріп отыратын әлеуметтік–экономикалық үдерістерді талдап, заман өзгерісіне сай нақты шешімдер қабылдап, жүзеге асырып, білім, ғылым, өндіріс арасындағы ықпалдастықтың бағытын ұстануы тиіс. Осыған байланысты жоғары оқу орнының қазіргі уақыттағы ең бір маңызды міндеті – кәсіби білікті, құзыретті мамандар даярлау.

Болашақ пән мұғалімдерінің мектептегі тәрбие үдерісінде жаңа технологияларды жүзеге асыру құзыреттілігі – әрбір жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқару мақсатында теориялық және практикалық дайындығы мен қабілеттерінің бірлігі болып табылады. Атап айтқанда мектептегі тәрбие үдерісінде жаңа технологияларды жүзеге асыру құзыреттілігі маманның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы, яғни оқушыларды тәрбиелеуде кәсіптік іс-әрекетті атқаруға теориялық білімі мен практикалық қабілеттерінің бірлігі негізіндегі даярлығы.

Болашақ пән мұғалімін кәсіптік даярлау мәселесіне байланысты зерттеу жұмыстарына талдау жасау болашақ пән мұғалімдерінің жаңа технологияларды жүзеге асыру бойынша кәсіптік құзыреттілігінің негізін дайындауға мүмкіндік береді.

Болашақ пән мұғалімдерінің мектептегі тәрбие үдерісінде жаңа технологияларды жүзеге асыруға кәсіптік құзыреттілігі жобалаушылық, ұйымдастырушылық-жоспарлаушылық, технологиялық-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік жаңа әдістерді меңгеру арқылы жүргізіледі.

Оқу үдерісі барысында мектеп оқушылары жаңа нәтижеге жетіп, жаңа құралдарды меңгеруі, әлемдік ақпараттар кеңістігінде еркін жүзуі үшін дәстүрлі іс-әрекеттерді жаңаша ұйымдастыру болашақ мұғалімдердің жаңа технологияларды жүзеге асыруға кәсіптік құзыреттілігінің тиімді қалыптастырылуына және дамытылуына жол ашады.

Сондықтан болашақ пән мұғалімдерін даярлау барысында барлық оқу пәндері және қоғамдық жұмыстар деңгейінде білім алушыларда кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін студенттердің жаңашыл іс-әрекеттерін қалыптастыру мен дамытудың өзара байланысын тұрақтандырып, тәрбие беру барысында да студенттердің жаңа технологияларды жүзеге асыруға құзыреттілігін қалыптастыруды алға қою керек. Сонда ғана отаншыл, бәсекеге қабілетті, өзіндік тұлғалық ерекшеліктері қалыптасқан, жоғары кәсіби білімді маман даярлау ісін алдағы кезде де жаңа инновациялық бастамалар мен жаңалықтар, ұлттық құндылықтар негізінде жалғастыра отырып, еліміздің патриоттарын тәрбиелеуде сүбелі үлесіміз болары анық.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается формирование профессиональной компетентности с помощью новых технологий будущих учителей. А также новые задачи преподавания предметов естествознания.

SUMMARY

In the article, forming of professional competence is examined by means of new technology of future teachers. And also new tasks of objects natural science.

УДК 373.3
С 95

ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ КУЛЬТУРА КАК СПОСОБ ОРГАНИЗАЦИИ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В НАЧАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Сыздыкбаева А. Д., Бондарева Т.О.

докторанты I курса (г. Алматы,

Казахского национального

педагогического университета имени Абая)

Аннотация: В статье говорится об использовании проектной деятельности как способа развития исследовательской культуры, раскрывающего индивидуальность, реализующего интересы и потребности развивающейся личности младшего школьника. Актуальность исследования обусловлена активными процессами в социально-экономической и политической сферах общества, поставивших систему образования перед необходимостью пересмотра традиционных подходов к обучению и воспитанию младшего школьника. Подробно рассмотрены виды, этапы проектной деятельности, последовательность работы педагога над проектом. Экспериментальным методом доказана эффективность внедрения проектного метода в начальной школе.

Ключевые слова: исследовательская культура, проект, метод проектов, проектная деятельность, технология проектной деятельности в начальной школе, этапы и типы проектной деятельности.

Президент страны Н.А.Назарбаев к стратегическим направлениям развития республики в ближайшее десятилетие относит образование и науку. Национальная доктрина образования в РК в качестве одной из важнейших задач определяет «непрерывность образования в течение всей жизни человека», которая рассматривается не только как мера государства по обеспечению развития материального производства, но и как возможность индивида осуществлять свободный выбор путей собственного развития, жизнестворчества, самоутверждения [4]. В этой связи каждого вступающего в жизнь человека надо, прежде всего, научить учиться, привить ему интерес к познанию. Формирование данной потребности в младшем школьном возрасте требует от учителя компетентности и профессионализма. Показателями высокого профессионального уровня педагога и качества педагогического процесса являются владение и успешное применение новых технологий, отражающих личностно-ориентированный подход педагога к воспитанникам. Среди этих технологий – инновационным феноменом выступает проектная деятельность.

Анализ научной литературы свидетельствует о том, что многие исследователи обращались к проблеме проектной деятельности: рассмотрены подходы к обучению проектной деятельности (В.Г.Веселова, О.Р.Козлова, В.М.Монахов и др.); изучена сущность проектной деятельности как условия развития исследовательских компетенций (М.П. Горчакова-Сибирская, И.А. Колесникова, А.С. Сиденко и др.); описаны методические

аспекты обучения проектированию в образовательном учреждении (Н.В.Матяш, В.Д.Симоненко, Г.И.Щукина и др.); разработаны основы проектной деятельности (Е.М.Борисова, Н.О. Гафурова, В.В. Гузеев, Н.Ю. Ерофеева, В.В. Копылова, О.Е. Ломакина, В.М. Монахов, Т.А. Новикова, Е.С. Полат, Н.Ю. Пахомова, И.Д. Чечель и др.) [7]. Несмотря на достаточную разработанность данного феномена, отмечается отсутствие единого подхода к организации проектной деятельности в начальной школе.

В этимологическом словаре слово «проект» заимствовано из латыни и означает «выброшенный вперёд», «выступающий», «бросающийся в глаза» [8]. Под проектом понимается самостоятельная и коллективная творческая завершённая работа, имеющая социально значимый результат. В основе проекта лежит проблема, для её решения необходим исследовательский поиск в различных направлениях, результаты которого обобщаются и объединяются в одно целое [1].

Метод проектов – это педагогическая технология, стержнем которой является самостоятельная деятельность детей – исследовательская, познавательная, продуктивная, в процессе которой младший школьник познаёт окружающий мир и воплощает новые знания в реальные продукты. Суть «метода проектов» состоит в такой организации образовательного процесса, при которой обучающиеся приобретают знания и умения, опыт творческой деятельности, эмоционально-ценностного отношения к действительности в процессе планирования и выполнения постепенно усложняющихся практических заданий, проектов, имеющих не только познавательную, но и прагматичную ценность. «Всё, что я познаю, я знаю, для чего мне это надо и где и как я могу эти знания применить» – вот основной тезис современного понимания метода проектов, который привлекает многие образовательные системы, стремящиеся найти разумный баланс между академическими знаниями и прагматическими умениями [3].

В основу метода проектов заложена идея о направленности познавательной деятельности младшего школьника на результат, который достигается в процессе совместной работы педагога, детей над определённой практической проблемой, темой.

Выделены три этапа в развитии проектной деятельности у детей младшего школьного возраста:

Первый этап – подражательно-исполнительский, реализация которого возможна с детьми 5-6 лет. На этом этапе дети участвуют в проекте «на вторых ролях», выполняют действия по прямому предложению взрослого или путём подражания ему, что не противоречит природе маленького ребёнка; в этом возрасте ещё существует потребность установить и сохранить положительное отношение к взрослому и подражать ему.

Второй этап – развивающий, он характерен для детей 7-8 лет, которые уже имеют опыт разнообразной совместной деятельности, могут согласовывать действия, оказывать друг другу помощь. Ребёнок активнее организует совместную деятельность со сверстниками. У детей развиваются самоконтроль и самооценка, они способны достаточно объективно оценивать как собственные поступки, так и поступки сверстников. В этом возрасте дети принимают проблему, уточняют цель, способны выбрать необходимые средства для достижения результата деятельности. Они не только проявляют готовность участвовать в проектах, предложенных взрослым, но и самостоятельно находят проблемы.

Третий этап – творческий, он характерен для детей 9-10 лет. Взрослому очень важно на этом этапе развивать и поддерживать творческую активность детей, создавать условия для самостоятельного определения детьми цели и содержания предстоящей деятельности, выбора способов работы над проектом и возможности организовать её.

Спецификой взаимодействия с использованием метода проектов в школьной практике является то, что взрослым необходимо «наводить» учащегося, помогать обнаруживать проблему или, даже провоцировать её возникновение, вызвать к ней интерес и «втягивать» детей в совместный проект, но при этом не переусердствовать с помощью и опекой.

Планирование проектной деятельности начинается с вопросов: «Для чего нужен проект?», «Ради чего он осуществляется?», «Что станет продуктом проектной деятельности?», «В какой форме будет презентован продукт?». Работа над проектом, включающая составление обоснованного плана действий, который формируется и уточняется на протяжении всего периода, проходит несколько этапов [6]:

Первый этап – «выбор темы». Задача педагога – осуществлять вместе с детьми выбор темы для более глубокого изучения, составить план познавательной деятельности. Один из способов введения в тему связан с использованием моделей «трёх вопросов»: Что знаю? Чего хочу узнать? Как узнать? Диалог с детьми, организованный педагогом, способствует не только развитию саморефлексии ребёнка в области познания собственных интересов, оценке имеющихся и приобретению новых тематических знаний в свободной раскованной атмосфере, но и развитию речи. Сбор информации и планирование воспитательно-образовательной работы в рамках проекта. Задача учителя создать условия для реализации познавательной деятельности детей.

Второй этап – реализация проекта. Задача учителя создать в классе условия для осуществления детских замыслов. Реализация проектов происходит через различные виды деятельности (творческую, экспериментальную, продуктивную). Уникальность применения проектного метода в данном случае заключается в том, что третий этап способствует многостороннему развитию, как психических функций, так и личности младшего школьника. Исследовательская активность на данном этапе побуждается проблемным обсуждением, которое помогает обнаруживать всё новые проблемы, использованием операций сравнения и сопоставления, проблемным изложением педагога, организацией опытов и экспериментов.

Третий этап – презентация. Важно, чтобы в основу презентации был положен материальный продукт, имеющий ценность для детей. В ходе создания продукта раскрывается творческий потенциал младшего школьника, находят применения сведения, полученные в ходе реализации проекта. Задача учителя создать условия для того, чтобы дети имели возможность рассказать о своей работе, испытать чувство гордости за достижения, осмыслить результаты своей деятельности. В процессе своего выступления перед сверстниками, младший школьник приобретает навыки владения своей эмоциональной сферой и невербальными средствами общения (жесты, мимика и т.д.).

Четвёртый этап – рефлексия. Взаимодействие педагога и обучающегося в проектной деятельности может изменяться по мере нарастания детской активности. Позиция учителя выстраивается поэтапно по мере развития исследовательских умений и нарастания самостоятельной деятельности от обучающе-организующей на первых этапах к направляющей и корректирующей к окончанию проекта.

Проекты могут быть: долгосрочные (1,2,3 года), несколько месяцев, 1 месяц, несколько недель, 1 неделя и даже 1 день.

Определим последовательность работы педагога над проектом [5]:

- педагог ставит перед собой цель, исходя из потребностей и интересов младшего школьника;
- вовлекает младшего школьника в решение проблемы;
- намечает план движения к цели (поддерживает интерес детей и родителей);
- обсуждает план с семьями на родительском собрании;
- обращается за рекомендациями к опытным учителям начальной школы;
- вместе с детьми и родителями составляет план - схему проведения проекта;
- собирает информацию, материал;
- проводит уроки, наблюдения, поездки (мероприятия основной части проекта),
- даёт домашние задания родителям и детям;
- поощряет самостоятельные творческие работы школьников и родителей (поиск материалов, информации, изготовление поделок, рисунков, альбомов и т. д.);

- организует презентацию проекта (праздник, занятие, досуг), составляет книгу, альбом совместно с детьми;

- подводит итоги (выступает на педсовете, обобщает опыт работы).

Таким образом, в проектной деятельности происходит формирование субъектной позиции у младшего школьника, раскрывается его индивидуальность, реализуются интересы и потребности, что в свою очередь способствует творческому саморазвитию обучающегося.

Выделяют три основных вида проектной деятельности: творческую, исследовательскую, нормативную – каждый из которых обладает своими особенностями, структурой и характерными этапами реализации [2].

В ходе творческой проектной деятельности создается новый творческий продукт, чаще всего осуществляется коллективно или совместно с родителями.

Проекты по созданию норм являются чрезвычайно важным направлением в педагогической деятельности, т.к. они развивают позитивную социализацию младшего школьника. Эти проекты всегда иницируются педагогом, который должен четко понимать необходимость введения той или иной нормы.

Основной целью проектного метода в начальной школе является развитие свободной творческой личности, которое определяется задачами развития и задачами исследовательской деятельности детей. Задачи исследовательской деятельности специфичны для каждого возраста. Так, в работе с детьми младшего школьного возраста учитель основное внимание обращает на вхождение детей в проблемную ситуацию; активизацию желания искать пути разрешения проблемной ситуации; формирование начальных предпосылок исследовательской деятельности.

Цель нашего эксперимента заключалась в исследовании внедрения проектного метода в деятельность начальной школы. Эксперимент проводился на базе школы- гимназии №15 г. Алматы. В нем принимали участие педагогический коллектив начальной школы и школьники 3 «В» класса. На первом этапе мы использовали анкетирование, на знание педагогов особенностей использования проектной технологии в начальной школе.

Результаты анкетирования:

- низкий уровень осведомлённости педагогов об особенностях проектного метода;

- нежелание учителей отступать от сложившейся стереотипной системы занятий в школе;

- недостаточная оснащённость начальной школы и класса для реализации творческих проектов;

- низкая мотивация родителей на активное участие в жизни школы и класса.

Для изменения ситуации была проведена методическая работа с педагогами по ознакомлению их с инновационными технологиями: консультация «Проектный метод развивающего обучения младшего школьника»; семинар-практикум «Особенности использования проектного метода в начальной школе». Педагогам были предложены памятки по созданию проектов. Проекты, над которыми работали учителя, носили информационно-исследовательский характер. Все они были объединены в единую тему «Природа – это дом, в котором мы живём». Выбор темы – это первый шаг учителя в работе над проектом. Второй шаг – это тематическое планирование по выбранной проблеме на месяц, где учитываются все виды детской деятельности: игровая, познавательно-практическая, художественно-речевая, трудовая, общение и т.д. На этапе разработки содержания уроков, наблюдений и других видов деятельности, связанных с темой проекта, учителя особое внимание уделяют организации среды в начальной школе в целом и в классе.

I этап разработки проекта – целеполагание: учитель выносит проблему на обсуждение детям.

II этап работы над проектом представляет собой разработку совместного плана действий по достижению цели. На этом этапе учителя использовали модель «четырёх

вопросов». Её суть в том, что учитель задаёт детям четыре вопроса: «Что мы знаем? Что мы хотим узнать? Как мы можем что-то узнать? Что узнали?».

III этап работы над проектом – его практическая часть. Школьники исследуют, экспериментируют, ищут, творят. Так, например, с особым интересом работали дети над проектом «Чистый воздух нужен всем». Провели ряд экспериментов, самостоятельно, с небольшой помощью учителя, заключение о том, что воздух есть везде, он необходим человеку. Все высказывания учитель фиксировал. Кроме схематической фиксации использовалась также фото и видео съёмка. Результаты работы были оформлены в альбом.

Последним этапом работы над проектом являлась презентация проекта. Презентация проходила в форме итоговой игры-занятия. Анализируя итоги работы над проектом, учителя задумались над тем, как можно изменить организацию деятельности детей, как индивидуализировать используемые формы работы для каждого ребёнка, как включать в реализацию проекта детей с особыми потребностями, какие новые формы работы можно организовать в будущем.

Несмотря на то, что технология проектирования является инновационной для начальной школы и апробировалась нами только в течение одного месяца, можно говорить о некоторых результатах.

Младшие школьники, участвующие в проектной деятельности:

- проявляют творческую активность в познании окружающего мира;
- самостоятельны и гибки в принятии решений;
- сознательно применяют сенсорные ощущения в решении практических задач;
- осознают себя субъектом понимающим (что известно, что нет, каким образом можно узнать);
- способны общаться в классе по поводу обсуждения совместного плана действий.

Учителя, использующие в своей деятельности проектный метод:

- проявляют способность к самостоятельному творческому планированию всего воспитательно-образовательного процесса;
- обладают умением гибко подходить к планированию с учётом интересов и запросов детей;
- осуществляют поисковую педагогическую деятельность.

Таким образом, проектная технология способствует внесению новых идей в разработку содержания, методов обучения и воспитания, позволяющих эффективно развивать исследовательскую культуру. Поиск и освоение инноваций, способствующих качественным изменениям в начальной школе - основной механизм оптимизации развития системы начального образования в Республике Казахстан.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Блохин А.Л. Метод проектов как личностно ориентированная технология: дис. к.п.н.: 13.00.01. Ростов-на-Дону, Ротапринт, 2005. - 142 с.
2. Веракса Н.Е. Проектная деятельность дошкольников. Пособие для педагогов дошкольных учреждений. / Н.Е. Веракса - М.: Мозаика-Синтез, 2008.-112с.
3. Голуб Г.Б. Метод проектов - технология компетентностно - ориентированного образования. Самара: «Федоров: Учебная литература», 2006. - 167 с.
4. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 - 2020 годы. Астана, Акорда, 2010 г.- 52 с.
5. Гузеев В.В. «Метод проектов» как частный случай интегральной технологии обучения. Директор школы. М., 1995, № 6, с.34-47.
6. Матяш Н.В., Симоненко В.Д. Проектная деятельность младших школьников: Книга для учителя начальных классов. – М.: Вентана-Граф, 2004.
7. Сергеев И.С. Как организовать проектную деятельность учащихся: Практич. пос. для работников общеобразовательных учреждений. М.: АРКТИ, 2003.

8. Шапиро В.Д. и др. Управление проектами. СПб: «Два Три», 1996, с.610.

ТҮЙІНДЕМЕ

Жобалық технология жаңа идеялардың мазмұнға енгізілуін, оқыту әдістері мен тәлім-тәрбиенің, зерттеу мәдениетінің тиімді дамуын қамтамасыз етеді. Бастауыш мектептегі сапалы өзгерістерге жетелейтін ізденіс пен инновацияларды игеру – Қазақстан Республикасындағы бастауыш білім жүйесі дамуының негізгі механизмі.

SUMMARY

The article tells about using of project activity as an innovative phenomenon, which realizes interests and developing requirements of personality elementary education. Topicality of surveying causes with active processes in social-economical and political spheres of society, which put system of education before necessity of revision traditional attitudes to studying and training of elementary education. The stages of the project activity and teacher`s sequence on the project were considered very narrowly. Experimental method proved the efficiency of project implementation methods in elementary education.

УДК 371
Б 83

КОЛЛЕДЖ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Бексұлтанова Г.О. - педагогика және
психология мамандығының 2 курс
магистранты (Алматы қ.,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)*

Аннотация: Мақалада автор болашақ өнер мамандарының шығармашылық қабілетін пәнаралық байланыс негізінде дамыту мәселелеріне тоқталып, қазақ тілі мен география пәндерінің өзара үйлесімділігінің маңыздылығын атап өткен.

Түйін сөздер: шығармашылық, шығармашылық қабілет, колледж оқушылары, пәнаралық байланыс, әдебиет, шығармашылық сабақтар.

Заманымыздың заңғар жазушысы, ғасыр ғұламасы атанған М.Әуезовтің: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім», - деген сөзінің маңызы ешқашан жойылмақ емес, себебі кез келген мемлекет мәдениеті дамуының деңгейін, рухани мазмұнын, интеллектуалдық қуатын, өркендеу әлеуетін айқындайтын бірден-бір көрсеткіш – білім берудегі жүйелілік пен сапалылық.

Білім беру жүйесі Қазақстанның ұлттық даму саясатында белгіленген басымдылық қатарында өнер мамандарын даярлау мәселесі ерекше аталып келеді. Себебі, болашақ өнер мамандарының білім сапасын жақсарту – қоғам өміріне жаңашыл ой-пікірі қалыптасқан, өзіндік дарыны бар, жеке мүмкіндігін ашуға, кәсіби қабілеті мен таным деңгейін арттыруға бағытталған міндеттер шешімін табу болып табылады.

Бұл орайда оқытушы студенттердің дүниетанымын қалыптастыруға, өнер әлемін түсінуде жеке тұлғаны дұрыс бағытта жүргізілетін оқу-тәрбие іс-шараларын жаңашыл идеясымен қоса ойластыруы қажет. Оқытушы лекция, семинар сабақтарында беретін қосымша ақпараттық мәліметтері арқылы студенттердің шығармашылығын, жаңа мазмұнды зерттеу жұмыстарына ынтасын арттыруға әсерін тигізеді. Сондай-ақ, қосымша материалмен

жұмыс істеу студенттерді өздері меңгерген теориялық тақырыптарды қорытындылауға бейімдеп, берілген тапсырмаларды орындауда іс-әрекеттік қабілетін арттыра түседі.

Мұндай бағытта пайдаланылған ақпараттық материал студенттердің шығармашылық қабілетін арттыруға қызмет етіп, пәнаралық байланыс арқылы білім беру үдерісінің сапасын жоғарылатады.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Бұл орайда оқытушының негізгі міндеті – жинақталған ақпаратты баяндау емес, барлық студенттердің шығармашылық қабілетін жетілдіру.

«Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л.Рубинштейн: «Оқушы шығармашылығының ерекшелігі - оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни студенттің шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады.

Білім беру үдерісінде ұйымдастырылған шығармашылық сабақтар негізінде студенттер білімді жете меңгереді, оны ой елегінен өткізеді, талқылайды және меңгерген тақырыптың ең күрделі бөліктерін белгілейді, сонымен бірге түрлі жаңа терминдерді игереді. Айталық, пікірталас әдісін енгізу, студенттерді білімді меңгерудің барлық кезеңдерінде белсенділік, шығармашылық танытуға дағдыландырады, сол арқылы қарым-қатынас мәдениетінің дамуына, өздік жұмыстарын өз бетінше орындауда көптеген мәселелердің шешімін табуға үйретеді, оларды ойлау, сыни көзқарас білдіруге, өз ойларын тыңғылықты жеткізуге дағдыландырады.

Оқытудың шығармашылық әрекеттік-тәжірибелік тәсілдеріне саналы түрде көшу білім беру үдерісінде ұйымдастырушылық-дидактикалық қайта құруларды ғана емес, болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін жетілдіруді, нәтижелі оқу әрекетін қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды ескеріп, тәжірибе жүзінде іске асыру қажеттілігін талап етеді.

Пәнаралық байланыс негізінде колледж оқушыларының шығармашылық даярлығын жетілдіру білім берудің құрамдас бөлігі, өйткені ол болашақ маманның шығармашылық, өндірістік-басқарушылық, ойлау қабілетінің мәдениеті мен ғылыми ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру деңгейін жетілдіруге септігін тигізеді. Ол білім беру үдерісінің бірізділігін, жүйелігін көрсететін нәтижелі істер атқаруға, өнер туындыларының озық тәжірибесін зерделеуге, студенттердің жеке шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге, кәсіби іскерлігін дамыту және түрлі тәрбие жұмыстарын жүргізу арқылы оларды азамат, шығармашыл зиялы маман ретіндегі қасиеттерін қалыптастыруға бағдарлайды.

Колледж студенттерінің шығармашылық даярлығын жетілдірудің мақсаты білім беру сапасын қамтамасыз ету, білімді дамытудың негізгі жолы мамандарды кәсіби шығармашыл тұрғыда даярлау жүйесінің сапасын арттыру. Қазіргі кезде колледждерде кәсіби білікті мамандар даярлаудың жаңа тәсілдері ұсынылып, жаңа талапқа сай, шығармашыл жастарды даярлаудың үлгісі ұсынылып келеді.

Жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың басты мақсаты – оның бойына ұлттық діл-болмысты, жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру, әлемдік өркениеттің бағалы ой-пікірлерін насихаттау. Ал бұл орайда мемлекеттік тілдің алатын орны ерекше. Елге деген құрмет сезімін оятуда, мемлекетіміздің әлемдік деңгейдегі орнын танытып, көрсетуде, оқушыға эстетикалық тәрбие беруде қазақ тілінде шығармашылық қабілетті дамыту басты орын алады.

Мен жүргізетін қазақ тілі сабағында жеңілден күрделіге қарай бағыттау арқылы студенттің өз бетімен жұмыс жүргізуде ойын жүйелеуіне, айтар сөзінің орындылығы мен көркемдігіне көңіл бөліп отырамын.

Студенттің өзіндік ой-тұжырымын еркін айтуға тәрбиелеп, өз кәсіби іскерлігін дұрыс ұйымдастыра білуімен тікелей қатысты. Үйретіп отырған тілдің сан қырлы ерекшелігін

танытып, білім алушылардың тілін ұштап, ойын байытуға сабақтың қызықтылығы, тартымдылығы, қажеттілігі ерекше ықпал етеді.

Шығармашылық сабақтарда орынды қолданылған көптеген мәселелер төңірегінде сұрақтар студенттердің белсенді әрекетін туғызуға түрткі болып, өздігінен ой түйіндеуге әкеледі. Мұнда білім алушының танымдық дербестігін, шығармашылық дағдысын қалыптастыру үшін салыстыру, талдау, жинақтау нәтижесінде сан алуан әдістер жүзеге асырылады. Ойлау тәсілі үшін дұрыс шешім қабылдауға бағыттауда туындайтын негізгі міндеттер мынадай:

- білімді шығармашылықпен меңгеру дағдыларына тәрбиелеу;
- білімді шығармашылықпен меңгеруге дағдыландыру және оқу проблемасын шешу шеберлігіне тәрбиелеу;
- шығармашылық әрекеттерін қалыптастыру;
- оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру;
- студент тілін дамыту.

Студенттің өз бетімен жұмыс жүргізуі - шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы. Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Ол үшін балаға берілетін білім сабақтастықты қажет етеді. Мысалы, еліктеуіш сөздер тақырыбына орай айналадағы естілген дыбысты, адамдардың, жануарлардың сыртқы пішінін әр түрлі еліктеу сөздер арқылы жаттықтыру, еліктеуіш сөз қатысқан мәтінді оқу, табиғат құбылысына бақылау жасату, еліктеуіш сөз қатысқан сипаттама мәтін құрату, көркем мәтіннен еліктеуіш сөздерді табу, студенттің тілін дамыту ғана емес, шығармашылықпен жұмыс жүргізуге де әсер етеді, яғни студент ізденеді, талаптанады, ойланады. Сонымен қатар қайталау сабағында ән-музыка, бейнелеу түрлерін көбірек пайдалану, студентке ұсынылған жаттығуда мәтін құрауға жиі көңіл бөлу де шығармашылық қабілетті арттырады. Жаттығулардың бір қатары студенттің танымдық белсенділігін дамытып, шығармашылық әрекетін қалыптастыруға негізделеді. Студент тақырыпты меңгергеннен кейін жаттығу арқылы ойын жүйелеп, жұмыс жүргізуде, тапсырманы орындауда ойлау қабілетін жетілдіре түседі. Ойлау мен сөйлеу қабілеті бір-бірімен тығыз байланысты. Студенттің ойын жүйелеуде әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады:

- жаңа материалды меңгеру;
- студентке бағыт беру, яғни түрткі сұрақ, реплика беру;
- студенттің өзін көбірек сөйлету;
- тақырыпты бекіту;
- игерілген білімді тиянақтау;
- көрнекіліктердің әсерлігін тиімді пайдалану.

Студенттің өз бетімен ізденісінде қай жаттығу ойды бекітіп, қай жаттығу шығармашылық бағытты көздейтінін оқытушы топтық жұмыс арқылы да жүзеге асыра алады. Оқытушы әрбір тақырыпты өткен сайын сөз өнерінің құдіретін студент жеткізе білуі тиіс [1].

Колледж студенттерінің шығармашылық қабілеті мен әлеуетін танытатын жұмыстардың біразын әдебиет сабағында мәтінмен жұмыс кезінде жүргізуге болады, әрі бұл пәнаралық байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Мәтінмен жұмыс үстінде ең қажетті деген қарым-қатынастық машықтар жүзеге асырылып, олар студенттің шығармашылық қабілетін жетілдіре түседі, яғни мәтін тақырыбын түсіну, ашу; ондағы негізгі ойды бөліп алу; шығармадағы кейіпкер, оқиға, құбылыс туралы өз пікірін тұжырымдау; өз ойын дұрыс жазу, айту студенттің байланыстырып сөйлеуін қалыптастырып, жетілдіруге, сөз қорын молайтуға, өзіндік көзқарасын орнықтыруға септігін тигізеді. Бұл - әрбір тақырып бойынша студенттің ойын жүйелеудегі басты құрал.

Әдебиет сабағы оқушының ойлау қабілеті ғана емес, шығармашылық ой-өрісін де кеңейтеді.

Бұл орайда студентке пәндік материалды меңгертуде, оның интеллектуалдық танымын кеңейтуде тарих, география пәндерімен байланыстыра оқытудың маңызы зор. Әдебиетті географиямен тығыз байланыста оқыту әрі қызық, әрі қажеттілік, себебі қазақ әдебиеті пәнінде көне және жаңа заман топонимдері, географиялық ұғымдар көп кездеседі және ақын-жазушылар шығармашылығын өту барысында олардың туған, өскен, азамат, қаламгер ретінде қалыптасқан жерлеріне назар аудармай болмайды. Осыған байланысты қарапайым хронологиялық кестеден басталған жұмысты түрлентіп, студенттердің қызығушылық, танымдық деңгейлерін көтеруге болады.

Адам кез келген әрекетке күш жұмсау үшін оған ішкі немесе сыртқы түрткі болуы керек. Ішкі мотивацияны адамның өзі туындатады. Мысалы: жаңа нәрсені білуге ұмтылу, сыртқы дүниені, қоршаған ортаны танып-білуге талпыну. Сыртқы мотивация да балада оқу міндеттерін шешуге, яғни сыртқы ортаның әсеріне байланысты туындайды. Басқаша айтқанда, баланың оқуға өз ниет-қалауы болмаған жағдайда сол қалауды тудыру үшін мұғалімнің баланы ынталандыру, қызықтыру әрекеттеріне байланысты белгілі бір жұмыс түрлерін атқаруы. Ал қазақ тілі, әдебиеті сабақтарында мұндай қызығушылықты пәнаралық байланыс арқылы тудыруға болады, сондықтан бұл сабақтарда география деректерін қолданудың басты мақсаты:

- пәнге деген қызығушылықты арттыру;
- студенттің әдеби-географиялық сөздік қорын жүйелеу, молайту;
- танымдық біліктілік, яғни қазақ халқының материалдық, тұрмыстық, рухани-әдеби және мәдени байлығын әдебиет арқылы таныта білу;
- стильдік-талдау жұмыстары арқылы студенттің көркем тілін байыту;
- сөздік қорын молайтуда түсіндірме, аударма және кәсіби сөздіктерді пайдалануға төселдіру.

Келесі жұмыс – шығармадағы топонимдерді теріп жазып, олардың орналасу нүктесін анықтау, оның ақын-жазушы өмірімен байланысын ашу. Мысалы, жыраулар поэзиясындағы топонимдер: Еділ, Жайық, Арал, Баянауыл, Алатау, Сырдария, Қызылтау. Сондай-ақ М.Жұмабаевтың «Түркістанындағы» топонимдер мен антропонимдердің жазылуын меңгертіп, тілмен; тарихи тұлғалардың орнын еске түсіртіп, тарихпен; өмір сүрген аймақтарын көрсету арқылы географиямен пәнаралық байланыс орнатқызып, оқушының өз бетінше ізденуіне, яғни шығармашылық қабілетін жүзеге асыруына мүмкіндік беруге болады:

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.
Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны – Абылай ері.

Оқушының әдебиет, география бойынша сөздік қорын, түсінігін молайту үшін сөздерге анықтамалар беріледі, суреттермен иллюстрациясы беріледі. Мысалы, жер кіндігі, жота, топан, жыра, көмбе, сардала т.б. сөздердің этнолексикалық сипатын қазіргі географиялық ұғыммен байланыстыра көрсету оқушылардың қызығушылығын тудырып, танымын кеңейтуге жәрдемдеседі:

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,
Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алтай,
Қазықұрт қасиетті тау болмаса,
Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай?

Аталған тілдік бірліктердің біразы қазіргі кезде жиі қолданылмайтындықтан, оларды түсіндірме сөздік арқылы нақтылатуға болады.

Географиямен әдебиетті тығыз байланыстыратын тағы бір тұс – шығармадағы пейзажды суреттер. Оқушылар шығармадағы пейзажды анықтап, берілген сөздер арқылы мәтін құрайды. Мысалы, М. Жұмабаевтың «Түркістанындағы» дария, шөл, тау, сары құм, бұлақ сияқты сөздерге оқушылардың өздеріне анықтама бергізіп, мәтін құрату, суреттету

немесе суретін салғызу да олардың шығармашылық әлеуетін көрсететін жұмыс түрі болып табылады, ал бұл лексикалық бірліктердің синонимдерін іздетіп, сөз тіркестерін құрату олардың сөз байлығын молайтуға ықпал етеді.

Студенттердің келесі қызығып жасайтын жұмыстары - гео-хронологиялық карта. Бұнда оқушы көршілес елдер мен Қазақстан картасын ала отырып, ақын-жазушы немесе тарихи кейіпкердің өмір жолын картаға түсіреді. Бұл жұмыста оқушы картадағы жер-су, өлкенің орналасу нүктесін көреді, кейіпкердің немесе қаламгердің әр нүктедегі қызметін шартты белгімен сызады, жұмыс мерзімін көрсетеді, шығармашылықпен ойлауын байытады, жалпы кейіпкердің өмір жолын көз алдына әкеледі. Мәселен, М.Жұмабаевтың өмір деректерінде кездесетін аймақтарды, олардың орналасқан жерлерін белгілету арқылы оқушыларға топонимдердің, сан есімдердің жазылуын еске түсіртіп, дүниенің төрт торабының атауын меңгертуге мүмкіндік туады, яғни мұнда пәнаралық байланыс үш бірдей пәнді қамтиды [2].

Қазақ әдебиеті сабақтарында студенттердің назарын аударатын ендігі бір мәселе – ақын-жазушылар өміріндегі Омбы, Орынбор, Мәскеу, Түмен, Томск, Ташкент сияқты шетелдік қалалардың, ондағы оқу орындарының маңызы. Бұл орайда аталған қалалардың тек қазақ тарихы үшін ғана емес, дүниежүзілік мәдени орталық ретінде де зор маңызы бар екені үнемі ескеріліп отырса, студенттердің сол қалаларда оқуға талпынысын да тудыруы, яғни биік мақсаттарға жетелеуі де мүмкін. Жүйелі жүргізілген жұмыстар студенттің танымдық қабілетін дамытады, отансүйгіштік сезімін тәрбиелейді және алған білімдерін өмірде, кәсіби мамандығында қолдана алуға септігін тигізеді.

Жалпы алғанда, студенттердің іздену әлеуетін, шығармашылық қабілетін дамыту жұмыстарының түрлері тек осылармен ғана шектелмейді, әрі біз қазақ әдебиеті сабақтарында тек колледж студенттерінің жас ерекшелігіне сай берілетін түрлерін ғана атап өттік, сол себепті әр мұғалім өз мүмкіндіктеріне сай басқа да тапсырмаларды ұсынуына, жетілдіре қолдануына болады.

Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі - әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр.

Қорыта айтқанда, білім алушының бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс өрісі кеңейіп, күннен-күнге дами түсуі сөзсіз. Сонда ғана оның бойында білім нұры тасып, шығармашылық қабілеті жетіліп, курстан-курсқа көшкен сайын студенттің ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, студент дүниетанымы арта түсері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әміров Р. «Қазақ тілі» оқулығына методикалық нұсқаулық. – Алматы: Рауан. – 1990.
2. Нұржанова Ж. Қазақ тілін оқыту әдістемелерінің түрлері - №9, 2002.

РЕЗЮМЕ

В данной статье автором затронуты проблемы значимости межпредметной связи уроков казахского языка и географии в целях развития и совершенствования творческих способностей будущих специалистов искусства.

SUMMARY

In this article the author opens a problem of importance of intersubjectal relations between kazakh language and geography. The purpose of this article is developing and improving creative abilities of future art specialists.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘНІ

*Фейзулаева С. - 2-курс магистрі
(Қарағанды қ., Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті)*

Аннотация: Мақалада бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы туралы айтылады.

Түйін сөздер: әлеуметтік құзыреттілік, білім беру, әлеуметтік белсенділік, тұлға.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің жоғары деңгейдегі жылдамдығы, олардың дағдарысы, білім мен ақпарат көздерінің кең таралуы, қоғамның жалпы мәдениеті мен жеке тұлғаның мәдениеті, әлеуметтік мінез-құлық пен іс-әрекет амалдарының үлгілері туралы жаңа көзқарастардың ағысы қазіргі білім беру мазмұнын өзгерту қажеттігін анықтайды.

Қазіргі кезеңдегі білім беру – қоғамның және жеке тұлғаның өзгермелі сұранысына, болашақ ұрпақтың өмір тәжірибесінің қозғалмалығы және өзгермелілігіне бағытталуын талап етіп отыр. Орнықты мәнді құрылымдарды қалыптастыру үшін балаға сондай реттегі іс-әрекетке қатынасуға жағдай жасау, осы реттегі өмірлік жағдаяттарды және мәселелерді шешуге мүмкіндік беру қажет. Онда шынайы өмір сүріп, өзінің ұстанымдарын және ұмтылыстарын жүзеге асырып, оның қылықтарымен істерімен қосылып кеткен және қорытпаланып, тұлғалық құндылықтары болып, яғни оның өмірінің түгел нақты барысын бағыттайтын және анықтайтын ұғынықты мәндік құрылымдар болады. Осындай әрекеттік жанама түрдегі тәрбие, тұлғаның мүмкіндік болатын ауытқушылықтарын түсінудің маңызы зор.

Кіші мектеп жасындағылар — онтогенез кезеңі 6-7 жастан 10-11жасқа дейінгі аралықты қамтып, бастауыш мектептегі оқытудың талаптарына сәйкес келеді. Кіші мектеп жасындағылардың әлеуметтік жағдаятының дамуының негізгі мазмұны мектепте жүйелі оқуға өтуге құрылған. Бұл жаста мінез-құлқын ерікті түрде реттеуге, өзін өзі бақылау, өзін өзі ұйымдастыру қабілеті өзгереді. Л.С.Выготскийдің пікірінше, түрткілік-қажеттілік аясында жаңа даму деңгейі оның тікелей емес әрекет етуге ғана емес, саналы мақсатпен, әлеуметтік екшеленген нормалар, ережелер, мінез-құлқын амалдарын басшылыққа алуға мүмкіндік береді. Кіші мектеп жасындағы балалар өте қарқынды адамгершілік нормаларды меңгереді. Ж.Пиажениң ойынша, қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынасында жаңа тип қалыптасады, ересектерден гөрі құрдастарын жинақтайды, балалар бірлестігінің рөлі артып, құрастыру әлеуметтік өзара әрекет дағдысы күшейеді, құрдастарымен достық қатынасы қарқынды бола түседі. Балалар ұжымы арасында іскерлі және жеке қатынасы жүйесінде мәртебесі жеткілікті тұрақтылығы қалыптасады.

Сондықтан бастауыш сынып оқушылары өзінің табиғаты, әрекетті белсенді, әлеуметті, адамдар қатынасының дүниесіне және қоршаған шындыққа оның қатынасының іс-әрекеттік сипатта екендігін есепке ала отырып әлеуметтік құзырет сұрағын қойып және шешіп алу керек, себебі, әлеуметтік құзыреттіліктің дамуының шарты, құралы және негізі болып табылады. Осы айтқандардан шығатын қорытынды бастауыш сынып оқушысының әлеуметтік құзыреттері оларды «құқықты», «оған берілген өкілеттілік» ретінде ие болуға тиісті. Әлеуметтік құзыреттер – бұл бастауыш сынып оқушысының мүмкіншіліктері, ол өмір сүру құқығында, дамып жатқан тұлғаның құқығымен субъект құқығымен, қауымдастықтың мүшесі құқығымен туындаған. Құзырлықтың анықтамасына сүйене отырып бала өзіндік әлеуметтік белсенділікті көрсетуге құқылы деп тұжырымдаймыз. Әлеуметтік құзыреттіліктің

мазмұндық мәні әлеуметтік ақиқат туралы ақпараттануы, басқа адамдармен әңгімелесе алу біліктілігі мен дайындығы, социум талаптарына сәйкес өмір жағдайларына байланысты шешім қабылдай алуы, өзі және төңірегіне әсерін көре білуі. Ол жас ерекшелігіне бала қатысатын әлеуметтік жағдаятқа және әлеуметтік-мәдени жағдаятына сай болады. Атап айтқанда, баланың мынадай құқықтары бар:

- балалардың, балалар-ересектер ойындық, оқу және шығармашылық қауымдастықтарды құруға не болуға және енуге;

- өз әрекетінің және басқа адамдардың әрекетінің нәтижесі туралы пікірін айтуға;

- әрекетінің өзіндік нәтижесін алуға және оны өзіндік тұрғыдан бағалауға;

- тартыстарға қатысу;

- топта дербес немесе ынтымақтаса жұмыс істеуге таңдау жасауы, шешім қабылдауы;

- өзіне сенімсіздік және қате істеуге;

- бұрынғы көзқарасынан бас тартуға;

- өз жұмысын дербес ұйымдастыруға;

- өзіндік тәжірибеге ие болуға;

- қабылданған шешімге жауапкершілікті болу құқығы;

- құндылықтардың өзіндік жүйесіне құқығы; Баланың практикалық әрекетте өзінің тәжірибесіне ие болудың мүмкін бағыттарын тұлғаның ерекшеліктерінен және сұраныстарымен анықталған әлеуметтік мүмкіндіктерінен талдау негізінде білуге болады. Олардың жаңа сезімдерге, жаңа білімдерге, белсенді ізденушілік-практикалық және бастамамен зерттеушілік әрекеттерге, қарым-қатынасы және басқаларына сұранысы арқылы көрінеді. Осы жағдайда зерттеушілік бастамалық, белсенділік кешенді құрылым ретінде мыналардан тұрады: а) тұлғаның дүниеге деген белсенді шығармашылық қатынасы, ол іс-әрекеттің түрлерін және әрекеттің жаңа тәсілдерін ойлап табуға деген ішкі, ерікті ұмтылысына негізделген; ә) дербес бастамаларына және шығармашылық ойлауға қабілеттілігі. Мысалы, әлеуметтік құзыреттілікті «әртүрлі әлеуметтік таптармен жекелеген адамдармен (кіші, тетелес, ересек, жас үлкендермен) қарым-қатынас орнатып және қолдай білу біліктілігі» деп айтуға болады. Осы жағдайда балаға кісінің назарын өзіне аудару үшін сәйкесті тәсілді пайдалану қажет, екі қатысушыға да қызықты мазмұнды табу керек. Мұнда бір немесе бірнеше де меңгерген әрекеттердің тәсілдері жеткіліксіз. Біздің пікірімізше, іс-әрекет барысында баланың алған білімдері барынша берік, сонымен бірге барынша субъективті болады. Кіші мектеп жасында негізгі құзыреттіліктердің құрылуы және көрінісі субъективті, таңдамалы сипатта, жекелік психологиялық ерекшеліктермен, әлеуметтік қоршағандардың өзгешеліктермен байланысты болады.

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігінің құрылымы: 1) өзі туралы әлеуметтік қатынастың объектісі және субъекті ретінде түсінігі; 2) әлеуметтік міндеттерді шешуде өзінің мінез-құлқына адекваттық және адекваттық емес бағасы; 3) өзін-өзі реттеудің жаңа амалын меңгеруі. Жоғарыдағы аталған әлеуметтік құзыреттіліктің құрылымының жеткілікті қалыптаспауы «әлеуметтік инфантилизмге» әкеліп соғады, балалардың жаңа жағдайға бейімделуінде проблема туғызады.

Бастауыш сынып оқушысының негізгі құзыреттіліктердің құрылуының нәтижесі ретінде ішкі әлеуметтік-бағытталған мотивтермен, баланың жеке құндылықтарымен және өзінің жетістіктерін ұғынуымен, қиыншылықтары мен келешектерімен шартталған баланың танымы, әлеуметтік қарым-қатынастарын орнатуы және қолдап тұруы, іс-әрекетті ұйымдастыруы және жүзеге асырудағы бастамашылықтың таңдамалы көрінісінің нәтижесі болу қажет. Біздің пікірімізше, бұлай болудың себебі мектепке дейінгі кезең білім алудан кері, тұлғалық базалық қасиеттерінің құрылуына арнау. Мемлекетіміздің мектепке дейінгі білім беру реформасы осы тұлғаның орталықтық екенін көрсетіп отыр. Әлеуметтік құзыреттіліктерде, әлеуметтік және іс-әрекеттік, іс-әрекеттік және ақпараттықта ортақ мәндер және ортақ ережелер баршылық, бірақ олардың бөлектенуіне қайшы келмейді, керісінше, құзыреттіліктердің кешенді сипаты бар деген пікірді қуаттайды. Мысалы,

келісімге келу біліктілігі, өзінің көзқарасын, тұғырын қорғау біліктілігі, тартыстарды шешу біліктілігі – бір мәндерді түсіну болады, бірақ әртүрлі дағды мен біліктіліктерді талап етеді. Сонымен бірге, әлеуметтік және коммуникативтік құзыреттіліктердің маңызды жағын айтқан ойдың, сұрақтың, диалогтың мазмұнының эмоционалды, моральдық-этикалық негізі құрайды. Өңгіме айтқанды тек түсінікті жеткізуде ғана емес, сонымен бірге басқа адамға тіл тигізбей, оның қызығушылығына нұқсан келтірмеу керек. Ал, әлеуметтік және іс-әрекеттік құзыреттіліктер әр түрлі адамдарды тартқан іс-әрекетте мәнге толы қатынастарды орнату және қолдау біліктіліктерінің болуын қалайды. Бастауыш сынып оқушыларының «адамдар дүниесін» жақынырақ білу үшін, яғни ересек адамдар мен құрдастарының, оларда әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін мыналарды орындаған абзал:

- түрлі көркемөнер, музыкалық, театрлық іс-әрекетте ересектердің балалармен, балалардың өзара эмоционалды қаныққан мазмұнды қарым-қатынасын ұйымдастыру;

- балаларды ересектермен және басқа балалармен қарым-қатынасқа мүдделі болатын жағдайды жасау; ол арқылы балаларды ұнамды эмоционалды көңіл аударуға, жақын ересектерге және құрдастарына сенімді, өзара түсіністікке және бірге қайғыра білу ұмтылысына; олардың эмоционалды күйлерін тануға, қуанышты, шаттықты, қайғыны, ренішті, тыныштықты, ашуды, үрейді; біліктілік тұлғалық қасиеттерін, әр түрлі іс-әрекетте мүмкіншіліктерін; қоғамда мінез-құлық ережелерін; егер де басқа бір адам шаршаса, өзін жаман сезініп, бір нәрсеге ренжіп тұрса, ондайларға қайғысына ортақтаса білу қабілетін дамытып, тәрбиелейді.

- адамдардың театрдағы, мұражайдағы, көрмелердегі, транспортта, почтада, банктегі, стадиондағы, сауда орындарындағы мінез-құлқын байқататын диафильмдерді, видеофильмдерді, иллюстрацияларды көрсету, сөйтіп балаларда адамдардың мінез-құлқының, өзін-өзі ұстауының ережелері, нормалары туралы білімдерін кеңейту, толықтыру. Адамдар дүниесіне балаларда қызығушылық туғызу үшін мұражайларға, театрларға, көрмелерге, серуендерге және топсеруендерге апару;

- ересек адамдардың, басқа балалардың тілектерін орындауға, бірлескен іс-әрекетпен айналысуға деген ұсыныстарға пікірін білдіруін қолдау. Ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты және оның қоғамдық мәнін бағалау біліктілігін, еңбек нәтижесін сақтау, ересектермен бірлескен еңбек әрекеттерін қалыптастыру.

Балалардың табиғи өмірлік жағдаяттарда олардың істеп жатқан қылықтарының әсерімен ересектерде, құрдастарында және өзінде пайда болатын эмоционалды күйлерді болжауды дамыту үшін балада ересектердің және балалардың мінез-құлқының және олардың эмоционалды күйінің, көңіл күйінің, өзара қатынастың ерекшеліктің байланысын түсінуге келтіру өте маңызды. Балаларда ойлаудың мынадай үлгісін: «Былай істеуге болады, сонда басқаға жақсы болады және маған қуанышты болады», «Мынаны істеуге болмайды, себебі басқа адам ренжиді және маған ыңғайсыздау болады» деген сияқты түсіндірген абзал. Балаларды «жақсы», «жаман», «болады», «болмайды», «қажет» деген ұғымдар көрінісін тапқан қоғамдағы өмірдің нормаларына және ережелерін түсініп қана қоймай, соларға сәйкес іс-әрекет біліктіліктерін қалыптастыру керек.

Жоғарыдағы теориялық талдауларды ескере отырып, бастауыш сынып оқушылардың *әлеуметтік құзыреттілігінің* мазмұндық мәні - индивидтің әлеуметтік ақиқат туралы ақпараттануы, басқа адамдарымен қарым-қатынасқа түсу біліктілігі мен дайындығы, белгілі жағдаяттарда нормативтік талаптарға сай жауапты шешімдер қабылдай алуы, оның өзі және басқалар үшін салдарын білу біліктілігі. Мұндай нәтижеге жетудің бірден бір жолы мәдени-тарихи дәстүрлер негізінде әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндігі келесі тармақшада тұжырымдалады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Холодная М.А. Когнитивные стили и интеллектуальные способности// Психологический журнал. – 1992. – т. 13.- №3. – с.84-93.

2. Леднев В.С. Содержание образования: сущность, структура, перспективы. 2-е изд., перераб. – М.: высш.шк., 1991. – 224 с.

3. Нұсқабаев О. Мектеп жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. – Алматы: Қазақстан, 1997.– 175 б.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о сущности формирования социальной компетентности учащихся начальных классов.

SUMMARY

In the article talked about essence of forming of social competence of initial classes of students.